Также в стихотворении «Огонь» автор признается, что над ним имеет власть только небесное светило: «Солнцу лишь мой поклон» («Күнге ғана бағынам...» [5]). Похожее отношение к светилу в стихотворении В.В. Маяковского: «Солнце! Отец мой! Сжался хоть ты и не мучай!» [11]. Автор признает, что находится во власти солнца, однако чуть позже Владимир Маяковский свяжет с символом своё мажорное заявление о призвании поэта («Необычайное приключение, бывшее с Владимиром Маяковским летом на даче»):

Светить всегда,
Светить везде,
до дней последних донца,
Светить –
И никаких гвоздей!
Вот лозунг мой –
И солнца! [11]

В данном произведении лирический герой В.В. Маяковского беседует с солнцем на равных, будучи товарищами, они пьют чай и разговаривают о поэзии. Данный прием олицетворения Солнца, где Магжан Жумабаев – его дитя («Огонь»), а Владимир Маяковский – товарищ («Необычайное приключение, бывшее с Владимиром Маяковским летом на даче»), использовался в поэзии впервые. Своим теплым товарищеским разговором с Солнцем Владимир Владимирович Маяковский, в отличие от Магжана Бекеновича Жумабаева, скорее хотел транслировать социалистические отношения той эпохи, где всякий, и сильный, и слабый, будет являться товарищем. Обращение героя к Солнцу можно назвать «вольным фамильярным контактом» (термин М.М. Бахтина):

На «ты» мы
с ним, совсем освоюсь.
И скоро,
дружбы не тая,
бью по плечу его я [11, с. 123].

Таким образом, можно выстроить систему концепта по размеру: солнце-монокль, солнце – лик, солнце – человек, солнце – светило. Оба автора с легкостью оперируют размерами образа с помощью использования тонкой иронии, метафоризации и олицетворения самого образа.

Помимо этого, в концепте «солнце» можно обозначить в стихотворении «Необычное событие, бывшее с Владимиром Маяковским летом на даче» значение «светила поэзии» - автор дает оценку своему творчеству, называя себя поэтом-горланом, пишет, что работа поэта трудна и труд поэта «родствен любому другому труду» [11, с. 358]. Поэзия – это «острое и грозное оружие». Она способна агитировать, поднимать на борьбу, заставлять трудиться. Все творчество поэта В.В. Маяковского было посвящено одной цели: служению людям. Именно любовь к людям называет поэт движущей силой своего творчества («Письмо товарищу Кострову...»), поэтому он уверен, что «мой стих трудом громаду лет прорвет и явится весомо, грубо, зримо...» [11, с. 427]. Сравнение солнца со своим трудом в последних строчках символизирует воссоединение двух солнц: космического и поэтического.

И в славянской и в тюркской культуре солнце обладало силой и энергией, так как от него зависели погода и урожай, а также смена суток и времен года. Однако в тюркской культуре данный символ можно толковать как проявление толерантности, так как даже в силу незнания современной астрофизики, понимали его значимую роль в природе и в их жизни в целом и осознавали, что солнце светит всем народам. Семантический слой концепта «солнце» в творчестве М.Б. Жумабаева включает в себя еще собирательный образ Родины, родной земли, своего народа. Строки из стихотворения «Родная земля» М.Б. Жумабаева можно сопоставить с поговоркой: «На чужбине и солнце не греет»:

Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым, сен - Күнім.[5]
В другой земле мне кажутся темны
Светила все и с Солнцем мне темно. [6]

Поэт как истинный патриот своей страны не признает даже солнце на чужбине. Из стихотворений о Родине М.Б. Жумабаева можно заметить, что это поэт естественный, аульский, воспевающий свой родной край и его природу. Он ненавидит город, не переносит его хаос. Стоит заметить, что, поступив в Высший литературно-художественный институт в Москве, Магжан Жумабаев встретил в столице броские плакаты В. Маяковского:

Стой! Прочти! Посмотри!
Выполни точка в точку.
И в Моссукне, магазин № 3,
оденешься в рассрочку [13].

Но М.Б. Жумабаев не принимает такие оживленные города, как Москва, об этом в стихотворении «Эй, Сарсенбай!» он пишет такие строки:

Я в городе не прожил бы и дня,
Когда бы не учеба.
Ты на него, оборотясь, взгляни:
Горе подобен, чудищу сродни [6].

Из этого можно сделать вывод о главном различии М.Б. Жумабаева и В.В. Маяковского. Своеобразие поэтических картин «поэта революции» заключается в том, что в них отсутствует мотив поклонения величию природы, нет описаний естественных пейзажей. Главным в представлении Маяковского является бунтарство как характерная черта мировоззрения поэта, что особенно ярко выражается в его дореволюционной поэзии:

Мы солнца приколем любимым на платье,
из звезд накуем серебрящихся брошек [11].

Концепт «солнце» в творчестве В.В. Маяковского можно трактовать как раскрытие образа революции, данной идеи нет в поэзии М.Б. Жумабаева, так как ему ближе раскрыть нравственность, естественность человека и природы.

Важнейшим событием в жизни авторов стала революция. М.Б. Жумабаев принял революцию 1917 года, но его ужасали методы, которыми пользовалась новая власть:

О, дети ночи, под покровом мглы
Лишь Вельзевулу поклонялись вы.
И Библию топтали, и Коран,
Восславив брюхо, что еще могли? [5].

Конечно же, в этом его мнение с В.В. Маяковским расходится. И В. Хлебников, и В.В. Маяковский абсолютизировали революцию, рассматривая ее в планетарно-космическом масштабе. Более того, они оценивали ее как онтологический сдвиг, способный кардинально изменить жизнь человека и человечества и дающий людям власть над временем, пространством и Вселенной, именно поэтому концепт «солнце» у В.В. Маяковского содержит в себе идею революционного времени. В художественном мире В.В. Маяковского революция становится божественным онтологическим центром, вокруг которого происходит пульсация не только истории, но и всего наличного бытия, включая землю, небо, далекие звезды и даже потусторонние реалии.

В лирике М.Б. Жумабаева прослеживаем другую идейную формулу – натуральность и сентиментальность. Данные свойства можно доказать такими строками:

Июльское солнце гнетет здесь мой дух,
А степь, словно труп, и ни звука вокруг. [6]

Здесь видим естественное изображение автором июльского солнца и его метафоричное воздействие на лирического героя. Солнце выступает в отрицательном значении – «гнетет дух» - как физический, так и моральный. В оригинале в данном стихотворении можно встретить строчку «...демалдырмас шаңын көрсем...» [5] («Если я увижу бездыханную пыль...») [6]). Данной метафорой он называет землю без родного солнца – бездыханной пылью.

С каждой строкой у автора нарастает динамика в описании концепта «солнце»: оно согревает человеческие сердца, пылает огнем, уничтожает тьму, испепеляет душу, накаляет чувства. И накал чувств – кульминационная точка в перевоплощении поэта в солнце. Солнечное тепло для нас – это всегда позитивные эмоции, радость и счастье. И снова автор использует точное сравнение с небесным светилом:

Как солнце, он был рад всегда всему,
Был солнцем он и ненавидел тьму,
Был солнцем он, был на улыбку щедрым... [6]

Оба автора внесли вклад, реформировали, посмотрели под другим углом на национальную поэзию и оставили след не только в отечественной, но и в мировой литературе. И В.В. Маяковский, и М.Б. Жумабаев не оставили без внимания проблемы начала XX века: революцию, романтический конфликт человека и толпы, проблемы города и села, национальное самосознание. Таким образом, выявляя культурологические

особенности концепта «солнце» в поэзии Магжана Жумабаева и Владимира Маяковского, можно сказать, что в произведениях, авторов, различных по взглядам и менталитету, отношению к религии, реформам общества, можно найти общий концепт, идеи которого будут зависеть от национальных интересов и мировосприятия поэта как представителя своего этноса, неповторимости его «культурного кода».

Список использованной литературы

1. Гривнин В. С., Попов К. А., Список трудов академика Н. И. Конрада. Избранные труды: Литература и театр. - М.: Наука, 1978. - С. 438—440;
2. Пospelов Г. Н. «Злоба дня» и перспективы истории // Литературная газета. - М.: 1974. №1 (48). - С. 28;
3. Ясперс К. Духовная ситуация времени. [пер. с нем. М. И. Левиной]. - М.: АСТ, 2013. - С. 180;
4. Маяковский В. В. Из беседы с сотрудником газеты «Прагер пресс» // Маяковский В. В. Полное собрание сочинений: В 13 т. — М.: Гос. изд-во худож. лит., 1955—1961. Т. 13. Письма и другие материалы. — 1961.— С. 232—233. // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://feb-web.ru/feb/mayakovsky/texts/ms0/msd/msd-232-.htm?cmd=p>(Дата обращения: 04.01.2023)
5. Жумабаев М. Шығармалары (әдебибасылым). 1-том: Өлендер. / С. Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013 – 376 с.
6. Жумабаев М. Пророк: [Стихи и поэмы: Пер. с казах.] / Магжан Жумабаев. - М. : Рус. кн., 2003. – 163 с. // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://almatylit.ucoz.ru/publ/13-1-0-255>(Дата обращения: 02.01.2023)
7. Карасик В. И. Культурные доминанты в языке // Языковая личность: культурные концепты. - Волгоград - Архангельск: Перемена, 1996. - С. 16.;
8. Леонтьева А. Ю., Агибаева С. С. Теория и методология анализа казахской и русской литературы XX-XXI веков: учебное пособие / А. Ю. Леонтьева, С. С. Агибаева. Петропавловск: СКУ им. М. Козыбаева, 2020. – 200 с.
9. Масанов Н. Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевничества - Алматы: Фонд Нурбулата Масанова, 2011. – 735 с.
10. Смирнов К. Ф. Савроматы: ранняя история и культура сарматов. – М.: Наука, 1964. - 379 с.
11. Маяковский В.В. Собрание сочинений. В 2 т. – М.: Правда, 1987. – 768 с. – I т.
12. Ушаков А. М. Творчество В. В. Маяковского в начале XXI века: новые задачи и пути исследования – М.: ИМЛИ РАН, 2008. – С. 657.

ӘОЖ 81.366

ТУЫНДЫ СЫН ЕСІМНІҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ТИПІ

Есматова М.Т., Бахытжанова Т.Т.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ КеАҚ)

Сөзжасамдық типке бір сөз табынан белгілі бір жұрнақ арқылы жасалған ұқсас мағыналы туынды сөздердің жасалуы жатады. Сөзжасам әрекеті тікелей сөзжасамдық типтер арқылы жүзеге асады. Туынды түбірлер белгілі сөзжасамдық тип арқылы жасалады. Есім негізді дегенде негіз сөздер зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктен болады, олардан туынды сын есім түбірлердің жасалуы түрлі жұрнақтар арқылы болып, түрлі мағына жасалуы тілімізде сөзжасамдық типті туғызады. «Бір сөзжасамдық типке белгілі бір жұрнақтың бір сөз табынан болған негіз сөздерге жалғанып, оларға бірдей мағына қосуынан жасалған туынды түбірлер жатады» [1, 43 б.].

Бір туынды түбірлер бір сөзжасамдық типке жатады. Олардың басын қосатын ортақ белгілері де бар. Мысалы: *қысқы, түнгі, күзгі, кешкі* т.б. Бұл туынды түбірлер қыс, түн, күз, кеш деген зат есімдерден сөзжасамдық -қы, -кі, -ғы, -гі жұрнақтары арқылы жасалған. *Қалалық, аудандық, ауылдық, далалық* туынды түбірлер қала, аудан, ауыл, дала сияқты зат есім негіздерден -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік сөзжасамдық жұрнақтары арқылы жасалған.

Ащылы, тұщылы, алалы, кішкене т.б. туынды түбірлер ащы, тұщы, ала, кішкене сын есім негіздерден -лы, -лі сөзжасамдық жұрнақтары арқылы, *ондық, үштік* деген туынды түбірлер он, үш деген сан есім негіздерден -дық, -тік сөзжасамдық жұрнақтары арқылы жасалған сөзжасамдық типтер. Бұл туынды түбір қатарларының әрбір тобының

басын қосатын ортақ белгілері мынандай:

1. негіз сөздері бәрінде бір, яғни бірінші типте - зат есім, екіншіде - сын есім, үшіншіде - сан есім;

2. туынды сын есімдердің бәрі бір жұрнақ арқылы жасалған;

3. бірінші сөзжасамдық типтегі туынды түбірлердің мағынасы мезгілдік ұғымды білдіріп тұр, екінші сөзжасамдық типтегі туынды түбірлер мекендік ұғымды білдіретін, үшінші типтегі туынды сын есімдер заттың жаңа бір қасиетке ие болғандығын көрсетеді, төртінші топтағы туынды түбірлер өлшем мағынасын білдіретін туынды сын есімдер жасаған.

Сөзжасамдық типте тілде жаңа сөз қалай жасалатыны нақтылы түрде көрсетіледі. Сөзжасамдық тип - әр сөз табының туынды сөздерінің жасалу үлгісі.

Әңгімешіл, діншіл, уайымшыл, жаңашыл, артықшыл, көкшіл, өзімшіл, менменшіл туынды сын есімдері сырт қарағанда, бір сөзжасамдық типке жатқызуға болатын сияқты. Бұл қатардағы туынды сын есімдердің сөзжасамдық типке жату ерекшелігін анықтау үшін, сөзжасамдық типтің үш белгісіне тоқталу керек.

Профессор Н. Оралбай сөзжасамдық типтің белгілеріне

1. негіз сөздің қай сөз табынан болғаны;

2. бір жұрнақ арқылы жасалуы;

3. туынды түбірлердің мағыналық байланысын беріп, соған сүйену керектігін айтып өтеді. «Осы белгілер сөзжасамдық типті белгілеуде, анықтауда негізге алыну керек. Өйткені тілде бір жұрнақтың түрлі қызмет атқаруы, тіл дамуында мағыналары өзгеруі, омоним жұрнақтар сияқты түрлі құбылыстар жиі кездеседі. Оларды ажырата білу өте қажет» [1, 44 б].

Талданып отырған туынды сын есімдер үш түрлі мағыналық қатысты білдіреді. *Әңгімешіл, діншіл, уайымшыл* заттың табиғи күйін білдіретін зат есім негізді туынды сын есім мағынасын береді. *Жаңашыл, артықшыл, көкшіл* сын есім негізді туынды сын есімдері салыстыру, ұқсату мағынасын жасап тұр, ал *өзімшіл, менменшіл* адам психологиясындағы мінез-құлық ерекшелігін көрсетеді. Бұл жерде үш топтағы туынды сөздердің мағыналарында ортақтық жоқ. Бұл типтердегі туынды сөздердің ортақтығы тек сөзжасамдық жұрнақта, үшеуінде де -шыл, -шіл аффиксі. Сыртқы дыбысталуы бір, бірақ жалғанған сөзінің мағыналары басқа-басқа туынды сын есім жасайтын омоним жұрнақтар. Осыған қарап, келтірілген мысалымыз сөзжасамдық типтің соңғы белгісіне ғана сай келіп, екі белгіге сәйкеспейтінін көрдік, олардың сөзжасамдық типке жатпайтыны анықталды.

Бұл мысалдар сөзжасамдық үш типке жатады. 1) әңгімешіл, діншіл, уайымшыл; 2) жаңашыл, артықшыл, көкшіл; 3) өзімшіл, менменшіл. Олай дейтініміз, әр типтегі туынды сын есімдер сөзжасамдық типтің үш белгісінің үшеуіне де сай келеді.

Көйлектік, метрлік, кішілік, мәңгілік, үштік, ондық, өздік, мендік туынды сын есімдері сөзжасамдық типке жатпайды. *Көйлектік, метрлік* бір типтегі туындылар, себебі олар зат есімнен, яғни бір сөз табына жататын сөздерден жасалған. Бұл туындылардың негіз бөлімі де бірдей. Бұл туынды сөздер ортақтық мағына береді, яғни өлшемдік мәнде, бір мағыналық қатыста тұр, сөзжасамдық типтің екінші шарты. Сол сияқты осы туындылардың бәрі бір сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған, сөзжасамдық типтің үшінші шарты. *Көйлектік, метрлік* туынды сын есімдері сөзжасамдық типтің үш шартына сай келгендіктен, олар сөзжасамдық тип арқылы жасалған сөздер.

Кішілік, мәңгілік туынды сын есімдерінің түп негіздері – сын есімдер, сөзжасамдық жұрнақтар сындық ұғым, яғни заттың сапасын жоғарғы дәрежеде көрсетеді. Осы мағынаны бір жұрнақ жасап тұр, сондықтан бұлар да сөзжасамдық бір типке жатады. *Үштік, ондық* туынды сын есімдерінің түп негіздері – сан есімдер, сөзжасамдық жұрнақтар өлшемдік мағына туғызып тұр, екеуінің де жұрнағы бір, сондықтан бір сөзжасамдық типке жатқызамыз. *Өздік, мендік* туынды сын есімдерінің түп негіздері – есімдік. Сөзжасамдық жұрнағы салыстыру, ұқсату мағынасын тудырып тұр, аффиксі де бір, сондықтан олар да сөзжасамның өзінше бір типіне жатады.

Сөзжасамдық типке жататын туынды түбірлердің бірінен-бірі семантикалық қатысы арқылы ажыратылатыны анықталды. Әр топтағы туындылар бірдей семантикалық қатысы арқылы сипатталады. Сол арқылы әр типтің сөзжасамдық мағынасы анықталады. «Бір типтегі негізді сөздердің бәрі олардың негіз сөздерінен ортақ мағыналары арқылы ажыратылады. Осы ортақ мағына сөзжасамдық типтің мағынасы деп аталады» [2, 57 б].

Зілдей, тастай, зіңгіттей сөздерінің сөзжасамдық типіне ортақ мағына – заттың салмағын білдіретін туынды сын есімдер, *жүздей, жиырмадай* сөздерінің сөзжасамдық типіне ортақ мағына – болжалдық, шама мәнін білдіру болып табылады. Бұл мағыналар түп негіз бен туындының мағынасын салыстыру арқылы анықталады.

Мазан, белең, шөлең сияқты туынды сын есімдер бір типке жатады, табиғи құбылыстармен байланысты сындық ұғымды білдіреді, бәрінде түп негіз – зат есім, сөзжасамдық жұрнақтары да бірдей. Осы сияқты *бозаң, қылаң, майсаң* туынды сын есімдері бөлек сөзжасамдық типке жатады. Мұнда заттың түсінің ерекше, бәсеңдік мәні берілген, түп негіз – сын есім, сөзжасамдық жұрнағы зат есімнен туынды сын есім жасайтын (шөлең) жұрнақпен ұқсас болғанымен, одан басқа.

Сол сияқты, *сұлуша, ұзынша, арықша* туындыларының бәрі бір типке жатады. Олар сындық белгінің олқылығын, бәсеңдігін білдіреді, бәрінде де түп негіз – сын есім, сөзжасамдық жұрнағы –ша, -ше. Қабақша, құрықша туынды сын есімдері заттың кішілік мәнін білдірген, түп негіз – зат есім, сөзжасамдық жұрнағы -ша, -ше, бұлар сөзжасамның басқа типіне жатады.

Баласыз, малсыз, жансыз, елсіз, жерсіз, білімсіз, арсыз, ақылсыз, етсіз, сорпасыз, ауасыз, бұлтсыз т.б. туынды сын есімдер бір сөзжасамдық типке жататын сөздер. Болымсыздық мағына зат есім арқылы, -сыз сөзжасамдық жұрнағымен туынды сын есімге көшкен. Бірақ осы туындыларда іштей мағыналық айырмашылық бар. “Сөзжасамдық типтің ортақ жалпы мағынасы оның ішкі мағыналық ерекшелігі болуын жоққа шығармайды. Ортақ мағына бір типке жататын негізді сөздердің ішкі семантикалық ерекшелігі болуы – тілде жиі кездесетін құбылыс. Бір мағынаның түрлі реңкі болуы тіл орамдығының бір белгісі болса, оған осы ерекшеліктер де жатады” [2, 58-59 бб].

Туынды сын есімдері негізгі сын есімдерден мынандай белгілері арқылы ажыратылады: негізгі сын есімдер заттың түрлі сырын, сипатын түбір тұлғасында тұрып бейнелесе, туынды сындардың беретін мағынасы оның түбірімен ғана емес, ол түбірден сын есім жасайтын жұрнақпен және оның анықтайтын сөзімен де байланысты. Мысалы, әдепті бала дегендегі әдеп сөзі зат есім, оның сындық мәнге ие болуына -ті жұрнағы негіз болып тұр. Яғни туынды сындардың мағынасы бір сөздің екінші сөзбен қарым-қатынас жасауынан, белгілі бір сөзжасамдық жұрнақтармен қарым-қатынасқа түсуінен көрінеді. Құрылысына қарай туынды сын есімдер басқа сөз таптарынан сөзжасамдық жұрнақтар арқылы синтетикалық тәсілмен жасалып, заттың, құбылыстың түрлі белгілерін екінші бір зат, құбылыс, не қимылдың қатысы арқылы білдіреді. Соның негізінде олар сөйлемде екінші бір ұғымға қатысты мәнде қолданылады. Ал негізгі сын есімдер түбір тұлғада тұрып-ақ түрлі сапалық белгіні білдіреді. Осы құбылыстар сөзжасамдық типтер арқылы жүзеге асады. Туынды сын есімдердің негіз сөздері есім сөз таптарынан болады, олардан туынды түбірлердің түрлі сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жасалып, түрлі сөзжасамдық мағына жасауы тілде түрлі сөзжасамдық типті туғызады.

Сөзжасамдық мағынаны жасауда туынды сөздің құрамындағы сөзжасамдық бірліктер үлкен қызмет атқарады. Мысалы: Тәжірибелі жылқышы, ат бапкері, мерген, сайыскер додабаздардан әбжілдік, батырлық дәстүрді үйренеді (Қаз. би-шешендері). *Тәжірибелі, сайыскер, әбжілдік, батырлық* туынды түбірлерде негіз сөздер жаңа лексикалық мағынаға арқау болған. Тәжірибелі деген туынды түбірдің сөзжасамдық мағынасы оған негіз болған тәжірибе деген сөздің мағынасына негізделіп жасалған. Сайыскер деген туынды түбірдің сөзжасамдық мағынасы сайыс деген негіздің мағынасы арқылы жасалған, әбжілдік, батырлық туынды түбірлердің сөзжасамдық мағынасы әбжіл, батыр деген негіздің мағынасына негізделіп жасалған. Осы туынды сын есімдерді жасауға


қатысқан сөзжасамдық жұрнақтар: -лі, -кер, -дік, -лық. Туынды сөзді жасауда сөзжасамдық бірліктердің өзіндік қызметі кең екендігін осыдан көреміз.

Туынды сын есімнің етістік негізден жасалатыны, оның семантикалық ерекшелігі зерттелген. Сөз мағынасының ішкі құрылымы өте күрделі. Сөз мағынасын талдау сөз мағынасындағы құрылымдық элементтерді, затты анықтайтын сындардың негізін анықтап, ұғымның қалыптасу жолдарын белгілеп, сөз мағынасын айқындауда мағыналы кіші бірнеше бөліктерге, семаларға бөлу арқылы жүргізіледі. Мысалы, *әкелік* борыш сөз тіркесіндегі туынды сын есімнің мынандай семалары бар: 1) жалпы ер адамға қатысты; 2) жасы үлкен адам мәнде; 3) қандық туысқан мағынада; 4) қамқорлық жасау мәні.

Қосымшалар арқылы жасалған туынды сын есімдердің бірнеше семантикалық топтары бар: а) белгілі бір идеяға бейімділікті, соған жататындықты білдіреді, мәселен, *саяси, мәдени, рухани, ресми*; ә) заттың мекендік тегін білдіреді, мәселен, *қалмақы, қытайы* т.б.

Сол сияқты, *білімдар* туынды сын есімі бірнеше сөзжасамдық семантикалық топтарды құрайды. Олар: а) ақылдықтың белгісі; ә) алғырлықтың белгісі; б) көп ізденіп, білуге ұмтылудың негізі; в) сана-сезімі жоғары болудың белгісі. *Шидең* туынды сын есімі де бірнеше сөзжасамдық мағынаны білдіреді: а) адамға не малға қатысты болады; ә) жағымсыз эмоция туғызады; б) заттың сыртқы сипатын білдіреді; в) заттың белгілі бір қалпын білдіреді. *Даукес* туынды сын есімі а) адамға қатысты; ә) жағымсыз эмоция туғызады; б) кейде жағымды эмоция да туғызады; в) заттың ішкі қасиетін білдіреді.

Сын есімнен туынды сын есім тудыратын жұрнақтарға, олардың семантикалық ерекшеліктеріне тоқталып өтейік. Тіл өзінің ұзақ тарихи даму процесінде түр-түс атауларының белгілі бір жүйесін құрып және түр-түске қатысты лексикамызды сөзжасам арқылы ылғи толықтырып, байытып отырады. Осының нәтижесінде тілдік қорымызда тұлғалық және мағыналық жағынан неше түрлі сөздер мен сөз тіркестері дүниеге келіп, атау ретінде қалыптасып, қолданылы бастайды. Сын есімнен жасалған туынды сын есімдер түр-түстің бірнеше реңкін анықтайды. Кейде бір туынды сынның өзі қосалқы реңктерді білдіруі де мүмкін. Түр-түсті атайтын сын есімдерге табиғат, адам, мал, хайуанат, деректі, дерексіз зат т.б. анықтайтын сөздер жатады. Мысалы:



Туынды сын есімдер тіліміздегі белгілі сөзжасамдық қосымшалар арқылы жасалады. Сөз тудырушы қосымшалардың біразы бүгінде көнеленіп, мағынасы күңгірттеніп, тек туынды түбір құрамында ғана қолданылады да, оларды этимологиялық талдау арқылы ғана анықтауға болады. Мәселен, біраз сын есімдерде -қыл, -ғыл (тарғыл, қошқыл, бозғыл), -ша, -ше (ақша, бозша), -аң, -ең (күрең, бозаң), -ғылт, -гілт (бозғылт, сұрғылт) т.б. кездесетін қосымшалар тілімізде бүгінде жеке-дара тұрып, жаңа сөз жасау процесіне онша қатыспаса да, олардың сын есімнің әр түрлі түстерін жасауда қолданылып, сөз тудырушылық қызмет атқаратынын аңғаруға болады.

-шыл, -шіл сөзжасамдық жұрнағы сын есімге жалғанып, сапаның толық еместігін білдіретін туынды сын есім жасайды. Мысалы: *Ескішіл* Тілеубергенмен айтысқан *жаңашыл* жігітіміздің аузынан ең құрмаса бір ауыз есті сөз шықпағаны болды (О. Сәрсенбаев). Кішкене *көкішіл* көзі шегірейіп, Мысық ойыншықтарын бауырына қарай икемдей берді (С. Бегалин). Қазақстан *жаңашыл* жәдит жолына бет алды («Қаз.әдебиеті»). Бұл жұрнақ арқылы жасалған кей туынды сын есімдер салыстыру, ұқсату мағынасын жасайды, *артықшыл, молшыл, ақшыл*.

-тек сөзжасамдық жұрнағы белгі қасиетті білдіріп тұратын туынды сын есімін жасайды. М. Томанов осы жұрнақтың білдіретін мағынасы туралы былай дейді: «Кейбір

сын есімдерге -дақ, -тек, аффиксі жалғанып, сапаның бәсеңдігін, толық еместігін білдіреді» [3, 199 б.]. Мысалы: Мына мінезі әуелгіде ақын балаға ұнамаған, тым *жеңілтек* көрініп еді (Д. Досжанов).

-мық, -амық сөзжасамдық жұрнағы заттың түсін солғындатып көрсететін мағыналы туынды сын есім жасайды. Мысалы: Боз жорға мініп, *бозамық* түнде, бозжігіт болып ұрынбақ маған... *Бозамық* дала қауырт көктей қоймаса да, ойдым-ойдым шабындық ертең-ақ тебінетіндей түрі бар («Қаз.әдебиеті»). *Сызамық* жерге төсеп тастап, батырдың алғашқы айқайын күтіп жатыр (М. Жұмалиев).

-ша, -ше сөзжасамдық жұрнағы сын есімнен сын есім тудырып, сапаның ерекше қасиетін, яғни сапа-сынның әлсіздігін, бәсеңдігін білдіреді. Мысалы: Арбада *арықша* келген әйел отыр (З. Шашкин). Батысқа еңкейген күннің бір жақ шеті теңіздің жиектеген *қоңырша* бұлтқа малына берді (С. Мұқанов). Заводтың өзі, машина құрған жері әлгі *биікше* шоқының үстінде (С. Сейфуллин).

-мыш, -амыш сөзжасамдық жұрнағы ала сын есіміне жалғанғанда екі мағына білдіретін туынды сын есім жасалады. Мысалы: Ауызғы бөлмеге *аламыш* шымылдық ұсталыпты («Қаз. Әдебиеті»). Бұл жерде қызылды-жасылды немесе қара ала, ақ ала түстің аралас келуін көрсетеді. Екінші мағынасы- бір тегіс емес, бір жері олай, бір жері бұлай, ойдым-ойдым дегенді білдіреді. Мысалы: Ала ат пен сары түйелі үш қалашы менімен төртеу болып, малтыға-жығыла *аламыш* еріген қалың қармен, сулы қара жермен жылжып келеміз (С. Сейфуллин).

-қыл, -ғыл сөзжасамдық жұрнағы да сын есімнен сын есім тудырады. Мысалы: *Ашқыл* дәмді дәрі- калыцекс (Дәрігер). Үнемі *бозғыл* бетіне қан жүгіріп, күреңіте бастады (Ә. Нұрпейісов).

-қыш, -ғыш аффиксін -ғыл аффиксімен салыстырғанда, алдыңғы элементтері бірдей болып шығады да (-қы, -ғы), айырмашылық тек соңғы элементтерінде ғана (-ш, -л). Мысалы: Өткендегідей емес, үстіне *сарғыш* гимнастерка, галифе шалбар, аяғына етік киіпті (М. Сүндетов).

-қылтым, -кілтім, -лтым, -шылтым, -шілтім құранды жұрнағы туынды сын есім жасайды. Мысалы: Самал тербеткен жусанның *ашқылтым* иісі тынысты тіпті кеңітіп, ауа орнына рақат жұпарын жұтып келе жатқан сияқтымын (С. Мұқанов). Ашымалдың *қышқылтым* дәмі аузыма келіп, жұтынып қоямын. Пісілген сары қымыздың *қышқылтым* иісі мұрныңды алып, көмейді қапты (С. Сарғасқаев). Тұзы татымай жатқан *шикілтім* дәмге сарымсақ езіп ысыра салатын даяшы да кездеседі («Қаз.әдебиеті»). Бұл жерде онша пісіп жетпеген,шикілігі бар деген мағына жасалған. Әйелдердің киімі көбіне қара не *қаралтым* түсті матадан тігіледі, етек жағында алуан түсті гүлдер бейнелейтін кестелі өрнегі болады (Ә. Кекілбаев).

«Түр-түс атаулары сан жағынан қаншама көп болғанымен, сұрыптай келгенде бір топ негізгі, базистік сөздің шеңберінен шықпайтынын көруге болады. Қалғандарының бәрі ұйытқы болып отырған 20 шақта түбір сөздің негізінде дамып (көк-көгілдір, көкше, көкшіл т.б.) туынды түбірге немесе сөз тіркесіне (қара көк, күлгін көк т.б.) айналған жай және күрделі атаулар болып саналады» [4, 35 б.].

-кіл қосымшасы арқылы *үшкіл, төрткіл* дегенде үш, төрт есептік сан есімдерін сын есімге айналдырып тұр. Мұндағы туынды сын есім- төрткіл, түбірі - төрт, жұрнағы - кіл.

Туынды сын есімнің сөзжасамда орны мен қызметі, лексика-грамматикалық ерекшелігі бір жүйеге түсті. Оның жалпылама мағынасымен қоса, алуан түрлі мағыналық топшаларға да сараланды. Туынды сын есімнің семантикасы жеке тұрғандағыдан гөрі зат есімдермен тіркесіп келгенде анық байқалады. Сын есімдер қаншалықты зат есімдерге қатысты сөздер дегенімізбен, сол зат есімдердің өзімен жапа-тармағай тіркесе бермейді.

Әдебиет:

1. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. –Алматы, 2002. –192 б.
2. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. –Алматы: Ғылым, 1989. – 267 б.
3. Томанов М. Сын есімдердің сөз табы ретінде қалыптасуының кейбір ерекшеліктері // Қазақ тілі мен

ӘОЖ 81.366

СЫН ЕСІМ ЖӘНЕ САН ЕСІМДЕРДЕН ЖАСАЛҒАН СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Есматова М.Т., Бекмұратова А.М.

(М.Қозыбаев атындағы СҚУ КеАҚ)

Есімдер құрамында зат есімнен кейінгі есесі де, еншісі де мол сөз табы – сын есім. Семантикалық жағынан зат есім әр алуан заттық ұғымдарды білдіретін сөздердің лексика-грамматикалық тобы болса, сын есім неше алуан сыр-сипатпен байланысты ұғымдарды білдіретін сөздердің лексика-грамматикалық тобы ретінде бөлінеді [1, 166 б.]. Сын есімдер табиғатында затқа қатысты анықтауыштық қатынаста жұмсалуды тиіс. Дегенмен, сын есім сөйлемде тек анықтауыш сөйлем мүшесі ғана емес, заттанып толықтауыш, бастауыш сол сияқты пысықтауыш қызметінде жұмсалады. Сын есімдердің, әсіресе, соңғы кезде көп жұмсалатын түрі оның сөйлемде тиянақты баяндауыш қызметінде жұмсалуды. Міне, оның осы қызметте жұмсалуды оның есімді сөйлемді құраудағы басты ерекшелігі болып табылады. Сонда сын есімдер сөйлемнің соңында келіп, баяндауыш қызметінде жұмсалуды негізінде өз бастауышымен предикативтік қатынас құрайды да, есімді сөйлемнің негізгі арқауы жасалады. Ондай кезде сын есімдер сапалық, қатыстық, түрлі шырай формаларында да қатысады [2, 87 б.].

Сын есімдер – сөйлемде әсем ойдың көрікті көрінісі сияқты жұмсалатын сөз табы. Сын есімнің сөйлем соңында баяндауыш қызметінде жұмсалуды тілімізде тарихи жағынан ерте қалыптасқан сияқты. Басқа сөйлем мүшелері сияқты сын есімдер де сөйлем соңында жұмсалып, сөйлемді тиянақтауда өзіндік орын алады. Осының негізінде енді есімді сөйлемдердің аясы кеңейгенін көреміз. Сын есімдер есімді сөйлемдер жасауда зат есімдердей болмағанымен, сан есімдерге қарағанда, Ғ.Мүсірепов шығармаларында мол. Сын есімдер баяндауыштық қызметте сапалық та, қатыстық та түрде дара, күрделі құрамда келеді. Осы негізде сын есімдердің баяндауыш болуы, оның тұлғалық ерекшеліктері және есімді сөйлемдердің семантикасының да айқындалуы зат есімді баяндауышқа қарағанда басқаша мақсат тұрғысынан сөз болатыныны белгілі. Ол үшін сын есімді баяндауыштардың жасалуын көрсетелік. Шығармаларда сапалық сын есімдердің жай түрі кездеседі. Мысалы: Қайда барсаң да бір қалпынан айнымайтын қазандық пен бөлген ауыз үй едәуір қараңғы. Шанадағы үш әйелдің жастауы ауру. Англия мен Францияда бұдан да ауыр. Осы сөйлемдердегі бастауыштар ауыз үй, жастауы, ол сөздері қараңғы, ауру, ауыр баяндауыштарымен кеңістікті, хал-жағдайды, мөлшерді білдіруге байланысты ойларға арналған. Керісінше ауыз үй, жастауы, ол – бастауыштары қараңғы, ауру, ауыр баяндауыштарымен предикативті қатынаста сөйлем әрі кеңістік және күйін, түрін де көрсетеді.

Даусы ашы да қатал, зілді де кекті. Бұл сөйлемде сын есімдер сөйлемді аяқтап, мағына жағынан бірін-бірі күшейтіп тұр. Бірыңғай сын есімдер мына сөйлемде құдай сөзін түрлі жақтан сипаттап береді: Қу құдай, шұнақ құдай, саңырау құдай, құрығыр құдай.

Сын есімнің шырай тұлғасында келген сапалық сын есімдер де көркем шығармаларда баяндауыш қызметінде қолданылып, есімді сөйлем жасайды. Мысалы, салыстырмалы шырай тұлғасының -ырақ, -ірек жұрнақтары арқылы: Жаңадан алынатын жігіттерді қай уақытта келтіргенім дұрысырақ? Әйелім деп ала келген Елизавета Быкова деген адам Петербургтың жоғарғы қоғамына лайығырақ. Өйтіп езу тартқанын көрсеткеннен көрсетпегені жақсырақ. Одан гөрі де көңілсізірек.

–дау, –деу, –тау, –теу жұрнақтары арқылы жасалған салыстырмалы шырайлы сын есімді сөйлемдер: Кешелі-бүгінгі терілген жаңалықтары болмаса, өзгесі мұң басқандай өңсіздеу де көңілсіздеу. Олардың күні бітуге жақындау. Серіктесіңіз туралы айтқаным ыңғайсыздау. (Ғ.Мүсірепов). Осы жұрнақтармен жасалған сын есімді сөйлемдер жиі кездеседі деп айтуға болады.

-шыл, -шіл, -ғылт, -ғыш жұрнақтары арқылы: Көзінің жүзі ақшыл, не қызғылт сарғыш. Қыр жоңырышқасының гүлдері сарғыш. Күшейтпелі шырай тұлғасында келген сын есімді сөйлемдер: Төбең де қап-қара, аяқ астың да қап-қара. Жарықтықтың көзі-ай, қап-қара. Жардай болып жатқан енесінің қабырғасына соғылсаң да, өркешіне соғылсаң да әрі жылы, әрі жұп-жұмсақ. Есік, терезе, құрулы шымылдық, жер төсек – бәрі әп-әдемі. Көлденеңі күректтей мұқыл тырнақты саусақтары келінің сабындай жұп-жуан (Ғ.Мүсірепов).

Асырмалы шырай тұлғасында кездескен сын есімді сөйлемдер: Байжан Көпей бәйбішемен өте тату. Ол Көпей кеткелі қатты жүдеу. Салбыр – өте жабайы, өте момын. Жоғарыда аталған сөйлемдерде көбіне адамның мінезін, сыртқы келбетін айқындайды. Сын есімдер есімді сөйлемдердің баяндауышы қызметінде сапалық, қатыстық түрінде жұмсалып қоймай, түрлі жалғауларда тұрып та сөйлемді тиынақтауы баршылық. Сын есімдердің жіктік жалғауда келуі сөйлемді тиынақтайды: Өй, көзіңнен айналайын, жоқ, сен менің егізімнің сыңарысың. Сын есімдердің тәуелденіп келуі арқылы: Бұл – жаңа отауға көз тиіп кетпесін деген ырымшылы. Ол кімді аяйды дейсің, Тілемес бастап әкелген әлгі арам сирағы. Парақорлық – кітап айтатын күнәнің үлкені... Қалмақ басқырдың ауылын билеп-төстеп алған қай кірмесі?

Қатыстық сын есімдер тиісті жұрнақтар арқылы басқа есімдер мен етістіктерден жасалады да, заттың сыртқы түрі мен түсіне, кескіні мен келбетіне, сыры мен сынына, ішкі қасиеті мен сипатына, мекен мен мезгілге және басқа да сол сияқты белгілеріне қатысты сындық ұғымдарды білдіреді. Қатыстық сын есімдердің ішінде сөйлемнің соңында сөйлемді тиынақты етуде келесі жұрнақтар арқылы жасалған сөйлемдерді көрсетсек. Есімдерден сын есім тудыратын өнімді жұрнақтар арқылы жасалған сөйлемдер:

-лы,-лі, -ды, -ді, -ты, ті: Өзіңіздің де бәйбішеңіз күйлі. Әрине, бай жылқысының бәрі де сұлу, бәрі де ажарлы. Әкесі тым қарапайым, шешесі еркек көзі бір қадалмай өте алмас ажарлы. Ашаң да ашық жүзді. –улы, -улі құранды жұрнақ арқылы жасалған сын есімдерге: Кілем-көрпе төсеулі, күмістеткен сары ала тегене сапырулы. Қара табақтай жалпақ бетті. Таңқиған саңырау танау, таңқы мұрт, бұйра қара сақалды. Тіркес және жұрнақ арқылы жасалған күрделі сын есімнің қатысы арқылы жасалған.

-дай, -дей, -тай, -тей. Мысалы: Бұл көріністегі Оспан Тобықтының бүгінгі ортасында ешкімге ұқсамаған, алып батырдай. Олардың қасында ақтарылып, ағылып отырған кең сабадай. Самғап ұшар жанның жеңіл әсем қанатындай. Олар, анау көрініп тұрған екі Ақшоқы биігіндей ...Қайнауы жеткен ашу қызуы жеткен құрттай. Бұл күндерде Құнанбай мен жаңа болыстың мінезі, - тырнағына тышқан ілінген мысықтай. Дала өміріне қосылған бірінші ауыр еңбек – таныс емес жат еңбек дәл бетпе-бет келгенде бас шайқататындай.

-сыз,-сіз жұрнақты. Сұрану емес, сұрау емес, ең берісі – кете берген еңбегіміз ақысыз-пұлсыз. Бұл сөйлемдегі ақысыз-пұлсыз сын есімі күрделену арқылы жасалған. Бұл елдің өмірі ат байлайтын дередей мәуесіз де, панасыз да, бұтақсыз да, жапырақсыз. Бірыңғай туынды сын есімдер баяндауыш қызметінде жұмсалып тұр. Дара туынды сын есім де қолданылады: Туған-туысқандарында мұның орнын басар ешкім жоқ, Есенеі ұрпақсыз (Ғ.Мүсірепов).

-шақ, -шек жұрнақты: Қандай әдемі қыз-келіншектер қайыршыдай жалаңаш, қайыршыдай сұраншақ. Көтібардың Итемгені тығыршықтай тығыз, шертіп қалсаң шырт ете түскендей ашуланшақ.

-лық, -лік, -лақ: Жеңінің аузын көмкерген шұбар сисаның жұрнағын, жеңінің ішкі жағынан ғана танырлық. Бірақ төрдегілердей маңызды емес, жігіттері ұшқалақтау.

-іңкі: Бастарын көтерген, жүздері салқынырақ. Жүздері жарқын, көңілдері көтеріңкі-ақ (Ғ.Мүсірепов). Күшейткіш демеулігінің тіркесуі арқылы жасалған бұл сөйлемнің,

біріншіден, тиянақтылығы алдыңғы сөйлемдерге қарағанда нақтылау, өйткені ондай тұлғалы сын есімдер сөйлемнің ішінде келіп, ешбір сөзбен анықтауыштық қатынаста жұмсалмайтыны белгілі. Сондықтан бұл тұлғалы сын есімдер тек сөйлемнің соңында ғана келуі керек. Екіншіден, семантикалық жағынан да бұл сөйлем алдыңғы сөйлемдерге қарағанда нақтылық басым.

Күрделі тіркесті сын есімдер де есімді сөйлемдер жасауда орынды қолданылады. Мысалы: Қасқырдың үсті-басы қызыл ала. Шешелері әдейі ертіп әкелетін балалар өңкей мес қарын, ши борбай, ірің көз... Қоржын үйдің ортасындағы ауыз үй терезесіне қалың қырау тұрған қара көлеңкелеу. Қосарлану арқылы жасалған сын есімдер де есімді сөйлемдер жасайды: Бұрынғы әжім дегендері енді көп киілген кенеп шалбардың тақымдығындай қатпар-қатпар. Төменгі шілтерден бастап кеудесіне жеткен жасыл жалыннан самауырдың үсті-басы әлем-тапырық.

Кейде сын есімді тұрақты тіркестер сөйлемді аяқтап, есімді сөйлем жасап тұрады: Қылтанақ шығып көрмеген қасқа иегінен тағалы ат тайып жығылғандай. Тағалы ат тайып жығылғандай – фразеологизмі қолданылған, мағынасын сөйлемнің алдыңғы мүшелері анықтап тұр.

Сан есім - есімдер тобына жататын сөз таптарының бірі. Өзінің мағынасы мен функциясы жағынан сан есім өзге сөз таптарына қарағанда, сын есімге біршама жақын. Бірақ сын есім заттың сапасын, сипатын, қасиетін, тү-түсін т.б. сыр-сипаттарын білдіретін сөз табы болса, сан есім – заттың сан мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін лексика-грамматикалық сөз табы [1, 191 б.].

Сан есімдер сан мөлшерін абстракт түрде атайтын сөздер болғанымен, олар семантикалық, морфологиялық және синтаксистік жағынан іштей алды-алдына жеке категориялар ретінде танырлықтай бірнеше топқа бөлінеді. Сан есімдер есептік, реттік, жинақтық, болжалдық, топтау, бөлшектік сияқты түрлерге бөлінеді. Сан есімдердің сөйлем ішінде атқаратын негізгі қызметі - анықтауыш болу, сол сияқты заттану арқылы бастауыш, толықтауыш, ілік септігінде келуі арқылы анықтауыш сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалуды белгілі. Біз өз жұмысымызда сан есімдердің үнемі сөйлемнің ішінде қолданылып қоймай, сөйлемнің соңында да қолданылып, сөйлемді тиянақтай алатын сан есімді есімді баяндауыш сөйлем түрлерін Ғ.Мүсірепов шығармаларынан көрсету. Қазақ тілінде сан есімдердің есімді баяндауыш қызметінде жұмсалуды туралы А. Байтұрсынов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, М. Балақаев, Р. Әмір, Ә. Хасенов т.б. ғалымдар еңбектерінде шағын мысалмен баяндауыштың есім сөздерден болатынына тоқталады. Белгілі ғалым М.Балақаев «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде: «Қазақ тілінде есім сөздердің (зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктердің) қайсысы болса да баяндауыш қызметінде жұмсала береді, бұл үшін олардың қасында көмекші етістіктің тұруы шарт емес. Сонымен қатар есімді сөйлемдердің қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктері де бар» [3, 131- 143 бб.] - деп есімді баяндауыш түрлерінің зат есімдерден болған баяндауыштар, сапалық есімдер мен есімдіктерден болған баяндауыштар, есімдерден болған күрделі баяндауыштар және құрама баяндауыштар түрлеріне тоқталады.

Ғалым Ә. Хасенов қазақ тіліндегі сан есімдердің мағыналық, құрамдық және қызметтерін қарастыра келіп, сан есімдердің баяндауыш жасаудағы ерекшеліктерін көрсетіп өтеді. «Сан есімдер дара тұрып та, күрделі болып та баяндауыштық қызмет атқара алады, аффикстеніп те қолданылады. Сан есімнен жасалған баяндауыштар, әдеттегісінше, көбіне сөйлем соңында келеді. Сан есімдер толымсыз сөйлем ретінде де жұмсалына алады, басқа есімдермен бірігіп күрделі баяндауыш құрамында да тұра береді», – дей келіп, автор сан есімдердің баяндауыш қызметінде жұмсалудағы түрлерінің мағыналық сипатына тоқталып өтеді:

«1. Сөйлем соңында қолданылған жинақтық-субстантивтік сан есімдер. Мысалы: Қой-ешкінің бар саны бесеу-алтау-ақ (С.Мұқанов). Менің қасымда алты-ақ жауынгерім бар, жұмыскерлер төртеу, баламен бесеу (Ғ.Мүсірепов).

2. Жинақтық-субстантивтік сан есімдер «е», «бол» көмекші етістіктерімен тіркесіп,

күрделі баяндауыш құрамына енеді: - Біреу емес, үшеу еді ғой... – дедім әлі де аттары есіме түсе қоймай (Ғ.Мүсірепов). Құлағы екеу емес, төртеу болып шықты (Ғ.Мұстафин) –Басқада құлақ екеу болса, секретарьда төртеу, - деді Жанат (Ғ.Мұстафин). Тек қана жинақтық-субстантивтік сандар емес, есептік сан есімдер де «е», «бол» көмекші етістіктерімен тіркесіп күрделі баяндауыш құрамына енеді. Мысалы: -Ол кісі қашан келген? -Бүгін үш күн болды (С.Мұқанов). Бұл дәуірдің бас кезі еді, жиырмасыншы жыл еді (С.Ерубаев). Есептік сан есімдер сөйлемнің соңында немесе жеке өз алдына дербес толымсыз сөйлем болып қолданылып, баяндауыштық қызмет атқарады. Мысалы: Көпір олардан гөрі бізге пайдалы болып шықты. Бір. Неміс қолы өзеннің басқа бір тұсынан өтпек. Екі. Бұл жайды штабқа хабарлау керек. Үш (Ғ.Мүсірепов)» [4, 76-77 бб.].

Ғ.Мүсіреповтің шығармаларында баяндауышы сан есім болып келген сөйлемдер біршама деп айтуға болады. Сөйлемнің баяндауыштары кейде сан есімнің кейбір түрлерімен де айтылады. Бұл сөйлемнің баяндауыштары есептік, реттік, жинақтық, топтау, болжалдық сандардан морфологиялық тәсіл арқылы қалыптасып жұмсалған. Жалпы сан есімді баяндауыштардың өзін таза сан есімді және аналитикалық тәсіл арқылы жасалған деп екіге бөлуге болады. Таза сан есімді есімді сөйлемдерге есептік, реттік және жинақтау сан есімдері жатады. Соларға жеке-жеке тоқталып өтеміз.

Есептік сан есімдері. Дара тұлғадағы есептік сан есім: Біреуі – төрт сүйем, біреуі – бес. Үш бұрыштаған тесік -до, ре, ми, фа, соль, ля, си – жеті. Осы сөйлемдердің бірінші сыңарының баяндауышы бес, екінші сөйлемдегі баяндауышы да жеті сан есімдері сөйлемді тиянақтай келе күй аспабы сыбызғының сыртқы құрылысын білдіріп тұр. Оның сүйем саны, тесіктердің қанша болатындығы анық көрініп тұр. Бастауышы – біреуі жинақтық сан есімінің осы сөйлемде белгісіздік есімдігіне ауысу процесіне ұшыраған.

Күрделі тұлғадағы есептік сан есімдері: Имантаудың үйіндісі үш миллион пұт, Жезқазғанда алпыс миллион пұт. Осы сөйлемде күрделі есептік сан есім пұт деген өлшем бірлігін атайтын сөзбен тіркесіп, күрделі баяндауыштың қызметін атқарады. Жатыс септігін қабылдап сөйлемді тиянақтап тұратын есептік сан есімдер де бар: Қабысанның жасы он үште. Шәйза жасы он жетіде, Қалишаның екі көзінің бірі. «Тулаған толқында» шығармасында жіктеліп қолданылған мына сөйлемді кездестірдік: Біз жиырма төртпіз.

Есептік сан есімдер нөлдік тұлғада жұмсалудың бірге септік жалғауда тұрып та сөйлемді тиянақтай алады. Шығармаларда шығыс септігі арқылы жасалған сан есімді есімді сөйлемдер жиі кездеседі. Септік жалғаулы сан есімдер: Пұты алты тиыннан. Ұзыны, көлденеңі бірдей он шақырымнан. Табыстары күніне он тиыннан.

«Оянған өлке» романында сом деген сөзбен тіркескен есептік сан есімдер кездеседі. Олар есімді сөйлем жасауға белсене араласқан. Бұл жолғысы екі жүз сом. Олардың әрқайсысы Жұмабек үшін салдыраған ақша – үш сом. Үш күміс сом. Бұл құлынды бие, құны алпыс сом.

Есептік сан есімнің ішінде бір сөзінің қызметі мен орны жайлы А.Ысқақов былай дейді: «Бір сөзі есептік сан есімдерден жаңа сөздер жасайтын амал-тәсілдердің бәріне түгелдей қатысады. Осымен тынбай, бұл сөзден басқа қосымшалар арқылы да әр түрлі жаңа формалар (сөздер) жасалады. Сонымен қатар, бір сөзінен лексика-семантикалық тәсіл арқылы басқа сөз табына ауысқан формалар да бар» [1, 201-202 бб.].

Бір сөзінің осылайша әртарапты болып келуі оның лексика-семантикалық және грамматикалық ерекшелігі мол екеніне, қолданылу өрісінің орасан көп және жан-жақты екендігіне әрі көрнекті дәлел де, әрі соларға байланысты қаламгердің шығармаларында бір сан есімі арқылы жасалған есімді сөйлемдер мол кездеседі. Шәйза Қалишаның екі көзінің бірі. Шыққан жері де қалың Қаракесектің көп кедейінің бірі. Түсінетіндердің бірі почтабай Сұлтан, бірі Оспаннның өзі. Енді біреуі Оспаннның қатыны. Біреуі Қажының үйінің күйеуі, бірі Түбектегі құдасы. Бұл сөйлемдерде белгісіз мәнді жинақтық сан есімі бастауыш қызметін атқарып, қатыныны, күйеуі деген тәуелдік жалғаулы зат есімдермен қиыса байланысқан.

Дара тұлғадағы жинақтық сан есім: Иығына шекпен жамылған сақалды біреу. Екі

әнші қызың мынау екеуі. Қатар жатқан жол да екеу. Жоғарыдағы сөйлемдерде баяндауышы ІІІ жақтық жинақтық сан есімнен жасалып сөйлемді тиянақтап тұр. Үлкен жез самауыр, инженер Некрасов, Бернер – төртеуі ғана. Бұл сөйлемде жинақтық сан есім ғана демеулік шылауымен тіркесіп, сөйлемдегі бірыңғай мүшелерді жинақтап тұр. Реттік сан есімі: Біріншінің аты бірінші. Бастауыш та баяндауыш та бір сан есімінің қайталануы арқылы жасалып, бірін-бірі нақтылап тұр.

Есімді сөйлемдердің етістікті сөйлемдерден негізгі айырмашылығы олардың баяндауыштары есімдерден жасалады және сөйлемдегі ойдың ұғымдық мәнін білдіреді. Есімді сөйлемдер мен етістікті сөйлемдердің мағыналық сипаты бірдей емес. Етістікті сөйлемнің баяндауышы сан алуан амал, әрекет, іс, қимыл, қозғалыс, жай, күй сияқты процестерге қатысты ұғымдарды қамтиды, ал есімді сөйлемдерде баяндауыш қай сөз табынан жасалып тұрғанын, сол сөз табының заттық, сындық, сандық, мекендік, салыстырмалылық, мезгілдік мағыналарын білдіреді.

Әдебиет:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. –383 бет.
2. Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі. – Алматы: Зият-PRES, 2006. –255 бет.
3. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі және жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Ана тілі, 1992. -247 бет.
4. Хасенов Ә. Тіл білімі. –Алматы: Санат, 2002. -210 бет.
5. Мүсірепов Ғ. Ояңған өлке. –Алматы: Жазушы, 1989. -483 бет.
6. Мүсірепов Ғ. Таандамалы. –Алматы: Жазушы, 1980. I том. -540 бет.

ӘОЖ 81.366

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ АДЪЕКТИВТЕНУ ЖОЛЫ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТУЫНДЫЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Есматова М.Т., Хамитова К.А.

(М.Қозыбаев атындағы СҚУ КеАҚ)

Адъективация – басқа сөз таптарының сын есімге ауысуын білдіретін лингвистикалық процесс. Бұл процестің нәтижесінде тілдегі сын есім категориясы өзге сөз таптарынан ауысып келген сөздермен толығып, өз ауқымын кеңейтіп отырады.

Адъективация жайында сөз болғанда, біздіңше, екі нәрсенің басын ашып, анықтап алу қажет. Оның бірі – бұл тілдің морфологиялық құрылымында ғана ұшырайтын тілдік құбылыс па, әлде онда тұрақты түрде өтіп жататын процесс пе деген мәселе де, екіншісі, оның сын есімнің сөзжасам жүйесіне қатыстылығы туралы. Егер адъективация сын есім тудырудың бір тәсілі болса, онда ол сын есім жасаудың өзге тәсілдерінен қандай өзгешеліктерімен ерекшеленеді? Біздің ойымызша, адъективацияны әрі лингвистикалық процесс, әрі сын есім тудырудың өнімді тәсілдерінің бір жолы ретінде қарастыру дұрыс болмақ. Адъективацияның процесс болатын себебі, сын есімдер де тілдің бір бөлшегі санатында жалпы тілдік құрылымға тән дамудан тыс тұра алмайды. Тілдік даму барысында олар тілдегі өзге лексика-грамматикалық категориялармен сан қилы байланысқа түсіп, бірде сөз беріп, бірде олардан өз кезегінде өзі де сөз қабылдап, үнемі үздіксіз қозғалыста болады. Адъективация процесін мойындамау, екінші сөзбен айтқанда, тілдің дамуын танымау деген сөз. Екіншіден, адъективация сын есімдер тудырудың ең өнімді тәсілі болып саналады. Керек десеңіз сын есімдердің о баста өз алдына бөлек, жеке сөз табы болып қалыптасуы осы адъективация тәсілімен тығыз байланысты. Себебі, қазіргі тіліміздегі сын есімдердің өзегі болып табылатын «негізгі» немесе «байырғы» сын есімдердің барлығы әуел баста есім не етістік тобынан ауысып атрибутивтік мәнде орныққаны мәлім. Мысалы: көк, ақ, жас, бай,

өзге, басқа, байтақ және т.б. сөздердің о баста сындық мағынада емес, заттық ұғымда қолданылып, кейіннен сын есімдер тобына ауысқандығы белгілі. Мысалы: *Қарт* адамның дәлелі күдікті қуып шыққандай, жағасына тас жабысқан қолы дірілдеп барып сылқ құлады (Т.Сәукетаев). *Қарт* жүрегі селт етіп, осы үйдегі қауіп өзіне төнгенін сонда түсінді (Ғ.Мүсірепов). Қарт сөздері бірінші сөйлемде адъективтеніп адамның жас шамасын білдіріп, анықтауыштық қатынаста жұмсалса, екінші сөйлемдегі қарт сөзі субстантивтеніп, предикаттық қатынаста қолданылған.

Сол секілді қызыл, сары, жасыл, ауру, кебу, жүдеу, бедеу, сасық, жасық, қайнар (бұлақ), жанар (тау), қашаған, сүзеген, тебеген, өңкиген, дүңкиген, ұшқалақ, жаңғалақ тәрізді түрлі қатыстық мағыналарды білдіретін сын сөздердің де бір кезде етістіктің формалық тұлғалары болғандығы бұлардың да соңынан адъективацияланып, атрибутив сөздер болып орныққандығы анық. Мысалы: *От шашқан* көздер бірден Еркебұланға қадалды (Ғ.Мүсірепов). *От шашқан* тіркесі есімшелі, сөйлемде зат есіммен тіркесіп, сын есімге ауысқан. Көркем шығармаларда бұндай сөздер қатысқан сөйлемдерді өте жиі кездестіре беруге болады. –Апасы-ау, енді қайтейін, *күміс* самауыр ағып кетіпті... – деп, үйге Күнше кіріп келді. Көз алдына *күміс* теңгелер де келе бастады (Ғ.Мүсірепов). *Күміс* самауыр, *күміс* теңге деген тіркестерде *күміс* сөзі зат есімдермен тіркесіп, сын есімнің қызметіне ауысқан. Бұндай құбылыс екі зат есім тіркескенде алдыңғысы қандай деген сұраққа жауап беріп, орын тәртібі арқылы қабыса байланысады да, сын есімнің қызметіне ауысады. Салыстыру үшін мына сөйлемді алайық: -Он ат... екі жүз елу сом *күміс* болады, - деді Байжан басын шұлығып (Ғ.Мүсірепов). *Күміс* сөзі нақты заттың атын білдіріп, зат есім болып қолданылған. Осындай мысалдарды көркем шығармалардан көптеп кездестіре беруге болады. Ол шығарманы мәнерлі, тілін көркем, сөйлемдерін толымды етіп беру мақсатында алынады.

Конверсияланған сөздердің басым көпшілігі тілдің лексикасында лексикалық-грамматикалық омонимдер түрінде өмір сүретіндігі белгілі. Жақсылық Сарбалаевтың айтуына қарағанда «басқа сөз таптарына қарағанда, тілде конверсиялану процесіне зат есімдер мен сын есімдер бір табан жақын тұрады [1, 18 б.]. Себебі бұл екі сөз табының синтаксистік функциясы кей жағдайда бір-бірімен ұштасып жатады. Сөйлем құрамында зат есім сын есімнің қызметін, керісінше, субстантивтенген жағдайда сын есімнің барлық функциясын орындай береді. Сондықтан да бұл екі сөз табы жиі конверсияланып, тілде лексика-грамматикалық омонимдер қатарын құрайды. Қазақ тілінде сын есім мәнінде қолданылған зат есімдердің барлығы да конверсияланған сөз деп танылмай, ол тек «зат есімдердің анықтауыштық функциясы» делінеді де, лингвистикалық сөздіктерден оларға жеке сөз ретінде орын тимейді. Қазақ лексикографтары сөз функциясының өзгеруі сөз мағынасына да әсер етіп, оны мүлде басқа сөзге айналдыратынын ескермейді. Жалпы тіл біліміндегі, түркологиядағы кейбір пікірлерді ескерсек, жоғарыда мысалға келтірілген *алтын тамыр*, *күміс сағат*, *тас құдық* және т.б. деген сөз тіркестеріндегі алтын, күміс, тас сөздері тіптен зат есім емес. Олардың пікірінше, сөздердің қолданылу аймағы (секторы) әбден айқындалған қазіргі кезде әрбір сөз тек өз мағынасында, өз функциясында ғана жұмсалады. Басқа түркі тілдерінде зат есімдердің атрибутивтік позицияда қолданысы әбден қалыптасқан, айқындалған тұрақты құбылыс. Сол себепті жоғарыда келтірілген көзқарастар тұрғысынан қарағанда, атрибутивтік функция жұмсалған зат есімдерді «зат есім» деп тану дұрыстыққа жатпайды. Бұл – бір. Екіншіден, қандай көп мағыналы сөз болсын, оның мағыналық қырлары контексте, сөздем құрамында басқа бір сөздермен тіркесу барысында анықталады. Олай болса, алтын сағат, ағаш арба, тас еден, қамыс құлақ, болат пышақ деген сөз тіркестеріндегі алтын, ағаш, тас, қамыс, болат деген сөздердің мағынасы «заттық» деп түсіну шындыққа қарама-қайшы келеді. Қазақ тілінде зат есімдерден сын есім жасалғанда зат есім сөздерге сын есім тудыратын аффикстер жалғанатыны белгілі. Жоғарыда келтірілген мысалдағы сөз тіркестеріндегі алтын, күміс, тас, болат сөздерді сын есім деп мойындамауымыздың себебі, оларға сын есім тударытан жұрнақтар жалғанбаған. Бірақ қазақ тілінде зат есімдердің үлкен бір тобы жұрнақсыз-ақ сындануға (адъективтенуге)

бейім. «Өйткені олардың бойында, профессор Құдайберген Жұбанов айтқандай, жасырын жатқан сындық мағыналар болады [2, 20 б.].

Ондай зат есімдер сөйлемде атрибутивтік функцияда жұмсалғанда сындық мағына иеленіп шыға келеді. Мысалы: Қоңыр қалпыңызбен неткен *жұмбақ* жансыз! Елеусіз Досов тірі болса, жұмбақтың шешуін таппай қоймайды. Мылтықтың ұңғысы дегені *ағаш* көсеу екен (Б.Майлин). Мұндай зат есімдер, жұмбақ пен ағаш сын есім тудыратын қосымшаларды керек етпейді. Олардың адъективтенуіне (сындануына) анықтауыштық функцияның өзі-ақ жеткілікті болады. Анықтауыштық қызметте жұмсалуға, әдетте, барлық зат есімдер қабілетті бола бермейді. Мысалы, кітап, орман, шам, қалам, дәптерін,, өзен, көл, т.б. зат есімдер еш уақытта атрибутивтік позицияда қолданылмайды. Мысалы: Әлі мұндайды естімеген *бала* жігіт сенделіп орнынан әрең тұрды да, есікке қарай беттеді (Ғ.Мүсірепов). Бала жігіт тіркесінде бала сөзі сын есім тудыратын қосымшалы реңкке ие болып отыр, сондықтан контексте бірде зат есім, бірде сын есім мәнде жұмсала алады.

Қазақ тілінде сүзеген, тебеген, қабаған, жатаған тәрізді сөздер формасы жағынан – есімшелер. Бірақ бұлар тілдік табиғаты жағынан – сын есімдер. Өйткені олар үнемі анықтауыштық қызметінде жұмсала келіп, өздерінің есімшелік мағыналарынан айырылып қалған да, сын есімдерге айналып кеткен.

Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда басқа сөз таптарының сын есімге айналу процесі тілдің кемеліне келген, сөздердің қолданылу позициясы әбден айқындалған қазіргі дәуірде емес, сөздердің грамматикалық кластарға жіктеле бастаған көне кезеңінде басталған. Шынында да, тарихи тұрғыдан қарағанда тілдегі лексика-грамматикалық категория – сөз таптарының барлығы бірдей бір уақытта, бір кезеңде пайда болмаған. Тілдегі сөз таптарының қалыптасуы өте ұзақ уақытқа созылған. Тілдің тарихи дамуы барысында олардың біреуі ерте пайда болса, енді біреуі әлдеқайда кеш және «тыңнан» емес, тілде бұрыннан бар сөз таптарының негізінде қалыптасқан. Бұл пікірдің шындығы сын есімдердің даму тарихы арқылы да дәлелдене алады. Жалпы тіл білімінде, түркологияда да о баста алғашқы сын есім сөздердің зат есімдер тобынан ауысып келген сөздердің негізінде қалыптасқандығы, одан кейін олардың етістік негізді сөздермен толыққандығы айтылады. Бұдан сын есімдердің әуел баста адъективация процесіне ұшыраған зат есімдер мен етістік сөздердің негізінде дербес грамматикалық категория болып орныққандығын көреміз. Мысалы, осы орайда, Ж. Сарбалаевтың еңбегінде А.А. Потебняның сын есімдердің қалыптасуы жайында айтқан мына бір пікірін келтіре кеткен жөн сықылды: «... и в истории языков, различающих название вещи и признака (а не все это делают) прилагательное как выделенное из связи признаков, как более отвлеченное чем существительное, позднее существительного и образовалось из него» деген пікірі берілген [1, 60 б.].

Қазіргі қазақ тілінің сын есімдер тобында арғы тегі өзге сөз табы болып келетін, бүгінде әбден адъективацияланып, «байырғы» сын есімдер болып кеткен сөздер мен сөз тұлғалары мол ұшырайды. Мысалы: жатаған, сүзеген, күлдіргі, жинақы, ауру, ақсак, бұзық, жамау, кебу, ұшқыр, жаңғалақ, ұшқалақ т.б. Бұлардың өзге сөз таптарынан ауысып, адъективтенгендігі олардың сыртқы формаларынан көрініп тұр, олардың құрамындағы қосымшалар тарихи тұрғыдан қарағанда сын есім тудыратын жұрнақтар емес, етістіктің қимыл есім мәнін берген формалар. Егер бұлардың қатарына қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сын есімдер деп қаралатын жарымжан, тасбауыр, желөкпе, қанішер, көрсе қызар, ұр да жық, бос белбеу сықылды адъективацияланған күрделі сөздер мен сөз тіркестерін қосатын болсақ, онда адъективациялану ауқымы тіпті ұлғая түседі. Адъективация процесіне ұшырап, сын есім мәнін иеленген мұндай сөздердің молдығы аталған процестің қазақ тілінің грамматикалық құрылысында, әсіресе сын есімнің сөзжасам жүйесінде кең қанат жайғандығын көрсетеді. Басқа сөз таптарының сын есімге айналу процесі қазірде де тоқталмаған процесс. «Тілдің негізгі сөздік қоры мен грамматикалық құрылысының қарым-қатынасына және олардың ішкі даму заңдылығына лайық сөздердің ішінара бір категориядан екінші категорияға ауысып отырулары тек өткен, қазіргі заманның ғана жемісі емес, ілгері уақыттарда да болатын құбылыстар екені даусыз» [3, 27 б.]. Сонымен,

адъективация процесі тілдегі басқа да құбылыстар секілді сын есімнің де үнемі даму күйінде болатын тілдік құбылыс екенін дәлелдейтін фактор болып табылады. Адъективация процесін мойындамау, бұл ең алдымен, тілдің қозғалыста, дамуда болатынын мойындамау деген сөз.

Қазақ тілінде тіркесудің барлық түрлері дерлік кездесіп отырады. Негізгі сөздердің тіркесуі арқылы грамматикалық мағынаның берілуі дегенде, әдетте, ол сөздердің өзгермеген сол тұлғаларында тұрып бір-бірімен тіркесуі арқылы жеке тұрғандағысынан өзгеше, жаңа грамматикалық мағынаны білдіруін айтамыз. Бұл - әсіресе түбір тұлғадағы зат есімдердің бір-бірімен тіркесіп қолданылуынан анық көрінеді. Әдетте, зат есім түбір тұлғасында заттың атын білдіру мағынасымен байланысты қолданылса, енді бір зат есім түбір тұлғасында заттың атын білдіру мағынасымен байланысты қолданылса, енді бір зат есім екінші зат есіммен түбір тұлғада тіркесе, зат атауын білдіруге жат мағынада қатыстық-сындық мағынада жұмсалады. Мысалы: Мықшима аяғымда *былғары етік*, *Киіз байпақ* тондырмас ызғар өтіп (Абай). Токпағы мықты болса, *киіз қазық* жерге кірер (Мақал) [4, 121 б.]. Бұл сөйлемдердегі *былғары*, *киіз* сөздері заттық мағынасында емес етіктің, байпақтың, қазықтың қатыстық-сындық сипаты мәнінде, яғни осы соңғы заттардың неден жасалғанын білдіру мәнінде қолданылған. Зат атауын білдіретін сөздердің бұндай әдеттен тыс ерекше грамматикалық мағыналары ол сөздердің заттық мағынаны білдіретін екінші сөзбен тікелей тіркесінен пайда болған. Сол сияқты *қол сағат*, *қалта сағат*, *алтын сағат*, *жібек орамал*, *тас үй*, *тас жол*, *киіз үй*, *кірпіш үй*, *оқушы бала* т.б. тәрізді тіркестердің бірінші зат есім сыңары зат есімге тән емес қатыстық-сындық мәнді білдіріп, қандай? деген сұраққа жауап берді.

Сөздердің орын тәртібінің өзгеруі олардың грамматикалық мағыналары мен сөздер арасындағы синтаксистік қатынастардың мүлдем өзгеріп кетуіне де себеп болады. Мысалы, *қалта сағат* (сағаттың қалтаға салып жүретін бір түрі), *көзәйнек* (көзілдірік, яғни көзге салатын әйнек), *біз өкше* (үшкір биік өкше), *мосы ағаш* (мосы жасайтын ағаш) тәрізді тіркестер бір түрлі мәнде қолданылса, олардың орнын ауыстрып жұмсалғанда, басқа мағынады және басқа синтаксистік қатынаста айтылады: *сағат қалта* (сағат салуға арналып тігілген қалта), *әйнек көз* (шыныдан салынған жасанды көз), *өкше біз* (жуан біз, яғни ағаш шегені өкшеге қағу үшін пайдаланылатын ең жуан біз), т.б.

Адъективация процесінің нәтижесінде, біріншіден, сын есімнің сөзжасам жүйесі өз шеңберін кеңейтеді. Екіншіден, бір мағынасында сын есім, басқа бір мағынасында өзге сөз табы мәнінде көрінетін лексика-грамматикалық омонимдерді сөз таптарына дұрыс топтастыруға мүмкіндік береді. Үшіншіден, сын есім мен басқа сөз таптарының арасындағы сан алуан грамматикалық қатынастарды, әр түрлі семантикалық байланыстарды танып білуге көмектеседі. Төртіншіден, сын есім туралы теорияның мазмұнын арттырады. Бесіншіден, кейбір сын есімдер құрамында «морфологиялық дериват» деп танылып жүрген кейбір қосымшалардың табиғатын қайта танып, қайта саралауға мұрындық болады.

Қысқасы, қазіргі қазақ тіл білімінде адъективация процесі туралы айтылған ой-пікірлердің жалпы сыр-сипаты осындай. Адъективация процесінің лексикалық-грамматикалық тұрғыдан терең зерттеу, оның өзіне тән болмыс-бітімін анықтау ауқымды да іргелі зерттеудің объектісі.

Лексикалық және синтаксистік қолданыстың барысында о бастағы есім, етістік сөздер адъективацияланып, сын есім болып қалыптасты. Сан есімдердің сөз табы болып қалыптасуы, ең алдымен, зат есімдердің адъективацияланып, атрибутивтер тобына ауысуынан басталады. О бастағы адъективтенген зат есімдер тобы кейін осы топқа ауысып келген етістік тұлғаларымен толықты. Сын есімдердің етістік тұлғаларымен толығыуы оның өзіне тән аффиксация жүйесіне ие болуына мүмкіндік берді. Мұның өзі адъективация процесі, болмаса адъективация тәсілі арқылы сөз жасау есімнің сөзжасам жүйесінде ежелден келе жатқан көне тәсіл екенін дәлелдейді. Адъективация тәсілі арқылы сөз жасау сын есімдердің басқа сөз таптарынан ауысып келген сөздер арқылы толығыуы тек сын есімнің сөзжасам жүйесінде аффиксация тәсілі пайда болғаннан кейін ғана бәсеңдегенге

ғана ұқсайды. Бірақ, біздің бұл айтқанымыздан адъективация процесі сын есімнің сөзжасам жүйесінде мүлдем біржола тоқтады деген қорытынды тумаса керек. Ал үнем заңының, әлбетте, сөз таптарының бір-біріне ауысуға қолайлы жағдай жасайтыны, түрткі болатыны белгілі. *Мысалы, Көзі сығырайған* Еңлік ернін бояп тұр екен (Ә. Тарази). Екеуі де малды, кісілі, *жуансынған* соқтыққыш ел болатын (М.Әуезов). – Біз сізді іздеп келдік, енді сауығып кетесіз, ертең-ақ сауығасыз... – деді тамырлары *адырайған* алақандарын сипалап (Д.Исабеков). *Қимас* дос, қыспақта боп, жылаттың ба? (М.Жұмабаев). Пенделігі айнала төр құрса да, *Қаныпезер* болар ма еді мұншама? (М.Шаханов). Мен қалаға киіп баратын таза киімдерімді әзірлеп жүріп, жан *қиыспас* досыммен жаңа жолымда бірінші кездесуімнің жансыздау өткеніне қынжылдым (Ғ.Мүсірепов). Бұл көште жалғыз *жүдеу*, жалғыз *жабырқаған* қайғының тұсауында келе жатқан Қаракөз... (М.Әуезов). *Кетеген* болса, түйең жау, *Тебеген* болса, биең жау (М.Көпеев). Болыстық атком ағасы шақырып алып, кінәсін мойнына қойып, *басқа* жерге аудармақшы болды (Б.Майлин).

Қазақ тілінде сын есімнің өз алдына дербес грамматикалық топ болып қалыптасуына адъективтену процесінің атқаратын рөлі зор деп жоғарыда айтқан болатынбыз. Себебі негізгі сын есімдердің барлығы о баста басқа сөз таптарынан ауысып атрибутивтік мәнде қалыптасқан сөздер болып табылады. Қазақ тіліндегі сын есімдер тобындағы ақсақ, сасық, жасық сөздері сын есімдерге ауысқан.

Адъективацияланған сөз, ең алдымен, лексикалық жақтан, содан кейін морфология-синтаксистік жақтан әбден сын есім болып игеріліп, бүтіндей өзгеріске түсуі қажет, оның үстіне басқа сөз табынан сын есім тобына ауысқан сөзді сол тілде сөйлейтін ұжым мүшелері (не халық) атрибутив сөз ретінде қабылдауы тиіс. Бұл үшін, әлбетте, ұзақ уақыт қажет. Адъективация тәсілі арқылы сөз жасаудың күрделілігі мен қиындығы міне, осында.

Әдебиет:

1. Сарбалаев Ж. Сөзжасам мәселелері: Оқу құрал. – Алматы: Арыс, 2002. – 152 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1999. -138 б.
3. Севортян Э.В. К проблеме частей речи в тюркских языках. - Вопросы грамматического строя. - Москва. -1975. Стр 28-36.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – 2 басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

М.МАҚАТАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ «ҚАРА» ТҮСІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Казакбаева К.Р.

Kazakbaeva_kamila_71@mail.ru

(М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті)

Тараз, Қазақстан

Адам баласы өзін қоршаған табиғи ортаны, өзін - өзі, қоғамдағы заттар мен құбылыстарды жан - жақты танып - білудің көптеген тілдік қайнар - көздері мен тәсілдеріне түр - түс әлемі жатады.

«Ақ» және «Қара» түр - түс атауларының барша жарық дүниені қақ жарып, қарама-қарсы екі полюске бөліп, өзара салыстыру арқылы танып - білуде атқаратын қызметі зор. Біздің пайымдауымызша адам баласының өзін қоршаған дүниені түр-түсіне қарап танып білуі о баста осы екі түске байланысты болуы керек. Өйткені, бұл екеуі мың құбылып тұрған түр-түс әлеміндегі көзге көрінер заттар мен құбылыстарды бір-бірінен айырып жіктеуге ең қолайлы өте «қарапайым» түр-түстерге жатады. Түптеп келгенде. «ақ» түс күннің жарық сәулесіне шалынып, *ақшыл, ақ сары, ал қызыл, ала* т.б. болып көрінетін «отты» түстердің бастау - бұлағы саналса, «қара» түс, керісінше. *қара қоңыр, қара көкшіл, қара торы, шымқай қара, сүлік қара* т.б. осы сияқты қараңғылықпен тұмшаланған түстердің өзіндік ұйытқысы тәрізді. Басқаша айтқанда, «ақ» және «қара» түстері бір тәулікті екіге бөліп тұратын күн мен түннің символы іспеттес құбылыс.

Табиғи ортаның, қоғамдық өмірдің сан түрлі сипатын суреттейтін, өзіндік бояу-нақышын келтіріп бейнелейтін әр қилы түр мен түсті, олардың сан түрлі реңктерін білдіретін атаулар мен тұрақты және жай тіркестер табиғаттың өте күрделі құбылыстарының тілдік көрінісі болып саналады.

Қазақ тілінің сөздік байлығында ерекше топ ретінде орын алатын түр-түс атауларының негізгі тұлғалары аса көп болмаса да, олардың білдіретін мағына – мәндері мен комбинаторлық тұлғалары, қолданыс аясы өте кең. Олар бір тілдің өзінде мыңдап саналады. Сондықтан да болар, бұл сан қырлы өзіндік ерекшеліктері бар лексикалық топ барлық тілдердің де сөздік қорының «түр-түс әлемі» деп аталатын айрықша бір тобына жататын мағынасы бай, қолданыс аясы кең, танымдық мәні зор тілдік құбылыс ретінде қарастырылып келеді.

Түр-түс әлеміне қатысты тілдегі атаулар мен олардан туындаған жай және тұрақты (фразеологизм, салыстырмалы тіркес, жұмбақ, мақал-мәтел) тіркестерінің баршасының табиғатына терең үңіліп, бір зерттеудің ауқымында тәптіштеп қарастырып шығу әрине, мүмкін емес.

«Ақ» және «қара» түр-түс атауларының табиғаты күрделі дейтін себебіміз - бұл екеуі екі - ақ түсті білдірумен шектелетін құбылыс емес. Табиғатты жай көзбен және арнайы аспаптар арқылы көруге болатын түстердің жалпы саны табиғатта 2 мыңнан 30 мыңға дейін болса, бірақ Ньютонның 7 түрлі заңы бойынша олардың өзі екі - хроматты және ахроматты топқа бөлініп, солардың қосымша ахроматты тобына тек «ақ», «қара», түстері ғана жатса, мұны қалай түсіндіруге болады? Біздің пайымдауымыз бойынша, түр-түс құбылыстарының сапасы мен саны, сыны мен сипаты, оларға сәйкес атаулары барлық тілдерде бірдей емес. Қазақ тілінде болса, түр-түс атауларының жалпы саны 70 - тен асып жығылады. Олардың 30-ы негізгілері де, 40-тан астамы туынды түрлеріне жатады. Осылардың ішінде тұлғалық өзгерістерге ұшырауы жағынан да, мағынасының күрделілігі жағынан да «ақ» және «қара» түр-түс атаулары ерекше көзге түседі. Тек «ақ» атауының өзі ғана 15 түрлі (бағыт-бағдарды, кәдені, геосимволикалық, ауыспалы, т.б.) мағынаны білдірсе «қара» атауы 23 түрлі (осы тәрізді) мағына түрін білдіретінін көреміз.

Қазақ елінің тәуелсіздік алған кезеңінде Мұқағали Мақатаев мұрасына бұрынғыдан әлдеқайда басым жаңаша көзқарас қалыптасты, ақын мұраларын танудың жаңа бір кезеңі басталды. Ақын шығармаларына өзі дүниеден қайтқаннан кейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Мұқағали өлеңдері – ұлттық поэзияның жаңа бір белеске көтерілгендігін, жаппай евроцентристік ағымға ойысқан заманда қазақтың қара өлеңінің шынайы қасиеттерінің қадірі артып, бұрынғыдан да толысып, кемелдене түскендігінің куәсі. Ол қазақ өлеңінің ұлттық бояуы мен рухын ұстанды, оны түрлендіре байытты, сөйтіп қалың қазақ оқырмандарының жүрегіне жол ашты. Сонымен қатар ақын қазақ лирикасын ХХ ғасыр әдебиетінің озық үлгілерімен құнарландырды. Білікті, парасатты ақын ретінде өз заманының ірі мәселелеріне қалам толғаса да, соның өзінде қазақ өлеңі мен ана тілінің ғасырлар қойнауынан нәр жинаған аталы дәстүрін бұзбай жарасымды табиғи дамытты. Ол бірде қоғамның керенаулығын бетіне басқан қатал сыншы, енді бірде бала мінезді кіршіксіз таза, аңқылдаған аңғал жан. Сөйтіп жыр әлемінде өз ойын, өз шындығын, жүйелі көркем тілде ақындық биік тұрғыдан тұтас шеберлікпен жырлай білген. Мұқағали сыршыл ыстық лирикасымен өз оқушыларының жүрегіне жол тапты, оларды жақсы жырдың ләззатына қандырып, өзінің менімен адамзатқа ортақ ақиқатты жырлап, қалың оқырманның жан жүрегін баурады. Сондықтан да біз «түр-түс әлеміне» байланысты зерттеу нысанымызды М.Мақатаев өлеңдеріндегі «қара» түсінің қолданысын ғана бөліп алып, танымдық табиғатын мүмкіндігінше кең де терең, әрі жан-жақты қарастыруды жөн көрдік.

Мұқағали Мақатаев лирикасының лексикалық қат-қабаттары әр алуан болып келеді. Көп мағыналы сөздер, синоним, антонимдер өте шебер қолданылып, өлеңнің көркемдігін

арттырып, стильдік бояуын айқындай түседі.

Сол сөз мәтін ішінде сан түрлі мағынаға ие болады. Көп мағыналы сөздер де тіліміздің байлығының көрсеткіші. Сыртқы формасы жағынан көп мағыналы сөз омонимге ұқсайтындықтан, оларды бір-бірінен ажыратуда көптеген қиындық туындап жүр. Көп мағыналы сөзде мағыналық бірлік болса, ал омоним сыртқы формасымен ұқсас болып келеді. Көркем шығармада көп мағыналы сөз өте көп қолданыста жүреді. Суреткер көркемдік үшін ойын айқын жеткізуде стильдік бояуы бар көп мағыналы сөздерді қолданып, контекст ішінде бір сөздің бірнеше мағынасын ашып береді. Ақын өлеңдерінен сөздің негізгі мағынасынан басқа туынды мағынасында жұмсалған коннотативтік қызметін (қосымша мағыналық реңктердің) айқын көруімізге болады. Сонымен әр түрлі мағынасы бар сөз көп мағыналы сөз екені бізге мәлім. Полисемия- барлық тілдерде қолданылатын құбылыс.

Қоғам дамуымен қатар тіл де дамып отыратын категория. Ақын, жазушыларымыздың тілі сөздік құрамымызды молайтып, лексикамызға жаңа сөз қосып отырады. Сөздің бойындағы әр түрлі мағыналардың табиғаты біркелкі емес. Сөздің негізгі мағынасы, туынды мағына, поэтикалық мағына, фразеологиялық байлаулы мағына, синтаксистік шартты мағына-осылардың бәрі сөзді жан-жағынан көрсетеді.

Бір сөзге бірнеше мағына беру арқылы берілген сөздер ақын лирикасында кең орын алады. Көп мағыналы сөз тек тілдік құбылыс қана емес, көркем дүниедегі бейне сырын ашудың көрсеткіші. Ақын тіліндегі көп мағыналы сөздер өлеңнің көркемдігіне, мазмұнына, мәнеріне, әсеріне қызмет етіп тұр.

Мұқағали лирикасындағы өте кең және актив түрінде қолданылған сөздердің бірі- **қара**. Бұл сөзді автор әр түрлі мағынада жұмсап, тура және ауыспалы мағыналы сөздердің сырын ашты. Қара-ақ сөзінің антонимі. Көбінде сындық мағынада қолданылып зат есімді анықтайды.

Жалпы, тілімізде қара сөзі өмірдегі кереғар құбылыстарды көрсетіп, адамның алуан түрлі көңіл-күйін беруде және табиғат құбылыстарын суреттеуде өте жиі ұшрасатын сөз: *қолаң қара шаш, қара құлып, қара бояу, қара көз, қара бұлт, қара шәлі, қара тас, қара түн, қара су, қара нөсер, қара орман, қара қарға, қара жорға, қара тау, қара аспан, қара жол, қара тамшы, қара бала, қара жауын, қара жұлдыз, қара бақ, қара орда, қара қой, қара моншақ, қара емен, қара қорған, қара жал, қара дақ, қара күз, қарашаруа, қара шаңырақ, қара шалғын, қара халық, қара бас, қара кебін, қара жау, қара бала, қара түнек, қара қайғ, қара кеш, қара уайым, қара күш, қара мұрт, қара нар, қара қазақ, қара кісі, қара өлең, қара жаяу, қара көңіл, қара күн, қаралы сұлу.*

Келтірілген сөз тіркестерінен қара сөзінің 52 сөзбен еркін тіркескенін байқаймыз. Бұл сөз тіркестері-тура және ауыспалы мағынада беріліп, өлеңнің эмоциялық-экспрессивтік әсерін күшейтіп тұрған мағыналы, образды сөз тіркестері.

«Қара» сөзі-зат есімді айқындап, сөзге үстеме мағыналық реңк жамап, поэтикалық тілдің әрін жандандырып тұрған полисемиялы сөз.

«Қара» сын есім тура мағынада, сындық қызметте жұмсалған.

Қап-қара көзді бір қыз бар,

Қашпандар қара бояудан.

Аспанда жарық жұлдыздар,

Қап-қара түнде оянған. (Қап-қара, гажап сиқыры)

немесе:

Жарыңның шашы кап-қара,

Көзі де қара шамасы.

Сондықтан жүзі аққала,

Сондықтан әсем қарашы. (Ақ қайын әні).

Ақын *қара* сөзін бірнеше рет қайталап, өлеңге айрықша нәр беріп, стильдік бояуын нақтылайды. Бұл шумақтағы *қара көз, қара бояу, қара шаш тура* мағынада берілген. Алғашқы және соңғы шумақтағы күшейтпелі шыраймен жасалған *қара* өлеңнің

салмағын мығымдай түседі.

Қара бұлт қаралы ару түнереді,

Қарағай қара аспанға тіреледі.

Қаптай кеп қарбаласта қара қарға,

Қарайды қара тауға түнегелі. (Ақ қайың әні).

«Қара бұлт, қара аспан, қара тау» табиғат құбылысын суреттей отырып, адам өмірімен байланыстырып көңілсіздікті, жабырқаулықты, жайсыздықты суреттейді. Өлең аллитерацияға құрылып, ерекше эмоциялық эсерге ие болып отыр. Өлеңнің бірыңғай дауыссыз қатаң «Қ» дыбысынан басталуы да сондай мәнерлі. Табиғат пен адам арасындағы байланысты тереңдете отырып, ақын адамның басындағы күнделікті өмір ағынында өтіп жатқан көріністі қара сөзімен суреттейді. Қаралы ару- туынды сын есімнен жасалған тіркес. Ақын лирикасынан өте шебер берілген осындай мағыналық байланысты жиі кездестіреміз.

Қара жаумен іргелес, ел едіндер қарағым,

Ойран болып сендер де бұзылды ма қамалың

не болмаса:

Қаусаттың-ау, іргемді, қара жауым,

Қан боп ақсын басыңа қара жауын.

«Қара»- адамның ниетіне байланысты айтылып, пейілінің тарлығын сездіреді, елді қырғынға ұшыратып отырған жаудың әрекеті айқын берілген. Әдетте салмақты сөздер өлеңнің соңында тұрып, ұйқасы жағынан да, дыбыстық жағынан да анық көрінеді.

Ұлылардың ұрпағын да, өзін де,

Қара күштің қабірінде ұстады.

«Қара»- озбырлық, зұлымдық мағынасында жұмсалып, өлеңге ерекше мағыналық реңк үстеп тұр. Тұтастай бір ұрпаққа еркіндік, теңдік, бостандық бермей күш көрсетуін «қара күштің қабірі» соны метафоралы тіркеспен нақты берген.

Қарымта қайтара алмай қарсы дауға

Қабақтан қара тамшы тамшылауда.

Жебір ой жігерінді жаншығанда. (Шіркіндер)

«Қара»- адамның көңіліндегі тарығу, зарығу мағынасында жұмсалып, дыбыстық аллитерацияға құрылған мағыналы сөз.

Қара емендей қатып қалған әженді,

Кейінгі ұрпақ, батыр емес деп көргін. (Қырқыншы жылдыр)

«Қара»- мықтылық, төзімділік, шыдамдылық мағынасында пайдаланылған.

Аулақ, аулақ,

Аулақ менің жанымнан!

Қара уайым қара шәлі жамылған (Аулақ, аулақ)

«Қара»- бұл жерде мұң-зарды көрсету мағынасында жұмсалып тұр. Бұралаң-бұралаң жолы бар өмір соқпағында адам басында сондай сәттер басымдау болды, сондықтан өмір шындығы өлеңде айқын суреттеледі.

Қара түнек қара түнді шарпыған,

Ойлар, ойлар, ойлар кетті соқтығып.

«Қара» - адам жанының жабырқаған сәтін, көңілінің жадаулығын көрсетеді.

Жалған-ай, -тынысымның тарылғаны-ай!

Бақытсыз басым қара жамылғаны-ай... (Күзда).

«Қара» -басына қайғы орнады деген мағынада жұмсалып тұрған тіркес.

Енжарлық, көңілсіздік езілемін,

Қалғандай қара жаяу сезінемін (Түс)

«Қара жаяу»- ақынның жалғыздығы, өмірден тарығуын, зарығуын, қиналған бір сәтін көрсетеді.

Ақын лирикасындағы қара сөзінің мағынасы әр алуан және өте көп ұшырасады. Көп мағыналы сөз де түрлі реңкте жұмсалып өлеңнің қуатын арттырып, әрлендіре түседі. Мәтіндегі ой тереңдігі, тіл ұтқырлығы, сөз мәнерлілігі осы көп мағыналы сөзден айқын

көрінеді. Жалпы, тілімізде қара сөзі көрікті ойды суреттейтін ұғым емес. Қара қашан да жамандықты, жауыздықты, арамдықты, зымияндықты, адамның басындағы сан алуан қасиеттерді және қоғамдағы кереғар құбылыстарды суреттеудегі пайдаланылатын бейнелі сөз. Ақын тілінде өте көп ұшырасып, образдың қыр-сырын ашуда жұмсалған. Қара сөзі табиғат құбылыс атауларының бәрімен тіркесіп, ауыспалы мағынада қолданылып тұр. Адам мен табиғат тұтастықта жырланғанынан сиқырлы сөздерді ұтымды қолданудағы тапқырлығы десек те болады. *Қара аспан, қара нөсер, қара тас, қара жер, қара бұлт, қара су, қара жел, қара тау, қара түн, қара жауын* және тағы басқа тіркесімдер бірнеше рет қайталанады. Ақын «Қара» түсін мағыналық топтарға бөле белгін: жамандықтың белгісі (қара тізім, қара қағаз, қара ту т.б.), жауыздық, қатыгездіктің белгісі (қараниет, қара көңіл т.б.) , алғашқылықтың, бастапқылықтың белгісі (қара су, қара тау), киеліліктің, қасиеттіліктің белгісі (қарашаңырақ, қара жер т.б.), қарапайымдылықтың белгісі (қара қазақ, қара бұқара т.б.), қайғы-мұңның белгісі (қара күн, қара уайым, қара түн т.б.).

Мәтін ішінде қара сөзін құбылтып, түрлендіре отырып, бір ойды әр басқа мағынамен беріп, сырлы да сиқырлы сөздер тізбегін тізіп, қазақтың қара өлеңінің құдіретін биіктете түседі. Жоғарыда келтірілген өлең шумақтарында қара сөзін үш-төрт реттен қолданған тұстары да бар. Ойды өрбіту негізінде үстемелеп, одан сайын асырмалатып суреттеу басым. Біздің байқағанымыз: дәуір шындығын, адам өмірін бейнелеуде «қара» сөзінің салмағы өте күшті, әрбір жұмыр басты пенденің басындағы іс-әрекеттерді дәл, нақты үйлестіріп жазған.

Ілгеріде айтқанымыздай «қара» сөзін еркін құбылтып пайдалану нәтижесінде ақынның творчестволық потенциалы да арта түседі. Бұл сөз- тек Мұқағалида ғана емес, классик Абайдан бастап Мағжан, Сәкен, Қасым, Төлеген және бүгінгі ақындарымыздың қолданысында жүрген мағыналы бейнелі сөз. Осылайша, біз суреткер тілінен дәстүр жалғастығын айқын көреміз.

Ақын өлеңдерінің ғұмыры ұзақ, жылдар өткен сайын оның бағасы биіктеп, асқақтай түседі. Ол осылайшы қанша оқырманының жүрегінен әлі де орын алатынына сеніміміз мол. Туған халқының арман мақсатын терең ұғынған ақын туған жермен тағдыры да, тамыры да қосылып жатқанан сезініп, өзінің бар бітім- болмысымен жырлап, баласындай мәпелеген жырын айшықты сөздермен өрнектеді. Мұқағали туған халқын терең түсініп оның тауына, тасына, жеріне құдайдай табынып қастерлеудің негізінде қарасаз топырағында өлмейтін жыр, өшпейтін ақын туды. Ол ұлты үшін туған, оны жыр арқылы танытқан, сөз құдіреті арқылы ғажап та ғаламат сөз-бейнелер жасаған дарынды ақын. Өзінің таусылмайтын жыр-қазынасында, нақтырақ айтсақ, ұтымды қолданған сөз мәнері арқылы ұтқыр ойларды, құдіретті сөздерді Мұқағалидай ғана үлкен тұлға бере алады.

Әдебиет:

1. Қайдаров Ә., Ахтабердиева З., Өмірбеков Б. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: 1986. – 966 б.
2. Болғанбайұлы Ә. Қалиұлы Ғ. «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы». – Алматы: Санат, 1999.
3. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: 1998.
4. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: 2002.
5. Мақатаев М. Өлеңдер жинағы. – Алматы: 2007.
6. Алпысбаев Қ. Мұқағали өрнегі. – Алматы: қазақ университеті, 2001.
7. Өтейұлы Ж. М. Мақатаев поэзиясының көркемдік жүйесі. – Алматы: 2020.

М. ЖҰМАБАЕВ ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ

Кенжебаева А.Т., Алиева П.С.

(М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті)

Жұмабаев Мағжан Бекенұлы – 20 ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің жарық жұлдыздарының бірі, асыл ақын. Сол кездегі дәстүр бойынша алдымен ауыл молдасынан тәлім алады. Осыдан кейін отбасы Бекен Мағжанды Қызылжардағы Бегішов медресесіне жібереді. 1910-1913 жылдары бес жыл оқығаннан кейін мұсылманша орта білім беретін бұл медресе жабылды. Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқиды. Осында жүргенде «Садақ» журналын шығарып, оған өлеңдерін жариялайды. Абайдың өлеңдер жинағымен танысады, татар ақын-жазушыларымен достасып, оны араб, парсы, түрік тілдерін үйренуге шақырады. Орыс тілін үйренеді. Абай сияқты Шығыс пен Батыс поэзиясынан бірдей нәр алады. 1913-1917 Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқып, оны үздік дипломмен медальмен бітірді. Омбыда оқып жүргенде ондағы жастармен бірге «Бірлік» әдеби клубын құрып, оның қолжазбасы «Балапан» әдеби журналын басқарады.

Бүгінгі таңда білім беру парадигмасындағы өзгерістердің негізгі субъектілерінің бірі – мұғалімнің жеке қасиеттері мен кәсіби дайындығына мән беру. Осы орайда педагог ғалымдардың педагогикалық қызметке кәсіби дайындығы туралы пікірлерін ортаға салсақ. Қазақ халқының білім беру ісі ғылыми тұрғыда дами бастаған 20 ғасырдың басында педагогика ғылымының алғашқы зерттеушілерінің бірі М.Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде тәрбиенің негізгі пәні – мұғалімге кеңінен тоқталған.

Бұл пікірлер бүгінгі күні өте маңызды. Мұны «...мұғалім баланы дұрыс ойлауға үйрету үшін көп күш жұмсауы керек. Егер шебер ұстаз баланың ой-өрісіне бағыт-бағдар бермесе, бала қате түсініктер мен пайымдаулар жасауға, дұрыс ойлауға үйренеді» деп түсіндіруге болады. Қате ойлар, заттар мен көріністерді сыныптарға бөлу арқылы баланы оқытқанда оңайдан қиынға көшуді ұмытпау керек.

Ұстаздың шеберлігі – барлық білімді балаға тез жеткізуде емес, оны балаға шебер жеткізуде» деген осы ойды дәлелдей түседі.

Оқушы тұлғасын қалыптастыруда мұғалімнің кәсіби дайындығы мен біліктілігінің рөлі зор. Кәсіби қызметі тұлғаға бағытталған мұғалімнің жұмысы келесі бағытта болуы керек:

- сабақта меңгерілетін материалдарды бергенде әр оқушының жеке субъективті тәжірибесіне сүйенеді, бағалау және бекіту кезінде тәжірибесі мен білімін есепке алады;
- оқушыларға сабақта жұмыс түрін таңдауға мүмкіндік береді, сол күнгі сабақ барысындағы жағдайды ескере отырып, тез қайта ұйымдастыра алады;
- дидактикалық, үлестірмелі материалдарды оқушылардың жеке ерекшеліктеріне қарай сұрыптайды;
- сабақ диалог пен әңгімелесуге негізделеді, барлық оқушыларды қатыстырады.

Бұл тұрғыда М.Жұмабаевтың мына пікірі еріксіз еске түседі: "Тәрбиеші мен баланың арасы өте жақын болыға тиісті. Екеуі біріне-біріне шет, жат деп қарамасын. Екеуінің арасында сеніспеушілік болмасын. Бала тәрбиешісінің баласындай, сырын шеше алғандай досым деп білсін. Сонда ол ешбір ойын жасырмайтын болады. Жасырмайтын болса, өтірік айту сықылды ұнамсыз қылықтар орын аламайды". Кез келген мұғалімде мұндай біліктілік кәсіби шеберліктің жылдар бойы шындалып қалыптасады. Қазіргі кезеңде Қазақстан мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұнын экономикалық, экологиялық, этнопедагогикалық ерекшеліктерді еске түсіріп қайта құрды, сөйтіп жастарға білім мен тәрбиге өз бетімен беріледі. Тәлім-тәрбиелік жүйесі адамгершілікке, ұйымшылдыққа, отансүйіспеншілікке, ұлтаралық мәдені қарым-қатынастыққа негізделген.

Осы тұста М.Жұмабаевтың мынадай пікірі ойға оралады: «Мұғалім мен баланың

қарым-қатынасы өте жақын болуы керек. Олар бір-біріне бөтен адам ретінде қарамауы керек. Олардың арасында сенімсіздік болмауы керек. Бала ұстаздың мұңын сейілтп, қуанышын бөлісіп, сырын шеше біл досым. , соны білсін.. Сосын жоспарын жасырмайды. Жасырмаса, өтірікке орын жоқ, және жағымсыз амалдар». Мұндай біліктілік әр мұғалімнің бойында жылдар өткен сайын кәсіби шеберлігін арттырумен қатар қалыптасады. Қазіргі кезеңде Қазақстан мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмысының мазмұнын экономикалық, экологиялық, этнопедагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып қайта құру, сол арқылы жастарды оқыту мен тәрбиелеудегі өзгерістер енгізу жоспарлануда. Тәрбие жүйесі адамгершілікке, ұйымшылдыққа, ұлтжандылыққа, ұлтаралық мәдени қарым-қатынасқа негізделген.

Әр халықтың ұрпақ тәрбиесінде сан ғасырларды қамтыған өзіндік тарихи тәлім-тәрбиесі, ой-толғамдары, тұжырымдары бар. Оны жазудан, оқу материалдарынан, ауыз әдебиетінен, ұлттық көркемдік тәрбиеден, халықтың салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан, мәдени мұрасынан байқауға болады. Тарихи процесті өткеннің тәжірибесін өсірген озық адамгершілік дәстүрсіз, ұрпақтар сабақтастығынсыз елестету мүмкін емес.

Мағжан Жұмабаев – лирик ақын, аудармашы, педагог-ғалым. Мағжан Жұмабаев ондаған өлең, жүздеген лирикалық поэма жазумен қатар ұстаздық қызмет атқарып, алғашқы педагогикалық оқулықтарды жазды. Оның қаламынан туған «Бастауыш мектепте ана тілі» (1925), «Сауатты бол» (1926), «Педагогика» (1922) оқулықтары педагогика мен әдістеме ғылымдарына қосылған тың үлес деп бағаланады. М.Жұмабаев орыс және батыс педагогтарының еңбектерін оқи отырып, тәрбиенің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, өзінің «Педагогика» оқулығын жазудағы ұстанымын былайша сипаттайды: «Педагог ғалымдардың пікірлерін іріктеу (ол орыс және Батыс ғалымдары – С.Қ.) Ұмтыдым. Қолымнан келгенше қазақ тілін қолдануға тырыстым... Бұрын бізде пәндік тіл болмағандықтан, әртүрлі терминдер кездесіп қалса, қазақша сөздерді табу көп күш жұмсайтын. Орыс сөздері курстарда оқыған мұғалімдердің көмегімен қазақшаға айналдырылды. Ал мен жаһандық тілге айналған сөздерді (халықаралық терминдер – С.Қ.) қазақшаға аудару үшін өзімді қинауды қажет деп таппадым». Белгілі болғандай, ғылымның барлық саласының пайда болуының алғы шарты өмірлік қажеттілік болып табылады. Кейіннен тәрбиелік идеялар адам өмірінде өте маңызды рөл атқара бастады. Өйткені әртүрлі қоғамда өсіп келе жатқан адамдарға берілген тәрбиеге байланысты өмір қажеттіліктері тез немесе баяу дамтыны белгілі. Осыдан оқу тәжірибесін топтастыру және жинақтау, арнайы оқу орындарын ұйымдастыру және жастарды өмірге дайындау қажеттігі туындады. Қытай, Үндістан, Мысыр, Грекия сияқты ежелгі дүниенің жоғары дамыған елдерінде де сол кездің өзінде-ақ білім беру тәжірибесі бір арнаға жеткізіліп, одан теория жасауға қадамдар жасалды. Бұл кезде табиғат, адам, қоғам туралы барлық білім философия аясында жинақталып, алғашқы педагогикалық тұжырымдар сол ғылыми салада дүниеге келген.

Қай заманда да құдіретті халықтық педагогика адамдардың рухани және физикалық дамуында шешуші рөл атқарған. Халық ізгілік, еңбекқорлық, дене тәрбиесі жағынан тамаша, өміршең жүйе құрды.

Әл-Фараби: «Мұғалімтабиғатынан өзіне айтылғанның бәрін түсінетін, көрген-білгенін, естіген-түсінгенін жадында жақсы сақтайтын, оның ешқайсысын ұмытпайтын зерделі де байқағыш ақыл иесі, сөзге шешен, өнер-білімге құштар, өте қанағатшыл, асыл жан және намысын құрметтейтін, туған-туысқа, жат жұртқа әділ, баршаға мейірім мен ізгілік танытатын қайсар да батыл болуы керек қорқыныш пен қорқудың мағынасын біліңіз»-деді.

Мағжан – қазақ поэзиясының жарық жұлдыздарының бірі, бірегейі. Жарты ғасырдан астам атын да, шығармаларын да есіне түсіре алмаған халық ұлы ақынды ұзақ жылдар өткен соң ғана еске алды. Мағжан төрт жасында мектеп есігін ашады, әріп үйренеді, шығыс әдебиетімен алғаш осы мектепте танысады. Ол қолына түскен әңгімелерді оқи бастайды. Ақын Шығыс әдебиетінің ұлы тұлғалары Фирдоуси, Сағди, Ғафиз, Омар Хайямның төл дастандарынан тәлім алады. Білімге, білімге құштар Мағжанды әкесі Қызылжардағы

медресеге береді. Мұнда шығыс тілдерін үйреніп, сол тілдердің әдебиетіне ден қояды. Дәл осы кезде оның ақындық қабілеті ашылады. Қорыта айтқанда, алашордашылардың, оның ішінде Мағжан Жұмабаевтың еңбегі қазіргі рухани азғын заманда ұлттық тәрбиені қалыптастыруға көмекші құрал болары сөзсіз. Ұлы М.Жұмабаев шығармаларындағы ұстаздық, тәлімгерлік ойлар біз үшін өте құнды.

Автордың туған халқының бай тәлім-тәрбиелік мұрасын игеруге бағытталған бағыты да құпталады. «Ұлт тәрбиесі, – деп жазды ол, – ежелден сыннан өткен тас жол, сондықтан да ұлт тәрбиесін әрбір педагог жақсы білуі керек. Ол халық тәрбиелеуге, тәрбиелеуге міндетті».

Мағжан орыс педагогикасының атасы сияқты Қ.Д. Ушинский педагогиканың жандүниесін терең зерттейтін психология ғылымын және оның байланысын зерттеп, қазақтың халық педагогикасын ғылыми тұрғыдан зерттеп, ұрпақ тәрбиесіне қажетті құнды дүниелер қалдырды.

Әдебиет:

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: 1992.
2. Бағыбаева М. М. Жұмабаев және ұлттық тәлім- тәрбие. – Ұлағат. – Алматы: 2017.
3. Сеңкібаев С. М. Жұмабаевтың тәрбиелік ілімі- ғасырлар тоғысында. – Көкшетау: 2018.
3. Қалиев Қ. Этнопедагогика. – Астана: 2003.
4. Әбиев Педагогика. – Алматы: 2004.

ӘОЖ 587. 02

ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІНДЕ ІЗ ҚАЛДЫРҒАН АҚЫН

Кенжебаева А.Т., Алиева П.С.

(М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті)

Мағжан поэзиясының сымбаттылығы мен сұлулығы, сыры мен терең ойшылдығы, суреткерлік шеберлігі мен ойшылдығы оқырмандарды бір емес, бірнеше рет таң қалдырып, талай шешендік сөздердің ықыласына бөленіп, баршаны таң қалдырды. Рас, атын атауға қорқатын шақта да тас бұлақтың суындай нәр беретін жырларын жасырын жатқа айтатын талай жүректі елең еткізді. Мағжан поэзиясының бұл құдіретін замандастары толық мойындап, ол туралы ашық та, жасырын да жазып та, айтып та жүрді. Мұндайда аузымыздан шыққан ең бірінші Мағжанды өнер адамы деп түсінген Жүсіпбек Аймауытовтың пікірлері болды. Ғаббас Тоғжановтың «Мағжан поэзиясы, Жүсіпбек сыны» (кітабының аты О.А.) деген сын сөзінде Жүсіпбектің Мағжан туралы бүгінде елең-алаңға айналып, поэзия мен сынның үлгісіне айналған орнықты ойлары айтылған. 1925ж Ташкенттік студенттермен кездесуде сөйлеген сөзінде Жүсіпбек Мағжан шығармашылығын жан-жақты талдап, Мағжанды солақай сыншылардың шабуылынан қорғайды. Ол Мағжанның ақындық шығармашылығы туралы: «Суреттер, кестелер, көркем сезім Мағжанда кездеседі, Мағжанды ақындық жағынан нәзік суретші деуге болады. Кескіндеме тұрғысынан алғанда Мағжанды Пушкинмен сезімсіз салыстыруға болады. Ал, Мағжанның ақындық болмысын тани отырып, Мағжанның «халық ақыны», яғни халқын сүйетін ақын екенін білген. Оның Пушкинмен сәйкестендірілуіне негіз болса керек. Бұл асылдардың ең алдымен халқына қызмет ететінін, олардың еңбектерімен өзгенің жүрегіне жол табатынын көрсету еді. Ал Мағжанды ақындық шеберлігі мен суреткерлік шеберлігі жағынан Жүсіпбек Аймауытовпен салыстырып қана қоймай, Валерий Брюсов оны «Пушкин» деп атаған. Ал Мағжанна өнерінің алдында тағзым етіп, жас кезінде де Мағжанна туралы пікірінен айнымаған М.Әуезов болды. М.Әуезов Мағжан туралы: «Қазақ жазушыларының ішінде, әрине, мен Абайды жақсы көремін. Мен Мағжанды содан бері жақсы көремін. Мен оның еуропалықтығын, жарқын безендірілуін жақсы көремін. Еуропадағы сұлулық, ал сұлу арқалы қызды көргенде сезіндім. Мағжанның мәдениеті зор. Сыртқы кестесіне, келісіміне, ынта-жігеріне қарағанда, ол дәуірдің шегінен өткен сияқты. Қазақ қоғамынан жетілмеген сезіммен, ал түбінде ол газетке байланысты, әдебиет таратушы, күнделікті өмірінің

тереңдігін жазған ақын емес, озық ақын болады. Әдебиетке белгі «Бар түсінікті болмай, жемісті өмір бастауға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі қаламгерлердің ішінде Мағжанның сөздері келешекке нық сеніммен қарап, келешекке нұрлы болып қалар.

Әдетте көркем сөздің кереметі – одан рухани азық алып, жан дүниесін байытып, өмір құбылыстарына көзқарасын кеңейтіп, қоршаған ортаның сырын ұғынуға көмектеседі. Мағжан поэзиясы аталған жағдайларды терең сезінуге негіз болатын көркем дүние. Оның ақындық шабыттанған поэзиясын оқып отырып, айналаға, табиғатқа ақындай қарап, ақын жүрегімен тыңдауға тырысасың. Өйткені оқырманның жан дүниесі ақын пайымымен кездесіп, жалғасын таппаса, оның поэзия әлеміндегі ақындық арманын, тұнба тұнық сырға, мұңлы күйге толы поэзиясын түсіну қиын.

Мағжан – сырлы да өршіл. Мағжан жырларының күдіреті арқылы өзінің бүкіл болмысын, поэзиясының ерекшелігін танытқан ұлы ақын. Соның бір дәлелі – «Елу жылда ел түзеледі» деген ұғым тұрғысынан қарасақ, жарты ғасырдан кейін шаңырағымен қайта қауышқан ақынның жырлары өз жолын табуы деп білеміз. Есімін көрген-білгендердің ғана емес, жас ұрпақтың да жүрегін жаулаған.

Ақын өлеңдерін бұлай ерекше қабылдаудың себебі Мағжанның ақындық өнер жолын әу бастан дұрыс таңдауында болса керек. Асылдық парызын азаматтықпен үйлестіре білген, халыққа жеткізер ойдың түйінін анық көре білген Мағжан өз желісінен тайған емес. Тіршіліктің аумалы-төкпелі күйінде қай кезде де өз әуенін таба білген ақын ақырғы заманның талабын тауып, мұңын сейілтп, мұңын мұңдап, қуанышын көркейтп, жеңісін тойлауға, мұңын сейілтуге бел байлаған, жаманын жасырмай, жақсысын асырмай жырлау. «Тілді ұзартып, өнерді шашпақ қылатын» ұлы ұстаз Абайша ұлтты азат етуді мақсат тұтқан. Ақынның ұлы мақсаттары Мағжанның тұңғыш жарық көрген басылымынан-ақ аңғарылады. Мысалы, «Айқап» журналының 1911 жылғы 2-ші санында жарияланған «Жатыр» поэмасының соңғы шумағында ақын:

Кешегі шешек жарған гүлі
Сарғайып, бір су тимей солып жатыр.
Мінекей, қазақ солай бітіп жатыр,
Күн сайын артқа қарай кетіп жатыр.
Сезінбей өзінікін, өзгенікін
Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр?
Бұл өлең Мағжанның 17-18 жасында жазылған.

Бала ақынның осындай алғашқы өлеңдерінің бірінен оның ақындық кредосын анық аңғарамыз.

Отырықшылықтың озбырлығына тұншыққан, надандық қамытын киюге мәжбүр болған туған халқының аянышты тағдыры Мағжанның ақындық жүрегін ғана емес, азаматтық ар-ожданын да елжіретіп жіберді.

Халқының қамын ойлап, жас жүрегінен айырылған ақын қазақ зиялыларының бойынан қара түннің таңын атар құсты көреді.

Азаматтық намысын қамшылап, «Есімді дауыстап айтатындар не болып барады?» деп ұран тастайды.

Ел мүддесін қорғаудың қиын жолын әлі анық көре алмай жүрген ақын қазақ зиялыларын тығырықтан шығар жол іздеуге шақырады.

Осы оқырмандар санатына жататын ақынға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Ол бұл міндеттен ешқашан қашқан емес. Ал бүкіл поэзияның темір тұғыры осы міндеттен өз іргетасын тапты. Маржанды жұмбақ ақын

дегенде ойымызға оның ғашықтық, махаббат тақырыбына жазған өлеңдері жиі түседі. Мағжанның өлеңдері сан алуан тақырыпты қамтыса, махаббат туралы өлеңдерінде тылсым сыр әр түрлі көрінетіні рас.

Бұл туралы дау жоқ. Бірақ ақын махаббаттың құлы емес. Ақынның жаны нәзік, сезімі де нәзік.

Әрине, адам бойындағы сезім жүйесі арқылы түйсікпен берілетін бұл сезім ақынның жан дүниесін тебірентті.

Бірақ азамат ақын өз өлеңдерінде азаматтық жүкті алға қояды. Осы стильдегі кейбір өлеңдерінде ол махаббатты сезімге азық емес, жан азығы деп қарайды. Боя бұла күш құяр күш-қуат екенін ұлы балуандар біледі. Ұлы сезімге бөленген ақын ұлт үшін күресуге нық қадам басады. «Жарты» деген атау да осындай сезімнен туған.

Жол алыс, жақын Үшін жаннан кештім,

Бауырдың халін көріп бейнет құштым.

Құшақта, сүй, күл, жыла қайраттандыр,

Мағжанның «Қазақтың жас балаларының артында» деген сөзінен Абай жолын қуған ұрпақтар атынан сөйлеген ақынның қайратты үні естіледі. Поэзияны пайғамбарлық, үкім деп айтудан гөрі, ақынның туындыларын «киелі сөз» деп қабылдаңыз...табиғатты көзбен емес, ақылмен көре білу. Тәнмен емес, жанмен сезіне білудің нәзіктігі қаншама. Бір қарағанда жеңіл ойнақылық үшін салынған сияқты, «Жұмбақ» деген сөздің санынан туған сөзде адам мен табиғаттың бірлігін көрсететін астарлы ой, шешілмейтін жұмбақ бар. Сондықтан да ол өзінің ерекше дәмімен, талабымен көзге түседі, жүрекке жылу ұялатады, жанды елжіретеді. Ақын өлеңдерінен бір топ сырға құлақ түргендей боласыз, поэзия өмірдің өзіндей сан қырлы, сан қырлы, кесіндісінің немесе қатенің ізі жоқ. Туа біткен дарын оқырманға ойлы сауалдар қойып, әркім өзін қалай қабылдайтындай, өз қабылдауына қарай тоқитын ұзын арқан мен кең тұсаукесер сызығын лақтырады. Әсіресе, бұлар ойды ояту, сезімді ояту үшін жасалған өлеңдер.

Мағжан өлеңдерін сөз еткенде ақынның өмірге деген көзқарасы, оны қалай түсініп, қалай қабылдайды деген сауал туындайды. Шығармашылық – адамның өз ісі, шықса, оның өтірігін, болмысын танытады деп келісер болсақ, Мағжан поэзиясы өмірді біртұтас құбылыс, көрініс ретінде қабылдайтын, адамды қабылдайтын ақын екенін көреміз.

Әдебиет:

1. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Қарағанды: 2008.
2. Тоғжанов Ғ. Мағжан туралы // Жаңа дәуір. 1928, №9, 34-б.
3. Әуезов М. Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі (тарихи-әдеби сын) // № 4-5. 2002
4. М. Бағыбаева. М. Жұмабаев және ұлттық тәлім- тәрбие // Ұлағат
5. С. Сеңкібаев. М. Жұмабаевтың тәрбиелік ілімі-ғасырлар тоғысында.

ӘОЖ 821.512.122

МАҒЖАН МЕН МҰҚАҒАЛИ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТУҒАН ЖЕР БЕЙНЕСІ

Кулибекова Ж.С., Тоқанова А.

(М.Қозыбаев атындағы СҚУ КеАҚ)

«Мен жастарға сенемін» - деп жырлап екпіндеткен, бар үмітін жастарға артып, елі үшін күңіренген эпик ақынымыз әрине, Мағжан Жұмабаев. «Отты Атилла мен едім» деп өзін алып арыстанға, отқа теңеп, өр рухын, тайсалмас қайратын шығармаларынан сездіре білген Мағжан Жұмабаевтың поэзиясының өзі бір төбе. Сонау қиян-кескі заманда өмірі қыл үстінде тұрса да, қазағым деп шырылдаған, елі үшін ерен еңбек еткен, алып ақынымыздың поэзиясын, өзін ұмыту мүмкін емес.

«Поэзия! менімен егіз бе едің, сен мені сезесің бе, неге іздедім?» - деп жырлаған қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевты поэзия жайлы сөз еткенде ескермей кету мүмкін емес. Лириканы тереңінен жырлап, бар өмірін өнер-білімге арнап, небәрі 45 жасында өмірден озса да, қазақтың мұзбалақ ақынының артында өшпес із қалды. Ақынның өнеріне заманында дұрыс баға берілмегенмен, ақынның өзінен кейінгілер үшін алатын орны ерекше.

Екі ақынның да оңай заманда өмір сүрмегені белгілі. Сол заманда қазақ халқының мүшкіл жағдайы ақындардың шығармашылығында суреттеліп, сол үшін қудаланған. Өміріне қанша жерден қауіп төнсе де, өр рухпен тайсалмай ақиқатты жырлаған. Мұны мысалы Мағжан ақынның «Сағындым» өлеңінен аңғара аламыз:

*Не көрсем де Алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!
Мен өлсем де, Алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін [1, 260 б.].*

Міне, өз заманында елім деп, жерім деп тайсалмайтын қасиетін байқаймыз. «Адассам елім деп адастым» – деген жолдардың мәні айтпаса да белгілі-ақ.

*Сорлы қазақ жаны алқымға тығылып,
Қара күн кеп, тіккен туы жығылып,
Алға баспай, барлық ісі кер кетіп,
Нәр тата алмай, күшсіз, әлсіз бүгіліп [1, 18 б.].*

Ол замандағы елінің ауыр жағдайын ашық, ащы шындықты дәлме-дәл жеткізген ақындарымыздың бірі. Сол заманда мұндай ерлік екінің біріне тән емес екені белгілі. Мәселен, «Туған жерім, Сасықкөл» өлеңінде патшаның отаршылдық саясатын әшкерелеп, оған қарсылығын жаза бастаған:

*Алыстан мұнарланып шалқыған көл,
Бетіңде күннің нұры балқыған көл.
Жарысып саф күмістей ақ көбігің,
Мап-майда мөлдірінде қалқыған көл.
Білмеймін не боларың, қайран көлім
Жарайды тең болмаса күн мен түнің
Итиіп қарашекпен келіп қонса*

Басыңнан құсың ұшып кетер сенің [1, 172 б.]

Туған жерінің зарын зарлаған. Ол кезде мұндай ашық қарсылықтар кеңес өкіметіне мүлдем ұнамаған, нағыз қудалау, саяси қуғын-сүргінге ұшырап, туған жері, ауылы жайлы жырлаған өлеңдері аз емес:

*Қазағымды, қалың елді сағындым,
Сарыарқамды – сайран жерді сағындым.
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті,
Арқадағы айдын көлді сағындым [1, 263 б.].*

Міне, елінен жырақта, туған жеріне деген сағыныштың оты лаулап тұрғаны байқалады. Туған жерінің әсемдігін 4 жол өлеңге сыйдыру, алып сөз құдыретінің иесіне ғана тән құбылыс.

Келтірілген өлең жолдарына ұқсас ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың «Қайран, Қара сазым-ай» өлеңіне назар аударсақ:

*Тамаша еді жазғы орман
Тамашалап, мәз болғам,
Қайран Қарасазым-ай!
Үйрек ұшып, қаз қонған [3, 114 б.].*

Міне, өз туған жерінің қадірін, қасиетін оқырманға керемет жеткізе білген. Әр адамға өз туған жері ыстық болары сөзсіз. Екі ақынның туған жеріне арнаған екі шумақ өлең тармағын оқи отыра, туған жерге ыстық махаббаттың қандай боларының куәсі бола аламыз. Екеуінің де өлеңдерін оқи отыра Қарасазға да, Сасықкөлге де саяхаттап барып келгендей күй кешетініміз сөзсіз.

Жоғарыда келтірілген өлең жолдары саяси қудалану кезінде жазылса, енді Мағжан Жұмабаевтың қалада жұмыс бабымен, білім-өнер ізденісінде жазған өлеңдеріне көз жүгіртейік:

*Айда атыңды, Сәрсембай,
Ағарып алтын таң атпай*

Шығайық қырға, далаға.

Шу-шу-шу...

Әттең ғана бұл оқу!

Келмес едім қалаға.

Қарашы кейін бұрылып:

Таудай болып созылып

Қала – бір жатқан дәу пері [1, 206 б.].

Бұл өлең жолдарынан Мағжан ақынымыздың қаланы қанағат тұтпағанын, еркіндікті, бостандықты аңсайтынын аңғара аламыз. Келесі өлең жолдарында:

Айналасы – тұман, түн,

Дем алысы – от, түтін,

Жарқ-жұрқ етер көздері.

Сөзі у-шу, ың да жың,

Сасық иіс ауыр тым,

Тұншықтым зой, Құдай-ай!

Кейін қарап нетеміз,

Ауылға қашан жетеміз [1, 206 б.].

Айдашы атты, Сәрсембай! – деп, дүниенің жұмағын дала, ауылы деп біледі. Ауылына жеткенше асығып, бар байлық, көбіміз ескере бермейтін қазына ауылда екендігін түсіндіреді. Мағжан ақынның табиғатты суреттеген өлеңдері өте көп, дәл осы «Айда атыңды, Сәрсембай!» өлең жолдарында туған жерінің табиғатын керемет суреттеген:

Жетесің туған жеріңе,

Еркелеткен еліңе,

Жүрегім, неге жанбайсың?!

Сарыарқамның топырағы –

Менің жаным шырағы,

Кеудемді төсеп жатамын.

Оның жібек желінің,

Тәтті, кәусар көлінің

Қазір дәмін татамын [1, 207б.].

Туған жерім, ауылым деген сөздердің астарында қаншама мән жатыр. Туған жерде жат емес, өзінің еркелеткен елінің сағынғандығын, туған жерінің табиғатын сағынғандығын ықшамды жеткізе білген. Сарыарқасының топырағы жанының демеуі, жібек желі тәнінің емі, суын тәтті балға, көлін кәусарға теңеп, аз өлең жолдарына көп мағына сыйдыра білу Мағжан ақынымызға ғана тән қасиет.

Келесіде Мұқағали ақынымыздың «Туған жерге» өлеңіне көз жүгіртелік:

Анау жерде - құрбылармен алысқам,

Анау жерде - құрбы жанмен табысқам.

Алба-жұлба ақша бұлттар жарысқан,

Таулар әне, ұйықтап кеткен данышпан,

Жолдар анау, шұбатылып шаңы ұшқан,

Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң [2, 52 б.].

Туған жер, туған ауыл балалық шақтың куәсі, жадымызда сол тәтті кездеріміздің сақталуының себепшісі екендігін айқын жеткізе белген. Жоғарыда келтірілген өлең жолдарын оқи отыра біздің көз алдымызға уайымсыз балалық шағымыз, анамыздың тәтті тамағы, қайтып келмес балғын шақ елестеп, еріксіз жас келеді. Ақиық ақынымыздың осынау бір шумақ өлең жолдарында ауылын да, тәтті кезеңін де, табиғатын да көркем суреттеп бергенін асқан шеберлік деп білеміз. Қаланың күйбең тірлігінен қатты шаршаған Мағжан ақынымыз да туған жері, ауылына жетуге асық болған:

Қарашы, қанша жұлдыз бар,

Күліп қана жүзеді Ай.

Қалаға келіп қаңғырдым,

Сар даламды сағындым [1, 207 б.].

Қазақтың кең даласына жетер табиғаттың жоқтығына тағы да бір дәлел. Барлығымыз мән бере қоймайтын табиғат құбылысын ерекше жандандырып суреттеу, оқырманның детальдарға мән беру қабілетін туғызады. Мысалы, Мағжан ақын жоғарыда көрсетіп өткендей жұлдыздардың көптігін, айдың қалқып жүруіне дейін мән берсе, ақиық ақынымыз Мұқағали:

Шабындықтар,

Егістіктер,

Тогайлар.

Төбелердің төбесінде - көк айдар.

Ақ сағыммен араласып, аулаққа,

Сағым болып бара жатыр көп ойлар.

Бір тынбайды шегірткенің шырылы,

Жел қозғаған ақ ишлердің сыбыры,

Бәрі таныс - кісінеген құлыны

Ін аузында шаңқылдаған суыры [2, 52 б.].

Ақын әр кішкене детальдың қаншама орын алатындығын, оның маңыздылығын түсіндіре білді. «Мұқанның табиғатты ерекше суреттегені, сол табиғаттың, туған өлкенің көрінісін көз алдымызға елестеуіне барынша көсемсөз шеберлігін қолданғаны талант емей немене?» - деген сұрақ әр адамның көкейінде тууы керек деп ойлаймыз. Туған жері, ауылының қадір-қасиетін екі ақын өзі ғана түсініп қоймай, оқырманға да туған жердің ыстығын түсіндіре білген. Оны Мағжан ақынның ауылға жеткенше тағат таппаған жоғарыда көрсетілген өлең жолдарының кейінгі шумақтарынан көре аламыз:

Қайрылып кейін қараман.

Шықтық па ұзап қаладан,

Айтшы, жаным ағатай?

Кейін қарап нетеміз,

Ауылға қашан жетеміз,

Айдашы атты, Сәрсембай [1, 207 б.].

Міне, қаланың шырмауынан шығып, ауылына жетуге асыққаны, тіптен аялдамай бірден ауылға жеткісі келгендігін айтады. Туған жерді, шыққан ауылымызды сүюді осы екі ақынымыздан үйренгеніміз жөн. Себебі туған жерді қалай сүю керектігін жоғары деңгейде жеткізе білген. Бұған ақиық ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың мына өлең жолдары дәлел:

Айналайын!

Атамекен, Ақ мекен!

Қандай қазақ іздеп сені тапты екен?!

Туған өлке тәтті екен ғой,

Тәтті екен [2, 53 б.] - туған өлке, туған ауылдың бар байлығын, асылын сөз шеберлігімен керемет суреттеген.

Әр адамның өз туған өлкесі, өзі шыққан қарапайым ауылы болады. Қазіргі таңда ауылдан безіп, қалаға асығып тұрсақ, жоғарыда көрсетілген екі алып ақынымыздың қаладан жиреніп, ауылға асыққандығын көре алдық. Туған жердің, қарапайым ауылдың қадірін өздері ғана түсініп қоймай, оны барша оқырмандарға жеткізе білген. Көркемсөз өнерімен оқырманға сол пейзажды, сол тіршілікті көрсете білу екінің бірінде бола бермейтін қасиет. Бар болғаны мақалада екі ақынның үш өлеңін талдау арқылы қаншама сағыныш сезімін сезіп, ауылымыздың қадірін түсіндік. Туған жер, туған ауыл сөзінің астарында қайта оралмас балалық шақ, бауырларымыз, ата-анамыз, періштедей бейкүнә шағымыз жатқандығын ескерген жөн. Екі ақынымыз да қарастырылып отырған тақырыпты кеңінен жырлап, суреттеп, аша білгені айдан анық. Осы сынды поэзияны болашақ ұрпаққа дәріптеу біздің міндет деп білеміз. Себебі алып ақындарымыздың өзі өлсе де, артында қалған баға жетпес асыл мұрасы, өнер-білімі өлмеуі керек.

Әдебиет:

1. Жұмабаев М. Отты Атилла мен едім өлеңдер. - Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2013. – 340 бет.
2. Мақатаев М. Өмір өзен: Өлеңдер мен толғаулар. - Алматы: Жазушы, 1979. – 360 бет.

ӘОЖ 821.512.122

АБАЙ МЕН МАҒЖАН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІН СУРЕТТЕУДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Кулибекова Ж.С., Нұрман Ә.Н.

(М.Қозыбаев атындағы СҚУ КеАҚ)

Қазақ әдебиетіндегі әйел болмысының қоғамда, отбасында алар орны, атқарар рөлі орасан зор. Әйел – әдебиеттің мәңгілік тақырыбы. Бір қолымен әлемді тербетіп, бір қолымен бесікті тербеткен әйел, ана тақырыбында сыр шертіп, қалам тербемеген ақын-жазушыларымыз кемде-кем шығар. Соның ішінде, қазақ әдебиетіндегі қыз, әйел, ана тақырыбында қалам тербеткен, қазақ еліне осы тақырыпта жаңа леп, тың серпіліс алып келген қазақ халқының басындағы мәңгі өшпес жарық жұлдызға айналған Абай Құнанбайұлы мен қазақ поэзиясының пайғамбары, от ақыны Мағжан Жұмабаевты айтпай кету мүмкін емес.

Дүниеде теңіз терең емес, әйел жаны – терең. Жеті қабат жер астындағы нәрсені білу мүмкін, бірақ әйел жанының мінезін білу мүмкін емес [1, 5 б.]. Әйел мәселесін зерттеу, әйел жанына үңілу, бұл тақырыпта ой өрбіту әлі күнге дейін жалғасын табуда. Ал қалам ұшында қазақ әдебиетінің, қазақ әйелінің тағдырын дәлме-дәл көрсетіп, суреттеп берген Абай мен Мағжан поэзиясына үнілер болсақ нағыз қазақ қызы, қазақ әйелі қандай болуы керек және қазақ әйелдерінің жайы мен жастарының арасындағы махаббат, еркіндік мәселесіне кеңінен тоқталғанын, екі дәуір адамы бола тұра екі ақынның да поэзиясында ортақ үндестіктер астасып жатқандығын байқаймыз.

Бейбітшілік пен тыныштықтың шырақшысы саналған әйелдің Абай мен Мағжан заманында орны қандай болды? Ақындарымыз өлеңдерінде өз заманындағы қорғансыз әйелдің бейнесін, ауыр да қасіретке толы ғұмырын, сол замандағы әйел теңсіздігін қалай көрсетіп берді? Сонымен қатар, Абай мен Мағжан өлеңдерінің музасына айналған әйелдер деп кімді айтамыз? Екі ақынның әйел тақырыбындағы өлеңдеріндегі ортақ үндестіктері қандай? Бұл тақырып арқылы қазақ әдебиетіне қандай жаңашылдық енгізді?

Ең алдымен, Абай мен Мағжанның әйел тақырыбында жазған өлеңдерінің тізіміне тоқталсақ. Жалпы Абай поэзиясында әйел, қыз баласы тақырыбында отызға жуық өлеңдері бар. Соның ішінде әйел бейнесін көрсеткендегі “Білектей арқасында өрген бұрым”, “Көзімнің қарасы”, “Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы” өлеңдері, әйелдің жан дүниесін көрсеткендегі “Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат”, “Баласы өлген анаға шығарып берген жоқтау”, “Қандай қызда ләззат бар жан татпаған” өлеңдері мен ақынның ескі салт бойынша жас өмірін қор еткен қазақ қызының трагедиясын суреттеген “Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында” өлеңін ерекше атап өтуге болады.

Мағжан ақынның әйел тақырыбында бірнеше өлеңдері бар. Соның ішінде өзінің музасына айналған Гүлсім сұлуға арнаған: “Сүй, жан сәулем”, “Гүлсімге”, “Гүлсім ханымға” атты өлеңдерін, “Сүйгенім анық”, “Күміс нұрлы ай” әйел теңдігіне арнап жазған “Әйел”, “Алданған сұлу”, “Жас келін”, “Жәмила”, “Шын сорлы” және т.б. өлеңдерін атап өтуге болады.

Ақын Абай туындыларын реалистік тұрғыдан жан-жақты зерттеп қарастырғанда ерекше тоқталуды қажет ететін тақырыптардың бірі деп әйел тақырыбындағы туындыларын айтамыз. Өзінің саналы ғұмырында ғашық болу, махаббат ләззаты, тауқыметі, сағыныш, әйел теңсіздігі тақырыбында өмірде кездесіп жататын махаббаттың сан тараулы жолдарын, ащысы мен тұщысын, махаббат көрінісін жазып кеткен Абайдай бұл тақырыпты кеңінен зерттеп, толғаған ақын кемде-кем шығар. Сонымен қатар, Абайдың әйел мәселесі

тақырыбындағы туындылары кеңінен тоқталып, салыстыруды қажет ететін тақырыптардың бірі десек те болады. Осы тұста, әйел затын ессіз сүйіп, махаббат отына күмәнсіз беріле күйіп, сол ыстық сезімді қызуы қашпаған күйінде жып-жылы жырларымен кестелеп беретін тамаша суреткер, поэзия патшасы Мағжан шығармашылығымен салыстырмай кетпеу мүмкін емес [2, 378 б.].

Әйел – махаббаттың шырақшысы. Әйел мен махаббат – қатар жүретін қос ұғым. Ең алдымен біз әйел тақырыбында сөз қозғамастан бұрын, махаббат ұғымына тоқталып кеткеніміз жөн болар. Соның ішінде, Абай мен Мағжанның махаббат туралы поэзиясына зер салып қарайтын болсақ, олар бұл ұғымды қалай түсінді және оқырман жүрегіне жеткізіп бере алды ма?

Абай өзінің «Кейде есер көңіл құрғырың» өлеңінде:

Кейде есер көңіл құрғырың,

Махаббат іздеп талпынар.

Ішем деп бейнет сусынын,

Асау жүрек алқынар.

Махаббатсыз - дүние бос

Хайуанға оны қосындар.

Қызықтан өзге қалсаң бос,

Қатының, балаң, досың бар [3, 113 б.]. Он сегіз мың ғаламды жаратқан Алла тағала қаншама тіршілік иесінің ішінен адамзатты ғана махаббатпен жаратқанын білеміз және жалғыздық Аллаға ғана тән деп жатамыз. Абай да осы бір өлеңінде махаббатты өмірдің көркі деп, махаббатсыз дүниенің бостығын, махаббатсыз бұл өмірдің мәнсіз екендігін көрсетіп, жүрегінде махаббат ұшқыны жоқтарды хайуанға теңегенін байқаймыз. Ал Мағжан махаббат ұғымын қалай берді? Ол:

Махаббат – бір тікенек,

Жүрекке барып қадалар.

Бақытсыз ғой бұл жүрек,

Тамшылап одан қан ағар.

Тез жазылмақ бұл жара,

Бал тілімен сүйсе жар.

Сүймесе жүрек, дариға,

Өлер жүрек, қансырар.

Махаббат – бір тәтті у,

Ішер жүрек болар мас.

Дүниедегі у мен шу,

Мас жүректі оятпас [4, 158 б.], – деп өзінің “Махаббат не?” деген өлеңінде, өз жырлауындағы шын махаббатты “махаббат – бір тәтті у” деп, осынау керемет метафораны қолдану арқылы, махаббаттың қуанышы мен қайғысын, ащысы мен тұщысын қатар қойып суреттегенін байқаймыз. Екі ақын да өз шеберліктерімен махаббат ұғымына тоқталып, бірі махаббатсыз өмірді мәнсіз деп көрсетсе, енді бірі махаббатты тәтті уға теңегенін көреміз. Бәріміз білетіндей, тәтті қиялға батыратын махаббат тақырыбында сөз қозғағанда өне бойымызда тәтті бір сезімнің туындағанын, әлемнің шексіз нұрланғанын байқаймыз.

Бүкіл өнер атаулы сұлулықтан туатыны сөзсіз. Абай мен Мағжан өнерінің ең биік шыңға көтерілуіне де, олардың осы тақырыпта сөз қозғауына да сол бір сұлулық түрткі болды десек қателеспейміз. Осының негізінде Абай Әйгерімге арнаған “Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы” атты өлеңін жазғанда да өз ғашығының қақтаған ақ күмістей кең маңдайын, нұр жайнаған қара көзін, хор қызындай мінсіз бейнесін былай сипаттап көрсетсе:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы

Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.

Жіңішке қара қасы сызып қойған,

Бір жаңа ұқсатамын туған айды.

Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,

Ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, қайнайды [3, 88 б.].

Ал Мағжан “Сүй, жан сәулем” атты өлеңінде өзі сүйген аруын ләззат, рақат, бақыттың себепшісі ретінде суреттей келе, ғашығының теңдесі жоқ бейнесін мына бір өлең жолдарымен аша түсті:

Шашың – қара, денең – ақ бұлт, жүзің – Ай,
Тісің – меруерт, көзің сәулем, құралай.
Ләззат, рақат, бақыт – бәрі қойныңда,
Сұрамаймын енді ұжмақ – жақсы жай![4, 111б.].

Осы тұста Абай мен Мағжан өлеңдерінен байқалатын ұқсастық деп, бірдей эпитеттердің кездесуін айтамыз. Мысалы, қыз жүзінің айдай ақ күміске, денесін ақша бұлтқа, тістерінің кірсіз меруертке теңелуі, қолаң шашы мен жіңішке қара қастарының сипатталуы дәлел бола алады. Осынау бір қас сұлулардың бейнесін сипаттағанда екі ақын да сезімге ерік беріп, ғашықтықтан туындаған жүрек тебіреністерін керемет өлең шумақтары арқылы оқырман жүрегіне жеткізе білді.

Жар, әйел бейнесін сипаттауда Абай өмірлік серігі, жан-жары Әйгерімнің мәртебесін асқақтата жырлап, әр сөзіне әр беріп, нәрлендіріп, өлеңін кестелі сөзбен өрнектеп берген. “Жарқ етпес қара көңілім не қылса да” атты өлеңінде:

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да,
Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,

Саған жар менен артық табылса да [3, 98 б.],– дей келе, “дүниеде сірә сендей маған жан жоқ” деп осы бір жолдар арқылы әйел баласының қайталанбас ерекше тұлға екендігін, өз ғұмырындағы әйел адамының маңызын еркін жырға қосып жеткізе білді. Дәл сол сияқты Мағжан Жұмабаев та “Жарыма” деген өлеңінде:

Жан салып, тура қайтпас жүрек беріп,

Жаңадан жаратып сен Аллам да бол! [4, 57 б.], – деп көк пен жерді жеті қат алты күнде жаратқан Алла секілді менің жаратушым бол деп өз әйелін пір тұтып, дәрежесін жоғарылатып, өзінің демеушісі, қолдаушысы ретінде көрсеткенін байқасақ, мына бір жолдардан:

Құшақта, сүй, күл, жыла, қайраттандыр,

Жан жарым, ұзақ, ауыр жолға түстім [4, 57 б.], – деп әйелінің әрбір сезімінен тіпті жылағанынан күш алатынын, ыстық тәтті сезімнен жылулық алып қайраттанатынын еш жасырмай жырлаған ақын екенін байқаймыз. Мұндағы Абай мен Мағжандай ұраншы ақындарымыздың әйел образын жасауда ондағы әйелдің өмірін адалдыққа, пәк махаббатқа арнағанын, сүйгенімен бірге атақ-абырой бәрінен баз кешкендігін терең ойлы, нәрлі жырлары арқылы жеткізгенін көреміз. Осындай ауқымды тақырыптағы өлеңдері арқылы олардың қыз баласына деген құрметін, сыйластығын танып, әйел баласының теңдігі үшін күрескен – күрескер ақындар екенін аңғарсақ болады.

Абай мен Мағжан XIX ғасыр мен XX ғасырдағы қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді, өздері өмір сүрген дәуірдің ащы шындығын, қалың мал үшін қызын сатқан, қазақ қыздарының теңсіздікте езіліп, сүйгеніне қосыла алмағандығын, өз дәуіріндегі әйелдердің қадірінің төмен болғандығын, ауыр халін ашық көрсете білді.

Балтабай Оразкенді шаштан ұстап,
Нығарлап әр түкпірге сүйреп тастап.

Құт ұшырар естілген қатты дауыс:
“Анаң, енең!...Шық үйден! Жолыңды тап!”

Бейшара Оразкеннің түсі қашқан,
Жылауға, қозғалуға есі адасқан.

“Аяғым ауыр, қой деймін!” – деп айтқанда,

Дүр қамшы ойнап кеткен қайран бастан [4, 35 б.], – деген Мағжанның “Шын сорлы”

атты өлеңінде де өз жолдасының әйелінің жай-күйіне қарамастан аяусыз сабап, қатігездік танытып, табиғатынан нәзік келетін әйел баласына қорлық көрсетіп, озбырлық танытқанын баса көрсеткен. Күрескер ақын Мағжанның тағы бір қара сөзбен жазылған “Домбыра” атты өлеңінде де әйел жанының жан айқайын, қорлық көріп жайсыз күй кешкендігін мына әйел монологінен анық байқаймыз: “Бізден сорлы жалғанда жан бар ма екен?! Өзің рақым қыла көр, бір жасаған” – дейді әйел... Әйел қарғайды. Өз қолымен отқа салған ата-анасына, аяу білмеген тас бауыр жақынына, жансыз ойыншық қылған, намыссыз күң қылған, мұңдарларға қанды жас төгіп, лағінет айтады әйел...[4, 126 б.].

Ал Абай бас бостандығы үшін күрескен, ескі салттың құрбаны болған, жастайынан өмірі қор болған, сол қорлық өмірге төзбей, өлгенді артық санаған қыз шешімін, сорлы қыз тағдырын “Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында” атты өлеңінде:

“Етімді шал сипаған құрт жесін” деп,

Жартастан қыз құлапты терең суға [5, 317 б.], – деп қазақ қызының жайын, жан айқайын айқын суреттегенін осы екі тармақ арқылы да байқасақ болады.

Десе де, осынау қиын әлеуметтік жағдайларға қарамастан Мағжан – әйел затының мәртебесін асқақтата білген, азаттыққа, мәдениетке шақырған, әйел теңдігін көксеген ұлы тұлға. Оған дәлел:

Жаратты тәңірі әйелді,

Бастасын деп бар ерді.

Туралық сындық жолына, [2, 274 б.], – деген өлең жолдары болса, бостандық алғаннан кейінгі, әйелдің теңдік алғанына жігерлене отырып жазған мына өлең жолдарын алсақ болады:

Мынау ту кімнің туы: әйел туы,

Енді әйел азат ұшқан көлдің қуы.

Улаған жанымызды сансыз жылдар,

Жойылды бүгінгі күн қасірет уы.

Анау таң, кімнің таңы? Әйел таңы.

Бүгінгі күн шын азат, әйел жаны.

Соқыр құрт, сасық доңыз, кет жолымнан!

Басар сені төгілген әйел қаны [2, 274 б.].

Әйел еңсесін көтертпеген, ескі заманның құрбаны болған әйелдің, жаңа дәуірге қадам басып, ескі ғұрыптың пердесін жыртып, жаңа таң сенікі деп, әйелдерге ұран салады. Өзі де сол әйелдер тобының ішінде жүргендей, әйелдердің қуанышына да, қайғысына да ортақтасқандығын байқаймыз.

Қорыта келе, Абай мен Мағжанды “Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады” деген нақыл сөзді қазақ халқына ұғындырған ақындар деп танымыз. Әдебиет әлеміндегі Абай мен Мағжан өздері өмір сүрген дәуірдегі әйел тақырыбына сан алуан еңбектер жазып, қыз баласының мәртебесін ең алғаш асқақтата жырлаған ақындар. Сонау ХІХ ғасырдағы Абайдың қазақ халқының әйел мәселесінен бастау алып, ХХ ғасырдағы Мағжан поэзиясы арқылы ең биік шыңына жетіп, қазақ әдебиетіндегі нағыз қазақ қызына, қазақ әйеліне тән портретті бейнелесек, Абай мен Мағжан ақындарымыз аңсаған әйел теңдігі қалыптасқан заманның Зередей текті әжелердің, Ұлжандай ардақты аналардың, Әлия мен Мәншүктей батыр, Бибігүлдей әнші, поэзия падишасы Фаризадай ақын қыздарымыздың жалғасы ретінде ХХІ ғасырдағы әйел бейнесін мына өлең жолдарымен қорытындыласақ дейміз:

Махабаттан жаралған жүректері,

Әйелдерді қай ақын жыр етпеді?

Жігерімен жалындап жасай берсін

Жиырма бірінші ғасырдың Жібектері.

Әдебиет:

1. Жұмабаев М. Шығармалары. 2 том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер.

- Алматы: Жазушы, 2013. – 376 бет.

2. Сүлейменов Ж. Мағжан әлемі. - Алматы: Асыл кітап, 2009. – 496 бет.

3. Өлеңдер мен қарасөздер. Сен де бір кірпіш дүниеге. - Алматы: Атамұра, 2014. – 288 бет.

4. Жұмабаев М. Шығармалар. 3 томдық. - Алматы: Білім, 1995. – 256 бет.

5. Сүйіншіалиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. - Алматы, Ана тілі: 1992. – 360 бет.

ӘОЖ 821.512.122

ШОҚАННЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ӘЖЕСІ АЙҒАНЫМНЫҢ ОРНЫ

Кулибекова Ж.С., Жайимбаева А.А.

(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

XIX ғасырдың екінші жартысында туған қазақтың ұлы ғалымы, демократтық-ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы Уәлиханов Шоқан (Мұхаммед-Қанапия) Шыңғысұлының ғылыми мұрасы әртүрлі бағытты қамтиды. Шоқан – қазақ пен қырғыз әдебиеті теориясына, мұрасына, мәдениетіне, фольклорына зерттеу жұмыстар жүргізіп, алғаш орыс қауымына Орта Азия елдерінің тұрмыс-тіршілігі, тынысы, салт-дәстүрлері, ақын-жыраулары туралы өзінің тың деректер жазылған жазбалары арқылы таныстырады.

Мұхаммед-Қанапия 1835 жылы қазіргі Құсмұрын бекінісінде дүниеге келген. Оның балалық шағы – атамекені Сырымбеттің сұлу табиғатының қойнауында, биік қарағайлы, қалың қайыңды, көлі мен көгі мол жерлерде өткен [1, 254 б.].

Шоқан бала кезінде әжесінің, әкесінің еркесі және тентегі болған. Ол бес жасында ауылындағы татар молдасы Ғалиакбардан сауат ашып, хат таныған және татар тілін үйренген. Сол арқылы әкесі Шыңғысқа қазақ халқының ежелгі ауыз әдебиетін жинауға көмек беріп, әжесіне татар тіліндегі құжаттарды жинақтауға көмектескені туралы деректер өте көп. Шоқанның ата-тегіне келер болсақ, ол бүкіл Азияны жаулап, біртұтас мемлекет құрған, әлем тарихында аты аңызға айналған даңқты рубасшы Шыңғысханның ұрпағынан тарайды. Арғы атасы Қазақ Ордасындағы үш жүздің басын қосқан ең ұлы хандардың бірі – Абылай хан. Абылай хан 1781 жылы қайтыс болады, оның артынан он бес әйелі, отыз ұлы, қырық қызы болғаны туралы Шоқан Уәлиханов өзінің шежіресінде жазған-ды. Солардың ішіндегі қарақалпақ халқынан шыққан Сайман есімді әйелінен туған ұлдар: Әділ, Есім, Шыңғыс, Уәлі. Абылайдың хандығын өзінің қолына алған ұлы, деректер бойынша «Орта жүздің соңғы ханы» деп саналған – Уәлі хан. Уәлі ханның тарихта қандай адам болғаны жөнінде Абылай ханның қабылдауына келген орыс бақылаушысы П.Чучалов «Уәли сұлтан әкесі Абылай сияқты өркөкірек, алған бағытынан қайтпайтын қайсар әрі құбылмалы. Ол мені бір-ақ рет қабылдады. Бұл қылығын «әкем де Ресей жақтан келгендермен бір-ақ рет кездесетін» деген естелігін қалдырған болатын [2, 106 б.]. Уәлі ханның төрт әйелі, он төрт баласы болған. Оның елу жастан асқан шағында алған әйелі – Айғанымнан: Әбден, Мәмке, Шепек, Шыңғыс, Қанқожа, Әлжан есімді алты ұл және Рақия, Нұрилә атты екі қыз дүниеге келген. Солардың ішінде Уәлі ханның билігін Айғаным ханша қолына алғаннан кейін билікті өз қолына алған, Көкшетау округінің аға сұлтаны, полковник Шыңғыс Уәлиханов болды. Анасының көрегендігінің арқасында орыс тілін білген алғашқы қазақтардың бірі болған Шыңғыстың жеті ұлы мен бес қызы болған. Олардың ішінде бала кезінен зерек әрі ақылды-тентек болып өскен ұлы – Шоқан еді. Нәресте Шоқан туылған кезде, Уәлидің өтінішімен Қалқай ишан «ғазарат соғысын жүргізген батырдың есімін», яғни «Мұхаммед-Қанапия» деп азан шақырып есімін қояды. Анасы Мұхаммед-Қанапияға тілі келмей, ұлын «Қанаш», ал әжесі еркелетіп «Шоқан» деп атаған. Сол арқылы ел-жұрт есінде бала Мұхаммед-Қанапия – Шоқан есімімен танылады. Осы орайда Шоқанның адам болып

калыптасу жолындағы рөлі ерекше нәзік жанды, бүгінгі қазақ әйелдеріне үлгі болатын, басынан кимешегі түспеген, бес уақыт намазын қаза етпеген, өз заманында талай мешіт-медреселердің салынуына өзінің септігін тигізген – әжесі Айғанымды елеп-ескермегеніміз жөн болмас. Шоқанның бойына барлық жақсы қасиеттерді сіңіртіп, білім нәрімен сусындатқан, халық ауыз әдебиетін сүюге үйреткен де – осы әжесі болатын.

Бәрімізге белгілі әйел адамы – әрбір тірліктің бастау көзі, әрбір үйдің тұтқасы, ұйытқысы, тек өз қамын, отбасын ғана емес, бүкіл елінің тыныштығын, берекесін ойлайтын нәзік жан. Адамзат тарихында ел басына қараңғы күн туғанда, елдің батыр ерлерімен бірге атқа қонып, халқының бейбіт өмірі мен болашағы үшін қасықтай қаны мен шыбындай жаны қалғанша, аянбай тер төккен батыр аналарымыздың бірі де бірегейі – Айғаным анамыз.

Айғаным Сарғалдаққызы 1783 жылы Есілге жақын жердегі Сырымбет тауының баурайында, қара халық арасында «сиқырлы оқумен аспаннан періні түсіріп, жерден жынды буатын» [3, 13 б.] - атанып кеткен атақты Сарғалдақ қожаның шаңырағында (өзбектен алған тоқалынан) дүниеге келген. Өз жұртының әрі имамы, әрі емшісі болған Сарғалдақ тек ұлдарының ғана емес, қыздарының да білім алып, көзі ашық, көкірегі ояу болып өсуіне көп ықпалын тигізеді. Соның арқасында Айғаным өзге тілдерді, яғни араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгеріп, мұсылманша білім алып, халық ауыз әдебиеті және шығыс әдебиетімен танысып, ислам дінінің тәрбиесімен бойжетеді. Небәрі он алты жастағы биік әрі талдырмаш бойлы, аппақ өнді, ботадай қара көзді, қара қасты, қыр мұрынды, кең маңдайлы, бұралған белі нәзік, тізесіне дейін жететін білектей қос бұрымды, бұйра, қара шашты бойжеткен қыздың сұлулығы мен сымбатына тамсанған Уәлі ханның батылдығы соншалық, өзінің болашақ қайын атасына: «Сүйек жаңғыртайық, қызын маған кішілікке берсін!» [3, 14 б.], – деп өзінің қол астындағы бір нөкерін жібереді. Сол заман кімнің малы көп болса, кімнің беделі жоғары болса, қалың малын үйіп-төгіп беріп, қалаған қызын ала беретін, тіпті бұл халық арасында «заңға» айналған, қыздың құндылығы жоқ құнсызданған заман болатын. Енді осы «заңнан» шыға алмаған Сарғалдақ қожа ойланбастан, елдің ханы болып жүрген Уәлі сұлтанға ризашылығын білдіріп, қызы Айғанымды кішілікке береді. Бұл жайында Айғаным тіпті бейхабар. Себебі ол кезеңде қыздың келісімі сұралмайтын, егер қыз қарсы шықса, арты дау-дамайға ұласып, әулетінің беделіне қара дақ түсіретін, сондықтан, қыздар іштей тынып, үндерін еріксіз өшіріп, амалсыздан ерге тиетін болған. Өз заманының ығына жығылған Айғаным да соған көнеді. Бірақ, ол әкесімен жасты болашақ кәрі күйеуіне куәгерлер арқылы мынадай өзінің тілегін жолдайды: «Бурабай тауының төңірегінде, Уәлінің бір емес, үш әйелі, олардан әлденеше баласы бар көрінеді. Мені ол қатындарына апарып қоңсы қондырмасын, күндес қатындары мен өгей балалардан жапа шектірмесін, мен десе, мекенін осы жаққа ауыстырсын» [3, 15 б.]. Өзінің кіші қалыңдығының өтінішін Уәлі қабылдайды да, некесін қидырғаннан кейін, Айғанымның тілегін орындап, Сырымбет тауына қоныс аударады. Осы туралы: «Әкесінен қалған Бурабайдағы «Хан көлі, Ханның қызыл ағашы және Орданы» тастап, Сырымбет алқабына мекенін ауыстырды» – деп шығыстанушы Әлкей Марғұлан да айтып кеткен болатын [4, 11 б.].

«Ақыл жастан» демекші, міне, осыдан-ақ, Айғанымның жас та болса, ақылдылығымен, қулығымен, Уәлінің өзіне өлердей ғашық екендігін пайдаланып, босағаны аттағаннан бастап-ақ, оны бағындырып алады. Айғаным Уәлінің жанында жүріп, ел басқару ісінде талай құжаттармен танысып, билік жүргізудің қыр-сырын үйреніп алады да, содан кейін ел тізгіні Айғанымда болады. Осы орайда орыс жазушысы И.И.Стрелькова да Айғаным туралы: «Младшая жена хана Вали, умная и властная Айғаным была женщиной образованной, знала несколько восточных языков, обладала незаурядным поэтическим талантом и прозорливостью опытного политика» [5, 64 б.], – деп баға берген болатын. Уәлі хан қайтыс болғаннан кейін Айғанымның артынан өсек-аяң көп еріп, жұрт оны «жігітшілік құрды» деп өтірік жала жаба тұрып, сонда да ел оны «ерін сыйламады» демеген. Себебі, Айғанымның еріне деген құрметін бір емес, он екі құрсақ көтеріп, алты ұл мен екі қызын туып беріп, оларды бағып-қағып және Уәлінің дүниеден озғанына жыл толғанда, еріне арнап, қарамағындағы елді толық жинап, жүз жылқы, мың қой сойып, ұлан-байтақ жерінде

үлкен ас бергенінен-ақ білуге болады.

Уәлі хан 1819 жылы қайтыс болғаннан кейін, бүкіл билік Айғанымның қолына өтеді. Айғанымның Уәлінің орнына хан болып сайлануының бірнеше себептері бар: біріншісі – хан тірісінде тақ мұрагеріне өсиет қалдырмаған; екіншісі – ел алдында Айғанымның беделі артып тұрған кезі, халқының мүддесі үшін ел тізгінін ұстады; үшіншісі – Уәлі ханнан өзінің туған балаларының, яғни Шыңғыстың ел тізгінін ұстауы үшін елді басқару билігін өз қолына алды. Омбыдағы орыс патшалығы Айғанымды күшті саясаткер ретінде көріп, Уәліден кейінгі қазақ ордасындағы орта жүздің «ханы» ретінде тани бастайды. Қазақ тарихында би әйелдер болғанымен, әйелдің хан болғаны туралы мәліметтер жоқ. Сондықтан, Айғаным ханшаны «хандық дәрежесіне көтерілген тұңғыш қазақ әйелі» деп көбісі таниды. П.П.Семенов-Тяньшанский: «Шоқанның әкесінің анасы, хан Уәлінің жесірі Айғаным балаларымен бірге Ресейге адал болғанын Уәлі ханның туыстары және ағайындары мойындамады» [6, 11 б.], – деген пікір қалдырады. Ханшаның билігіне, ұстанған саясатына тек Уәлі ханның ұлы Ғұбайдолла ғана емес, Кенесары Қасымұлы және оның қарындасы Бопай қарсы шығып, Айғанымның меншігіндегі үй мен жерді өртеп, барлық малдарын айдап алып кетеді. Шындығына келгенде, Айғаным Кенесары көтерген көтерілісті іштей жақтай тұра, сырттай оның көтерілісіне қосыла алмай, өз елінің, жерінің болашағын ойлап, болжап, оларға қарсы шыққанмен ештеңе өзгермейтінін біліп, Ресейге бодан болып, қазақтың талай жерін аман алып қалған жандардың бірі. Егер ханшаның саясаты туралы айтатын болсақ, ол марқұм күйеуінің Ресеймен, Қытаймен қос саясат ұстанғанын ары қарай дамытпады, ол Қазақстанның солтүстік аймағында орысшыл саясатты табанды түрде ұстанды. Бұның себебі, ханша қазақ даласындағы Ресей Империясының үстемдік рөлін және олардың отаршылдық саясатына қарсы шығудың пайдасыз екенін түсінді. Сондықтан, ханша өзінің балалары мен ұрпақтарының Ресей патшалығымен жақындасу саясатын жүргізді, өзінің кенже баласы Шыңғысты және Уәлінің бәйбішесінен туған Төрежанды Омбыдағы училищеге білім алуға жібереді. Бұған Айғанымның Омбы басшысы генерал-лейтенант Василий Ивановқа жазған: «Балаларым Шыңғыс пен Төрежанды білім алуға және Ресей грамотасын алу үшін, олардың пайдалы ғылымдарды Омбыдағы училищеге оқып шығуына мархабат етіңіз. Олар туралы сізге жүзбе-жүз айтқанмын. Тағы да Омбының Азиялық училищесіне татар молдасы Оразметовтың баласы Мұқаметқалиді де орналастырсаңыз деп сұраймын» [4, 20 б.], – деген хаты дәлел болады. Бұл хаттан Айғанымның тек өз балаларын ғана емес, ауылдағы балалардың да білім алуына жағдай жасағанын біле аламыз. И.И.Стрелькова «Уәлиханов» атты кітабында: «Уәли хан қайтыс болғаннан кейін, ханның мөріні Айғаным ханша ешкімге табыстамай өзі қолданды» [7, 268 б.], – деп жазғанынан байқайтынымыз, Айғаным ханша балалары өскенше билікті өзі жүргізген.

Ресей мұрағаттарында сақталған хаттарға сүйеніп, Батыс Сібір генерал-губернаторы Капцевичтің Сібір комитетіне жолдаған хатында мынаны білуге болады: Айғаным ханша алғашқы өзінің хаттарында және орыс шенеуніктерінің хабарлауларында өзін күйеуінің тегімен, яғни «Айғаным Абылайханова» деп атаған. Тағы бір ескерерлік жайт, шенеуніктер ханшаға құрметпен, сыпайы түрде хат жазып, оның мәртебесінің жоғары екендігін атап көрсеткен. Ресей патшалығының элитасымен шенеуніктер арасында Айғаным ханшаны «жесір ханша» деген атпен атаған. Ал, Айғаным Капцевичке жазған хатында өзінің Ресей шекарасына жақындауды қалайтынын, Ресей билігін қолдайтынын жеткізіп және көшпелі қоныстарын Есіл өзенінің жоғарғы ағысының бойындағы Сырымбет қыстауларын Бұрлұқ өзенінің бойына дейін белгілеуді, сонымен қатар үй мен мешіт соғуға бес мың сом көлемінде көмек сұрайды. Арада көп уақыт өтпей, Айғаным М.М.Сперанскийдің «Сібір қырғыздарын/қазақтарын басқару» ережесі шығып, Орта жүз хандығы жойылып, қазақтарды алты дуанға бөлген себебінен хандық билігінен айырылып, Көкшетау дуанына аға сұлтан болып сайланады. Бұл туралы шығыстанушы Ә.Марғұлан: «Айғаным Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментімен және Петербордағы Сібір комитетімен хат жазысып, байланысып отырған. Айғаным жергілікті халықтың арасында өте зор беделге ие

болды. Мұрағат мәліметтері Айғанымның қоғамдық-саяси мүдделерінің өте ауқымды болғанын көрсетеді. «Сібір қырғыздары/қазақтары жөніндегі жарғы» қабылданғаннан кейін, Орталық және Солтүстік Қазақстандағы қандай да маңызды оқиғалар оның қатысуынсыз өткен емес» - деп Шоқан Уәлиханов туралы зерттеу еңбегінде пікір қалдырған [4, 18 б.].

XIX ғ. 30-40 жылдарында Айғаным ханша Омбы генерал-губернаторлығымен, Азия және Сібір комитеттерімен хат алысып тұрған. Ханша орыс шенеуніктерінің қызу қолдауына ие болып, олар ханшаға үй, мешіт, диірмен салуға, ауыл шаруашылығын дамытуға, аға сұлтандар мен старшындардың тағайындалуына көмек берген. Өз кезегінде ханша қазақ даласына келген орыс инженерлері мен геодезияшыларға көмектесіп, күтіп-баптап, оларға неше түрлі сыйлықтар береді. Өзі салдырған мешітке Қ.Иманқұлов атты молданы жұмысқа алып, ауыл балаларын мұсылманша оқытады.

Тарих тағлымына сүйенсек, 1828 жылдың жиырма бірінші сәуірінде Айғаным I Николайдан (кейбір деректерде Александр) Сырымбет тауының етегіне «хан ордасын» салуға көмек беруін сұрайды. Ресей патшасы I Николай бұл өтінішті мақұл етіп, Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Капцевичке орындалуын тапсырады. Нәтижесінде мемлекет қаржысына бір-екі айдың ішінде, он екі бөлмелі ағаш үй тұрғызылады. Бұл туралы П.П.Семенов-Тяньшанский: «I Николай Айғаным ханшаға үлкен ілтипат көрсетіп, қазақ даласында оған арнап үй салдыруға әмір еткен. Атақты саяхатшы-ғалым Шоқан Уәлиханов сол үйде туған» [6, 13 б.], – деген. Осыдан бір жыл бұрын Сырымбет тауының баурайындағы Айғаным қонысы мен Шоқан Уәлиханов тұрған үйге экскурсия жасап барған сапарда өз көзімізбен көрдік. Ол қоныста сол заманда ауыл шаруашылығына қажетті және күнделікті тұрмыста пайдаланған әбдіре, ағаш-төсек, сандық, алаша, күбі, арба, ер-тоқым, шырақ, жіп, самаурын, диірмен сынды түрлі құрал-жабдықтары сақталған. Айғаным ханша соқтырған мешіт, моншасы және Шоқанның көзі ретінде қалған неше түрлі жәдігерлері, қолма-қол жазылған зерттеулері, кітаптары мен салған суреттері бар. Демек, алты Алашқа, бүкіл Ресейге, әлемге танымал белгілі географ, ең алғаш ағартушылық мәдениеттің бастамасын қалаған, тарихшы, фольклортанушы, көрнекті ғалым Шоқан Уәлихановтың кіндік қаны тамған жер осы – Сырымбет бөктеріндегі Айғаным қонысы болып табылады.

Бәрімізге белгілі қазақтың ұлы ғалымы, небәрі отыз-ақ жыл өмір сүрген Шыңғысұлы Шоқанды «Шоқан» еткен өзінің туған әжесі – Айғаным екенін қанша рет ауыз толтырып айтсақ та артық болмас. Себебі елу жастан асқан Айғаным, билікті ұлы Шыңғыстың қолына тапсырып, өзі немерелерінің тәрбиесіне көңіл бөледі. Шыңғыстың әйелі Зейнептен туған бірінші немересіне жастайынан ата-бабасы Абылай мен Уәлі туралы оқиғалар айтып, олардың даналық ойларын үгіттеп, оның оқу-білімге деген көзқарасын жақсы жаққа өзгертіп, білімді болған адам ешқашан жерде қалмайтындығын түсіндіріп, халықтың аңыз-әңгімелерін, ертегілерін және Орынбай, Шөже сынды айтыскер ақындардың жырларын құлағына құйып өсіреді. Кейбір дерек көздеріне сүйенер болсақ, Айғаным және Зейнеп бала Шоқан ауырып қалған кезінде тез сауығып кетуі үшін жанынан шықпай, тарихи және тәрбие мәні тола ертегілер, өлеңдер, заманының асқақ ақындарының айтыстарын айтқан. Тек мұнымен ғана шектелмей, қазақтың ежелгі әдет-ғұрыптарымен, наным-сенімдерімен, салт-дәстүрімен, еліне деген махаббат сезімі, ұлтжанды, қазақ баласының бойында болатын қасиеттердің қандай болуы және әрбір бастаған іске үлкен жауапкершілікпен қарау керектігін бойына сіңіріп, тәлім-тәрбие берген. Әжесі Айғаным секілді Шоқан да білімге және сурет салуға деген құштарлығы Құсмұрындағы Айғаным салдырған медреседе ашылып, сана-сезімі ерте оянып, ақыл-ойы тез жетіліп, әжесінің қолдауымен сол заманда қазақ балалары үшін оқу арман болған, небәрі он екі жасында Омбы кадет корпусына оқуға түседі. Бала Шоқанның білім жолын қуып, басқа елге кетуіне кезінде әжесі Айғаным бір жағынан қатты қуанып, бір жағынан қатты уайымдайды. Себебі, Шоқанды кішкентайынан бері бағып-қағып, немересінің бір жерді тесіп шығатынын, биік шыңдардан көрінетінін әже жүрегі сезеді. Шоқан оқуға кететін кезінде қарт әжесі құлынына қолдау білдіріп, қиындық келсе мойымай, қарсы тұруын, кез келген оңғаққа ермей, түзу жолмен жүруін, ешкімнің ала жібін аттамау керектігін айтып, өзінің ақ батасын береді.

Шоқан өзінің зеректігімен, еңбекқорлығымен, терең білімімен оқытушылардың көзіне түсіп, тарих, шығыс философия, жағрапия пәндерін тез оқып кетіп, оның дамуына шығыс зерттеушісі Н.Ф.Костылецкий мен өзінің тарих мұғалімі В.Гонсевский ықпал етіп, кез келген уақытта кітапханаға барып, кітап оқуына көмек берген. Тіпті осы кадет корпусында оқып жүріп, өзінің терең білімінің арқасында белгілі ғалым Г.Н.Потанинмен де кездесіп, өмір бойы бір-бірін қолдайтын, өмірге деген көзқарастары бірдей жанашыр досқа айналып кеткен. Сонымен қатар, орыстың көрнекті ғалымдары Ф.М.Достоевский, С.Ф.Дуровтармен дос болған. 1853 жылы Шоқан он сегіз жасында кадет корпусын бітіріп, корнет деген офицерлік лауазым алады, бірақ сол жылғы он тоғызыншы қарашаның бейсенбі күні, екінті намаз кезінде әжесі Айғаным жетпіс жасында Сырымбеттегі қонысында қайтыс болып, өмірінде үлкен қайғы-қасірет болады.

Шоқанның жаратылыстану мен әдебиет саласындағы аудармашылық, басқарушылық қызметі, елдерді саяхаттап, карталар жасауы, барған елдерінің тілдерін үйреніп, олардың әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін, мәдениеттерін зерттеуі және еуропалықтар үшін белгісіз, жабық мемлекет саналған Қашғар туралы тың деректерге толы зерттеулері, сот реформасының мәселелерімен айналысқаны, қазақ елінің тарихы, шежіресі мен этнографиясына арналған бірталай еңбектерінің бәрі – әжесі Айғанымның бала Шоқанға қалап берген баспалдағының арқасында әрі қарай дамып, өрбуіне, қазақ даласындағы ұлы тұлғалардың біріне айналуына алып келіп, өз нәтижесін берді.

Қорыта келе, жетпіс жыл өмір сүрген Айғаным ханша өзін ықпалды, табанды, зерделі, білімді, іскер әйел ретінде көрсетіп, әйел адамның тек қана үй шаруасы мен бала тәрбиесіне ғана емес, одан басқа мал-мүлікті, қаржыны, халықты басқара алатындығын, әйел адамның қолынан барлық нәрсе келетіндігін өзінің сара жолында дәлелдеп берді. Қазақтың үш жүзіне даңқты атағы тараған, болашақты болжай білген, бір уыстай қазақтан көп орысты мойындата білген, XVIII ғасырдағы қазақтан шыққан ел басқарған, тұңғыш әрі соңғы ханшасы болған, болашақ саналы ұрпақ тәрбиелеген ана, әже ретінде біздің тарихымызда өшпес ізі қалған, жұрты үшін аянбай еңбек еткен, қазақтың дана қыздарының алдыңғы қатарында тұрған Айғаным ханшаның есімі мен оның көзі тірісінде тәлім-тәрбиесін алып, бүкіл Азия мен Еуропаға аты танылған немересі Шоқанның есімін әрбір қазақ баласы сөз еткенде мақтанышпен еске алады. Өйткені, олардың әр сөздері мен сындары, сабақтары мен жиған-терген еңбектері – мәңгілік өшпейтін асыл мұра.

Әдебиет:

1. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. - Алматы: Ана тілі, 1992. – 357 бет.
2. Киреев Ф. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках. - Алма-Ата: Изд-во Акад.наук КазССР, 1961. – 743 стр.
3. Мұқанов С. Он томдық таңдамалы шығармалары. Жетінші том. Аққан жұлдыз. - Алматы: Қазығұрт, 2020. – 464 бет.
4. Маргулан А. Валиханов Чокан. Собрание сочинений в пяти томах. 5 том. - Алма-ата: Гл. ред. Казахской советской энциклопедий, 1985. – 528 стр.
5. Стрелькова И. Друг мой, брат мой...: Ч.Валиханов. - Москва: Молодая гвардия, 1975. – 174 стр.
6. Оловинцов.А., Табулдин Г. Чингизиды. Династия и век. - Астана: ПТ «Астана», 2009. – 376 стр.
7. Стрелькова И. Уалиханов. - Москва: Молодая гвардия, 1983. – 284 стр.

ӘОЖ 821.512.122

ЫБЫРАЙ МЕН АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕСКЕНДІР БЕЙНЕСІ

Кулибекова Ж.С., Абжалова Д. М.

(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

Ежелгі Македония шаһарының патшасы, әлемді дүр сілкіндіріп, адамзат тарихындағы ең үздік, ұлы, әйгілі қолбасшылардың бірі болған Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский) Македония орталығы Пелледе, ежелгі македон патшасы Каранның тұқымы,

мифтік батыр Гераклдан тараған Филип II шаңырағында дүниеге келген. Ал шешесі Олимпиада – эллиндік миф батыры Ахиллдің ұрпағы Эпир патшаның қызы.

Шындығына келгенде, Филипп II патшаның Олимпиада әйелінен туған жалғыз баласы Ескендір Зұлқарнайын атанған Александр Македонскийдің есімі «Македониялық» деген қосалқы лақап аты болып табылады. Сол замандағы Шығыс елдерінің арасында қолбасшының «қос мүйізі» бар деген әңгіме тараған. Содан кейін Александр Зу-ль-Карнейн, яғни «Қос мүйізді» деп аталып кеткен болатын. Бұл туралы Ескендірдің жорықтарының осы қазақтың ұлы даласына дейін жеткендігі, сол замандағы сақтармен шайқасы туралы жазылған «Қазығұрт: аңыз бен ақиқат» атты кітапта: *«Жалғыз ғана қазақ арасында емес, бүкіл Шығыс әлемінде Ескендір Зұлқарнайын деп атанып кеткен кісі – македониялықтардың әйгілі қолбасшысы Македониялық Александр»* - деп мәлімет келтірілген [1, 102 б.].

Ескендір кішкентай кезінде, яғни он үш жасқа дейін Леонид, Менехма, Филиска, Лисимах сынды атақты ғұлама ғалымдардан тәлім-тәрбие алып өседі. Он үш жасында оған ежелгі патша Аминтанның сарай емшісі болған Никомахтың баласы Аристотель сабақ беріп, ұстаздық етеді. Оның Ескендірге тәрбиеші болуына болашақ шәкіртінің әкесі Филипп II себепші болады. Ұстаздық жолында Аристотель шәкіртіне саясат, этика, география, арифметика ғылымдары және фольклор саласы бойынша дәрістер оқып, оған болашақ гректердің қолбасшысының бойында қандай қасиеттер және мінез-құлық болуы керектігі туралы өсиеттер айтып, бір сөзбен айтқанда оны өр рухты етіп тәрбиелеуге ат салысқан маңызды адамдардың бірі.

Тарих ғылымдарының кандидаты, зерттеуші Гаибов В.А: *«Ескендір дипломатиялық құралдар арқылы өзіне қажетті қоғамдық пікір тудырды: мақсатына жету үшін әртүрлі партиялық топтардың күресін пайдаланды; оған қарсы шыққан күштер мен оппозицияларды басып отырды. Саяси және діни жорықтарда да өзінің дипломатиялық шеберлігін көрсетті: өзінің әскері мен бағындырған халықтарды бір-бірімен байланыстыра отырып, саясатын жүргізді»* [2, 22 б.], – деп пікір қалдырған.

Ескендір де Наполеон I немесе Шыңғысхан секілді әлемді жаулап алғысы келген, әлемге үстемдік етуді қалаған, билікке тоймаған тұлға. Аталған тұлғалардың мақсаттары ғана емес, оған жету тәсілдері де ұқсас болған. Мысалы, жорыққа шыққанда алдында жолыққан қалалары шайқассыз жаулап алынса, тұрғындарға кешірім жасалуы мүмкін болған. Ал шайқаспен жауланған қалалардың тұрғындарына жаза өте ауыр болған, әйелдері мен балаларын құлдыққа сатып, еркектерін өлтірген болатын. Ескендір қайтыс боларының алдында Араб жерлерін жаулап алуды көздеген деген деректер де кездеседі.

Ескендірдің әскери жеңістері оның санасына көлеңке түсіріп, өмірінің соңғы кезеңдерінде тез ашуланып, қызбалыққа салынып, айналасындағылардың бәрін жау көре бастаған, тіпті өзіне қарсы шыққан, оның сөзімен келіспеген адамдарға неше түрлі жаза қолданған. Ескендір отыз үш жасқа жетпей, сүзек немесе безгек ауруынан қайтыс болады. Кейбір тарихи деректерде біреулердің тапсырмасымен өлтірілді және жанындағы ақылшысы уландырып өлтірді деген болжамдар да бар. Басты күдікті ретінде жақын досы – Кассандр қарастырылады.

Тарихи деректер бойынша Ескендірдің шынайы бет-бейнесін, ғұмырнамасын оның жақын достары болған Онесикрит пен Клитрих жазған. Сонымен қатар, шығыс ғалымдары қадым заманның даңқты қолбасшысы болған Ескендір патша туралы әртүрлі жыр-дастандар жаза бастады. Мәселен, Фирдаусидің «Шахнаме» еңбегінде арнайы Ескендір туралы жазған бір тарауын, Низамидің «Ескендірнамесін», Деһлевидің «Ескендірдің айнасын», Жәмидің «Ескендірдің даналық кітабын» ерекше атап өткеніміз жөн. Бұл еңбектерде Ескендір бейнесі бір болғанымен, әрқайсысының тақырыбы, идеясы, сюжеті, композициялық құрылымы әртүрлі және мұнда Ескендір – шығыс елдері аңсаған «дана патша», «әділ патша», «қайырымды патша» бейнесінде сомдалады. Ал керісінше шығыс шайырлары оның тыныш ұйқыда ұйықтап жатқан бейбіт, азат елдерді аяусыз жаулап алуы, оларға жасаған озбырлық әрекеттері және құлдыққа салуы жөнінде ашып ештеңе айтпайды.

Міне, осыдан-ақ Шығыс елдері мен Батыс елдері Ескендірді «пір» тұтқандығындағы ұқсастығын көре аламыз.

Орыс зерттеушісі Ф.А.Бойназаров өзінің «Қазіргі заман дәстүрлері мен мәселелері/Александр Македонскийдің бейнесі мен тұлғасы» атты монографиясында: «Кейбір шығармаларда Ескендірдің жауыздығы мен үстемдігі туралы сөз болады. Сол кезде оқырмандарға Ескендірдің бейнесі – дана патша бейнесінде емес, жаулап алушы, қанішер бейнесінде сомдалады» [3, 8 б.], – деп пікір қалдырған. Ф.А.Бойназаровтың бұл тұжырымдасына қазақтың әдебиеті мен тарихында өшпес ізі қалып, қара халықтың сауатын ашуға көп еңбектері сіңген алғашқы ағартушы ұлы тұлғалар Ыбырай Алтынсариннің «Жаратты неше алуан жұрт бір Құдайым» еңбегі мен Абай Құнанбайұлының «Ескендір» поэмасын дәлел ретінде келтірсек болады.

Қазақ халқының мәдени болмысының перзенті, құлазыған қу далада өскен алып бәйтерек, қазақ жастарының сауатты дүниетанымын қалыптастырған «Дала қоңырауы» атанған Ыбырай Алтынсариннің «Жаратты неше алуан жұрт бір Құдайым» атты еңбегінен оның ізденімпаздығын, араб, парсы тілдерін білгендігін, Шығыс әдебиетімен таныс болғандығын, Құранды оқып, Ислам дінін ардақтайтын діндар адам екенін және Шығыс классикалық әдебиетіндегі «нәзіралық» дәстүрді қазақ әдебиетінде алғаш қолданушылардың бірі болғандығын байқаймыз. Автор бұл өлеңін:

Бәріміз бір адамның баласымыз,

Жігіттер, бір-біріңе қарасыңыз.

Өмір деген бес күндік кетер өтіп,

Атаң барған орынға барасыңыз [4, 88 б.], – деп бастап, жастарға әр күніне шүкіршілік пен қанағат етуге, бір-біріңе мейірімді болып, әрқашан қол ұшын созуға дайын болуға, қанша жерден даңқың жоғары болып тұрса да, бәріміздің барар жеріміз қара жердің қойнауы және Алла алдында барша адамзат дәрежесінің бірдей екендігін үлгі-насихат ретінде жеткізеді. Әрі қарай дүниені дүр сілкіндірген әйгілі Ескендір патша туралы ой қозғап, оның қалай патша болғанын, қалай әлемді жаулағанын, қалай өлмеуді арман еткенін бейнелеп көрсетеді. Ел арасында «мәңгі суды ішкен адам – мәңгі өлмейді» деген сыбыс тарап, Ескендірдің сол мәңгі суды іздеуге аттанғандығы туралы былай баяндайды:

Ескендір патша болып дүниені алған,

Қалмаған бұл жалғанда ешбір арман.

Жалғыз-ақ өлмеске айла табамын деп,

Ізденіп мәңгі суын соған барған [4, 89 б.].

Мәңгі суды іздеп шыққан қолбасшы жанына сарбаздарын және уәзірлерінің басшысы Қыдыр Ілиясты ертіп алады. Суды тапқанда уәзірі Қыдыр Ілиясты мәңгі судан бір кесе су алып келуге жұмсайды. Уәзірі суға барып, өзі су ішіп, патшаға бір кесе су алып жатқан кезде бір мұңайып отырған адамды көреді. Оның жөнін сұрағанда, әлгі адам:

Мен-дағы бір патша едім еш күмәнсіз.

Өлмеске мен де осындай талап еттім,

Бір күні осы суға келіп жеттім.

Әрбір іс уақытында қызық екен.

Ақыры өз басыма азап еттім.

Бір заман әлек болды барша елім,

Қалмады қыдырмаған ешбір жерім.

Кемдіктің неше түрлі бәрін көріп.

Ах енді өлім болса маған дедім.

Дүниені неше айналып неше кездім,

Өз жаным мен денемнен өзім бездім.

Маған өлім бермеді құдай тағала,

Енді тастап дүниені мұнда келдім [4, 90 б.], – деп өзінің мұңын шертеді. Бұны естіген Қыдыр Ілияс «аһ» деп қана қойып, қолына суын алып, өз жөнімен кете барады. Бір кесе суын Ескендірге әкеліп, оны патша ішейін деп ұмтылғанда, мәңгі су аузына бармай қояды.

Шығармада Ыбырай Алтынсарин бұның себебін былай түсіндіреді:

Тағында тақ Сүлеймен нағылмады,
Өмірін соңындағы шағындады.
Нушеруан діні кәпір әділ өтті,
Дозаққа соның үшін жағылмады.
Бұзбаңыз әділдікті бұл мал үшін,
Жиясыз оны-дағы бір жан үшін.
Өз-әзіл періштенің бастығы екен,
Не болды тәкәппарлық қылған үшін?
Аюпты сегіз жылдай мың құрт жеді,
Болыпты бөлек - бөлек соның тәні... [4, 90 б.]

Осы үзінді жолдарда автор Ескендір бейнесін тәкаппар, қанағатсыз, әділетсіз, ниеті жаман адам ретінде бейнелейді. Сондықтан мәңгі су оның аузына бармауының себебі – осы.

«Кір жуып, кіндік кескен жері» – қазақ елінің жазба әдебиетінің дамуына үлес қосып, елінің мәдениетін, наным-сенімін, дінін, салт-дәстүрлерін жақсы білген Абай мұраларын зерттеуге жол салып берген, абайтанудың бастаушысы, жазушы М.Әуезов: «*Жалпы композициялық құрылымы жағынан алғанда, «Ескендір» – Абайдың ең жақсы поэмасы*» [5, 102 б.], – деген пікірге тоқталады. Абайдың «Ескендір» поэмасының мазмұнына келер болсақ, автор поэманың басында ең алдымен оқырманнан Ескендір туралы біле ме екен деп сұрап алып, содан соң оның кім екені, оның жайы туралы түсініктеме беріп, әрі қарай жалғастырып кетеді. Абай Ескендірдің македондық патша II Филипптің ұлы екендігін айтып, оның қызғаншақ адам болғанын былай бастап жазады:

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?
Македония шаһары оған мекен.
Филипп патша баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен [6, 64 б.]

Бұдан әрі қарай Ескендірдің әкесінің қайтыс болуы туралы жазып, Ескендірдің өз жерін аз көріп, көрші елдерге қарсы жорықтарға шығуын, жазасыз халықтарды қыруын, олардың елдерін бодан қылуын, тек қана бір елді ғана жауламай бүкіл әлемді жаулап алуға деген ашкөздігі ашылғанын, әлемді жаулап жүрген кезде сусыз бір шөлге жеткендігін, ішейін десе суы таусылғанын мазмұндайды да, содан соң:

Жалтырап сәуле берген бір нәрсеге
Патшаның ат үстінде көзі түсті,
Барса, бір сылдыр қаққан мөлдір бұлақ,

Таспадай бейне арықтан шыққан құлап [6, 65 б.], – деп әрі қарай жалғастырады. Ескендір сол бұлақтан суға қанып алып, осындай шөлді аймақта судың бар болғанына тамсанып, жанындағыларға былай дейді:

«Бұл салқын, тәтті суға қаныңыздар,
Шақ келер маған жан жоқ, наныңыздар.
Менен қалмай, бұл суды шапшаң өрлеп,

Талқан қылып, шаһарын алыңыздар!» [6, 65 б.]. Осы жерде біз Ескендірдің тойымсыздығы соншалық, шөл даладағы бір тамшы суды да қалдырғысы келмей, су беріп отырған байдың шаһарын бұзуға ұмтылған ашкөз бейнесін көре аламыз. Содан кейін байдың шаһарына барғанда, есігін ашпағаны үшін үлкен дау көтеріп:

« – Білмесең, мен Ескендір патша деген,
Жер жүзінің соғыста бәрін жеңген.
Қақпаңды аш, хабарынды айт, білдір маған,

Қорлығым өзім туып, өзім көрмеген» [6, 66 б.], – деген сөзінен Ескендірдің өзінің қаншама жерді жаулап алғандағы мақтаныш сезімін, қалаған, айтқан істерінің барлығы болатындығына үйренгенін, өз нәпсісін тия алмайтындығын көреміз.

Оқиғаның шарықтау шегіне келер болсақ, тек жұрттан алуға үйреніп қалған Ескендір шаһар күзетшісінен сыйлық беруін сұрайды. Сонда патшаға күзетші «бір орамал» лақтырып

жіберіп:

«... Сыйым – осы, падиша, мынаны ал!

Ішінде бір нәрсе бар ақыл берер,

Апар дағы ойланып, көзіңді сал!» [6, 66 б.], – дейді. Оның ішінде Ескендір бағалы сыйлық бар деп ойлап, қуанышпен ашса, ішінен бір ғана қу сүйек шығады. Патша бұл сыйлыққа ашуланып:

«... Ең болмаса білмеді сый бермекті.

Осы менің теңім бе?» [6, 66 б.], – деп ақырып, сүйекті лақтырып жібереді. Осыдан Ескендірдің жанындағылардың сөздерін елемей, істің байыбына бармай жатып, ашуға тез берілетіндігін, өзін басқалардан жоғары санайтын өзімшіл әрі ашушаң бейнесін көре аламыз.

Ескендірдің тұла бойын ашу кернегенде, өз ақылын айтып, оны сабырға шақыратын ұстазы Аристотель осы кезде лақтырған сүйекті қолына алып:

«Қасиет бар бұл сүйекте,

Көзіңе көрсетейін, хабардар бол.

Таразыны әпкел де, сүйекті сал,

Бір жағына алтын сап, өлшеп қара!» [6, 67 б.], – деген кеңес береді. Ұстазының айтқан сөзін тыңдап, ортаға таразыны алдырып, бір жағына қанша алтынды күміске толы қазынасын салса да, қу сүйекті аударма алмайды. Бұған аң-таң болған Ескендір хәкім Аристотельден «осы сүйекті басатын нәрсе бар ма, бар болса шешімін тапшы» деп ақыл сұрайды. Содан ойшыл Аристотель жерден бір уыс топырақ алып, сүйектің үстіне шашып жібереді. Сонда ғана таразының бір басы жерге түсіп, сүйек басы жоғары көтеріледі. Осындағы қарапайым күзетшінің айтпағын Аристотель:

« – Бұл – адам көз сүйегі,

Тоя ма адам көзі мың мен санға?

Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,

Өлсе тояр, көзіне құм құйғанда» [6, 67 б.], – деп патшаға түсіндіреді. Осыдан Ескендір ғибрат алып, өзінің іс-әрекеттерін бекерлік деп санап, сарбаздарын алып, жұртына қайтады.

Хәкім Абайдың «Ескендір» поэмасы – философиялық ойларға толы тағылымы таудай биіктікке жетелейтін шығарма екендігі, оқырман мән беріп оқитын болса ғана байқалады. Автор поэма соңында:

Қарның тойса, қайғырма мақтан үшін,

Тоймас кезің толар деп қайғы жеме.

Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер,

Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер!

Ұятың мен арыңды малға сатып,

Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер.

Мақтанасың біреуге мақтасын деп,

Шаужайымнан еш қадам қақпасын деп.

Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді,

Өз бағанды өзіңнен кім сұрайды?! [6, 68 б.], – деп жастарды мансапқорлықтан, өзімшілдіктен, ашкөздіктен, қанағатсыздықтан сақтануға шақырады.

Ыбырайдың «Жаратты неше алуан жұрт бір Құдайым» (өсиет өлең) өлеңі мен Абайдың «Ескендір» поэмасы Ескендір патша туралы тарихи аңыздарға сүйеніп, оның жағымсыз бейнесін ашу арқылы болашақ ұрпаққа қандай қасиеттерден аулақ болу керектігін насихаттайды. Екеуінің шығармаларының ұқсастығы бұл – Ескендір бейнесін тойымсыз, ашкөз, барға қанағат, жоққа сабыр етпейтін жағымсыз кейіпкер ретінде көрсететіндігі. Ағартушы Ыбырайдың шығармасында оқиға сюжеті қысқа қайырылса, ал хәкім Абай поэмасында оқиға сюжеті өз шарықтау шегіне жетеді. Тағы бір айырмашылығы Ыбырай өз өсиет өлеңінде Ислам діні мен қазақ фольклорындағы кейіпкерлерді Ескендірмен байланыстыра отырып, адам өмірі тез өткінші екендігін айтып, сол өмірде

жақсы қасиеттерге толы адам болып өту керектігін жеткізгісі келді. Ал Абай болса, Шығыс философы Низамидің «Ескендірнамесін» негізге ала отырып, оның сюжетін пайдаланып, адам қанын судай шашқан тойымсыз патшаның озбырлық әрекеттері арқылы адам баласына адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға, ешкімнің ала жібін аттамауға шақырады. Сонымен қатар, Ыбырай Ескендірдің ақылшысы ретінде, кейбір дінтанушы ғалымдардың айтуынша ислам дініндегі пайғамбар болып саналатын Қыдыр Ілиясты алса, ал Абай Ескендірдің ақылшысы ретінде шын өмірден алысқа кетпей, оның ұстазы ойшыл Аристотельді алған.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ, кіндік қаны тамған жерлерін, халықтарын, сол замандағы отарлау саясаттың езгісінен құтқаруға тырысқан, сауатсыз қара халықты білім көкжиегіне жетелеген, басқа елдер сияқты өркениеттерінің дамуына үлес қосқан Ыбырай мен Абай өз шығармаларында тарихтан ойып орын алған, даңқы бүкіл әлемге белгілі жаулап алушы – Ескендір Зұлқарнайын бейнесін, адамгершілік тұрғысынан барынша толық ашуға тырысып, бізге үлгі-өнеге ретінде насихаттай білді деп нық сеніммен айта аламыз.

Әдебиет:

1. Тұрсынқұлов Қ.Қ. Қазығұрт: аңыз бен ақиқат. - Астана: Фолиант, 2009. – 416 бет.
2. Гаибов В.А. Судьбы сатрапов Востока. Александр Македонский. - Москва, 2007. – 220 стр.
3. Бойназаров Ф.А. Проблемы традиции и современности/образ и личность Александра Македонского. - Москва: Наука, 1990. – 269 стр.
4. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. - Алматы: Білім, 2007. – 112 бет.
5. Әуезов М.О. Абай Құнанбаев. Монография. Мақалалар, зерттеулер. - Алматы: Санат, 1995. – 318 бет.
6. Қошым-Ноғай Б.С. Абай Құнанбайұлы шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т2: өлеңдері мен аудармалары. - Алматы: Жазушы, 2004. – 296 бет.

ӘОЖ 821.512.122

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ЖӘНЕ ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫ

Кулибекова Ж.С., Маматкулова П.Н.

(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

Қазақ тарихына көз жүгіртсек, алшауыт кезеңге тап келсе де қадірі кетпейтін, қаһарлы заманның өткір қылышына туралса да, кейіннен бүтінделетін, қаншама жылдар өтсе де өзінің мән-мағынасын жоғалтпайтын, ұлттың, қара халықтың қамына жасалған сан алуан тарихи, рухани құндылықтар, естеліктер болады. Осынау қиын қыстау заманда ұлтын ұлықтап, елдің қайғы-мұңын, жұртын жоқтаған арыстай азаматтарымыздың тарихи құнды мұралары шетке ысырылып, тіпті табан астында тапталғанымен, уақыт өте келе, түптің түбінде сәулесін шашып, жарқырай түскен күн іспетті, қараңғы қазақ көгіне өзінің нұрын шашып, жаңа заманның жаңаша ойлайтын ұрпағының, яғни қазіргі қазақ халқының алға басуына жол салды.

«Көркем шығарма өзін туындатқан дәуірімен тығыз байланысты...сонысымен де оның көркемдік үлгілері тарихи тұрғыдан ерекшеленіп тұрады» [1, 8 б.]. Сонау бір бодандықтың қамытын киген көшпенді халықтың қайғы-қасіретін, аяусыз кезеңнің көрінісін, ұлттың мұңы мен зарын, үміт беретін арман-мұратын жырлап, өскелең ұрпаққа мұра етіп қалдырған ұлы тұлғаларымыз қаншама. Соның ішінде өз дәуірінің мәдени құндылықтарын, жаңа дәуірге жеткізе білген зар заманшылар – Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай Қанайұлы, Кердері Әбубәкір мен ұлт қамын ойлаған, рухты оятқан, қазақ жастарына сенім артқан, қара халықтың болашағынан үміт күткен күрескер ақын – Мағжан Жұмабаев еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Алайда сол бір қиын дәуірдің шағында қазақ әдебиетінің ірі тұлғалы өкілдері Мағжан Жұмабаевтың да, зар заман ақындарының да шығармашылығын дәріптеуге шектеу қойып, олардың мұраларын қоғамнан шеттетуге тырысып, жолдарына тұсау салған кертартпалар сол ақындардың өздерін ағартушылық-демократиялық бағытқа қарсы шыққан

немесе ұлтшылдық қозғалыстың себепкерлері ретінде көрсетіп, халыққа теріс ой салды. Тек қоғамды ғана емес, әдебиетті де кері тартатын ағымның ақындары деп мыңдаған білім ордаларында дәрістер оқытылып, үгіт-насихат жүргізілді. Оған дәлел Мағжан Жұмабаевқа қарсы мынадай қаулының қабылдануы:

«1. Жұмабаев қазақ халқының, сонымен қатар, қазақ халқына қамқор болып отырған Совет үкіметінің қас жауы деп танылсын.

2. Оның барлық шығармаларын оқылудан алыну өкіметтен сұралсын.

3. Бұдан былай Советтік баспасөз бетінен Жұмабаевтың шығармаларына орын берілмесін» [2, 131 б.].

Ұлтжанды азаматтарымыздың туындыларына тұсау салудың басты себебі – олардың отаршылдыққа қарсы бой көтеруі. Олардың өлеңдерінде кездесетін «орыс», «совет үкіметі» ұғымдары қазақ даласына ойран салған шапқыншылардың атауы ретінде жиі кездеседі. Бұл ақындардың поэзиясында отаршылдық езгісінен күйзеліске ұшыраған қазақ жерінің, елінің ауыр жағдайы, кетуі кеткен тіршіліктің ахуалы айқын баяндалған. Олардың өлең-толғауларында кездесетін өзіндік өрісті ойлары, озбыр саясатқа қарсы пікірлері, халқына жасаған үндеулері барлығы саяси көзқарас тұрғысынан еленіп, байқамай қалған кездер болған жоқ. Өлең мен өнерге саясат үстемдік еткенде шығармашылық еркіндікке шектеу келетінін білсе де, үкімет тарапынан болған осы бір идеологиялық қатаң қыспаққа қарамастан айтылған дәуірлердің ұлт өкілдері еш қажымады.

Адамзат мәдениетінің қай кезеңін алсақ та, арғы-бергі заманнан, тарихи оқиғалардан, қоғамдық құбылыстардан, уақыттан өзінше бөлек тұйықталып, олармен ешбір байланыссыз тылсым сыр болып жатқан өзгеше мәдениет болмаған [3, 12 б.]. Сол бір кезеңдердегі қазақ халқының жағдайын зар заманшылар «ел азды», «жер азды», «сұрпақ азды» деп жырласа, Мағжан «мен жастарға сенемін!» деп халқын қара түнектен шығаруға ұмтылды. Осы тұста зар заманшылардың өткен күнді аңсап, өз замандарына көңілдері толмай, қайғыға салынғанын байқасақ, ал Мағжанның сағыныш сезімі болса да, «келешегіңнің өзгеруін қаласаң, сол өзгерісті қазір жаса» деген ұстанымды алға қойып, болашаққа бет бұрып, қазақ жастарына жігер беріп, ұлтжандылықпен, отансүйгіштікпен айрықша көзге түскенін байқаймыз. Дегенмен де, Мағжанның зар заман ақындарының өлеңдерімен ортақ тұстары қаншама. Қай дәуірде шыққан өлең болса да, халықтың зар-мұның шертіп, барлығы ұлттың арман-мұратын көздеді десек қателеспейміз.

Мағжан – ұлтын сүйген ұлт ақыны. Ал қай ұлттың да ақыны ең алдымен өз қара топырағынан жаралып, сол топырақтан қуаттанып, нәр алып, өз туған жеріне табан тіреп, содан алған күш-қуаты оның тұла бойын жігерлендіріп, нығайтып тұратыны анық. Мағжан қазақ тарихын ерекше қастерлеген, қасиетті ұлы тұлғалардың қатарынан бола білді. Егер ақын өз ұлтын білмесе, халқын сүймесе – оның ақындық күш қуаты неде болмақ? Ең бірінші ақын өз халқын сүйе алмаса, өзге ұлттың ұлыларын қалай танымақ? Өзінің дара халқының көзін ашып, қалай қара түнектен шығармақ? Міне, осы орайда айтылған қасиеттердің барлығы зар заманшылардың да, Мағжанның да бойынан табылғандықтан орыс халқы бұларды осыған бола сөкті ме деген ой маза бермейді. Себебі Патша үкіметі, Кеңес үкіметі үшін де қазақ даласының, қазақ халқының үнсіз жатқаны қолай болды. Ал ұлт ақындары бұндай озбырлыққа төзе алмай, кезіндегі Абылай, Кеңесары хандардың салып кеткен дара жолын қастерлеп, надандық түнегіне кеткен қалың қоғамды оятуға тырысты. Ұландарымыз ұлтты сүю деген оның жақсылығын ғана көріп, олықылығына көз жұмып, жалаң дәріптеу ғана емес, керісінше елдің кем тұстарын бетке басып, халық санасына өлең жолдары арқылы жеткізу екендігін анық түсінген. Оған дәлел Мағжан Жұмабаевтың 1911 жылы жазып шығарған «Жатыр» атты өлеңі. Ол өз өлеңінде:

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,

Кілтін өнер-білім ашып жатыр.

Бірі – ай, бірі – жұлдыз, бірі күн боп,

Жалтырап көктен нұрын шашып жатыр.

Ойламай біздің қазақ текке жатыр,

Бір іске жанаса алмай, шетте жатыр.

Азырақ көз жүгіртіп қарап тұрсаң,

Қазекен таң қаларлық кепте жатыр [4, 34 б.], – деп өз халқына көңілі толмай, қара түнекте қалып қойғандығын еш қысылмай, бетке басып, өзге жұрттың, яғни орыс халқының өнер білімге ұмтылып, бірі – ай, бірі – күн болып аспан көкке көтеріліп жатқандығын ескертіп, ал қазекеннің керісінше дым уайым-қайғыға салынбай, құрдымға кетіп жатқанына қынжылысын жеткізсе, зар заман ақыны Дулат Бабатайұлы еркін жатқан қайран елдің сипатын былай жеткізген:

Еркін жатқан қайран ел,

Дәулетің бейне шалқар көл...

Енді келіп қамалдың,

Орыс салған қамалға... [5, 87 б.].

Бұл екі өлең екі кезеңде жазылса да, заман шындығы, сол кезеңдердегі жағдайдың бір екендігін аңғарамыз. XIX ғасырда ұйқыда жатқан елдің XX ғасырда да әлі қалың ұйқыда жатқандығы байқалады. Осы Орайда халықтың осылай тозып кеткенінің бір себебі – билік басында отырған, өз ішінен іріткі салып, өтірік мақтауға салынып, елді тонаумен марқайып отырған Астана, жұрт билеген адамдарды Мағжан осы өлеңінде:

Кең жері күннен-күнге құрып жатыр,

Сұр жылан бар қан-сөлін сорып жатыр.

Астана, жұрт билеген адамдары,

Тәңірі күннен күнге ұрып жатыр.

Біреулер оқып төре болып жатыр,

Шең алып бақыт құсы қонып жатыр.

Ұмытып өзін-өзі бұл сабазың,

Жұртына қарсы таяқ соғып жатыр [4, 34 б.], – деп қарны қампиған байларды, жалған басшыларды қан соратын сұр жыланға балап, олардың күннен-күнге есіріп, үндемеген халықтың басына шығып, білгендерін істеп, өздерінің қайдан шыққандарын, тектерін ұмытып, өз жұртына өзі қарсы таяқ соғып жатқан опасыздарды аяусыз сынайды. Алайда осы сияқты залым адамдардың тамырының түпке кеткендігін, арам, араз хандардың Мағжан заманына дейін де болғандығын Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» атты өлеңінен де көре аламыз:

Асылық азған заманда,

Алуан-алуан жан шықты.

Арам, араз хан шықты.

Сауып ішер сүті жоқ,

Ақша деген мал шықты [5, 90 б.].

Міне, бұл өлеңдерден ақындардың өршілдік, өміршеңдік өрнектері, өзіндік жеке ой-пікір жаңалықтары, бәрі негізделіп байқалады. «Бұл күннің ақындары баяғыдай шыққан бұлтты сөз қылмай, содан түскен бұршақты, үй жыққан дауылды, мал ықтырған соққыны сөз қылды. Дала жайлаған елдің өмірінде бұлттан түскен қаза менен дерт қандай болды, соларды айтып, күңіренетін болды» [6, 213 б.].

Дау-жанжал ел арасы толып жатыр,

Өзара талас-тартыс болып жатыр.

Кешегі шешек жарған қазақ гүлі

Сарғайып, бір су тимей солып жатыр.

Мінекей, қазақ солай бітіп жатыр,

Күннен күн артқа қарай кетіп жатыр.

Сезінбей өз өлгенін, өзінікін

Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр! [4, 35 б.], – деп Мағжан басшы қандай болса, қарамағындағы ел де сондай деген сарынмен ел арасындағы іріткінің шығуы, күн өте келе кері кетіп жатқан, тозып, сарғайған қазақтың ахуалын өкініш, ызамен жеткізсе, өзінің «Үш қиян» атты өлеңінде Мұрат Мөңкеұлы бұзылған заманның түзелмейтіндігін, оның зар

заманға, сұм заманға айналғандығын былай жеткізді:

Заман қайтіп түзелсін –
Ақшасына сүйеніп,
Қоңсыдан туған би болды!
Айтқан сөзі пұл болды.
Ақылсыздың баласы
Заманың мұндай сұм болды!.. [5, 93 б.].

Осы бір қара бұлт үйірілген шақта ақындарымыздың барлығы халықтың аңызға айналған бағалы дүниелерінің жоқ болып, надандық тамырының жайылып кетуінен қорықты. Кезіндегі «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды» аңсады. Бұрынғы сән-салтанат дәуірді сағынды. Сол керемет кездерден тек ұшқын ғана қалғанын түсінген Мағжан «Орал тауы» өлеңінде өзінің сағынышын, ішкі сезімін жеткізіп, тарихи сабақтастықтың ұмытылып кетпесіне ден қойды. Өлеңде:

Бір күнде сенің иең түрік еді...
Ер түрік ен далаңа көрік еді.
Отырса, көшсе, қонса ерік еді,
Тұрғанда бақыт құсы бастарыңда

Іргесі жел-күн тимей берік еді [4, 24 б.], - деп қазіргі халықтың рухани тұрғыдан жүдеп, кеңес үкіметінің езгісінде жатып, ұлт ұландарының қудаланып жатқандығын, бұрынғы еріктің, бостандықтың иісі де сезілмейтіндігін, халықтың басына қонған бақыт құсының тіпті жоқтығын астарлап, сағыныш, өкінішпен жеткізген. Дәл сол сияқты, реалист ақын Дулаттың «О, Сарыарқа, Сарыарқа!» өлеңінде де:

О, Сарыарқа, Сарыарқа!
Самалың салқын жөн едің.
Сырдан ауып келгенде,
Жапырылмай шалғының,
Балауса балдыр балғының,
Тимеген ірге соны едің;
Ойың балау шайырлы,
Бетеге қырық шайырлы,
Толықсып толып лықсыған,

Олқы емес едің, толы едің!.. [5, 87 б.], - деп Сарыарқаның өткені мен көзбен көргендегі түр-түсін, сипатын «балауса балдыр балғының, тимеген ірге соны едің» және «толықсып толып лықсыған, олқы емес едің толы едің» деп салыстыра келіп, кестелі сөзімен өрнектеп, ойларын өлең өріміне айналдыра жырлады.

Бұл ұлтжанды ақындарымыз қанша әділетсіздікті, озбырлықты, сатқындықты, опасыздықты өз көздерімен көріп, жүректерімен сезінсе де, ешқайсысының бойында үміт оты өшпеген. Себебі олар осы өлеңдерінің жазылу себебі – халықты зынданнан алып шығуға бастар жолы деп түсінген. Оны біз Мұрат Мөңкеұлының қараңғы болашақтан қауіптеніп, келер ұрпақтың қамын ойлап, зар толғап жазған «Үш қиян» өлеңінде:

Мен қауіп еткеннен айтамын:
Кейінгі туған баланың,
Ұстай ма деп білегін,
Шая ма деп жүрегін,
Ащы суға тойдырып,

Бұза ма деп реңін [5, 92 б.], - деп заманының азғандығын, адам пиғылының төмендеп, халықтың тозғандығын қорқынышпен, болашаққа ескерту ретінде сипаттаса, ал поэзия алыбы Мағжан «Мен жастарға сенемін» атты туындысында қазақ халқының өрімдей жастарына рух беріп, оларды жігерлендіріп, үміт артып, сеніммен былайша жеткізген:

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар.
Жаннан қымбат оларға ар.

Мен жастарға сенемін!
Мен сенемін жастарға.
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін! [4, 82 б.].

Осы өлең жолдарындағы «Жаннан қымбат оларға ар», «сөздерінде жалын бар» деп, өскелең жас ұрпақтың мәртебесін асқақтатып, Алаш атын аспанға шығарар намысшыл, ұлтжанды болашақ ұрпақ екендігіне дүйім жұртты сендіріп, Кеңес үкіметінің ашуына тиді.

«Жүдеген елді жұбатқысы келеді, ел түгелімен көңілі кірбең, ғарып сияқты, сондықтан жұмсақ қолмен ұстап, жылы сөзбен келіп, көңіліне қонатын ұғымдай ақыл айтпақшы» [1, 218 б.]. Яғни, өршіл рухты ақындарымыз сұм заманды бір жағынан елдің көзін байлап, бүлікшілікке ұшыратып, мұңды жыр айтқызатын дәуір деп санаса, екінші жағынан қазақ даласына қара бұлт үйіріліп, қайғы басқа түскенде қайраткер, көшбасшы ақындардың ой-пікірі бірігіп, ортақтасып, рух шақырған заман деп таныған. Халықтың ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрін, тарихын қорғап, сақтап қалуға үндеп, бірлікке, ұжымшылдыққа, ауызбіршілікке бастаған ұйысу кезеңі ретінде де қабылдаған.

Өз ұлтына жаны ашитын ақындардың шығармаларында дәуірдің сүреңсіз түрі еркін бейнеленген. Олар отаршылдықтың ұлттық болмыс-бітімге, рухани құндылықтарға, тілімізге әсерін жан-жақты саралап көрсетумен шектелмей, сонымен қатар елді билеп-төстеудің сырын ашып, қоғам ішінде өзіндік пікірлерін орнықтырып, жұрт біле бермейтін нәрселерге халықтың көзін жеткізіп, сауатын ашты. Рухани қарсылықты басты мақсат етіп, заманның азғанын, халықтың тозғанын сүйектен өткізіп, сүмірейте суреттеудің арқасында ұлттың азат болу, бостандық алу идеясын елдің санасына сіңірді. «Заман қамын ойлаған - саналықтың белгісі, адам қамын ойлаған - даналықтың белгісі» дей келе, Мағжанды да, зар заман ақындарын да қазақ халқының қамын ойлап, қасірет шеккен, қамшының сабындай қысқа өмірде саналы ғұмырларын елінің жарқын болашағына арнаған, елі үшін ерен еңбек сіңіріп, қазақ әдебиеті әлемінен ойып тұрып орын алған ұлтжанды ақындар ретінде танимыз. Өз ұлтына жаны ашып, замана ахуалын жырға қосып, дәуір шындығын дәлме-дәл көрсетіп берген өр рухты ақындарымыздың поэзияларын оқыған әрбір жас ұрпақ сонау заманнан келе жатқан ауыр да қасіретті тарихын ұғына отырып, болашаққа сеніммен нық қадам баса алады. Себебі, кез келген халықтың дамуы, алға басуы, әлемдік деңгейге шығуының басты факторы – ел тарихынан бастау алатындығы сөзсіз. Ал біз ата-бабаларымыз сенген заманның ұрпақтары ретінде солар салған дара жолдың ізімен келе жатқан, көздерінде от ойнаған жалынды жастар болып, еліміздің өсіп-өркендеуіне, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың тәрбиеленуіне өз үлесімізді қосуымыз қажет!

Әдебиет:

1. Тимофеев Л. И. Основы теории литературы. - Москва: Просвещение, 1976. - 548 стр.
2. Мұқанов С. Өмір мектептері. Екінші кітап. - Алматы: 1955.- 511 бет.
3. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. - Алматы: Мектеп, 1988. - 163 бет.
4. Жұмабаев М. Шығармалар. 3 томдық. - Алматы: Білім, 1995. - 256 бет.
5. Қайырбай Қ., Оспан Д. Қазақ әдебиеті. Оқу әдістемелік құралы. - Алматы: 2019. - 322 бет.
6. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991.- 240 бет.

ХҒТАР 17.71.07

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ТҮРКІЛІК РУХТЫҢ ЖАРШЫСЫ

Кокбас Жазира, Әскер Н.С., Бектуған А.М.

(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

Мағжан – халықтың ақыны. Ақын өз шығармаларында халықтың басым көпшілігіне тән құбылыс арқылы бүкіл ұлттық тұтас дененің қозғалысын бейнелейтін өмір шындығына кеңінен тоқталған, оның ұлттың саналы, білімді бөлігінің ой-жүйесіндегі көрінісін

суреттеген.

Мағжан – Тәңірден, халықтан, жер анадан шыққан ақын. Кімде-кім оның поэтикалық шығармашылығын аз болса да таныс болса, оның лирикасы табиғат-анамен тығыз байланысты екенін алға тартады. Ақын адамды табиғаттың бір бөлшегі, парасатты бөлшегі деп санайды, ол парасат күшімен жер бетінде болып жатқанның бәріне жауап береді. Ұлы ақын Гете – өз заманының ең ұлы ғалымы, ұлы ойшылы, ықпалы бүкіл әлемді шарпыған. Орыстың ұлы ғалымы В.И.Вернадский жалпыға танылған табиғаттанушы болды, сонымен қатар ол Гетенің поэзиясы мен ғылыми ұстанымдарын ынтамен зерттеді. Мағжан да осы тартымдылықтар құшағында болған сияқты, оның поэзиясы табиғатпен біте қайнасып, тыныстағандықтан, адам мен табиғат бір-бірімен тығыз байланысты. Жалпыадамзаттық ақыл-ойдың жарқын ықпалы, халқының азаттығын, еркін дамып келе жатқанын көруге деген ұмтылыс Жұмабаевты қайратты күрескер, жалынды ақын, батыл жасампаз етті. Мағжан өмірінің трагедиясы – оның кейіпкерінің талпынысы. Оның жеке басының трагедиясы бүкіл қазақ халқының тек жүйеге қарсы болғандарды ғана емес, халықтың ең жақсы санасын қырып салған трагедиясымен байланысты. Бұл үлкен трагедия туралы шындық жасырылды. Жергілікті билік ашаршылықта отызыншы жылдардағы қазақ халқының жан түршігерлік өлімі туралы шындықты жоғарыға жеткізіп отырған жоқ, бірақ орталық соғыссыз, табиғи апатсыз қырылып жатқан халықтың тағдырына немқұрайлылық танытты. Осындай ортада тарихи аренада Мағжан Жұмабаевтың құдіретті үні асқақтады [1, 398 б.].

Мағжан өз поэзиясында Шығыс пен Батыстың руханиятын тең дәрежеде бейнелеп, одан танып-түйсінгенін туған топырағының тереңіне тамыр тартқан дәстүрлі дүниетанымдық ұстанымдармен жарасымды байланыстыра білді. Осы орайдағы тынымсыз да табысты ізденістері оның поэзиялық туындыларында керемет келісім мен үрдісті үлгілерге толы құйылыс тапты.

М.Жұмабаев поэзиясының дүниетанымдық астарында диалогизм принциптеріне негізделген мәдениет концепциясының ауқымын мынадай диалогты сөздерінен байқауға болады, ақын тіршілік кешкен тұстағы шығармашылығы шындалған шақтағы, қазақ қауымында байырғы көшпенді мәдениет пен көп жағдайда күшпен таңылған отырықшы мәдениеттің өзара қауышу мен қақтығысу процестері, яғни, “екі мәдениеттің диалогы” қызу жүріп жатты [2, 174 б.]. Ұлт тағдырындағы мұндай күрделі, көкейтесті “шекаралық” жағдай Мағжан өлеңдерінде көркемдік шешімін таппай тұрмады. Біріншіден, оның дала мен қала арасындағы қарама-қайшылықты суреттейтін “Айда атыңды, Сәрсембай”, сондай-ақ, қазақтың “қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманын” аңсау бағытында және түрікшілдік сарынында жазылған романтикалық жырларында (Өткен - аяулы, “Түркістан”, т.б.) мұның белгілері идеялық-эстетикалық синтез күйінде көрінді. Ж.Аймауытовтың айтуынша, көшпелі дәуірдің рухын айнаға түсіру кезінде – “Мағжан мәдениетшіл романтик болып отыр”. Екіншіден, мұсылманшылық мәдениетіне көзқарасын сараласақ, Мағжан діни схоластикаға және оның жаттанды канондарына бір табан жақындамайды. Ақынның исламға деген қарым-қатынасын, дау жоқ, сол кезеңдегі ілгерішіл мәдени ағым – жәдидшілдіктің арнасында бағалап-байыптаған жөн. Сонда Мағжан шығармашылығының Шығыспен ғана емес, туыстас түркі халықтарының руханиятымен қалай тамырласып жатқандығының қыртыс-қатпарлары өз құпиясын танытпақ. Мәселенің үшінші жағы, Жұмабаев поэзиясынан тайға таңба басқандай анық аңғарылатын символизм ықпалына байланысты. Негізінен көрнекті Батыс өкілдерінің шығармашылығы әсер еткенмен, сонымен қатар, Мағжан да қазақтың көркемдік ой жүйесіне бұған дейін болмаған тың, таңсық өрнектер мен өзгерістер дарытты.

М.Жұмабаев шығармаларындағы түркілік өркениет мәселесі адамзат баласының мәңгілік тақырыбын қамтиды. Түріктер көрші елдердің идеологиялық жүйелерінен өзгеше дамыған дүниетанымдық жүйені құра алған. М. Жұмабаев мифпоэтикасында түркілік өркениеттің ежелгі әмбебап рәміздері, түрлері, негізгі мифтері, фольклоры және мәдениеті туралы көп жазылған. Атап айтқанда, М.Жұмабаев шығармаларында ұшырасатын түркілік

өркениеттің негізгі архатиптері «Тәңірі», «Көк» «жер-су», «жер -от», «Көк тәңірі» сияқты концептілері жиі ұшырасады [3, 97 б.].

М.Жұмабаев – түркі сана-сезімін, түркі руханиятын, оның жоғары рухани-адамгершілік әлеуетін жандандыруды, ұрпақтан ұрпаққа түркі өркениетінің толық сақталуын армандаған ақын. М.Жұмабаевтың поэзиясында түркі халықтарының тарихи жеңістері әлемдік тарихқа ықпал еткені белгілі. Ол өз шығармаларында түркілік өркениетті толық сақтауды, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп тапсыруды мақсат еткені қарастырылған. Оның мифпоэтикасы қазіргі түркі әлеміндегі өркениет құндылықтарымен өзара үйлесімділікке бағыттталып, концептуалды, прагматикалық аспектілері түркі өркениетінің негізгі арналарына арналған. М.Жұмабаев шығармаларының түркілік кеңістіктігі өте бай қуатты. Оның шығармалары түркі халықтарының мәдениеттерінде кеңінен таралған мифологиялық көріністерге, суреттерге, жаһандықты сипаттайтын, әмбебаптық құбылыстары аса мәңгілік категория ретінде алынып суреттелінген.

Философ ақын Мағжан – қазақ, түрік халқының өмірлік ұстанымдарын, рухани мұрат-мүддесін, бірлігін жырлаған ақын. Қазақ және түркі халықтарына ортақ ұлттық мәдени дәстүр-салтын, наным-сенімін, ондағы халық тіршілігі мен тынысын, халық шежіресін, халық өмірін, халық тағдырын поэтикалық тілі арқылы жеткізген. Адамзат баласының рухани жан-дүниесіне тәнті ету рухы биік, мойытпас мұң мен сыр шертетін қазақтың асыл ұрпақ әлеміне жетелеп апарар жол Мағжанның поэзиясында жатыр. Қазақ этносының әлем туралы: дүниенің төрт бұрышы, дүниенің тұтқасын ұстау, сегіз қиыр шартарап, түпсіз дүние т.б. түсініктер қалыптасқан. Адамдардың өмір бойы қоршаған орта, тұрмыс-тіршілігі, күн-көріс мәдениеті, яғни дүние туралы жинаған білімі мен тәжірибесі оның танымында әлем суреті ретінде көрінеді. Әлем суреті тұлғаның барлық өмірлік ұстанымына әсер етеді: адамның шындық болмысқа қатысын анықтайды, мінез-құлық, жүріс-тұрысын қалыпқа салады, бүкіл құндылықтар жүйесінің қалыптасуына ықпал етеді, жеке тұлғаның өзін-өзі меңгеру тәсілдерін орнықтырады. Мағжан халық мәдениетінің тарихи ізін ең алдымен рухани байлығымызбен сабақтастырады, ұлттың ұлылығын көрсететін елі мен ел ардагерлерінің қадір-қасиетін өлең арқауына, яғни поэзия әлеміне пайдаланғанынан танып-білуге болады. Мағжан сонау ықылым замандағы ғұндардың көне түркі тайпаларының басын қосып, бүкіл еуроазиялық жазықта ұлы ғұн империясын құруын, соның бір белгісін тарихтың көзі деп Түркістан өлеңінен сезінуге болады. Мағжан: “Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе, Түрікке адамзатта ел жеткен бе. Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял, Тұранның ерлеріне ел жеткен бе!” десе, түрік ақыны Мехмет Юрдақұл «Мен түрікпін, дінім, ұлтым ұлы ғой, Өне бойым жанған отқа толғандай» деп жырлаған еді. Осы өлең жолдарынан екі ақынның да түркі халықтарының арманы мен тарихи мұратының ортақ бірлігін айқындап кеткен.

Мағжанның «Түркістан» поэмасынан 1920 жылдың сәуір айында Түркияның бүкіл әлемге егемендігін паш еткендігі туралы, жеңістің жылы лебін айқын сезуге болады. Поэма түрік халқына тән ерекше бір поэзиялық шабытпен жазылған. Шығармада өз заманында дүниені дүбірлеткен түркілердің өзендері мен көлдері, таулары мен дөңдері жеке бір сұлулық символдары бейнеленген. Тұран жұртының тарихын алақанымызға салғандай сұлу бейнелеген. Мағжанның «Ерте күнде отты Күннен Гун туған, Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам, Жүзімді де қысық қара көзімді, Туа сала жалынменен мен жуғам» деген асқақ та өршіл жырларының рухы бүкіл түркі халықтарына үлкен ықпал еткен еді. Мағжан шығармаларында гун ұрпағымыз деп айтуының сыры бүкіл түркі әлеміне тән ортақ дүниенің бар екендігін, мәдени, рухани сабақтас, тамырластығын басты меже етіп ұстауы деп бағамдауға саяды [4]. Поэмада тұран жұртына былай паш еткен еді:

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,

Түріктен басқа от болып жан туып па?

Көп түрік енші алысып тарасқанда,

Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?, - деп кеудесін мақтаныш кернеген ақын жылы лебізі байқалады.

Поэмадағы негізгі ой – бұл ерлікке, әдебиетке, осынау шексіз байлыққа кейін ие болатынның бірі сенсің, уа, халқым, деп өлеңнің қуатты, екпінді, әсерлі рухымен жалпы түрік халқын өз сөзімен жігерлендірген.

Бір кездері ақын түрік бауырларымызға «...Бауырым, сен о жақта, мен бұ жақта, Қайғыдан қан жұтамыз...» деген болса, қазір құдайға шүкір дейміз, жағдай өзгерді. Тәуелсіз мемлекеттер неліктен жыласын? Шынында да бүгінгі ахуалдарды көріп қуанбау мүмкін емес. Бұдан кейінгі арманымыз бен жалғыз тілегіміз – екі жақтағы қуанышымыздың ұзаққа созылуы. Мұны айта отырып, осы тәуелсіздік таңындағы жарқын күндерді көрмей кеткен, бірақ бұл жолда жанын құрбан еткен арыстарымызды қайғырып еске алуымыз қажет. Батыс пен Шығысты тең көрген Мағжанның жалғыз мұраты бар еді: әлемді жаңарту, адамзаттың пиғылын түзету мен әсемдікке бояу. Ақынның «Жер жүзін топан басса екен» деген өлеңі осындай өлеңдер қатарында.

Мағжанның ойлары мұнымен шектеулі емес. Ол бір ұлттың, өз елінің пайдасын ойлаумен тоқтамайды. Оның саналы отансүйгіштіктік ойларынан шыққан армандары, мақсаттары өте асқақ. Өз халқы жайлы сөз қозғағанда, оның тарихта жүріп өткен сүрлеуін еске алады және бүгінгі күнмен салыстырады. Мұнымен де тоқтамай жалпы түрікшілдік идеясына келеді. Түркі тектес халықтардың болашағынан зор үміт күтеді. Жалпылай шығысты асқақтатады. Ақынның «Пайғамбар», «Күншығыс», «От» тағы басқа бірнеше өлеңінде игіліктің барлығы шығыстан келгендігі, батысты торлаған қара бұлттарды тек шығыстың арайлы шұғыласы ғана сейілтетіндігі түсіндірілген. Ақынның бұл өлеңдерінде туып-өскен жеріне, Шығысқа деген алып махаббаты, перзенттік, патриоттық сезімдері айқын көрінеді. «Күншығыс» өлеңінде:

Қисық көзді Күншығыс,

Бұл тұруың қай тұрыс?

Серпіл енді, алыбым! – деп шығыс халықтарына дауыстап, ойларын әйгілі «Пайғамбар» өлеңінде жалғастырады:

Күншығыстан таң келеді – мен келем,

Көк күңіренеді: мен де көктей күңіренемін.

Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,

Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!

Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры!

Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.

Күншығыста ақ алтын бір сызық бар:

Мен келемін, мен – пайғамбар, Күн ұлы.

Бұл жерде ақын тебіренісінің тегеурінді күші қаншалықты сезілсе, Шығысқа, оның перзенттеріне деген сүйіспеншілігі мен мақтанышы да соншалықты жарқын көрініс тапқан.

Мағжан осы сияқты өлеңдерінде замана шындығын, халықтың басынан өткен тарихи жағдаяттарды баяндайды. Ол Шығыстың, оның ішінде түркі халықтарының өткен тарихына көз жүгіртеді. Бір замандары атақоныс болған жерлерді еске салады. «Түркістан» поэмасынан мұны көре аламыз:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,

Түркістан – ер түріктің бесігі ғой, –

деп басталатын өлең жолдары тарих парақтарына жетелейді. Ежелде Тұран аталған бұл аймақты қоныстанған ұлы бабаларымыздың өмірін көз алдымызға әкеледі. Ақын Тұранның топырағы мен суын, көлдері мен шөлдерін, бұлақтары мен өзендерін, Арал теңізін, Ыстық көлін, Жейхун мен Сейхун дарияларын, Тянь Шань, Памир Алтай тауларын өте сұлу суреттейді. Отаны Тұран болған ер түріктердің төрешілерін, қаһармандарын, ғұламаларын, ел билеген хандарын еске алады. Солайша бірлікте өмір сүріп, жерін жауға бермеген түркі әлемі, қазіргі таңда бірнеше мемлекетке бөлініп отыр.

Көп түрік енші алысып тарасқанда,

Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?, – деген Мағжан, қазақтарды ер түріктердің мұрагері санайды.

Мағжан «Тұран», «Түркістан» деп жырлаған поэтикалық бейнелерде Шығыс әлемі және тұтас түркі дүниесімен мақтан ететінін жырға төккен. Шығыстың және түркі әлемінің өткен тарихына көз салып, ондағы қаншама ерлікке толы, бейбітшілік құшағындағы күндердің мейманы болады. Ол кезеңдерді өз кезеңімен салғастырады. Біраз нәрсе көңіліне қаяу түсіреді. Бір кездері Тұранды жайлаған Ер түріктің бірлігі әлсірепті, әрқайсысы жеке бір мемлекет, бөлек бір халық болған екен. Шығысты мадақтаған өлеңдерінде түркі тектес халықтарды бірлікке шақырады. Сонда ғана батыстан келген зұлматтарға, қауіп-қатерге, патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы төтеп беру мүмкін екендігін түсіндіріп бағады. Оны ақынның «**Орал тауы**» өлеңінен көре аламыз. Барша түркі дүниесінің символы ретінде Орал тауын айрықша ерекшелеген. Өлеңінің әр тармағында тұран жұртының өмір тіршілігін, сенімін, болмысын, түркілердің бұрынғы өмірін айрықша бейнелеп жазған.

«Бір күнде сенің иең түрік еді,
Орын ғып, көшіп, қонып жүріп еді.
Қорықпайтын таудан, тастан батыр жүрек
Қойныңа жайыменен кіріп еді.
Қарашы төңірекке мойын бұрып,
Алтай, Орал бойында тұрған түрік.
Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ
Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп.
Оралдай атамекен жерлеріне,
Қасиетті атаның көрлеріне
Аузы түкті шет елдер ие болып,
Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне.
Атамыз бізді өсірген қайран Орал,
Мойның бұр, тұңғышыңа қайтып Орал.
Қосылып батыр түрік балалары

Таптатап, қолын кесіп, тізгінге орал», -деп түркілердің бұрынғы өмірін аңсайды. Ақынның бұл аңсары біріншіден, шынымен іші ашып, бауырлық сезімінің күшейгенін көрсетсе, екіншіден түркілердің бірталай қателікке бой алдыруы ақынды жабырқатады. Төбесі көк тіреген ақбас шыңдары, қалың нулы қарағайы мен жан-жануарлары, қойнауы алтын мен алмасқа толы байлығы тасыған Орал тауы [5].

Мағжан тау табиғатын сұлу суреттеген. Өлеңде «ер түрік» дегені, түркі әлемі: түрік, қазақ, қырғыз, татар, башқұрт және басқа халықтарды жинақтап сипаттауы. Бір кездері ұлан-байтақ даланың сәні болған осыншама халықтың бүгінгі жағдайын өткен заманның батырларымен теңестіріп, тарихи ақиқатты жайып салған. «Ауызы түкті шет елдер» дегені орыстар мен орыс билігіне арнап өзінің ойын осылай қыстырып жазған. Солардың қысымымен бір кездердегі маңғаз Оралдың да жүзі семді. Өлеңінің соңын барлық тұран жұртын бірлікке шақырған. Біз Ресей билігіндегі түркі елдерімен қатар қазақ жеріндегі түркі ағымы тайпа көсемдері, ұлтқа жанашыр және жергілікті көшбасшылардың қатысуымен Алаштың іс-әрекеттерімен бастамашы болғанын білеміз. Сыни сәттерде туындаған саяси кедергілерге байланысты.

Өз халқының, түркі әлемінің басындағы қайғылы, азапты хәлін шерлі суреттеген Мағжан, өлеңдерін негізінен оптимист ораммен тәмамдайды. Ақынның шабытқа толы жігерлі кейіпкері өте ержүрек, не болса да айтар сөзін бүкпейді. Жүсіпбек Аймауытов 1923 жылғы «**Мағжанның ақындығы туралы**» деген мақаласында: «Өлеңнің тілге жеңіл, құлаққа жағымды болуына Абай да ден қойған. Абай да сөздің мағыналы, екпінді болуына мән берген. Бірақ дауыстап оқуда, сөздің сыртқы формасын әрлеуде Мағжаннан артық ұтымды шыққан қазақ ақыны болмаған. Олай болса ақындық жағынан Абайдан кейін әдебиетке жаңа толқын әкелген, шәкірт тәрбиелеген, мектеп қалыптастырған Мағжан екені даусыз» деп жазады.

Мағжанды өз кезінде түркі халықтары жақсы білген, өздерінің ұстазы санаған. Оның

кез-келген шығармасынан түркілік рух пен жақындықтың, ортақ мүдденің лебізін олар да бұлжытпай таныған. Мағжанды түркі халқы ұстаз тұтуының басты ерекшелігі оның шығармаларындағы ортақ атаулар ғана емес, ортақ арман мен тамыры бір туыстықтың екі халыққа ортақ бірлігін табуға әрекет еткені деп тану керек. Мағжан шығармаларындағы түркі халықтарына тән тақырып ортақтығы, әдеби әлемге әкелген түр, өлеңде өрілген көркемдік жаңалықтары, музыкалық, эстетикалық үйлесімділік пен адам рухына арналған таңғажайып рухтық күш бүкіл адамзаттың арман-мұңы мен аңсау мотивтерінің ортақтығы болып келеді.

М. Жұмабаевтың түркі идеясы тек Қазақстанды ғана емес, бүкіл түркі әлемін де қамтиды. XX ғасырдың басында Орталық Азияның ұлтшыл зиялылары Анадолы аймағында Ануар Паша бастаған тәуелсіздік үшін күресті және кейінгі жылдары Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған ұлт-азаттық соғысты бақылады. Осы қақтығыстардың шиеленіскен жылдарында Батыс БАҚ Түркияны жамандау мақсатында түрлі ақпарат таратқаны белгілі. Осыған байланысты қазақ зиялылары Айқап журналы мен Қазақ газеті арқылы халықпен тақырып бойынша пікірлерімен бөлісті. Өйткені бұл қақтығыс сөзбе-сөз Түркия мен Греция арасында болғанымен, грек армиясының артында бүкіл Еуропадағы империалистік елдер тұрды. Басқаша айтқанда, Еуропа елдері Түркияға қысым көрсетті. Бұл шындыққа бей-жай қарамайтын М.Жұмабаев өзінің өлеңінде алыстағы ағасына Анадолыдағы отандастарының қайғылы жағдайы туралы айтты.

Мехмет Эмин Юрдакулдың «Түрікше өлеңдер» атты кітабында жарияланған Түркі бауырларыма (Türk karındaşlarım) (Yurdakul, 1989: 2), «Түрік сазы» кітабындағы Ұлы халқыма (Büyük Irkıma) (Yurdakul, 1989: 45) мен «Ей түркі оян» кітабындағы Түркі жұртына (Türk Yurduna) (Yurdakul, 1989: 129) атты өлеңдерінде айтылғандай М.Жұмабаев та бұл өлеңінде Анадолыдағы қандастарымызды бірлік пен шыдамдылыққа шақырады.

М.Жұмабаев шығармаларының поэтикалық ерекшеліктерін ашу үшін оның дүниетанымына бойлау, ақыл-ойын қалыптастырған негіздерді саралау, сол арқылы қазақтың өлең өрнегіндегі өзіндік нақышын, даралық ерекшелігін айқындау басты міндет болып саналады. Сөз зергерінің көркемдік жүйесінің қалыптасуында ұлттық дәстүрдің рөлі, фольклор мен жыраулар поэзиясының, сондай-ақ батыс пен шығыс мәдениетінің әсері мол екені белгілі. М.Жұмабаев пен Түркиялық ақындардың арасындағы ортақ тақырыптармен поэтикалық үндестігін сараптау арқылы ұлы ағартушылардың өзгеше көркемдік әлем қалыптастырған даралық сипатын анықтауға болады. Бұл мақалада екі елдің ақындары арасындағы творчестволық, тақырыптық, мазмұндық, идеялық, ұстанымдық және дүниетанымдық сабақтастығынан туындайтын сөз кестелері мен көркемдік амал-тәсілдері мен өлең өрнектерінде бедерленетін қолтаңбаларының ерекшелігін ұлттық болмысында ұқсастық бар екенін көрсетуге тырыстым.

Қорытындылай келе, М.Жұмабаевтың әдебиетімізде алғаш қалам сілтеген түркі тақырыбының халықаралық маңызы жоғары. Бүгінде тәуелсіздігін алған Қазақ елі Түркиямен ынтымақтастық ішінде және екі мемлекет арасындағы достық қарым-қатынастар уақыт өткен сайын нығайған заманда Мағжан жайлы зерттеулер үнемі жаңғыртылу қажет. Себебі, бір Тұран ұранымен әлі бірге иығымызды теңестіріп келе жатырмыз.

Әдебиет:

1. Белинский В.Г. Собрание сочинений в трех томах. М. 1948. т. 3.
2. Жұмабаев М. Шығармалары. А. Жазушы. 1989.
3. Қирабаев С. Шындық және шығарма. Мақалалар мен зерттеулер. А., «Жалын» 1981
4. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/11596>
5. <https://e-history.kz/kz/news/show/33799>
6. Ұлттық поэзия падишасы: Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармагерлігі туралы / Құраст. Ф.Қ. Бектурбекова. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. - 175 бет, суретті. - "Ұлы тұлғалар" Ғылымибиогра-фиялық серия.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ШЫҢҒЫС ХАН БЕЙНЕСІ

Кокбас Жазира, Асан Аяужан

(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

Көркем әдеби шығармаларда тарихи тұлғалар бейнесі аз кездеспейді. Сондай тарихи тұлғаның бірі-Шыңғыс хан. Бүкіл Еуразияны ат тұяғының астында дірілдеткен ұлы хан бейнесі көркем туындыларда екі түрлі кейіпте көрінеді. Бір қаламгер оны ұлы қаған, әділдік жақтаушысы ретінде суреттесе, екінші бірі жаулап алған жерін қанға бөктірген аса жауыз ретінде бейнелейді. Ал осы екі пікірдің қайсысы ақиқатқа жақын екендігін анықтау үшін көркем әдеби шығармалардағы Шыңғыс хан бейнесін жан-жақты талдайық. Ол үшін мына төмендегі сауалдарға жауап издесек жеткілікті. Шын мәнісінде Шыңғыс хан кім? Оның есімі қазақ әдебиетіндегі қандай туындыларда кездеседі?

Жарты әлемді билеп-төстеген, өз есімін дүниенің төрт бұрышына мойындатқан Темучин Есугей батырдың ұлы екендігі белгілі. Ол XII ғасырда Моңғол мемлекетінің шаңырағын алғаш көтеріп, қол астына көптеген тайпаларды біріктірген әйгілі тұлға. Темучин-әскер тактиканы шебер меңгерген қолбасшы. Сонымен қатар шебер ұйымдастырушы. Оның есімі тарихта Шыңғыс хан деген атпен қалған. Шыңғыс сөзі моңғол тілінен аударғанда «чингиз»-«жеңіс» деген мағынаны білдіреді. Ол басқа әміршілерден біртұтас империя құра алуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар тарихшылардың айтуынша, атақты қаған өзіне бас имегендерге аса қатал болған. Сатқындықты еш уақытта кешірмеген. Оның бұл қасиеті М.Шахановтың *«Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғыс ханның қателігі»* дастанында өзіне қақпаны ашып берген, алайда сол арқылы өз еліне сатқындық жасаған Қарашоқыны Қайыр ханның жазаға тартуына мүмкіндік бергенінен көрінеді. Осы сөзіміздің дәлелі ретінде дастаннан үзінді келтірейік:

...Қайғылы әрі күлкілі.

Қайран аңқау, дара тұлға,

Аңғармапсың қанатыңа жасырынған түлкіні.

Өрлігіңе осы болсын сыйлығым,

Саған қидым бұл сатқынның билігін...[1, 25 б.]

Ақын осы жолдар арқылы Шыңғыс ханның аяр да айлакер, мейірімсіз екендігін дәл бейнелейді. Одан әрі ақын қағанның бұл әрекетін опасыздардың ешкімге опа бермейтіндігін, бүгін саған біреуді сатқан адам ертең өзінді де сатып кететіндігін Шыңғыс ханның сөзі арқылы жеткізеді:

...Опасыздық жасадың ба еліңе,

Ертең саған мені сату түк емес...[1, 25 б.]

Алты ай бойы жеңілмеген Отырарды алты-ақ күнде жермен-жексен еткен Шыңғыс ханның бейнесін ақын жауыз ғана емес, өте ақылды адам ретінде де бейнелейді. Оның ақылдылығын ұлына айтқан кеңесінен, күшпен емес, айламен алу керектігін айтуынан байқауымызға болады.

...Жауың мықты, бұған сірә, таласпан.

Әр мықтының осал жері болмай ма?

Болса қайсы? Оған бастар жол қайда?

Ал бұл сұрақ жүру керек әр кез сенің ойында,

Менің күллі жеңісімнің құиясы осында,- [1, 23 б.]

деген жыр жолдарынан алынған үзіндіден Шыңғыс бейнесі қара күштің ғана емес, ақыл мен айланың да эталоны болғанын анық байқаймыз.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Ә.Кекілбаев та Шыңғыс ханды

қаламына арқау еткен. Ол «Ханша-Дария хикаясында» Шыңғыс хан тұлғасына қатысты аңызды негіз етіп алады. Бұл аңыз моңғол тарихшыларының болжамынан алыс кетпейді. Себебі, Шыңғыс ханның өлімі туралы тарихшылар сан түрлі пікір айтады. Бір деректерде үнді елінен жорықтан келе жатып, ауырып өлгені айтылса, енді бір деректерде Арбух тауында құлан атып жүріп, аттан құлап өліпті,- дейді. Ал моңғолдың кейбір тарихшылары Таңғұттың асқан сұлуы Гүрбелжіннің қолынан өлді деседі. «Ханша-Дария хикаясында» автор соңғы дерекке сүйеніп, моңғолдардың ауыздан-ауызға жеткен аңызын негізге алған [2, 318]. Шығармада тарихи дерек нақты суреттелген деп айта алмаймыз. Автор Шыңғыс ханның әлемді тітіренткен қаталдығы мен жауыздығына байланысты аңыздарды ой сүзгісінен өткізе отырып, өз мақсатына орай жаңғырта, жетілдіріп пайдаланған. Шығармада арпалысқан айқас та, кескілескен шайқас та суреттелмеген. Ә.Кекілбаев ой ағымы, психологиялық талдау арқылы оқырманды терең тебіреніске жетелеп, зұлымдық пен жауыздық, тәнқұмарлық пен қанқұмарлық жайында сыр ұқтырады. Автор Шыңғыс хан бейнесі арқылы тәкаппар көңіл, зұлымдық әрекет өз кезінде толағай жеңіске жетіп, белгілі уақытта шалқып өмір сүргенімен, түбінде жеңіліс табатынын, халық қарғысына ұшырайтынын, бір зауал ұратынын ұқтырады. Міне, атақты тұлға туралы жазылған «Ханша-дария хикаясындағы» ой түйіні осыған тіреледі. Қаламгер жарты әлемді қанға бөктіріп, таңғұт сияқты тұтас бір халықты тарих сахнасынан біржолата жойып жіберген ұлы әміршінің ажалын сол халықтың арлы өкілінің қолынан келтіреді. Таңғұт халқының еркек кіндіктісі түгел қырып, әйел, қыздарын хан сарбаздарының мазағы мен күңіне айналдырған әміршінің ақырын абыройсыздықпен келтіреді [2,700 б.]. Сол арқылы жауызға әділ үкім айтады. Автор көнеден жеткен аңызға философиялық мән, терең астар бере отырып, әйелге тән құдіретті көрсетеді. Гүрбелжін бейнесі арқылы туған халқына, ақ некелі жарына адалдық, еліне деген сүйіспеншілік, отансүйгіштік қасиеттер дәріптеледі.

Шыңғыс хан туралы шығарманың бірі – Тұрсынхан Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы» деп аталатын романы. Бұл романда Шыңғыс ханның басты қарсыласы болған найман тайпаларының әлсіреу кезеңі арқау болған. Енді ғана ұлы қағанат құрған Шыңғыс хан еліне бірден-бір қауіп төндіруші ел осы Наймандар мемлекеті еді. Бұл кезеңде олар өте күшті мемлекет болған. Алайда осы күшті мемлекетті Керей тайпасымен арасында орын алған алауыздық әлсіретіп жіберді. Өйткені Шыңғыс хан екеуінің арасындағы керісті өз мүддесіне пайдаланып, күші әлсіз болса да екі мықты хандықты айламен жеңді. Ол өз жағына Керейлерді тартып, оларды айламен өзіне борышты етіп қояды. Бұл романда Шыңғыс бейнесі ұнамсыз, айлакер образ ретінде суреттелген. Роман атауындағы көк бөрілердің көз жасы-наймандардың көз жасы екендігін көзі қарақты оқырман анық аңғарады.

Бұл романда автор Шыңғыс ханның айлакерлігін, ақылдылығын мына үзінді арқылы көрсетеді: «*Темүжін де айлалы. Сол кеткеннен мол кетіп, қыс өтіп жаз шыққанға дейін ат ізін салмай жатып алды. Ондағысы Керей ақылына келсін, бір ауық оң солын байқап, өзінің оқшау тұрғанын, дәл қазір сүйеніш болса, осы Моңғол болар деп, соған көзін әбден жеткізсін дегені еді*» [3, 85].

Романның өн бойына көз жүгіртсек, Шыңғыс ханның Керейлердің сеніміне әбден кіргенін байқаймыз. Себебі, Керей ханы Оң хан Темуджинге қатты сенеді және оған өкіл әке болады. Алайда, бұл Оң ханның ұлы Саңгүнге ұнамайды. Ол бұл жаулығын ешкімнен жасырмайды. Ал Шыңғыс хан айлаға салып бұл сырын ешкімге аңғартпайды. Осыдан-ақ болашақ ұлы әміршінің қыртыс-қатпары мол тұлға екендігін аңғарамыз.

Екі хандықтың арасында достық бақай есебі бар. Олардың қай-қайсысы болмасын өз пайдасын ойлайды. Сол сияқты Шыңғыс хан да Керейлерге бекерден-бекер жақсылық жасамайды. Оның жасаған жақсылықтарының артында белгілі бір есеп бар. Оның бұл есебін тіпті айналасындағы адамдар да сезбейді. Бұл оның әріден ойлайтын көргендігін де танытады. Бұл жайында романда: «*Темүжін, осы жолы да түскен*

олжаның бәрін Оң ханға сыйлады. Оның бұл жомарттығының сырын түсінбеген кейбір кісілер беталды қоңқылдап: «Темүжін бар олжаны аузымыздан жсырып Оң ханға беріп жатыр, өз ағасын ағалай алмаған, кісі ағасын жағалай алмайды, мұнысы не?» – деп елді дүрліктірмек болды. Сонда Мұқали балуан: «Керейге кеткен еш кетпейді, ертең айналып келіп өз уысыңа түседі», – деді. Ақыры соның айтқаны келді... [3, 86].

Шыңғыс хан осындай мықты есебінің арқасында ұлы әміршіге айналды. Ол наймандарға жау есебінде суреттелсе де, өз елін бақытқа жеткізуді аңсаған кейіпкер екендігін автор да мойындайды. Оған дәлел шығармадағы мына үзінді: «– Ежелден Алтайдың күн бетін көрмеген біз де ақымақ екенбіз. Сөйтсек, аспан асты кең екен, алуан-алуан ел екен, Енді ат бауырын жазып, алыс-алысқа шеру тартатын, тамам Моңғол-керейдің аламанын артымнан ертіп, ат бауырын жазып, алыс-алысқа шеру тартатын, жау түсіріп, олжа салатын, өзгелердің қамбаларын сарқып, салтанат құратын кез жетті. Моңғол-керей жұрты ендігіде Бұрхан мен Қарақорым тауының тағысындай табанын жалап күн кешпейді...[3.96]

Көркем әдеби шығармалардағы Шыңғыс хан бейнесін талдай отырып, оның сан қырлы бейне екендігін танимыз. Ең алдымен, бытырап жүрген Моңғол тайпаларын бір тудың астына біріктірген ұлы әмірші.

Екіншіден, ақыл мен айланы жанына серік еткен тұлға. Ол сонысымен кей кезде өз ашу-ызасын асқан сабырлықпен тежей білген. Мәселен, саят құрып жүргенде Оң ханның ұлының бүркіті итін жазым етсе де ол ашуға бой алдырмай, Саңгүннің көздеген жаулығын болдырмай тастады. Бұдан оның бойынан тек сабырлық қана емес асқан көрегенділікті де байқауға болады.

Үшіншіден, ол қаталдық пен қатігездікті, әділдікті тең ұстай білген жан.. Міне, осындай қасиеттері оны ұлы әмірші деңгейіне көтерді. Басқаларды онымен санасуға мәжбүрледі. Сондықтан қазақ әдебиетіндегі Шыңғыс хан бейнесі-терең философияға негізделген көркем бейне.

Әдебиет:

1. Шаханов М. Ғасырларды безбендеу. – Алматы: Жазушы, 1988. – 250.
2. Кекілбаев, Ә. Ханша - Дария хикаясы. – Алматы: Атамұра, 2003. – 318.
3. Зәкенұлы Т. Көк бөрілердің көз жасы. – Алматы: Олжас, 2002. – 550.
4. Әбдәзұлы, Қ. Тарихи тұлғалар және қазақ әдебиеті : Оқу құралы / Алматы : Қазақ университеті, 2004. – 700.

МАҒЖАННЫҢ «ОРАМАЛ» ӨЛЕҢІНДЕГІ СИМВОЛ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ШЫНДЫҚ

Қайырбек Кемеңгер

(Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., қауым. профессор)

Астана қ., Қазақстан

KKemenger@mail.ru

Аннотация: Мақалада өлең сөзінің табиғаты, лирикалық туындыдағы символ бейнесі талданады. Көркем шығармадағы символ балама бейнесінің қолданылу жолы айқындалады. Ғылыми теориялық тұжырымды ой қазақ сөз өнерінің көрнекті зерттеушісі, академик З.Ахметов еңбегі, сондай-ақ ұлттық әдебиеттану бойынша жазылған энциклопедиялық жинақ арқылы ашылады. Алаштың айтулы ақыны М.Жұмабайұлының «Орамал» өлеңінің жазылу тарихы, әлеуметтік себебі, жарық көру мезгілі көрсетіліп, автордың орамал символ бейнесін сәтті қолдану сипаты айшықталады. Аталған өлеңнің Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде 1916 жылғы патша жарлығына қарсы шыққан халық дүмтүі секілді тарихи оқиғаға қатысты жазылғаны, орамал символы арқылы қазақ келіншегінің майдандағы жұмысқа аттанып кеткен азаматына деген ыстық сағынышы, мөлдір махаббаты, қимас сезімі берілгені пайымдалады.

Кілт сөздер: көркем әдебиет, поэзия, лирика, символ бейнесі, М.Жұмабайұлының шығармашылығы, З.Ахметовтың теориясы.

Аннотация: В статье анализируются особенности стихотворения как искусства, образ символа в лирическом произведении. Определяется способ применения альтернативного образа символа в

художественном произведении. Научно-теоретическая мысль раскрывается на основе труда выдающегося исследователя казахского словесного искусства академика З. Ахметова, а также на материале энциклопедического сборника по национальному литературоведению. Исследуются история написания стихотворения «Орамал» (Платок) известного казахского поэта периода «Алаш» М. Жумабайұлы, социальная причина, время рождения стихотворения. Раскрывается характер успешного использования автором изображения символа платок. Следует отметить, что данное стихотворение было написано в связи с таким историческим событием, как народное восстание, произошедшее во время Первой мировой войны среди казахского населения против царского указа 1916 года. Через символ платка было передано горячее чувство ностальгии, искренность любви, чувства казахской женщины к супругу, отправившемуся на фронт.

Ключевые слова: художественная литература, поэзия, лирика, образ символа, творчество М. Жумабайұлы, теория З. Ахметова.

Abstract: The article analyzes the features of a poem as an art, the image of a symbol in a lyrical work. The method of applying an alternative image of a symbol in a work of art is determined. The scientific and theoretical idea is revealed on the basis of the work of the outstanding researcher of the Kazakh literary art, academician Z. Akhmetov, as well as on the material of the encyclopedic collection on national literary studies. The history of writing the poem "Oramal" (Shawl) by the famous Kazakh poet of the "Alash" period M. Zhumabayuly, the social reason, the time of the birth of the poem are studied. The nature of the successful use of the image of the scarf symbol by the author is revealed. It should be noted that this poem was written in connection with such a historical event as a popular uprising that took place during the First World War among the Kazakh population against the royal decree of 1916. The ardent feeling of nostalgia, the sincerity of love, the feelings of a Kazakh woman for her husband, who went to the front, were conveyed through the symbol of the headscarf.

Key words: fiction, poetry, lyrics, image of a symbol, creativity of M. Zhumabayuly, theory of Z. Akhmetov.

Өнер алды – қызыл тіл болғанын қазақ халқы ежелден бағаласа, өнер атаулының құдіреттісі – сөз өнері екенін ұлттық әдебиеттануда «Әдебиет танытқыш» еңбегімен ғылыми тұрғыдан тұңғыш дәлелдеген Ахмет Байтұрсынұлы [1]. Ал сөз өнері ішінде поэзия жанрының санаға емес, алдымен жүрекке әсер етіп, оқырманды рухани-эстетикалық ләззатқа бөлейтіні шындық. «Осы тұрғыдан алып қарағанда, поэзия – көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ озық түрі, сөз өнерінің өзгеше бір өрнегі» [2, 380],- деп тұжырымдады өлең сөздің теориясын терең зерттеген академик З.Ахметов. Өлеңнің одан кейін бір құдіреті ретінде тәрбиелік маңызын ескереміз. Поэзияның тәрбиелік мәні болмаса, оны мектепте неге оқытады дейміз. Өлең оқырманның, әсіресе жас оқырманның бойында дамытушылық мақсат атқарады. Өлеңді көп оқыған, көп жаттаған баланың есте сақтау қабілеті артады. Және өлең оқырманға ақыл айтады, білімге білім де қосады. Ол – оның танымдық-дидактикалық жағы. Яғни өлеңге жақын адам тәрбиелі де білімді, талапты да талғампаз, сезімтал, мәдениетті, сұлулық қадірін түсінетін жан-жақты болады. Осы орайда өлеңнің ең басты міндеті, адам баласына қажетті құнды қасиеті – оқырманға эстетикалық ләззат сыйлау қызметін ерекше ескереміз. Себебі өлең – сұлулық әлемі. Өлең жеке адамның жан дүниесін де, кірлеген қоғамның ішін де антивирус іспетті тазалайды.

Поэзияның тылсым табиғаты туралы З.Ахметов мынадай тұжырым жасайды: «...поэзиялық шығармада типтік ерекшеліктер де, сондай-ақ жекелік, даралық ерекшеліктер де екшеп, ажыратып алып, қайта қосып қойғандай әлдеқайда көрнеу тұрады. Өмір шындығы ақынның, суреткердің көркем ой көрігінен өтіп, оның эстетикалық талғам-талабына сай қорытылып шыққанда ғана поэзиялық шындыққа айналады» [3, 243-244].

Өмір шындығын көркем шындыққа айналдырғанда суреткердің көркем ой өрісі, парасат-пайымы, эстетикалық талғамы, білімі мен білігі ескеріледі. Кез келген белгілі поэзиялық туындының жазылу тарихы, автордың сол шығарманы өмірге әкелгендегі көңіл-күйі, тағдыры, қоғамда орын алған саяси-әлеуметтік ахуал, тарихи жағдай сынды мәселелер назарға алынады. «Көркем шындық сондықтан әйтеуір бар нәрсе, тек өмірде болатын, не болған нәрсе емес, ақынның жан дүниесінің жарқын сәулесімен нұрланып шыққан, оның ақыл-парасатынан, шабытты, асқақ арманынан қуат алып, құлпырған, әдемілік-сұлулыққа ынтық эстетикалық сезімінен нәр алған өмір шындығы. Ол – өмір құбылыстарының ішкі сырын, мәнін терең ашып беретін, солардың сипат-қасиеттерін, типтік тұрғыдан талғап, саралап көрсететін шындық» [3, 244], - деп тұжырым жасайды З.Ахметов.

Қазақ өлеңінің дамуына зор үлес қосқан, заманында және өзінен кейінгі тарихи кезеңде ұлттық поэзияның өркендеуіне шығармашылығымен тегеурінді ықпал еткен, көркем бейнелеудің қайталанбас жарқын үлгісін танытқан, ақындық мектеп қалыптастырып, әдебиет аспанында шолпан жұлдыздай жарқыраған тұлға – Мағжан Жұмабайұлы (1893-1938). Алаштың айтулы ақынының шығармаларында күрделі кезең шындығы асқан шеберлікпен көркем бейнеленген. Мағжан ақын өлеңдерінде бейнелеудің сан алуан үлгісін көреміз. Соның ішінде символ бейнесіне ерекше көңіл бөлгенін бір шығармасы арқылы тани аламыз.

М.Жұмабайұлының Бірінші дүниежүзілік соғыс әсерімен жазылған көркем туындысының бірі – «Орамал» өлеңі. Ақын шығармашылығын зерттеген замандасы, тағдырын да талантты да жетік таныған алаш қаламгері Ж.Аймауытұлы бұл өлеңді 1916 жылғы патша жарлығынан кейін жазылған туынды деп біледі [4, 152]. «Орамал» – патшаның 1916 жылғы маусым жарлығынан кейін жазылған. «Қазақ» газетінде (1917, 16 ақпан, № 218) басылып шыққан. Кейін ақын бұл өлеңін Қазан және Ташкент жинақтарына енгізген» [5, 197],- деп көрсетеді М.Жұмабайұлы өлеңдерін құрастырушылар. «Орамал» өлеңінің жазылу себебін Мағжанның өмірі мен шығармашылығын терең зерттеген әдебиеттанушы ғалым Ш.Елеукенов былай түсіндіреді: «Патшалық 1916 жылғы қазақ даласындағы көтерілістен соң көп ұзамай өрем қапты. Көтеріліс дүрбелеңі Мағжан жүрегін жанамай өткен жоқ. Өзінше үн қосты. Соңғы жылдары тапқан бір тәсілі – жанын толқитқан оқиға символын тауып алады. Халық мұңын майданға жіберілген жарын сағынып, орамалға кесте тігіп отырған әйел сезімін бейнелеу арқылы жеткізіп, «Орамал» атты өлең жазды» [6, 25].

Мағжан – қазақ әдебиетінде символизм әдісін берік орнықтырған, кейінгі ақындарға бұл бағытта үлгі бола білген ұстаз суреткер. Ойындағысын символ арқылы емеуірін танытып жеткізгісі келген ақынның бұл әдіске құмартуының объективті себебі бар дей аламыз. Ең алдымен, жұртым деп соққан жүрегі патша тұсында еркін жырлай алмады. Көңілдегі көркем ойын тура білдіруге цензура кедергі жасады. Ақынның 1912 жылғы «Шолпан» өлеңдер жинағындағы реакцияшыл ойларды аңғарған патшалық цензура ақын соңына шырақ алып түсті. Цензура кесірінен ақын Уфадағы «Ғалия» медресесіндегі оқуын аяқтай алмай, Омбыға кетуіне мәжбүр болды. Осындай жағдайда әдебиеттегі қолтаңбасын қалыптастыра бастаған талантты ақын символ, ишара, мысал арқылы ойын тұспалдап, жасырып жеткізуді тілегендей. Мысалы ақын өлеңдерінде жел – еркіндіктің, қара бұлт – отаршылдықтың, боран – адасқан жолдың, күн – оқудың, гүл – нәзіктіктің, ай – мәңгіліктің, шолпан – үміттің, түн – қараңғылықтың, мола – жалғыздықтың, ту – жеңістің, теңіз – шексіздіктің, дария – ұзақтықтың, толқын – алмасудың, жапырақ – жас ұрпақтың символын байқатады.

Осындай әдіспен ақын Бірінші дүниежүзілік соғыс қасіретін орамал символы арқылы жеткізген. Өлеңдегі лирикалық кейіпкер майданға аттанып кеткен жарына кестелі орамал тігіп отырып, басындағы қайғысын, қимас сезімін баяндайды. Алаң көңілді келіншектің жанына қайғы батады, жүрегіне у толады. «Күз сарғайтты қайынды, // Мен де бірге сарғайдым» [5. 30], - дегенде, ақын психологиялық параллелизм тәсілін сәтті қолданады. Қасірет жұтқан қайғылы жардың көңілі күздің күніндей салқын, сүреңсіз. Күздегі қайың сарғайса, оның да жаны сағынышқа толады. Жағдайы тоңған сол қайыңдай аянышты, дәрменсіз. Байқасақ, ақын ер азаматын сағынған әйелдің жағдайын суреттегенде, құлпырған көктемгі мезгілді, жайнаған жазғы шуақты жайлауды, бұлбұл құсы сайраған бақшаны емес, жан тоңдырар күзгі кезеңді, табиғаттың сүреңсіз маусымын суреттейді. Сол арқылы оқырманға кейіпкердің көңіл-күйін дәл жеткізіп, шығарма әсерін күшейтеді. Өлеңдегі қара бұлт жапты айымды дегенінде де ай символының сәтті берілгенін аңғарамыз. Ай – Мағжан өлеңдерінде жиі суреттелетін көркем образ. Ол жол сілтейтін, жарығын төгетін, адастырмайтын аспан денесі. Қараңғы түнді жап-жарық ететін жарық сәуле. Бұл өлеңде келіншек айдың бетін қара бұлт жапты, яғни басына қиын заман орнады, сүйген жарынан айырылды дегенін айтады. Сүйген жарын отарба алып кеткеніне төрт ай толған екен. Ол

уақыт ішінде көрген күні күйікке, сағынышқа толады. Және бір байқайтын жағдай, ақын әйелдің жарын айырған отарбаны өкірген деп суреттейді: «Жарымды өкіріп отарба // Қанды жаққа әкетті» [5. 30]. Әлбетте өгіз өкіреді, адам да өкіріп жылайды. Алайда бұл суретте темір отарба, адамды жылатып, сүйген жарынан айырған көлік тірілген кейіпте көрсетіледі.

«Елін ойлап қамығып,
Жүрегі толып дерт-шерге,
Жүр екен жаным жабығып
Осы күні қай жерде?» [5, 30].

Сүйген жары елін ойлап қамығып кетті дегенінен автордың Бірінші дүниежүзілік соғысқа көзқарасын аңғарамыз. Байқасақ, кесте тігіп отырған әйелдің майданға кеткен жары елін ойлап аттанған. Бұл маңызды шешімге ол саналы барған. Патша жарлығына бағынып, жанын қатерге төндіріп окоп қазуға кеткен қазақ жігіті елдің қамы үшін қасірет шеккен. Кейіпкердің осы сөзінен Мағжанның соғысқа қазақ жігіттері не үшін барғанын түсінгендігін ұғамыз. Өлеңде соғыстың қасіреті бейнелі тілмен суреттеледі. Автор ол үшін орайлы теңеу, метафораны сәтті пайдаланады. Ол қан майданды жарқ-жұрқ еткен бейнеге, оқ пен жарылыстан құралған сансыз көзі бар жынның ұясына теңейді. Сүйгенінің мүшкіл жағдайын қасында жанашыр жақыны жоқ, жалғыз ба екен, аш па екен, жүдеу ме екен деп тебіреніспен суреттейді. Қиналған жарына кең дүние тарылып, жалған өмір тозаққа айналды ма дегізеді. Үстіндегі киімі солдаттың формасы ма, сымдай сымбатты түрде ме, қолында күрек ұстап жүр ме деп те толғанады. Сол күрегімен ор қазып жатыр ма екен. Ол қазған оры жауына арнала ма, әлде өзіне бұйыра ма деп те қиналады. Қайғы жұтып, тебіреніс үстінде отырған бейбақ келіншек қолындағы жібек орамалмен, тігіп отырған бізімен тілдеседі. Жібек жібіне «орала бермеші қолыма», бізіне «тезірек жүрші», «орамалды сүйген жарыма жылдам бітіріп берейінші» деп жалынғандай күй кешеді. Сол жібек орамал аяқталып бітсе, бойындағы қасіреті тарқап, күдігі сейіліп, арманы орындалғандай сезіледі. Сүйген жарына деген ыстық махаббаты, қимас көңілі бір уыс жібек орамалда жиналып қалғандай. Сондықтан ол тағы да:

«Қайғыдан өлсем арман жоқ,
Ақіреттік жолдасым.
Көзімде жас қалған жоқ,
Кестеге сінді бар жасым» [5, 31],-

деп осы қазір қасіреттен көз жұмса, о дүниеде жолдасымен қосылатынына кәміл сенеді. Жарымен бір болу үшін арман жолында бақиға аттанып кетуге де дайын екенін білдіреді. Көзінде тамшы жас қалмаған, өмірден баз кешіп отырған бейшара жанның сағынған жарына кестемді қолыңа алғаныңда менің қалай күткенімді түсінесің деп толғанады. Өзін сорлыға теңеп отырып, сүйген жары «сәулежаным» деп көзін сұртетін шығар дейді.

Он төрт шумақтан тұратын өлең жеті буынды шалыс ұйқас үлігісінде жазылған. Өлеңде ақын негізі фольклордан бастау алатын қайталау тәсілін орайлы пайдаланады.

«Қасірет батты жаныма,
Уға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп?» [5, 31],-

деп дәрменсіз әйел үш мәрте қайталайды. Өлеңнің басында, ортасында, соңында осылайша үш рет қайталау арқылы ақын айтқысы келгенін әсірелейді, сөздің әсерін күшейтеді, кейіпкер сағынышын ұлғайтады. Негізгі идеяны сол шумақ арқылы жинақтап жеткізеді.

«Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығында лирикалық туынды табиғатына мынадай анықтама берілген: «Кез келген сезіну мен толғаныс лириканы тудыра алмайды, әлеуметтік толғаныстар лириканы тудырады. Эпика жанры баяндауға негізделсе, лирикалық шығарма адамның түрлі құбылыстан алған әсерін бейнелеп жеткізу шеберлігімен ұштасады» [7. 351]. «Орамал» лирикалық шығармасының жазылуына Мағжан өмір сүрген кезеңдегі әлеуметтік толғаныстар ықпал еткенін түсінеміз. Өлеңде сүйген жарын сағынған зарыққан әйел мен майдан жұмысына аттанып кеткен қазақ жігітінің

ақыры қосылғаны, не қосылмағаны туралы айтылмайды. Лирикалық туындының осылайша жұмбақ күйінде қалғаны оның көркемдік-эстетикалық әсерін төмендетпейді. Шағын өлеңнің ішінде екі сүйгеннің қосылуын көрсетуді Мағжан мақсат етпейді. Орамал символымен автор екі адам арасындағы шынайы сезімнің, риясыз махаббаттың, қимас көңілдің, қайғыға душар болған көңілдің, сарғайтқан сағыныштың, үзілмеген үкілі үміттің, берік сенім мен серттің, адалдықтың нышаны мен белгісін байқатқан.

Әдебиет:

1. Байтұрсынұлы Ахмет. Шығармалары – Сочинения. Он екі том. Әдебиет танытқыш. Қазақ тілінде / Ахмет Байтұрсынұлы. – Астана: «Алашорда» ҚҚ, – 2022. Т. IX: – 592 б.
2. Ахметов З. Асыл сөз арнасы: Зерттеу, сұхбат, сын // Құраст. Оразбек М., Зәкиұлы М. – Алматы: «Арда», 2008. – 400 бет.
3. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы // Кітапта: Классикалық зерттеулер: көп томдық. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2013. Т. 15: Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов. Әдебиет теориясы. – 412 бет.
4. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-т. – Алматы: Ғылым, 1996. – 304 б.
5. Жұмабаев М. Шығармалар. 3 томдық, 2-т. – Алматы: Білім, 1995. – 208 б.
6. Елеуенов Ш. Мағжан (Өмірі мен шығармагерлігі). Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1995. – 384 бет.
7. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. 576 б.

М.МАҚАТАЕВ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ СИНОНИМ СӨЗДЕРДІҢ МАҚСАТТЫ (СТИЛЬДІК) ҚОЛДАНЫЛУ

К.Р.Қазақбаева

(Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті)

Тілімізді байытатын, сөздік қорымызды молайтып тереңдете түсетін мағыналы сөздердің бірі- синоним екені баршамамызға мәлім. Ғалымдарымыз синонимдерімізді жан-жақты зерттеп, құнды пікірлер айтты. Ғалым Ә.Болғанбаевтың айтуынша: «Синонимдер дегеніміз – әр түрлі айтылғанымен, мағынасы жақын, бірақ әрқайсысының өздеріне тән не мағыналық, не стильдік, не эмоциялық сәл ерекшеліктері бар бір сөз табынан болған сөздер».

Тілімізде синонимдердің мол болуы- сол тілдің байлығының, оралымдылығының,көріктілігінің, мәнерлілігінің бірден-бір көрсеткіші. Синоним сөздердің стильдік мәні де ерекше болады.

Олар- ойды қайталамаудың негізі ғана емес, суреткердің көркемдеу құралы. Синонимдер көркем әдебиет тілінде өте көп қолданылып, суреткер ойын терең де мағыналы сөздер арқылы жеткізеді. Кез келген жазушы не ақын, бір сөзді бірнеше рет орынсыз қайталап қолдана берсе, онда көркем дүние оқырманына жетіп, көкірегіне ой салуы қиын болар еді. Тұлғалары бөлек, мағыналары жақын болып табылатын синонимдер- поэзия тілінің ең бір қажетті құралы. Ақынның көкірегінде сайрап тұрған шындықты, шынайы, көркем етіп жеткізу үшін қажет сөзді таңдап, орынды қолдана білу де оның шеберлігінің бір қыры. Синонимдер- прозалық шығармаларда, поэзияда өте жиі қолданыстағы актив сөздер.

Профессор Р.Сыздық синонимге көркем сөзде қолданылу ерекшелігіне қарай мынандай анықтама береді. «Синонимдер дегендер – тек мағыналас – (мәндес) келген сөз қатарлары ретінде лексикалық категория ғана емес , қолданыста, әсіресе көркем сөзде ең қуатты, икемді, актив стилдік құрал. Синонимді көріктегіш қызметте жұмсау әсіресе поэзияда кең орынды алады. Жұмсалу тәсілдері, орындары сан алуан: синонимдік қатардан сол орында (сөйлемде, абзацта, шумақта) айтылмақ ойға ұтымды келетін варианты алынады, ол ұтымдылық сөздің модальдық реңкіне тіркесу қабілетіне, айналасындағы сөздер мен дыбыстық үндесуіне қарай жұмсауына байланысты».

Олай болса, синонимдердің көркем шығармада айрықша көрінетін, өлеңге әр түрлі

реңк беретін ұтымды көріктегіш құрал негізінде де жұмсалатынын байқауға болады. Жалпы, Мұқағали Мақатаев поэзиясында синонимдер стильдік құрал ретінде мол жұмсалған. Оның лирикасының қайсысын алсаңыз да ой жұтаңдығы тіл әлсіздігі тіпті көрінбейді. Осы айтылған тұжырым Мұқағали лирикасындағы синонимдерге тікелей қатысты. Ақын лирикасындағы синонимдер сөз табының барлық түрінен жасалған. Соның ішінде етістік синонимдер қимыл-әрекетті суреттеуде жұмсалған көріктеу құралы болып табылады. Адамның жеке басындағы әр түрлі қасиеттерді көрсетуде зат есім синонимдер ұтымды берілген. Сонымен бірге персондық сын есім синонимдер (дос, құрбы, жолдас) қолданылады.

Субстантивтенген сын есім синонимдер көбіне адам қарекетіне байланысты айтылатын, ойды жинақтайды. Дәмдес, дастархандас болып бірге жүрген адамдардың сыртын ғана емес, ішін танытуда синонимдер өте дәл жұмсалған. Бұл синонимдердің жасалу жолдары да әр түрлі. Түбір күйінде грамматикалық формалар арқылы берілген. Жалғанған жұрнақ, жалғаулар да синонимдерге айрықша мағына, мән беріп ойды нығыздай түседі. Сөздерді байланыстырушы шылаулардың қызметі де айқын көрінеді.

Біздің мақсаттарымыз- ақын тіліндегі синонимдердің саны емес, оның қолданылу мүмкіншілігі, мағыналығы, тіркесімділігі, оралымдылығы, стильдік бояуы, образ ашудағы қызметі қаншалықты, соларды дәл тауып, нақтылып жеткізіп бере алуымызда. Енді ақын лирикасындағы синонимдерге мысал келтірейік;

Бал арадай шықпайтын айналаман,
Бауыр, жолдас, дос, құрбы қайда қалған?»
Қысылтаяң кездерде пайдаланған,
Жоқты қуған, қайдасың,
Қайран арман?

(Қапелімде байқамай жүргенмін бе?)

Бұл шумақта қатар тізбектелген персондық синонимдік қатарлар берілген. Синонимдердің бір сөз табынан болатынын ескерсек бұлардың бәрі түбір зат есім синонимдер. Ауызекі тілде, әдеби тілде үнемі қолданыстағы негізгі доминант сөз-жолдас. Синонимдік қатардағы сөздердің біреуін таңдап алу ақынның айтпақ ойын дәл беру, ұсынылатын бейнені әсерлі етіп шығару сияқты шарттарды жүзеге асырады.

Өлеңнің басты екі тармағы дыбыстық аллитерацияға құрылған. Дыбыс тек ырғаққа байланысты емес, оның мәтін ішінде көркемдік – бейнелеушілік қызметінің көрінуін ақын өлеңдерінен айқын көреміз. Дыбыс әуезділігі, дыбыстар гармониясы, яғни эвфония өлеңдегі көріктеу құралы екенін ұмытпағанымыз жөн. Ақын тарығып жүргенде қасынан табылатын, пайдаланаған достарын іздейді. Достарым қайдасың деп бір сөзбен айтқаннан гөрі мағыналы сөздер өлеңнің әсерін күшейтіп, стильдік бояуын айқындай түседі. Синонимдік қатар түзіліп, өлеңге үстеме мағына беріп тұр.

Ақын ойын синонимдер арқылы бере отырып, өлеңге ерекше реңк үстейді. Бұл синонимдердің стильдік қызметі де айқын.

Мұң мен зарға ондайда шаң қаптырып,
Қайғы деген қаншықты қан жаптырам.
Ұры- уайым тиер деп қай жағымнан,
Секем алған киіктей аңдап тұрам.

(Өмір дейтін).

Адамның көңіліндегі жайсыздықты беру үшін мұң, зар, қайғы синонимдік қатарды алған. Үшеуінің де өлеңдегі қызметі нақты беріліп, ақынның жабырқаған, өмірден тарыққан сәттері айқындалған және үдемелетіп үйлесім тауып жұмсалған.

Мұң- жеңілдеу айтылса, зар мұңға қарағанда салмағы басымдау, ал қайғы ауыр айтылған сөз. Бұл синонимдер бірінің мағынасын бірі толықтырып, айтылған ойды ғана емес, шығармадағы тіл көркемдігін көрсетеді. Негізгі доминант сөз – қайғы. Өлеңдегі дыбыстар гармониясы да өлеңге біраз күш артады. Шумақ дыбыстық аллитерацияға құрылған.

Жол қайда ақиқатқа апаратын?
Ел қайда Ақиқат деп аталатын?
Айлакер, арамзалар, алаяқтар,
Аяғы көктен келіп маталатын. (Ақиқаттың ауылы)

немесе:

Қолға тұрар **қуларда, зұлымдар** да,
Ат жалынан мал тапқан жылымдар да.
Арамзаны, ұрыны жұлып түспей,
Ақиқаттың алмасы суынған ба? (Шындық туралы)

Осындағы айлакер, арамзалар, алаяқтар, зұлымдар, қулар, мал тапқан жылымдар, ұры- қоғамдағы әртүрлі ісімен бүлік жасап, бүлдіріп жүрген «Ақиқат ауылынан» алшақта өмір сүріп жатқан, елдің мазасын алатын, екіжүзді, түлкі мінезді, сұрқия, «сырты жылан, іші шаян» көп надандар. Синонимдік қатарлар арқылы ақын тұтас типтік бейне жасаған.

«Синонимдер бір-біріне сайма-сай мағынадағы сөздер емес, әрқайсысында өзіне тән мағыналық реңкі бар, ұқсас мағыналы сөздер болса, олардың қолданысы көркем әдебиетте, әсіресе өлең тілінде ерекше орын алады. Өйткені поэзияда әрбір сөздің мағыналық та, стильдік те жүгі ауыр келеді. Ғылым тілімен айтсақ, әрбір ең шағын көркем контекстің экспрессивтік арқауы сөз болса, оның экспрессия тудыратын күші семантикасында: мағынасы мен мағыналық реңктерінде. Демек, мағыналас сөздер өлең тілінде бір-біріне тең түспейді, әрқайсысының өз қолдану орны, контекстік ортасы болуы қажет».

Олай болса, синонимдердің мәтін ішінде қолданылуын, жұмсалудың үнемі контекске байланысты қараймыз. Олардың мағынасы да контексте айқынырақ көрінеді.

Тілімізде етістік синонимдер үш мыңға жуық екен, жасалу жолдары да өзгеше. Етістік- тіліміздегі бейнелеу құралы. Ақын етістік синонимдер арқылы ойды өрнектеп, тіл мүмкіншілігін көрсетеді. Мәселе, Мұқағали лирикасындағы синонимнің қанша екендігіне емес (саны емес), олардың қолданылу аясының кеңдігінде. Тілімізде бұрыннан бар дәстүрлі синонимдерді, контекстік, стильдік синонимдерді, тек образ үшін ғана емес, өлеңнің көркемдігін, экспрессивтік- эмоционалдық бояуын айқындата түсу үшін тауып, таңдап қолдана білді. Өлеңді сөйлемде синонимдердің екеуін, кейде төртеу- бесеуін қатар келтірудің үлкен стильдік мәні зор. Оның өлеңдерінен синонимдік қатардың стильдік мқсатта алуан бояудың сәулесіне шомылып мольға түскенін байқау қиын емес. Ақын қолданған әр сөздің қызметі, міндеті, әсері, бояуы айқын. Кездейсоқ қолданыла салынған сөз болмайды.

Поэзия тілінде синонимдік қатарлардың мол болуы ақынды да танытып, өзгелерден даралайды. Әрбір суреткердің өмір сүрген ортасы, дәуірі, заманы, замандас бейнесі, өзіндік «мені», сана-сезімі, ақыл-парасаты, танымдық деңгейі, эстетикалық-этикалық түсінігі сөз қолдану жүйесінде көрініс береді. Ақындарымыз синонимдік қатарларды қолдану арқылы тілімізге соны сөз тіркестерін әкеліп қана қоймай, оның бай шығармашылық лабораториясын танытады.

Сөйтіп, Мұқағали айтпақ ойын айқын, әсерлі етіп жеткізу және поэтикалық бейнені дәл беру үшін синонимдік қатарларды талғап, таңдап, өте шебер пайдаланған. Ақын өлеңдерінде мағыналас немесе мағыналары осы контекске жақындасатын сөздерді бірінен соң бірін қатарластыра синонимдердің ерекшелігі мынада:

Біріншіден, ақын лексикалық синонимдерді еркін меңгеріп, орнымен жұмсап, оларды өлеңнің мазмұнын ашуға, ойды тереңдетіп беруге қолданылады. Суреткер синонимге аса жауапкершілікпен қарап, бір сөзді қайта-қайта қайталамай синонимдер арқылы өлеңнің көркемдігін, әсерлігін күшейте түседі.

Екіншіден, синонимдер дыбыстық үйлесім тауып, грамматикалық формалардың еркінтіркесуі арқылы өлеңнің экспрессивтік бояуын арттыра түседі.

Үшіншіден, бір мағына беретін бірнеше сөзді қолданылу арқылы поэтикалық сөз өрнегінде сұлу да көркем бейне жасап, оқырманан ойландырады.

Төртіншіден, тіліміздің байлығы синонимдер арқылы көрініс беретін ескерсек,

ақынның қазақ тілі сөздік құрамын байытуға қосқан өзіндік үлесінің бар екені даусыз.

Ақын өлеңдерінің ғұмыры ұзақ, жылдар өткен сайын оның бағасы биіктеп, асқақтай түседі. Ол осылайшы қанша оқырманының жүрегінен әлі де орын алатынына сеніміміз мол. Туған халқының арман мақсатын терең ұғынған ақын туған жермен тағдыры да, тамыры да қосылып жатқанан сезініп, өзінің бар бітім- болмысымен жырлап, баласындай мәпелеген жырын айшықты сөздермен өрнектеді. Мұқағали туған халқын терең түсініп оның тауына, тасына, жеріне құдайдай табынып қастерлеудің негізінде қарасаз топырағында өлмейтін жыр, өшпейтін ақын туды. Ол ұлты үшін туған, оны жыр арқылы танытқан, сөз күдіреті арқылы ғажап та ғаламат сөз-бейнелер жасаған дарынды ақын. Өзінің таусылмайтын жыр-қазынасында, нақтырақ айтсақ, ұтымды қолданған сөз мәнері арқылы ұтқыр ойларды, күдіретті сөздерді Мұқағалидай ғана үлкен тұлға бере алады.

Әдебиет:

1. Болғанбайұлы Ә. Қалиұлы Ғ. «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы». Алматы. Санат. 2013
2. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1999.
3. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: 2017.
4. Сыздық Р. Сөз күдіреті. – Алматы: 2002.
5. Мақатаев М. Өлеңдер жинағы. – Алматы 2007.

УДК 004.81:159.9

М.ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ӨМІР» КОНЦЕПТІЛІК ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ АВТОРЛЫҚ МЕТАФОРЛАР

Қайырнасөв Б.Т.

(*Жоғары құрылыс-экономикалық колледж*)

Қазақ поэзиясында лирикалық сыршылдықтың шыңына лайық, поэмаларында суреткерлік ойшылдығы қат-қабат келіп жататын өлең өлкесінде өшпес мұра қалдырған ұлы ақын - Мағжан Жұмабаев. Ол өз жерін де, өз тегін де мадақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орнын ақтауға ұмтылған, асыл маржанға теңелген сұлу лирикалық жырларымен оқырманын еліткен халқының дара перзенті. Мағжан ақынның табиғаты өте күрделі, жұмбақ, сырға толы. Шығармаларындағы авторлық метафораларын когнитивтік тұрғыдан талдап, концептілік құрылымын анықтау мақаланың мақсаты болып отыр.

«Концепт» термині жөнінде, кеңірек алғанда, когнитивтік лингвистика туралы қазіргі таңда көптеген әдебиеттер жарық көрді. Концепт – когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі. Когнитивтік лингвистика қазіргі тіл білімінің бір саласы ретінде жалпы когнитивтік ғылымдардан бөлініп шыққаны белгілі. Когнитивтік лингвистиканың когнитивтік ғылым атаулыдан ерекшелігі де оның зерттеу материалында, адамзаттың рухани болмысын сипаттайтын сананы тілдік материалдар негізінде зерттеуінде болып табылады. Ал оның зерттеу амал-тәсілдері – концептілер мен когнитивтік үдерістерге сүйенеді, адам санасындағы концептілердің типтері мен мазмұны жөнінде лингвистиканың күзіретіндегі тілді қолдану арқылы тұжырымдар жасайды, сөйтіп, лингвистикалық талдау әдістері когнитивтік интерпретацияға ұласып отырады.

Концепт жөнінде қазіргі тіл білімінде алуан түрлі көзқарастар бар. Концепт термині пайда болғаннан бастап, оны мағына мен ұғым, лингвомәдени бірлік атауларымен қатар қолдану тәжірибесі ұшырасып отырды. Таза лингвистикалық ұғымдарға қарағанда ауқымы әлдеқайда кең «концепт» терминін олардан ажыратып қолдануды көздеген жөн және бұны көптеген зерттеушілер жазып жүр. Концепт – ойлау бірлігі болса, мағына – тілдегі семантикалық кеңістіктің бірлігі. Мағына ойлау бірлігі ретіндегі қарым-қатынас мақсатына орай тілдік таңбамен бекітілген концептінің бір бөлігі болып табылады [1, 7 б.]. Концептінің ұғымнан басты айырмашылығы соңғысында энциклопедиялық ақпарат

беріледі, демек, ұғым – ғылыми білімнің нәтижесін білдірсе, концепт сөздіктегі мағынамен қатар, «алғашқы формасы (этимологиясы) басты тарихи белгілерін ғана қалдырып өте ықшам формасын, қазіргі заман ассоциациясын, бағалау модусын жинақтаған» көпқабатты құрылым. Концепт ұғымдық ақпараттан басқа психологиялық, этимологиялық, прагматикалық, мәдени ақпараттарды да білдіреді [2, 15 б.].

Метафоралардың концептуалды өзегіне – ойдың ұшқырлығы мен сөздің образдылығы, сөз мағынасының кеңеюі мен бағалағыштық мәні ғана жатпайды. Сонымен қатар метафоралардың болмысын тануда тілдегі бейнеліліктің сезімге әсер етуі, санадағы ерекше орнығуына эмоционалды-экспрессивтік қызметінің қатар жүретіндігін баса айтуға болады.

«Өмір» – лингвомәдени концептілердің ішінде орталық орынға ие. Қай тілді алып қарасаңыз да, өмір туралы жеке адамның, сонымен бірге тұтас ұлттың өзіндік таным-түсінігі бар. Қазақ тілінде де өмірлік мәні бар адамзатқа ортақ концептілердің бірі – «өмір» концептісі. «Өмір» – қазақ тіліне араб тілінен енген сөз. Оның бірінші мағынасы «өмір» дегенді білдірсе, екінші мағынасы – «адамның жасы, ғұмыр» деген мағынаны білдіреді, ол сайып келгенде, «уақыт», «заман», «тағдыр», «өлім» т.б. концептілермен макрофреймдік қатынаста, ал тілдік белгі ретінде ортақ лексика-семантикалық топта болатынын көрсетеді. Мысалы, *Өмір* концептісі: *тіріңде тіршілік қып тырбаңдау; қу дүние; дүниенің төрт бұрышы; баянсыз пәни жаһан; бұл дүниенің бес күні; дүниенің тұтқасы; дүние шолақ; өмір – база; қу заман* т.б. сөз тіркестерімен беріледі [3, 91б.].

М.Жұмабаев өзінің метафоралық қолданыстары арқылы «Өмір» концептісінің мән-мағынасын сараптаған, көркемдік тұрғыда, ұқсатулар мен ауыстырулар негізінде «Өмір»-дің танымдық сұлбасын бейнелей алған.

Өмір – М.Жұмабаев шығармаларында, ең алдымен, бейнелі түсінік ретінде қалыптасқан. Өмірді сипаттау барысында қолданылған метафоралық қолданыстар сан алуан. Автордың өмірлік тәжірибесі мен ақындық таланты өмір ұғымын сан қырлы суреттеуге негіз болған, поэтикалық образ дәрежесіне көтерген. Кемеңгер ақын адам өмірінің сан қырын әсерлі образбен әртүрлі тілдік бірліктер арқылы береді. Мысалы: **Адам өмірі – тағдыр ойыны**, Біл де ойлан! (Бүгінгі күн өмір, өлім менікі) деген өлеңіндегі берілген метафорада адамның өмірінің бір мезетте өте шығатыны, басы сайран болғанымен, соңы ойран деп жүректен оттың, бойдан күштің кететіндігін, Алланың берген ғұмырын мазмұнды, маңызды түрде өткізу керектігін баяндайды. Осы бір тіркес арқылы адамның өмірі Алланың жазғаны, тағдырдың ойыны дейді. «Мейлі тағдыр ойнасын...»

Өмірдің ащы-тұщысын ерте білген...**Өмірдің толқындары** ұрған кезде... (Н-ға) деген жолдарда өмірде көп уланып, күйініп, сына жаздап, қайта тұрдым деп, Тәңірінің жаратқан дүниесінде бал заты –у, жібек астын тікенекке теңеп, өмірдің қандай сыр жасырып тұрғандығын білмейсің деп налиды.

Өмір – өзен, аға бермек сылдырап,
Тұрып болмас жағасында жөн сұрап..

Сұм өмірде алданармыз, сүйерміз... (Қарындасқа) өлеңінде берілген авторлық метафораларда «өмір» концептісін өзенге теңеп, оның бір орында тұрмай, үнемі сылдырап ағып тұратын өзенге теңесе, сол өзі сүріп отырған өмірді «сұм өмір» деп, алданармыз, күйерміз, қасірет басып сарғаярмыз, өлерміз деген сипаттама береді. Өмірдің аяғы өлімге әкелетіндігін табиғи феномен деп жырлайды.

Адамның өмірі – табиғат құбылысына төтеп бере алатын күшке ие екендігін өлең жолдарында көрсетеді, адам өміріне де жаңа мазмұн үстейді, табиғат күшінен де биік күдіреттілікке ие етеді.

Жүйрік жүрек **сұр өмірде** байланбақ,
Жүрек қалай қуса, солай айдалмақ (Қарындасқа)

Өмір – көпір, от үстінде салынған

Діңгектері зәндем отқа малынған... (Ж...ға) өлең жолдарында өмірді көпір ретінде суреттейді. Көпірден шалынба, шалынсаң, түбінде қоңызың да, доңызың да бар, алдап,

қасірет көрсетуі мүмкін, сондықтан басыңды көтеріп, көзің үнемі көкте, себебі үмітің алдында деген қорытынды шығарады. Жастарға, оқырманға төменде ылғи түін, сасық тұман жатыр, қорықпай, арбалмай, біріне де жоламай, өмірде жақсы жолдас, құрбы таба біл, жолыңнан тайма деген өсиет іспеттес.

Сонымен бірге, ақынның өмір метафоралары – табиғат құбылыстарымен астарлас. Бұған мысал болатын метафоралық қолданыстар:

Өмір – зәндем, қара бұлтты қара түн,

Естімессің қара өмірде жылы үн...

Өмір – өзен, сылқ-сылқ күлер, сылдырар,

Қайда ағады, оның жөнін кім сұрар?

Аққан сумен біз де ағармыз, кетерміз,

Ағынға ермей, жағасында кім тұрар? (Ж...ға)

Өмір қым-қуат тіршіліктің әрекеті арқылы жеткізіледі. Ақынның пайымы: адам өмірі тек қана бақытқа кенелуден тұрмайды, соған жету жолындағы «өркендеу ерегісінен», күрестен, қажырлы еңбектен т.т. тұрады:

Өмір – көпір, қалайда оны кешерсің...

Аз өмірімде көп уланған, көп күйген

Жүрегіме **өмір оғы** көп тиген..

Өмір осы: аяз қыспақ, қар көмбек,

Өмір – заман. Жазы да бар, қысы бар.

Талай жанның туғаны бар, досы бар... (Ф...ға)

Тіршілік – философиялық ұғым. Өмірдің тіршілікке теңдестірілуі «Өмір» концептінің күрделі мазмұнын, қалың қабатын, «өмірдің шын пердесін», «өмірдің күре тамырын» аша түседі. Адам баласы балаң шағында ешнәрсе ойламайды:

Ессіз едім – аспанға өрлеп ұшқамын,

Хор дегенім жер болады құшқаным... (Ф...ға) немесе

Жастық-мастық, балалық бәрін жеңіп,

Өмірдің шын пердесі түрілмеді... Ақын адамның бала кезін осы тәрізді метафоралану арқылы суреттейді. Ал есейген шақ – «өмірдің күре тамыры» – біз ойлағандай тіпті де даңғыл жол емес. Тығырыққа тірелетін, қиындық сәттер болады:

Іште жалын, көкіректе қайғы зор,

Аямастан **өмір уын** беріп тұр... (Ғазизаға)

Осы өлеңіндегі «өмір уы» деген метафоралық қолданыс арқылы абақтыда жанды жеген, қанды сорған күндері жайлы баяндайды. Осы бір авторлық тіркес арқылы ақынның қаншама бейнетпен өткізіп жатқан өмірі беріледі.

Өтер жылдар – ұлғаярсың, өсерсің,

Белгілі бір жолға өмірде түсерсің.

Қуанарсың, қайғырарсың, жыларсың,

Ұзын жолда у да, су да ішерсің (Ф...ға)

Бұл авторлық метафоралардың философиялық-әлеуметтік мәні мынада: адам жас шағында нағыз өмірдің келбетін біле бермейді. «Өмір - күрес» фреймінің мазмұнын ашатын өмір туралы түсініктер адамның егде тартқан кезінде аңғарылады. «Өмірдің шын пердесі» сол шақта түріледі, «өмір уы», «сұм өмір» қолданыстары - өмірдің мән-жайын, қиыншылықтарды білген адамның пайымдайтын түсінігі. Алайда ақын түсінігінде, «ұзын жолда у да, су да ішерсің» авторлық теңеуі арқылы берілетін жағдайда өмір сүру – оңай адамның ісі емес. Дұрыс жолды таңдай білу – міне, адамның жетістігі әрі автордың түйіні. Сонымен бірге, өмірдің қас қағым сәтте өте шығатындығы, өзеннің ағысындай қатты, қамшының сабындай қысқа тіршілік екі аяқты, жұмыр басты пендені мәңгілікке шақырып тұрғандай беріледі. Тағдырдың жазған өмірін орынды пайдалана білу қажет. Мысалы:

Өткен күн жеткізбейді, **ол бір – тұлпар,**

Алдымда тірі болсам, талай күн бар.

Кейде у, кейде кәусар суын беріп,

Жанымнан жылжып ақырын өтер жылдар... (З...ға)

Адамға берген Тәңірі өзі аз өмір,

Бұйрығы: «Жаса-дағы, жерге көміл!»

Бірде мұз, бірде жалын, бірде дауыл,

Құбылған өмір сынап, бейне көңіл... (Өмір)

Поэтикалық мәтінде әлемнің мағыналық көрінісі ретінде концептінің семантикалық мазмұндық құрылымындағы микрокомпоненті тілде және ойлау процесінде маңызды рөл атқарады. Қазақ тіліндегі «өмір» концептісінің мән-мағынасын философиялық тұрғыдан кең түрде ашып беретін дүние, тағдыр, заман, тіршілік, ғұмыр сияқты ұғымдары бар. М.Жұмабаев өзінің шығармаларындағы «өмір» концептісінің ауқыдылығын мына мысалдардан көреміз. **Өмір –теңіз**, жоқ оның түбі, шеті

Сылқ-сылқ күлген сиқырлы толқын беті... (Жан сөзі) деген жолдарынан «өмірдің» шексіз екендігін, онда теңіз толқыны көп, автордың өзін тым көп қаққандығы жайлы баяндайды. Және де өмірдің кім, не бол деп сұраған тілегінді орындадым, бәрі бір де түбінде «Сүйіп, күліп, күйіп – көз жасын төгіп, жынды жүрек өлді де тынды!»- дегенді айтады. Осы өмірде есең екіпін, сиқырлы сәуле, қара күн, қойнын жоқшылыққа ашу, сұм жүрек, ессіз жүрек, сұлулықтың асығы, жүректің сыры, жынды жүрек яиықты авторлық метафоралары «өмір» концептісінің құрылымын анықтап тұр.

«Өмір» концептісінің мазмұнын аңғартушы элементтерге тағдыр сөзі жатады. Оны жоғарыда келтірілген мысалдардан көріп отырмыз. «Тағдырдың жазуы» деген тіркес адамзаттың өміріндегі жақсылықтың да, қиыншылықтың да, заманның да, дәуірдің де бірінен соң бірі өз кезегімен келетін жол екендігін білдіреді.

Артымда – ор, алдымда – көр, өтеді өмір...

Дариға, бесігімнен көрім жуық (Қорқыт).

Халық ұғымында өмір екі айналып келмейтін танымдық тұрғыдан бейнеленген.

«Заман» сөзіне қатысты да тілімізде «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген мақал бар. Ақынның «Өткен күн» өлеңі **Заман –түлкі**, тазы бол... деген жолдармен аяқталады. Өмірің қалай өзгерсе, сен де солай өзгеріп, арыстным, сұңқарым, қажымас, талмас тұлпарым, басыңды көтер, өткен күн батты, басқа өмір, басқа күн жетті, сол күн түлкі болса, сен тазы болып, өткенді ойлар қайғырмай, белді бекем буып, алға ұмтыл деп жастарды шабыттандырады.

Өмірді сезім мүшелері немесе ақыл-ой арқылы ұғыну мүмкін емес, оны тек іштей сезу керек. М.Жұмабаев «өмір» концептісін өзінің шығармаларында өзен, дала, түлкі, сынап, тұлпар сияқты логикалық атаулармен беріп отырған.

«Өмір» дегенді күрделі концепт деп танымыз.

Олай болса, артық сөз ғой деменіз,

Өмір – теңіз, су үстінде кемеміз.

Өмір – теңіз, жоқ оның түбі-шеті,

Сылқ-сылқ күлген сиқырлы толқын беті

Өмір – өзен, сылқ-сылқ күлер, сылдырар,

Қайда ағады оның жөнін кім сұрар? (Жан сөзі)

Мағжан, сонымен қатар, өмір сөзіне түрліше анықтама беріп, түрліше Бірде мұз, бірде жалын, бірде дауыл,
Құбылған өмір – сынап бейне көңіл

Өмір – түлкі, сен – төбет,

Арсалаңдап келесің

Өмір – құрақ, Үміт – жырақ. У ішем де өлем!

Ақын «Толқын» атты өлеңінде толқындардың қозғалысының әртүрлілігіне назар салады. Бұлақ бетінде толқындар кейде көпіршіп, кейде иіріле ағып, нәзік, зиянсыз, мөлдір, қарапайым, сылдыр, сылдыр, сылдырлап өмірге еш қатер тудырмайтындай суреттеледі. Мысалы:

Толқын мен толқын сырласып,

Сырларын еппен ұрласып,
Толқынға толқын еркелеп,
Меруерт көбікке оранып... (Толқын)

Бұл өлеңде М.Жұмабаев толқының қимылынан адамдардың әрекетін көрсетеді, біріне-бірі жақындап, сырласқан болады, бірін-бірі жұтып жіберетіндей арам ойлы, бірінің сырын бірі ұрлап алатындай жымысқы әрекеттерді суреттейді. Бұның бәрі адам өмірімен ұштастырады. Сондай-ақ, олар бір-бірін қуалап, еркелеп ойнап, жүгіріп, жарысқан болып, соңында абайсызда итеріп құлатып жібергеннен кейін, жылап, жасын сүртіп, жағалауға барып, өзге толқындармен араласып, жоқ болып, көрінбей кеткен адам әрекетін, образын, бейнесін ойға әкеледі. Өмірдің толқынды құбылысының қозғалысындай екендігін көз алдымызға елестетеді, себебі өмірдің өзі - қозғалыс.

Ақынның «Толқындап ойнап» өлеңіндегі авторлық метафоралар өмір заңдылықтарын уақыт, қозғалыс, өмір жолындағы кешу, қайғы, үміт, қиял сияқты адамның сезім-күйін білдіреді. Мысалы:

Қара көк өмір дариясы

Сақылдап күліп: «Кел!»- деді.

Келіп ем, кешу бермеді.

Алтын үміт үзілді,

Тәтті қиял бұзылды... Өмірдің өзін қара көк түспен, дарияның өзін өмірмен тіркесіріп, күрделі өзіндік метафора жасаған.

Өлеңдерінің композициялық, идеялық құрылымы ерекше. Адам өмірінің болмысын меруерт, кәусар толқын, сорлы жұлдыз, мөлдір теңіз, қара көк дария сияқты авторлық метафоралар арқылы көркем суреттейді. Өмір философиясы туралы көп толғанады.

Толқыннан толқын туады, Толқынды толқын қуады, Толқынмен толқын жарысады... деп өмір ағысын сипаттайды.

М.Жұмабаев өмірдің тілдік дүниетанымындағы авторлық метафораларына «өмір – бір құрулы машина» - өмір шіркін ескен желдей озып барады, «өмір – шірік шөп», «өмір – құбылған сынап» жатқызамыз.

Тәңірі де жоқ, тәубе жоқ,

Өмір деген – шірік шөп,

Қай үмітпен қазарсың...

Адамға берген Тәңірі өзі аз өмір,

Бұйрығы «Жаса-дағы, жерге көміл!»

Бірде мұз, бірде жалын, бірде дауыл,

Құбылған өмір – сынап, бейне көңіл...(Өмір)

Қорыта келгенде, М. Жұмабаев шығармаларындағы «өмір» концептісінің авторлық метафораларымен берілуі әр қилы. Әлеуметтік арқауы концептінің ол адамның өмірі, өмір сүруінің маңызы мен мәнінде. «Өмір концептісінің авторлық метафораларына жатады: сұм өмір, сұр өмір, сор өмір, қара өмір, өмір өзен, өмір көпір, сақылдаған өмір, тоттанған өмір, буырқанған өмір, т.б. «Өмір деген – көпір, қалайда оны кешерсің» деп, Тәңірі саған өмір бергеннен кейін, жақсылығына қиындығына қарамай, мойымай, берген жолды есіп, кешіп өтеміз. М.Жұмабаевтың шығармаларындағы «өмір» концептісін сипаттайтын авторлық метафораларды талдай келе, ақынның кең арналы ғұлама екендігіне көзіміз жете түседі.

Әдебиет:

1. Антология концептов. / Под ред. В.И.Карасика, И.А.Стренина. – М.: Гнозис, 2007. – 512 стр.

2. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама). – 10.02.19: филол. ғыл. докт. ... дис. автореф. – Алматы, 2004. – 55 бет.

3. Қожахметова Ф. «Ғаламның тілдік бейнесінің» құрылымын концептілік жүйеде талдау (Т.Ізтілеуов шығармалары негізінде) // Академик Р.Сыздық және қазақ тіл білімінің мәселелері: конференция материалдары мен тезистері. – Алматы: Арыс, 2004. – Б. 91-93.

4. <https://bilim-all.kz/tag/olen?tag>

МҰХТАР МАҒАУИННИҢ "ЖАРМАҚ" РОМАНЫНДАҒЫ ЕКІ ЖАРМАҚТЫҢ ТАҒДЫРЫ

Қадыров Ж.Т., Балаганова А.Б.

(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

Жазушы Мұхтар Мағауин қазақ әдебиетіне елеулі үлес қосқан қаламы қарымды, сөз құнары қуатты, айтары айшықты суреткерлердің бірегейі. Қаламгердің «Жармақ» романы осы ойымызды дәлелдей түседі. Романда әлеуметтік – қоғамдық өміріміз көркемдік тұрғыда жанды кейіпкерлер арқылы бейнеленгені өз алдына, іс-әрекеттер арқылы дараланатын мінездер әлеміне көркем шығармада мейлінше қаныға түсесің.

Шығармадағы адам сенгісіз оқиға жарықтың, кәдімгі электр шамының жалп етіп өшуінен басталады [1, б б.] Осы кезде романдағы басты кейіпкер Мұрат Бейсенұлының демалу сәті сипатталады. Ас үйде, яғни бөлмеде әдеттегідей қарапайым адамдар сияқты кейіпкер шай ішіп отырады. Жоспарлаған тірлігі – ғылыми журналға Ұлы Дала тарихына қатысты әзірлеген мақаласын тәмамдау еді. Бірақ жарық сөніп қалады. Жарықтың өшуі, тәуелсіздік алғаннан кейін еліміздің басты проблемасы еді. Осы мәселе мақала жазып отырған Мұрат Бейсенұлына үйреншікті болса да, қараңғы түнектің ортасында қалып қойғандай, құдды бір қараңғы зынданға бір өзін тастап жібергендей сезінеді. Алайда, осы жарықтың өшуі бірінші жармағымыздың тағдырын түбегейлі өзгертеді. Олай деген себебім, бірінші жармағымыз қанша жерден білім-ғылыммен айналысып, ізденсе де, екінші жармақ секілді үлкен жетістіктерге жете алмайды. Екінші жармақтың бағындырған асулары жайлы алдағы уақытта айтамын.

Бұл жолғы жарықтың өшуі Мұрат Бейсенұлының іш пыстырарлық, мәнсіз тағдырын біржола жұтып, басқа өмірге яғни Марат Бейсенұлының тағдырымен таныстырады [1, 7 б.] Марат Бейсенұлы деп тұрғаным екінші жармағымыз. Мұраттан әлдеқайда үлкен жетістіктерге жетіп, мол табысты адам. Жеке өмірінде бақытты. Өзінің кәсібі бар, зәулім-зәулім үйлері бар. Мұрат екеуінің арасы жер мен көктей. Алайда, екі жармақтың тағдырын салыстыратын болсам, Мұрат бар ғұмырын ғылым-білімге арнады. Тіпті өзінің сүйгеніне қосыла алмай, ғылым жолын таңдады. Мұрат қанша құрбандыққа барса да, тура жолдан таймады. Ал Марат болса білімсіз ақ үлкен жетістіктерге жеткен адам. Тіпті атақты Марат Бейсенұлы болу үшін тура жолмен жүрмеді. Бұл тұста тәуелсіздік алған жылдардағы қиыншылықтарды көрген Марат. Бұлай деген себебім, Мұрат бір жолмен, яғни ғылым жолын таңдады. Ал Марат болса, үлкен атаққа ие болу үшін өмірдің талай сынағынан өтті. Романда екі жармағымыздың ғұмырын оқи келе, тәуелсіздік алғаннан кейінгі еліміздің басына түскен әлеуметтік проблемаларды оқимыз. Әрине, біз ХХІ ғасыр жастары бұл мәселелерді түсінбейміз. Өйткені көзбен көрмегеннен кейін сезіну қиын әрине. Алайда романды оқи отыра денеміз шымырлап, еріксіз көзге жас келеді. Мысалы үшін нанның қымбаттағаны, қанттың азайғаны, сабынның таусылғаны, ақшаның күлге айналғаны, айлық табыстың апталық табысқа жетпеуі, гиперинфляцияның, яғни ауыздықтауға болмайтын қымбатшылықтың, құнсыздандудың бой бермей кеткендігі жайлы айтылады.

Енді романға оралсам, бірінші жармағымыздың жеке өмірі мәз емес. Өйткені қанша жерден ұйып отырған отбасы болсаң да, ақшаның жетіспеушілігі барлығын құртады Ал Мұрат Бейсенұлы өмірбақи тек қана ғылыммен айналысты, басқа жолмен ақша таппады. Тоқсаныншы жылдары ғылыммен айналысатын адамдардың жалақысы бір өзінен артылмайды. Ал Мұрат үш қызын асырауы қажет. Бірақ та тұрмысы мен тіршілігіне жалақысы жетпегендіктен әйелі саудамен айналысуға мәжбүр болды. Үлкен қызы қол ұшын беріп тұрады. Алпысқа бет алған ер азамат пен елуге табан тіреген әйел нарық заманының құдіретімен екі жаққа бөлінеді.

Ендігі кезекте екінші жармағымен қалай танысқанына тоқталғым келіп отыр. Басында айтып кеткенімдей, жарық өшкеннен кейін, Мұрат құдды бір ертегі әлеміне тап болғандай сезінеді. Мәселе осы жарықта. Ендігіде бұл жарық бас кейіпкердің бөлмесіндегі

жалғыз шам емес. Ол саны жоқ шамдарға тап келеді. Өзі кең сарайдың босағасында тұрады. Сарай іші тұнған картина, төбесі люстралармен көмкерілген [1, 10 б.] Зал іші тола салтанатты қауым. Төрде отырған кісіге бас кейіпкердің көзі түседі. Қараса, ол басқа біреу емес, дәл өзі. Дастарханның басты тұлғасы өзі екен. Міне, бар қызық осында. Әрине, Мұрат бұл ертегіні шынайы қабылдамайды. Түс көріп жатырмын деп ойлайды. Бірақ та, мән-жайды білгеннен кейін, Мұрат өзінің жармағы Мараттың мерейтойында тұрғанын түсінеді. Құдды бір егізі дерсің. Иә Мұратта дәл сондай ойға келеді. Бірақ та, Мұраттың ешқашан егізі де, бауыры да болмаған. Алайда жармағының әйелі өзінің алғашқы махаббаты Балжанға қатты ұқсайтынын көргенде роман оқиғасы қыза түседі. Басында айтып кеткенімдей Мұрат Балжанды қатты сүйсе де, ғылымнан бастарта алмайды. Сол себепті Балжанды емес, ғылымды таңдайды. Осы кезде Мұрат екіге бөлінді деп ойлаймын. Себебі Мұрат Балжанды таңдаса, екінші жармағы сияқты үлкен жетістіктерге жетер еді. Алайда, ол үшін кітабын шығару маңыздырақ болды. Кітап, кітап деп бар ғұмыры зая кететінін сезбеді де.

Мұраттың жармағының ерекшелігі ода бәйбіше мен қатар тоқалы да бар еді. Мұрат сүйген ғашығы Балжанды да, өзінің қазіргі жұбайын да ұстай алмады. Ақшалай қамтамасыз ете алмады. Сол кезде ғылымды тастап, Балжаннан қолынан ұстап кете барғанда, өзінің жармағы секілді табыстырақ болар ма еді деп ойлаймын.

Мұраттың жармағы – бүгінгі бай. Гольф ойнайды. Аңға шығады. Шалғай елдерге курортқа барады. Тұрақты түрде ем-дом алады. Қаладағы байлығын ұлғайтуды ойластырады. Ұлттық мүдде, елдік мұрат, ұрпақ тәрбиесі оны ойландырмайды. Оны тек өз мүддесі ғана қызықтырады. Қалған нәрселердің бәрі ол үшін бос сөз. Қазіргі күні де байлар тек қана өз мүддесін ойлап, қарапайым халықты ойламайды.

Романда берілген басты кейіпкердің екіге бөлінуі жайдан-жай емес деп ойлаймын. Әр адамның өмірінде таңдау болады. Кей жағдайда пенде болғасын таңдаудан қателесіп, кейін өкініп жатамыз. Дәл сол сияқты басты кейіпкер Мұраттың алдында таңдау болды. Ғылым жолы не азабы көп өмір жолы. Ол ғылым жолын таңдап қателесті деп айта алмаймын. Керісінше, біршама ізденістердің арқасында білімін шыңдады. Білім шыңдаудың арқасында елге деген, ұлтқа деген махаббаты оянды. Ал басқа жолды таңдаса өзінің жармағы секілді билікқұмар, дүниеқұмар, ақша ғана ойлайтын робот болар ма еді.

Романда Қарасақал профессордың рөлі зор. Өйткені Мұраттың диссертациялық жұмысын шығаруына септігін тигізді. Бірақ та, ол кезде цензура талай ғылым қызметкерлерінің, ақын-жазушылардың түбіне жетті. Сол себепті Қарасақал Мұраттың диссертациясы шығуы үшін «Шыңғыс ханды басқаша бағалау керек. Сатқын деп білген Қайыр ханды қаһарман, көреген деп мақтау керек» деген ойға келді. Әрине олай жазбаса Мұраттың диссертациясы шықпас па еді. Алайда Мұрат іштей қынжылса да, көнбеске амалы болмады. Басты нәрсе ғылыми атақ алу қажеттігіне назар аудартады. Мұрат, сөйтіп, әуірімдеп, жоғары оқу орнын бітіріп, аспирантураға түскеннен бастап, түп-тура сегіз жыл өткенде, яғни отыз жасында диссертациясын қорғап шығады. Алғашқыда жиырма екі жасында кандидаттық, ал отыз жасында докторлық қорғаймын деп ойлаған Мұрат соның өзіне шүкіршілік етеді. Өзге, көлденең көк атты кісілер жас кезінде, сәтті қорғап шықтың деп көтермелейді. Қалай дегенмен де, келесі ғылыми дәрежеге бастар баспалдақ деп ойлаған Мұрат кәрі кандидат күйінде қалады. «Тарихтағы қыпшақтар» атты ғылыми еңбегін ендігіде аяқтасам деген мақсаты ғана өзіне демеу болады. Ғасыр соңына дейінгі төрт-бес жыл ішінде бітірсем деген ойына, салтанатты сарай ішінде көрген Балжан және өзінің екінші өзі секілді сыңары ойын жан — жаққа қашыртып жібереді [1, 37 б.].

Мұрат Бейсенұлының о баста талантты дарын иесі болатынын профессор Ақсақал байқаған. Кейінірек Мұраттың тұтас болмысы екіге жарылады. Өзі айтқандай, бір бас екіге жарылғандай, жарты ес, жарты күш, жарты жүйке, жарым жан. Ақыл, есі, парасаты кемімеген. Білім, танымы сол қалпында. Ал өмірге ынталану, еңбекке құштарлық, талап пен жігер мүлдем жоғалған. Немқұрайдылық бойын билеген, кеудесін басқан. Жұрттың бәрі өзінен артық секілді. Өзін зор емес, қор санайды. Мұраттың бейнесі қандай, психологиялық

ой-қабілеті қай деңгейде деген сауалға өзіне-өзі берген мінездемесі айқындап, ашып тұрғандай. Өзі айтпақшы, шалағай адам өзінен көп білетін сияқты. Артық болмаса да, көп білмесе де, дйттеген мақсатына өзінен бұрын жететін секілді. Баяғы арыны, асқақ еңсесі жоқ, қашанда қорғаншақтап, именшектеп жүргені. Тек бір-ақ қасиеті қалған. Ол – өз халқының бір кәдесіне жарасам деген ұлттық санасы ғана.

Кеңестік жүйе кезінде де цензураның сүзгісінен өткізіп, Мұрат Бейсенұлы ғылыми еңбегін баспадан кітап етіп шығарады. Кітабы әбден күзеледі. Қыпшақтардың ежелгі тарихы жайлы мәліметтер қысқартылады. Өйткені, қыпшақ мемлекеті тағы, жабайы болғандықтан түп-тұқияны жойылған деген сыңаржақ ой-пікірлер тотарлитарлық жүйенің тас қамалын одан сайын нығайтқан еді. Оны бұзу оңайға соқпайтын. Мұрат Бейсенұлы кітап болып шыққанының өзіне қуанады. Кітабы өзінікі, бірақ қысқартылғандықтан ой-пікір мүлдем құрдымға кеткен. Өзінің туындысы емес секілді.

Қысқарып шыққан кітабының аты Ежелгі орыс елі және көне қыпшақтар – XI-XII ғасыр. Осы кітабы кері қайтарып алынады. Саудаға түспей, түгел қырқылады. Макулатураға айналады. Баспаның шығыны түгелдей Мұрат Бейсенұлына жүктеледі. Өзіндегі бір данасын да өткізуді қатаң талап етеді. Бірақ ол кітапты жасырып үлгереді. Кітап негізінде ұлттар достығына қауіп туғызады деп есептейді тексеруші тиісті мекемелер.

Кітаптары тәркіленген Мұрат Бейсенұлының абыройы мен беделі кейіннен бірден-ақ өседі. Келе-келе демократиялық өзгерістер арқасында оның сөзі, беделі де өзі қалаған ғылымы секілді баянсыз, өтпелі дүниеге айналады. Тәуелсіздік келіп, барлық бөгеттер ысырылғанда Мұрат Бейсенұлы мүлдем есеңгіреп қалады. Барлық жабық тақырыптардан тыйымдар алынып тасталады. Қарап тұрса, өзіне енді ешкім бөгет бола алмайды. Алайда, бойда ынта болғанмен, қызу қарқын жоқ. Өмірі бүтіндей зая кеткен секілді. Сондай хал-ахуалды бастан өткереді Мұрат Бейсенұлы. Зая кеткен ғалымдағы өмір оны тұйыққа тірейді. Өйтсе де өмірі одан әрі жалғаса береді. Үйленеді Балнұр есімді қызға. Ғылым академиясындағы кітап сататын дүңгіршекте сатушы болған ол Мұратқа қажетті кітаптарын уақытылы тауып беріп жүреді. Бірте-бірте бір-бірімен табысады. Жылдар өте бір ұл, үш қызды болады. Өзі қатарлас жігіттердің бәрі дерлік табысқа жетеді. Жатақханада бір бөлмеде жатқан Құлашбек ғалым докторы атанады. Ал Мұрат Бейсенұлы сол қалпында қалады. Парасаты, білімі биік, жоғары болса да, еңбегі жеміссіз, еш болған. Барша күш-қайраты, ұмтылысы мен күштарлығы Балжанмен бірге кеткенін Мұрат айқын сезінеді. Балжан өзінің өмірлік таңдауын жасады. Өз қалауын тапты. Мұраттың бей-жай, бойкүйез қасиетіне бола шешуші сәтте, сол күні-ақ оны лақтырып тастады. Оның тұтас еместігін, екіге жарылғыш жармақ мінезінен бойын алып қашты.

Мұрат Бейсенұлының романдағы өмірі, шынында да, әрі-сәрі халде болады. Жазғандары ұшпақа шықпайды. Өз басындағы сәтсіздіктер негізінен алғанда тағдырдың екі жолының қайсысын таңдай алмауында жатқанына да көзі жетеді. Азапты болса да, ғылым жолын жақсы көреді. Сонымен бірге тыныш өмірді де аңсайды. Бір сөзбен айтқанда, екі жол, екі тағдыр. Біріншісінен қорқады. Екіншісін мақұл көреді. Бірақ шешім қабылдауда дәрменсіздік танытады. Сонымен Мұраттың өмірі екі жарты жармақ жанның ғұмыры. Мұрат-бір кісі емес. Екі кісі. Бастапқыда біреу, бүтін болып туылған. Соңыра екі жарты, екі жармақ-бүтін іспеттес екі адам сипатында қалыптасады. Бұрынғы кездегі, жастық шақтағы қайраты тасыған, айбыны ерен Мұраттың бар арманы өзіне ұқсас Маратқа дарыған. Өзі сүлесөк ой-арманы ортайған, бұрынғы қасиетінен айырылған қатардағы көптің бірі ғана. Романда өзінің осы хал-ахуалы жайлы Мұрат Бейсенұлы былайша мінездеме берген: Мен екі кісімін. Әуелде бүтін, біреу болып туғам. Содан соң, қақ айырылып, екі жармақ-бүтін есепті екі кісі ретінде қалыптандым. Жиырма төрттен елу беске дейінгі аралықта қатарынан екі ғұмыр кешіппін.

Мұрат келер күндер ішінде Балжанмен де, Маратпен де жолығысуды жөн көрмейді. Әркімнің өзіне ғана тән өмірі бар екенін анық аңғарады. Десек те, Марат бұны іздеп келеді. Екеуі әңгімелеседі. Мұрат Мараттан Балжанды қалай көндіргенін сұрайды. Мұрат та, Марат та о баста бір адам екендігі, тұтас бейне екендігі романда айқын

көрінеді. Мәселен, Мұрат поездан кешігіп ұйықтап жатқанда, Марат қатты қынжылады. Ойына, санасына Балжанның салмақ салғаны соншама, ол жайлы түс көреді. Түсінде Балжанмен бірге вагон ішінде болғаны, тойдан соң, санаторийде бірге демалғаны, бөлме ішіндегі перде сыртында бір адамның жасырынып тұрғаны, бәрі-бәрі де Мараттың өңінде болғанын оның өзіне айтқан әңгімесінен ұғады. Мұраттың түсі-Мараттың өңі. Екі бейненің қиялы мен шынайы іс-әрекеті айна-қатесіз орындалып жатады.

Сондай-ақ, Марат Мұратты жек көретінін де, тіпті, оны ажалға қиып отырғанын да ашып айтады. Оның аты-шулы хандық жүйеге көшу артықшылықтары жайлы мақалалары өзіне кедергі келтіретінін, байлығының түп-тамырына су құятынын ашына әңгімелейді. Дүниені рухани байлық емес, ақша бейлейтіндігін ұғындырады. Өзінің қол жеткен байлығы өзгелердің алдында түк еместігін де жасырмайды. Өзі дүркіреп байи бастағанда, Мұраттың тақыр кедейге айналғанын бетіне басады. Осылардың барлығын Марат Мұратқа мұқату, басыну үшін айтып тұрған жоқпын, ойлану үшін ақыл салып отырғандығын жеткізеді. Осыны ұғын, түсін дейді Мұратқа. Бұған кінәлі заман дейді Марат Мұраттың көңілі үшін. Қажыған, тозған Мұратты Марат баз-баяғы идеяшыл аспирант болмысында қалғанын алға тартады. Сөйте тұра, оған жаңаша өмір сүру мүмкіндігін ескертеді. Ол үшін Марат Мұратқа демеуші болуды емес, отыз жол бойы жазған қолжазба қағаздарын бас-аяғы түгел өткізуге талап қояды. Авторы Марат болмақ. Басты гәп-осында.

Мараттың айтуынша, қалың бір монографиялық еңбек шыққанда небәрі бір ғана әріп өзгереді. Ұлттық Ұ әрпінің орнын халықаралық А әрпі алмастырады. Сол бір ғана әріп үшін өзінің меншігінде қалатын үш бөлмелі жаңа пәтер және жүз мың доллар беруді ұйғарады, яғни қомақты қаржы. Сондағы айтпағы, Мұратқа бәрі-бір емес пе, өйткені, екеуі бір адам. Мұрат та шалқаяды. Үш жүз мың доллар және коттедж беруін сұрайды. Миллионды қойып, миллиардқа қол созған адам үшін бұл қаржы, не тәйірі, деген ойын жеткізеді.

Содан соң, Мұрат бизнес саласында үлкен табысқа жеткен Мараттың шынайы мақсатын да біледі. Ол бай болсам, әрі атақты ғалым болсам деген тәтті қиялын салмақты ойымен жалғастырады. Мараттың сана-сезімі тоғышар қалыпта емес. Ол бүгінгі саясатты жақсы біледі. Ғылыми дәрежеге оңай қол жеткізген жандар аз еместігінен де хабардар. Оған тек ғылыми дәреже ғана емес, билік те керек екендігін, сол үшін әрекет жасап жүргендігін Мұраттың құлағына құяды. Екеуара сырласу, ішкі шерді тарқату тереңге кетеді. Мұрат осыдан отыз жыл бұрын Балжанның дүниеге әкелген ұлы Мақсатты өзінен екендігін де дәлелдей сөйлеп, Мараттың уәжге көнуін талап етеді. Отбасы ойран болғалы тұрғандығын сезген Марат Мұратқа тыныштық беруін, қаласа миллион алуын өтінеді. Екеуара әңгіме, ар соты осымен тәмәмдалады. Мұрат Маратқа қатты-қатты айтса да, сөзінің бәрі жай қалжың екендігін айтып, сөзге қонақ береді. Бұның барлығы сонау жастық шақта өзін қақ бөліп, екі жарып, жарты көңіл, жарым ақыл еткен көп өкпе, реніш пен наланың аз ғана қарымтасы, қайтарымы деп, айыптың ауыр салмағын Маратқа артады. Өмірді, тағдырды, тәлкек етіп, бүгінді бөлшек еткен оған қаншама өкпе артса да, Марат соның барлығы тағдырдың жазуы болар деген ниетінде қалады. Романдағы оқиғалар дамуы осыған саяды.

Қорытындылай келе, Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» романындағы екі жармақтың тағдыры екі түрлі болғанымен, түп тамыры, негізі бір. Ал оның негізі, бастауы Мұрат Бейсенұлы. Қамшының сабындай қысқа ғұмырын ғылым білімге арнаған, тағдыр тәлкегіне ұшырап, сүйгенінен мәңгілікке ажырауға мәжбүр болған, елім, жерім, тарихым деп жан ұшырған шынайы жанашыр жан. Басты кейіпкердің тағдыры өз қолында болды. Тұлғалық қасиетінен, ғылымнан, мақсаттарынан бас тартып басқа жолды яғни екінші жармағының тағдырын таңдауға болар еді. Иә, біздің өміріміз де өз қолымызда. Таңдау да өз қолымызда. Тек қана адамгершілік қасиетімізден айырылмауымыз қажет. Дүние, байлық, билік, барлығы артымызда қалады. Алайда салып кеткен сара жолымыз, тұлғалық қасиетіміз ұрпақтарымызға мәңгілік мұра болып қалмақ. Бұл романды практикалық тұрғыда бекіту мақсатында гугл формада екі жармақтың тағдыры жайлы сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға оқушылар, әріптестер қатысты. Нәтижесінде сауалнама қатысушылар пікірі екіге жарылды. Бірі Мұраттың тағдырын қолдаса, бірі Маратты қолдады.

Әдебиет:

1. Мағауин М. Жармақ романы. – Прага: 2007. -147 бет
2. Елшібек Ж. Жүрек неге жылайды? Ана тілі газеті.
3. Жұртбай Т. Қос қайырым. Мағауияның бәйтерегі. Әдебиет порталы. 5 қараша, 2009 ж.
4. Қасқабасов С.// Қазақ әдебиеті. 2010, 15 қаңтар

ӘОЖ 691.33

МӘШХҮР-ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫН АУДАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қадыров Ж.Т., Бостан Е.Қ.

(М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті)

Берілген мақала Мәшхүр-Жүсіп Көпеевтің шығармаларын аудару мәселесіне арналады. Түпнұсқа мен аударма нұсқасы салыстырылып, өзгешеліктері көрсетіледі. Аударма мәтініндегі ұлттық пішін, ырғақ, өлшемнің берілуі сипатталады.

Түйінді сөздер: түпнұсқа, аударма, шумақ, силлабикалық өлең, силлабо-тоникалық өлең, ұлттық пішін, ырғақ, өлшем.

Данная статья посвящена проблеме перевода произведений Машхур-Жусупа Копеева. Сравниваются оригинал и версия перевода, указываются отличия. В тексте перевода описывается передача национальной формы, ритма, размера.

Ключевые слова: оригинал, перевод, строфа, силлабический стих, силлабо-тонический стих, национальная форма, ритм, размер.

Abstract: this article is devoted to the problem of translating the works of Mashkhur-Zhusup Kopeev. The original and the translation version are compared, the differences are indicated. The text of the translation describes the transfer of the national form, rhythm, size.

Keywords: original, translation, stanza, syllabic verse, syllabic-tonic verse, national form, rhythm, size.

Көркем шығарманы тәржімалау әдебиеттанудың күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Өйткені, туындыны түгелдей сөзбе-сөз тәржімалау мүмкін бола бермейді. Басқа тілде айтылған ойдың жалпы мағынасын жеткізуден гөрі, сол әдебиетке тән көркемдік ойлау, бейнелеп сөйлеу, сөз қолдану өзгешеліктерін дәл келтіру әлдеқайда қиын. Ал онсыз көркемдік ой-сезімнің әсерлілігі де толымды болмайды. Түгелдей алғанда, сөздердің мағынасын, көркемдік қуат, бейнелілік әсерін неғұрлым толық жеткізу мақсат етіледі. Көркем аударманың қасиетін арттырып, түпнұсқаның мағыналық байлығын, ой-толғамдары мен сезім иірімдерін, көркемдік өзгешеліктерін жаңғыртып, жарқырататын, қайта туғызатын – суреткерлік шеберлік.

Бұл мәселе жөнінде ғалым М.Әуезов былай ой қорытады: «Аударма теориясының басты кемшіліктерінің бірі, жоғарыда айтылғандай, жақсы үлгілі аударма тәжірибелерін жеткіліксіз, үстірт зер салу, шетендеп қана зерттеу болып отыр. Ал асылында ондай аудармаларды бүкіл егжей-тегжейіне жете жан-жақты талдау аса мәнді шарт, талдағанда шығарманың идеялық-көркемдік қасиеттерін аударманың бойына қалай сіңіргендігін, образдылығын, түп-нұсқаның ырғақтық, үндестік, шумақтық, ұқсастық нәзік ұтымды тетіктерін, авторларының сөз өнеріндегі өзіне тән ерекшелігін, тарихи нышандарын беруде аударма өнерінің бұрынғы-соңғы аударма істерінен мүлде басқаша екендігін дәлелдеу әбден керекті міндет.

Аудармалар жөніндегі сын-пікірлердің екінші бір ақауы – тәуір аудармалардың, тіпті жалпы аударманың тек бір беткей көлеңке жақтарын, сұрқай пішіндерін ғана байқастырудан туады. Аудармалардың жетістік жайларын көрмеу, немесе оны бағаламау, бүкіл аударма теориясының игі және нәтижелі қасиеттеріне нұқсан келтіреді» [1, 125-126 бб.], – деп түпнұсқа мен аударма мәселесіне назар аударады.

Мысалы, Мәшхүр-Жүсіптің «Қалмады ойлай-ойлай басымда ми» өлеңі мен Голубева «Поучения в стихах, написанные в прежние времена известным Жусупом» деп аударған

нұсқасын салыстырып көрелік:

Қалмады ойлай-ойлай басымда ми, (11 буын)
Оянып, көзіңді ашып, есіңді жи. (11 буын)
Ағыздым мен бір бұлақ көзін тауып, (11 буын)
Мес қылып құлағыңды толғанша құй. (11 буын) [2, 88 б.].
(Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы)

От раздумий бесчисленных мозг мой сух. (11 буын)
Просыпайся, очнись и взгляни вокруг: (11 буын)
Вот нашел я родник, и бежит струя, (11 буын)
Ты как чашу, до края наполни слух. (11 буын) [3, 296 б.].
(В. Голубева)

Мұндағы алғашқы шумақ – силлабикалық өлең үлгісі де, соңғы шумақ – силлаботоникалық өлең. Екі шумақтың әр тармағындағы буын саны бірдей 11 буыннан келіп отырады. Мұндағы соңғы шумақ өлшемі – әрі буын, әрі екпін: ырғақ пен шумақ, тармақ мен бунақ – бәрі де буын мен екпінге негізделеді, буын мен екпін бірдей есепке алынған.

Келесі мәселе өзегі пішін мен мазмұнды арқау етеді. Себебі Белинский: «Аудармашы таланты дегеніміз – көркем форманы бере алуға қабілеттілік, ол, әрине шығарманың рухына бойлау, сұлулықты сезіну сияқты қасиеттерден махрум болмауға тиіс» [3, 99-100 бб.], – деп аудармашы талантын пішінді дәл табумен байланыстырады. «Ұлттық пішін дегеніміз халықтық ойлау машығының көркем бейнелерде көрініс тапқан тұтас жүйесі. Ол әрбір халықтың тарихының, тұрмысының, сенім-нанымының, әдет-ғұрыптарының, үйренген үрдістерінің, талғамының ерекшелігінен құралады. Аудармашының еңсеруіне тура келетін қиындықтардың ең үлкенінің бірі – ұлттық пішіннің ерекшеліктерін дәл ұстай білу, соны өзге тілде жеткізе білу» [4, 395 б.]. Ендеше аударма ісінде ұлттық пішінді өзге тілде жеткізе білу – өте маңызды.

Жалпы, мәдениеттердің үнқатысуы аудармасыз жүзеге аспайтыны әр аударма түпнұсқаның жаңа байыптамасы екендігінен ғана емес, мәселе әр аударма түпмәтінге жаңа өлшем алып келетіндігінде. Мысалы, Мәшһүр-Жүсіптің:

Жүгім бар, көрмейсің бе, он бес көлік,
Келемін хайуанға артып екі түлік.
Жұрттың тыйышын, бүтінін ойламаймын,
Саламын бас қосылған жерге бүлік [5, 12 б.].

деген үзіндінің орысша аудармасына қарайық:

«Груз такой – пятнадцать арб нагрузить
им можно!»

И сказал тогда Гайса черту осторожно:

«Мулов вижу я твоих, ишаков я вижу.

Что за груз, скажи – не лги. Правда –
непреложна» [6, 315 б.].

Речь Черта:

Не видишь разве, что я везу на базар?

15 возков и сплошь отличный товар.

Я скандал учиню, коль будет не по мне,

Не до покоя людей, мне на этой земле.

Речь Гайсы:

Вижу под грузом и мулов и осла.

В словах твоих, допускаю, нет вранья.

Но грузом, признаюсь, я удивлен,

Откуда товар и что же в нем? [7, 18 б.] – деп оқимыз. Өлең тәржімесі – талайды сүріндіретін қиын мәселе.

Мәселен, «Шайтанның саудасы» өлеңі түпнұсқада 54 шумақ, «Поэты Казахстана» жинағындағы В.Цыбин аудармасында 32 шумақ, Қ.Канапьяновта 63 шумақ. «Қалмады

ойлай басымда ми» өлеңі түпнұсқада 58 шумақ, «Песни степей» антологиясындағы В. Голубева тәржімесінде 32 ғана шумақ, «Соқыр, саңырау және жалаңаш» өлеңінің жалпы шумақ саны – 61, Н.Сағындықованың жолма-жол аудармасында 18 шумақ, Қ. Канапьянов аударған «Соқыр, саңырау және жалаңаш» өлеңінің шумақ саны – 53. Яғни, аудармада жаңа өлшемдердің болуын байқаймыз.

«Қалмады ойлай-ойлай басымда ми» өлеңінің В.Голубева тәржімесіне көңіл бөлсек:

От зари на закат–солнцу ввек итти,
Так тебе не свернуть с земного пути.
Если горе настигнет, не будь смущен, –
Ведь в смятениях толку не сыщешь ты.
Нет без ночи дней– и ночей без дня,
И чисты, говорится, лишь бог да луна.
Друг за другом радость и горе идут,
Так всему своя очередность дана [3, 296 б.].

«Өлеңнің әр сөзі – ырғақты сөз. Өлеңді оқу, тыңдау, түсіну, өлеңге тұшыну, толқу, тебірену – бәрі ырғаққа байланысты. Сөз өнерінің өзге түрінен өлеңнің басты өзгешелігі де ырғақта жатыр. Өлеңнің түрін белгілейтін де, негізінен, ырғақ. Сырт көзге поэзиялық шығарманың сырт пішінінің өзі прозалық шығармадан өзгеше, бөлек: кесте-кесте, тақта-тақта... әр кесте, яки әр тақта-шумақ, әр шумақтың әр жолы – тармақ, әр тармақтағы дауыс толқынының соқпа-соқпасы – бунақ... » [8, 258 б.]. Ырғақ табиғаты күрделі-ақ. Сәл артық кетсе өлең басқа интонацияға түседі. Басқа интонация-басқа әсер. Басқа әсер – басқа өлең. Мысалы,

Жаныңа шын сөйлесен пайда, – дейді,
Дінің қатты, құр тілің майда, – дейді.
Сұрады тақсыр Ғайса тұра қалып:
Барасың, лағын, айтшы, қайда? – дейді.
– Сен шықтың тура жолдан асып – дейді,
– Біздерге жол қисығы несіп (нәсіп) – дейді.
– Жалпақ жұрт барып тұрған ол базарға,
Барамын мен де қыла кәсіп! – дейді.
– Топыраққа бас ұрмаймын! –деп, қылып ар,
Бұрынғы дәуреніңе сен болдың зар.
Жұрт барса, тері-терсек, жүн сатады,
Сататын, малғұн, сенің не пұлың бар? [5, 12 б.]
Вот Ғайса остановился, поглядел вдруг строго:
«Ты куда, скажи, несешься, враг извечный
бога?
Ведь давно свернул с дороги, с большака
прямого».
Тот в ответ: «А мне кривая по сердцу дорога,
На базар сейчас спешу я вслед народу тоже,
Чтоб свое добро продать людям подороже».
– «Люди будут продавать шкуры там и кожи,
Но не знаю, продавать что ты будешь все же?» [6, 315 б.].
Сурова твоя вера, а слова магнит,
Душе полезна правда, – чертяка говорит.
Спросил Ғайса святейший вопросом прямым:
А ты направился куда, с грузом таким?
Ответ черта:
Выбирайте вы прямые пути.
Наша стезя, по кривой идти.
А направился я, на базар торговать,

Делом заняться, кое-что продать.

Речь Гайсы:

– Помнится, ты отрекался от жизни былой,

Иль к прошлому тянет все еще душой.

Люди на базар идут продать и купить,

А тебе, лишь бы, что-либо натворить [7, 17 б.].

Тәржімешінің өлеңнің лексикалық-семантикалық жүйесін құрауда ерекше назар аударатыны – ұйқас. «Бұл арада ұйқастың өлең сөздің әуезділігін арттыруға әсерін, қазақ поэзиясының ұйқасқа аса бай екенін, тіпті күні бүгінге дейін ұйқаспайтын өлеңді өлең деп ұға қоймайтынымызды айтып жату артық шығар. Жалпы, ашық буындары көбірек тілдерде ұйқас жаттықтау келеді.

Өкінішке орай, аударма өлеңдерде ұйқас көбіне-көп нашарлай түседі. Мәшһүр-Жүсіптің «Сөз қылып жаза бердім жоқтан, бардан» деп басталатын өлең түпнұсқасы мен тәржімесінің ұйқастары мынандай:

... бардан,

... қардан.

... пайғамбардан [5, 12 б.].

... стороною,

... сатаною.

... зною [6, 315 б.].

... созидал,

... разжигал.

... слога:

... пророка [7, 17 б.].

Сезім – өлеңнің жаны болса, ұйқас – қаны. Біздің ойымызша, Мәшһүр-Жүсіп өлеңдерінің аудармасында ұйқас мінсіз болуға тиіс.

Өлеңде де, тиісінше аудармада да сан түрлі қайталаулардың орны ерекше. Лексикалық, фонетикалық қайталаулар тәржіменің тынысын ашып, әуезділігін арттырып тұратын тұстары бар. Кейде керісінше, түпнұсқадағы қайталау аудармада көрінбей қалады. Мысалы,

Мәшһүр-Жүсіп:

Жаныңа шын сөйлесең пайда, – дейді,

Дінің қатты, құр тілің майда, – дейді.

Сұрады тақсыр Ғайса тұра қалып:

Барасың, лағын, айтшы, қайда? – дейді.

Сен шықтың тура жолдан асып – дейді,

Біздерге жол қисығы несіп (нәсіп) – дейді.

Жалпақ жұрт барып тұрған ол базарға,

Барамын мен де қыла кәсіп! – дейді [5, 12 б.].

В.Цыбин:

Вот Гайса остановился, поглядел вдруг строго:

«Ты куда, скажи, несешься, враг извечный
бога?»

Ведь давно свернул с дороги, с большака
прямого».

Тот в ответ: «А мне кривая по сердцу дорога,

На базар сейчас спешу я вслед народу тоже,

Чтоб свое добро продать людям подороже».

– «Люди будут продавать шкуры там и кожи,

Но не знаю, продавать что ты будешь все же?» [6, 315 б.].

Қ.Канапьянов:

– Сурова твоя вера, а слова магнит,

Душе полезна правда, – чертяка говорит.
Спросил Гайса святейший вопросом прямым:
А ты направился куда, с грузом таким?
Ответ черта:
Выбирайте вы прямые пути.
Наша стезя, по кривой идти.
А направился я, на базар торговать,
Делом заняться, кое-что продать.
Речь Гайсы:
Помнится, ты отрекался от жизни былой,
Иль к прошлому тянет все еще душой.
Люди на базар идут продать и купить,
А тебе, лишь бы, что-либо натворить [7, 17 б.].

Өлең – өлшемге байлаулы өнер. Ақын қай шумақты құрағанда да ырғаққа, ұйқасқа, буынға, бунаққа қарамай тұрмайды. Соған орай аудармашы оның өз ойын, өз образын, өз бояуын дәйім дәл өзінің көздегеніндей етіп жеткізе алмауы әбден мүмкін. Мұның өзі ең мінсіз шығармалардан да табылуы мүмкін. Сол ойдың, сол образдың, сол бояудың өзге тілдегі өзге ырғаққа, өзге буынға, өзге бунаққа түпнұсқадағыдан гөрі әуезді, әрлі болып түсуі екіталай екенін жоғарыда мысалдар арқылы дәлелдеуге тырыстық. Дегенмен, түпнұсқадан асып түсетін тәржімелер де баршылық, бұлар – шын мәнінде өнер туындылары.

Әдебиет:

1. Әуезов М. Шығармалар, 12 томдық. XII т. – Алматы: Жазушы, 1969. – 536 б.
2. Көпеев М.Ж. Таңдамалы. Екі томдық. 1 том. – Алматы: Ғылым, 1990. – 273 б.
3. Песни степей. Антология казахской литературы. Под редакцией Л.Соболева. Государственной издательство: «Художественная литература». – М.: 1940. – С. 587.
4. Абдрахманов С. Төлтума мен телтума (зерттеу). – Астана: Елорда, 2007. – 464 б.
5. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы шығармалары. 2 том. – Павлодар: 2005. – 456 б.
6. Поэты Казахстана. Вступительная статья, составление, биографические справки и примечания М.Магауина «Советский писатель». – М.: 1978. – С. 608.
7. Канапьянов К.Н. Избранное. Перевод с казахского М-Ж. Копеева 1 том. – Павлодар: 2006. – С. 97.
8. Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1983. – 456 б.

УДК 82.02

ТВОРЧЕСТВО М. ЖУМАБАЕВА И Л.Н. МАРТЫНОВА В КОНТЕКСТЕ РЕГИОНАЛЬНОГО ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ

Леонтьева А.Ю., Агибаева С.С.

(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

Художественный мир М. Жумабаева органично соединяет национальное и общечеловеческое, традиции казахской литературы и художественные искания модернизма Серебряного века. Обращаясь к «несчастному казаху», великий поэт Востока призывает: «И – равным по духу будь миру всему» [1, с. 17, 18].

Выбор для компаративного анализа поэтического наследия М. Жумабаева и Л.Н. Мартынова обусловлен рядом эстетических и биографических факторов. Оба поэта осознают себя носителями и хранителями мировой культуры, где тюркский мир занимает важнейшее место. Модернист Л.Н. Мартынов, назвавший своё поколение «футуристами невольными» [2, с. 40], генетически и биографически связан с Казахстаном. Его дед по материнской линии – инженер в городе Верном (Алматы) «строил военный госпиталь и, по словам бабушки, вёл предварительные работы по постройке собора, как предполагалось – высочайшего в мире деревянного храма, здания, способного выдержать самые большие

землетрясения. Кроме того, он замышлял орошение степей каналами». Бабушка «попала из питерского мира бедных людей Достоевского через аральский мир шевченковского изгнания в салтыково-щедринский мир господ ташкентцев, обитавших в городе Верном, как тогда именовалась будущая Алма-Ата» [3, с. 14]. Мать до замужества учительствовала в Бишкеке, казачьей станице «Кокчетавского округа» [3, с. 16]. Отцовская линия восходит к офене-книгоноше Мартыну Лоцилину, осевшему в Семипалатинске. Сам поэт ощущает себя азиатом («Сонет», 1923), идущим «в мою Европу, прямо на закат», акцентирует происхождение адресата-венгра: «Тебя я встретил, европейский брат,/ В далёком прошлом тоже азиат,/ Но днесь охвачен рокотом моторным» [2, с. 44].

Выдающихся поэтов парадоксально роднит Омск. Л.Н. Мартынов воссоздаёт вопросы жителей мятежного Баян-Аула («Правдивая история об Увенькае, воспитаннике азиатской школы толмачей в городе Омске», 1935-1936 гг.), сохраняя колорит казахской речи: «“Мы просим, с нами побеседуй, о городе Омбы поведай. / Что нового там есть, в Омбы? / Казахские там есть рабы в крепости на Оми? / Их много ль? / Торговать людьми, / Мы слышали, давным-давно правительством запрещено. / Но ведь торгуют всё равно!” / - “Скажи, почем в Омбы сукно? Там можно ли купить сукна?” / - “Мы не бывали там давно: / Война!”» [2, с. 552].

То, что «обучение в Омской учительской семинарии оказало существенное влияние на становление личности и характера М. Жумабаева, его педагогической позиции», связанной с учётом этнического своеобразия подрастающего поколения [4, с. 101-102], уже признано казахстанской и российской наукой. Дискуссионным остаётся вопрос о времени приезда М. Жумабаева в Омск (1913 и 1914 годы). З.А. Аксютина доказывает, что поэт и педагог приезжает в Омск в 1913-м году: «С этого момента судьба М. Жумабаева переплетается с историей Омска... <...> В это время М. Жумабаев и был принят в Омскую учительскую семинарию (ныне - Омский педагогический колледж № 1)» [4, с. 100]. В семинарию могли поступать «молодые люди всех сословий, православного, а также магометанского вероисповедания (киргизы)» [5, с. 18]. Б.О. Жангуттин отмечает, что согласно требованиям данного учебного заведения, поступавшие должны были продемонстрировать хороший результат в письменной части экзамена по русскому языку, чтобы быть допущенными к следующему устному этапу. Ради этого М. Жумабаев в течение зимы 1912 г. занимался с хорошо владеющим русским языком поэтом и общественным деятелем Миржакыпом Дулатовым. Последний уже был известен как автор сборника стихов «Проснись, казах» (1909) и первого романа на казахском языке «Несчастливая Жамал» (1910). В связи с Омской учительской семинарией М. Жумабаев упоминается 7 мая 1914 г. как воспитанник «приготовительного класса», в документах поэт значился как «киргизский стипендиат». Известно, что семинаристы осваивали навыки ремёсел, гимнастику, садоводство, огородничество. Подход к изучению педагогики носил системный характер: теория закреплялась на практике, учащиеся составляли планы и конспекты, получали опыт преподавания, анализировали уроки, писали сочинения на педагогическую тематику [5, с. 20-22].

В Омске в 1914 г. действовала организация под названием «Единство» («Бірлік»), состоявшая из представителей казахской образованной молодёжи. Данное общество ставило перед собой культурно-просветительские задачи, М. Жумабаев принимал активное участие в его деятельности, в частности, редактировал рукописный журнал «Балапан». С Омском неразрывно связано и поэтическое творчество М. Жумабаева: стихотворения «Платок», «Птенец взмахнул крылом...», посвящения друзьям-просветителям, деятелям Алаш-Орды, «В альбом Р...» и др.

В Омске в 1905 году «на рубеже двух миров» родился Л.Н. Мартынов: «Рубеж двух миров! Как ни тривиально звучит это выражение, но оно точнее всего определяет положение вещей. Я рос на бревенчато-кирпичной границе старого церковно-банного, кошмяно-юртового, пыльного, ковыльного старого мира и - железнодорожного, пароходного, пакгаузно-элеваторного, велосипедно-аэропланного и телефонно-

пищуемашинного нового мира, отдавая решительное предпочтение последнему», - рассказывает он в «Семейных преданиях» [3, с. 18]. В «Детских грёзах» запечатлены воспоминания Л.Н. Мартынова об Омске как поликультурном и полиэтничском городе, включающем не два (казахов и русских), а не менее двенадцати народов. Особо яркое детское впечатление Л.Н. Мартынова связано с номадами: «... я хорошо помню этих казахов, продававших кумыс на улицах и мясо на базарах, этих всадников в цветных малахаях на лисьем меху, этих наездниц на верблюдах - казашек в зелёных и фиолетовых бархатных шубах и в шапочках с пёрышками птиц» [3, с. 4].

Может быть, поэты проходили по одним улицам, видели друг друга – зрелый педагог-творец и ребёнок.

Дом Мартыновых находился недалеко от Казачьего базара. В «Правдивой истории об Увенькае...» воссоздаётся исторический базар времён восстания Сырым-Батыра: «Метёт буран, но торг идет горячий на площади. / Шумит базар казачий. / В рядах мясном, молочном, рыбном, птичном / Идёт хозяйка с видом безразличным. / И в лавочках свечных, мучных и хлебных / Не слушает она речей хвалебных, / Что произносят на степных наречьях / Торговцы в шубах козьих и овечьих / И в малахаях пёсьих, лисьих, волчьих...» [2, с. 540]. В новелле «Революция» Л.Н. Мартынов вспоминает эпизод лета 1918 года, когда ему, двенадцатилетнему мальчику, вместе с матерью пришлось укрыться во время Марьяновского боя с чешскими легионерами на крыльце *alma mater* М. Жумабаева: «Помнится же мне ясно лишь одно: через час-другой после того, как пароходные пристани опустели и в городе, казалось, воцарилось безвластие, мы с матерью... зачем-то пошли по направлению к Казачьему базару. Может быть, мы пошли, чтоб встретить отца, ушедшего, как обычно на работу, на какую-то стройку,- я не помню. Казачий базар был пуст. И вдруг с площадки, где обычно торговали мукой и крупами, взметнулась ввысь стая птиц, мне почему-то показалось - гусей или уток, но это были голуби, и одновременно раздался треск как бы ломаемого забора. Стало ясно: это стрельба. Мы укрылись на крыльце учительской семинарии, но стрельба не повторилась; вероятно, она была для острастки, а со стороны Казачьего сада появились чехи, озирающиеся, как будто они зашли не в ту сторону, и улыбающиеся, будто ища сочувствия и поддержки. Они быстро прошли мимо, видимо, к почте и телеграфу, а птицы слетелись снова на пустой Казачий базар...» [3, с. 58].

Своеобразным мостом, соединяющим судьбы поэтов, становится имя А.Н. Седельникова: «...интерес к исследовательской деятельности Магжану Жумабаеву прививал Александр Никитич Седельников, в те годы служивший преподавателем и наставником в Омской учительской семинарии» [4, с. 100]. Л.Н. Мартынов неоднократно упоминает А.Н. Седельникова в новеллах книги «Воздушные фрегаты». Он вспоминает наставника Магжана, приближаясь к Кокшетау («Аксакал с Кокчетау»): «И, зажмурив глаза, восстановил в воображении не что иное, как книгу с гербом Акмолинской области - мечетью под лежащим на спинке полумесяцем, прикрытым императорской короной,- учебник родиноведения, выпущенный в свет наставником Омской учительской семинарии А. Седельниковым, добросовестный труд, в котором были описаны и вообще красоты Кокчетау, и курорт “Боровое” в частности» [3, с. 203]. До революции в указанной семинарии получает образование М. Жумабаев.

Кокшетау тоже становится знаком типологического сближения М. Жумабаева и Л.Н. Мартынова: «...забравшись на брёвна, я с их высоты и увидел сквозь неясное мерцание звёзд смутный массив синих гор Кокчетау. ...Синие горы наяву, даже издали и даже ночью, в миллион раз величественней, чем на дрянном клише», - приходит к выводу русский поэт [3, с. 203]. Оба творца живописуют окрестности Кокшетау как высокие и величественные. М. Жумабаев в одноименном стихотворении показывает горы, соединяющие землю с небом, мир земной природы и человека с престолом небожителя: «Пронзивший небо каменным отрогом / И говоривший с лучезарным Богом, / Мой Кокшетау, ты высок, высок!» [1, с. 166]. Л.Н. Мартынов тоже любит отрогами Кокшетау: «Поблизости громоздились массивные красивые камни, и мне казалось, что вдалеке я вижу и все,

описанные Седельниковым, удивительные скалы в форме грибов, столбов, столов, конусов, башен и животных, вроде как бы медведей и маралов, тех медведей и маралов, которые, согласно учебнику родиноведения, когда-то водились в Кокчетавском уезде» [3, с. 205].

Особенность Синих гор – богатые леса, воспетые М. Жумабаевым: «Густы леса – не проскользнуть стрекозам, / Привольно здесь и соснам, и берёзам - / Стройнее стрел, стоят настоroje» [1, с. 166]. Л.Н. Мартынов подчёркивает объективность и точность его наставника в описании кокчетавской флоры: «...на вершинах и на склонах Кокчетау растут особые травы: репка, сушеница и куке-марал. <...> Я вдыхал ароматы озёр, гор и бора, я видел кусты малины, боярышника и смородины, про которую думал, что вот она, та самая каменная смородина, о коей поведал в своем учебнике родиновед А. Седельников» [3, с. 204, 205]. М. Жумабаев соединяет сакральный топос Кокчетау с мифологическим бестиарием: «А где-то там, за чёрно-синим мраком, / Нависнув низко тенью над сайгаком, / Кровавоглазый пролетел орёл» [1, с. 166]. Зоологические мифологемы Л.Н. Мартынова мотивированы научной практикой А.Н. Седельникова и творческим воображением автора: «Я искал взглядом зверообразные камни, казалось, собравшиеся в горах, чтоб посмотреть на меня, пришельца. То же самое делали, казалось мне, и перешёптывающиеся кустарники. Вот что окружало меня» [3, с. 205].

Для обоих творцов посещение Кокчетау связано с грозой – символом божественного гнева, очищения, преобразования, причём гроза имеет явно позитивную эмоциональную окрашенность: «Сплошная, чёрно-синяя, сверкая, / Сгущалась туча – и застыла, тая, / Кокше целуя в каменный висок» [1, с. 166]. В новелле Л.Н. Мартынова гроза тоже воспринимается мифологически, через трансформацию-уподобление зверю, казахской девочке, невесте: «...вдруг услышал за спиною своей рокотание, похожее на рычание, добродушное, но грозное. И, обернувшись, я увидел, что над горной вершиной, вероятно Синюхой, творится целая фантазмагория. Над этой вершиной, показавшейся мне сперва похожей на казахскую девочку,- в пышной лисьей шапке пронизанных солнечными лучами облаков, а потом, с переменной освещенности, на казахскую невесту, в коническом головном уборе с отделкой из серебра, жемчуга и кораллов,- над этой вершиной сформировалась гроза! Гроза не грозная, не грузная, не тяжёлая, а, можно сказать, солнцобразная и веселая, словом, цветная, разноцветная летняя грозочка, рокотом которой и провожали меня Кокчетау, может быть, даже и не довольные, что я ухожу» [3, с. 205]. Звуковое поле Л.Н. Мартынова (гроза, грозная, грузная, грозочка) формирует удивительно богатый и живой антропоморфный образ летней грозы, акцентируя его любовное отношение к Кокчетау.

Мотив сна тоже подчёркивает ассоциативную перекличку поэтов. У М.Б. Жумабаева спят горы: «Глаза Кокше в слезах и сне великом - / Туман клубится над гранитным ликом, / Его не в силах разогнать Кокше» [1, с. 166]. Л.Н. Мартынов вспоминает свой сон первой половины двадцатых годов: «И что же я увидел во сне? Вот тут-то и начинается рассказ о волшебстве Кокчетау. Гром и молнии - вот что увидел я. Ужасный, но как бы немой гром и трескучие молнии. То есть я пробудился от этого грома и молнии и понял, что они не где-нибудь, а в моей голове, потому что небо над ней было совершенно ясным, но прохладная полночь сменилась на жаркий полдень, надо мной сияло гудящее, опасное, грозное солнце, и я осознал, что пригрезившиеся мне громы и молнии не что иное, как предвестник солнечного удара, ибо я перегрелся!» [3, с. 204].

Оба поэта оказываются «лицом к лицу с Синими горами, с их гранитами, покрытыми зелеными мхами и разноцветными лишайниками» [3, с. 204]. Оба стремятся достичь вершины. Для М.Б. Жумабаева это сакральный акт: «Мусой я стал бы, стал бы я пророком, / Когда б допущен был суровым роком / Пред очи божьи на Кокше-престол» [1, с. 166]. Для Л.Н. Мартынова посещение предгорий становится не только лечебным актом, спасающим от солнечного удара, но прикосновением к идеальному пространству – естественному, целебному, спасительному: «И единственное, что меня может спасти,- подумал я,- это, не теряя времени, соскочить с платформы и ринуться в далёкие горы, на голубые озёра, чтоб там в них освежиться, искупаться, отлежаться на их берегах, забыв хотя бы на час про всё

остальное» [3, с. 204]. Через полвека писатель вспоминает свой путь к спасению: «...я бросился к Синим горам, избрав самый прямой и краткий путь по целине, прежде чем выбраться на дорогу. <...>...я, видимо, не представлял себе ясно, сколько вёрст мне надо пройти, и я уже не помню, сколько времени длился этот мой стремительный марш, я не помню, выручали ли меня только мои длинные ноги или я пользовался и какими-нибудь попутными подводами. Всё это забылось, а помнятся только уже достигнутые предгорья и затем бальзамическое ощущение какого-то озера...» [3, с. 204].

Предполагаемое паломничество поэта-Пророка сопровождается священным даром – стихами, а результатом восхождения на Кокше станет перерождение в модернистских традициях: «Паду к ногам Мусы в небесных росах. / Мои стихи – мой благодарный посох, / Я на Кокше взойду, и в вышине, / Стопы направив к божьему чертогу, / Пойму я небо и отвечу Богу - / Язык его понятен станет мне!» [1, с. 166]. Становление Поэта-Демииурга корреспондирует символистской концепции искусства как жизнетворчества, недаром эпиграфом к программному стихотворению «Пророк» М. Жумабаев выбирает строки теоретика и основоположника русского символизма Д.С. Мережковского, а в Москве сближается с другим старшим символистом – В.Я. Брюсовым, выбравшим позицию «мэтра», наставника.

«Невольный футурист» Л.Н. Мартынов объединяет бытовое с бытийным, причём озеро в предгорьях воспринимается как аналог особенного, чудесного пространства: «... я купался, плескался в чистейшей воде, исцеляясь таким способом от последствий грозившего мне солнечного удара. Я охлаждался, я прохлаждался, я наслаждался». Бытийный аспект подчёркивается размышлением о творческой сущности Природы, выступающей скульптором и хранителем животных, которые уже исчезли, «но остались в виде каменных изваяний ваятельницы Природы» [3, с. 205].

Сакрализация родной природы и понятий / объектов, имеющих культурно-историческое значение, – один из устойчивых приёмов в арсенале средств художественной выразительности М. Жумабаева. В стихотворении «Небу» поэт признается в «грешной» любви к «бесприютной земле» и желании «понять бесконечность Вселенной». Источником этой жажды познания является божественный замысел, поскольку Аллах «нарушил порядок», сотворил противоречивую природу человека: «Сердце парящее в рёбра вложил, / Сам же опутал их путами жил. / Чёрной земли он порядок нарушил – / Людям земным не дал чёрную душу. / Помни, небесный отец, обо мне – / Светлой душой я прикован к земле» [1, с. 165]. Смертный поэт, носитель небесной искры, прозревает божественное начало в земных явлениях, дарует бессловесной природе «голос». Так, в поэме «Коркут» народ Алтая «...как и прежде, содержит свой скот. / И других у него ни забот, ни хлопот. / В простоте первобытной проходят их дни – / Всем довольны они, что природа даёт». И только порицаемый соплеменниками «бесноватый» Коркут создаёт кобыз – волшебный инструмент, в пении которого слышится голос Алтая: «И кобыз зазвучал, и Алтай вместе с ним» [1, с. 255]. В песне кобыза слились конский топот и поступь верблюда, сход снежной лавины в горах и песчаная буря, звуки костра, бег животных и шелест деревьев. Л.Н. Мартынов создаёт сакрально-мифологические топосы Реки Тишины, Лукоморья, Эрцинского леса на побережье Иртыша: «Я звал вас много раз / Сюда, в Эрцинский лес, / Чьи корни до сердец, / Вершины до небес!» [2, с. 94].

Итак, обращение к региональному литературоведению позволяет рассмотреть неожиданное ассоциативное сближение М. Жумабаева и Л.Н. Мартынова на биографическом и эстетическом уровнях. Поэтический сакральный ландшафт Казахстана, представленный в их творческой практике, становится достоянием мирового культурного пространства: «Я звал вас много раз / И на степной простор, / Где никогда не гас / Пастушеский костёр. / Я звал вас в пыльный рай / Необозримых стад. / Делить всё, чем богат, / Я был бы с вами рад», - признаётся лирический герой «Эрцинского леса» [2, с. 94]. «Счастлив в этих степях, порезвившийся вдосталь / И сроднившийся с ними любой человек», - делает вывод М. Жумабаев [1, с. 41].

Литература:

1. Жумабаев М. Пророк: стихи, поэмы, проза; пер. с каз. - Астана: Аударма, 2010. - 368 с. - (Библиотека казахской литературы).
2. Мартынов Л.Н. Стихотворения и поэмы. – Л.: Советский писатель. Ленинградское отделение, 1986. – 768 с. – (Библиотека поэта. Большая серия).
3. Мартынов Л.Н. Воздушные фрегаты. Новеллы. – М.: Современник, 1974. – 327 с.
4. Аксютин З.А. Педагогический путь Магжана Жумабаева // Вестник Омского государственного педагогического университета. Гуманитарные исследования. – 2021. - №4 (35). – С. 99-103.
5. Жангуттин Б.О. Магжан Жумабаев. «Мой казах, ненастья час настал». Страницы биографии / под общей редакцией М.К. Койгелдиева. – Алматы. ТОО «Каратау КБ» Дастур, 2016. – 220 с.

КҮННЕН ТУҒАН БАЛАМЫН, ЖАРҚЫРАЙМЫН ЖАНАМЫН

Мусин Б.А.

(Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы, «М.Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КМҚК)

Мақалада қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Бекенұлы Жұмабаевтың «От» деген өлеңінің ерекшелігі, көркем шығармалары жайлы қарастырылады. Сөздің құдыреті арқылы рухани мол мұра қалдырған ақынның шығармашылық мұрасын зерттеу, зерделеу, бүгінгі күн тұрғысынан баға беру, қазіргі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері қарастырылды.

Қай елдің тарихын алсақ та халыққа сіңірген еңбегі мен атқарған қызметі көп уақыт өткен соң бағаланып, танылатын тарихи тұлғалар көптің қасы. Өмірлік тағдырлары тарихтың тәлкесіне тап болып, туған халқымен жарты ғасырдан соң қайта табысқан мәңгілік тұлғалардың бірі емес бірегейі – Мағжан Бекенұлы Жұмабаев. Ол өзінің келесі өлең жолдарында:

«Мен жоқ едім, бар қылып анам тапты,

Содан бері Күн талай шықты, батты.

Ес білгелі алысам өмірменен,

Өмір – теңіз, толқыны тым көп қақты» - дей келе алып анасы тоғыз ай, тоғыз күн құрсағында көтеріп қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызын қазақ еліне қызмет етсін деп дүниеге әкеледі. Қазақтың жарық жұлдызы Мағжан бабамыз азат өмірді, халқының тәуелсіз ел болуына ұмтылып, білегінің күшімен, жүрегінің жырымен күресіп өткен ұлы ақынның тағдыры аса күрделі бел-белестерді басынан кешірді. Мағжан – ең алдымен сыршыл ақын. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны аралас шыққан асыл сөздері өзгенің жүрегіне махаббат ұялатады. Мағжан Бекенұлы Жұмабаев не жазса да, сырлы, көркем, сәнді жазды. Ақынның шығармаларын оқып, өскелең ұрпақ санасына дәріптеп дарыту талай жастың арман-қиялында ғана қалмады. Халқы үшін аянбай бойындағы биік рухқа, арман-тілектері азаттыққа жеткізеді деп сенген, әлемдік өркениет көшінің алдыңғы легіне қайта қосылуға болады деп үміттенген. Қазіргі заманда көзі ашық, көкірегі ояу жастар Мағжан бабамыздың жырларын жырлап, шығармаларынан тәлім-тәрбие, үлгі алып келеді.

Туған халқын ерекше жан-тәнімен құла сүйгендігі үшін, қазақ халқына жарықтық сыйлаймын деп қызыл тілімен айта алғаны үшін жазықсыздан-жазықсыз жазаланған. Қазақ поэзиясының жарық жұлдызы, біртуар ұлы ақыны «Мен өлмеймін, менікі де өлмейді...» - деп жырлағандай халқымен шығармалары арқылы қауышуға мүмкіндік туды.

«Оқушының жүрегіне әсер бере алмайтын құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз», – деген Жүсіпбек Аймауытов. Мағжан шығармаларының құдіреттілігі сонша – ол оқырмандарының бойына ұлттық рухты күшейтіп, жандарына жігер, отаншылдық сезімін ұялатады. Осыдан Мағжан тума дарын екендігін байқасақ, екіншіден өзіне дейінгі ақындардан оқу-үйрену нәтижесінде бұл дәрежеге жеткен. Мағжан тек қоғамдық саяси ойлар айтумен шектелмеген, қазақ әдебиетін бүкіл ел танитын әлемдік шыңға шығаруды мақсат еткен. Ақынның ол арманы өз өлеңдері

арқылы орындалуға жолтапты. Мағжанның ұлттық, азаматтық парасатынан туындаған арман-мақсаттар бұдан әлдеқайда биік болды. Туған халқы туралы айтқанда, оның кешегі өткен жолын еске алып, оны бүгінгі жағдайымен салыстырады. Не себепті ақын жалпы түріктік идеяны көтереді? Түркі тектес халықтардың бәрінен болашақта үлкен үміт күтеді, жалпы Шығысты пір тұтады. Осы тұрғыдан ақынның "Пайғамбар", "Күншығыс", "Түркістан", "От" тәрізді бірталай өлеңдерінде түптің-түбінде жақсылық атаулының жылы лебізі Шығыстан келмек, Батыстан торлаған қою қара бұлтты Шығыстың жарық сәулесі ғана жоймақ деп білді. Осы шығармаларында ақынның туған елге, жерге, өз топырағына, Шығысына деген ғажайып махаббаты, перзенттік патриотизмі айдай жарық болып көрінеді. «От» өлеңінде өршіл ақынды ұлтымыздың, жұртымыздың тағдыры, алдымыздағы болшақтың бұлыңғырында не күтіп тұрғаны қатты толғандырады. Өлеңнің басты тақырыбы – қазақ халқына бір серпіліс беріп ояту. Өлеңнің басты мақсаты осы үмітті, осы тілекті туған халқына жеткізу. Ес білгеннен көкжиекке дейін кең байтақ даланы тамашалап, еркін өмір кешкен, елінің өткен тарихы мен ертегі-аңыздарын құлағына құйып ер жеткен Мағжан бойында біріншіден, өршіл ұлттық рух кемерінен асып төгіледі:

«Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын,
Күнге ғана бағынам.
Өзім-күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзім де – от,
Өзіме өзім табынам.
Жерде жалғыз Тәңірі – от,

Оттан басқа Тәңірі жоқ», - дей келе Мағжан Жұмабаев қазақ халқының алдына үлкен үміт артып отыр. Ақынның «от» деп отырғанын не?. Оттың қазақ халқы үшін қандай маңызы бар? Мағжан бұл тақырыпты не себепті арқау етті? Сұрақ көп болғанымен, жауабы аз. Елдің, халықтың санасын ояту ма, рухын көтеру ме, елдігімізді дәріптеу ме екен?! Кім білсін?! Өлеңде дыбыстық жағынан үйлестіру қазақ поэзиясында Мағжан әкелген жаңалық. Мағжан өлеңдеріндегі көп жаңалықтардың бірі. «Ерте күнде отты Күннен Гун туған, Отты Гунмен От боп ойнап, мен туғам», – дейді Мағжан. Өлеңде қазақ өлеңдерінде бұрын – соңды кездеспеген сипат. Қорыта айтқанда, символизм, қазақ поэзиясына аз жаңалық әкелген жоқ. Символизм - поэзияның бір бұтағы ғана. Осы реализм Мағжан Жұмабаевтың әдебиетімізге әкелген тағы бір жаңалықтарының бірі. Батыс әдебиетіндегі көптеген орыс ақындарының қалам тартқан тақырыбы. Ол Александр Блоктың, Сергей Есениннің тағы басқа символшыл ақындардың өлеңдеріндегі жаңа бағытты ұстанды. Осындай сыршылдығы, дарындылығы арқасындағы Мағжан өз қатарластарынан озық тұрды. Мағжан өлеңіндегі от сөзі, отқа өзін теңеуі, сөзінің де от, өзінің де от екенін оның рухты ақын екендігін айғақтап тұр. Бойындағы жігері, қайнап жатқан қаны, бұлқынысы - бәрі де «От» өлеңінің мәні, мағынасы. Кейбір ақындар заманның ағымына қарай жазып жатқанда, түсініксіз от, түрікшілдікті қозғаған ақынның өмірі, әрине қиындық туғызды. Қиындық туғызып қана қойған жоқ, сонымен қатар, өлім жазасына кесілді. Ақын жаны елі үшін құрбан болды. Заман өте келе, қарайған ағарды, әділдіктің ақ туы аспанға көтерілді. Ақ түйенің қарны жарылды. Түрікті, түрік дүниесін сүйгені үшін кете барған ақын мұрасы қайта жаңғырды. Ақынның «От» өлеңіне:

«Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын,
Күнге ғана бағынам.
Өзім-күнмін, өзім-от,
Сөзім, қысық көзімде – от,
Өзіме өзім табынам.
Жерде жалғыз Тәңірі – от,
Оттан басқа Тәңірі жоқ».

Егер біз бұл тармақтарды бір шумақ деп есептесек, өлең осындай тоғыз шумақтан

тұрады. Әр шумағында сегіз тармақтан. Ұйқастарына қарасақ: а,а,б ұйқас үлгісі пайда болады. Өлеңде метафора, эпитет, кірме сөздер, сұраулы, лепті сөйлемдер көптеп кездеседі. Мысалы, өзім-от, арым да-от, қараңғылық-дұшпаным, Идеяды – Алланы деген метафора кездеседі. Қараңғы тас қаласын, қысық көзін деген эпитет бар. Иман, Алла, Тәңір сөздерінің өзін айтуға тыйым салған заманда жырға қосқан ақын бабамыздың расында да оттан туғандығы анық. Сол кезде қара қылды қақ жарғандай әсер қалдырады. Қазағының ұлылығын, түркі халқының даралығын асыл бабамыз әдемі өрнектеген. Қазіргі кезде ақын өлеңдерінің ішінде «От» өлеңі ең жігер беретін, рухты көтеретін өлең. Мағжанның ойлау қабілеті орасан, сезімі сергек, жүрек жылуы мол. Сондықтан да ол күллі адам баласына шуақ сыйлағысы келеді. Мағжан туған халқын ең биік тұғырдан түсіргісі келмейді. Ол өмірлік энергиясын елінің қамына арнады. Ұлтының тектілігін күн нұрына малынған қуатты жырлары арқылы анық көрсетті. ХХІ ғасырда өмір сүріп жатсақ та ақын өлеңдері өз өміршеңдігін жоймақ емес.

Әдебиет:

1. Мағжан Жұмабаев: өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер. – Петропавл: Полиграфия, 2018.
2. Сүлейменов Ж. Мағжан Жұмабаев өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер. – Петропавл: 2006. – 428 б.
3. Мағжан Жұмабаев. Туған жер. Құрастырған Кемел Оспанов. – Петропавл: 2019.
4. Сүлейменов Ж. Мағжан әлемі: әдеби зерттеулер. – Алматы: Асыл кітап, 2009. – 496 б.

ӘОЖ 373.31

7-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мұхамеджанова Г.Т., Мутал А.А.,

(М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті)

Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен [1]. Сол себепті де педагогика ғылымы үнемі зерттеулер мен ізденістерге, жаңалықтар мен өзгерістерге мұқтаж. Күн сәулесі жылдамдығымен секунд сайын дамып, өзгеріп келе жатқан мына заманда еліміздің өзге де өркениетті елдермен иық тіресіп тұруы, білім сапасының дүниежүзілік кеңістікке көтерілуі бүгінгі күннің аса маңызды мақсаттарының бірі болып табылады. Қазіргі таңдағы еліміздің білім беру стратегиясы айтарлықтай биік дәрежеге көтерілгендігін мойындауымыз шарт. Бірақ бұл дегеніміз оқыту саласы талқылаулар мен ізденістерді қажет етпейді деген сөз емес.

Жыл сайын мемлекетіміздің білім беру жүйесінде әртүрлі бағыттарда өзгерістер, жаңашыл әдістемелер пайда болуда. Оның бірі күткен нәтижеге жетіп жатса, кейбіреулері пайдаға аспай тек уақыт пен қаржының ысырап болуына әкеліп жатыр. Осы тұста мектептерімізде мемлекеттік тілді меңгеру саласына ерекше көңіл бөлінген және бұл дұрыс. Себебі бала бірінші тілді дұрыс меңгеріп, содан кейін ғана өзін өзге бағыттарда сауатты түрде дамыта алады. Қазіргі таңда қазақ тілі орта мектептерде төрт түрлі дағды бойынша оқытылады. Олар тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдылары болып табылады. Бұл төрт дағдының да алар орны мен берер нәтижесі өте жоғары, әсіресе жазылым дағдысының тілді меңгертуде маңызы жоғары дегім келеді. Осы тұста ғылыми мақаламда орта мектеп оқушыларының, оның ішінде 7 сынып оқушыларының жазылым дағдысын тіл үйрену барысында тиімді қалыптастыру мәселесіне тоқталмақпын.

Оқылым дағдысын бәріміз білетіндей рецептивті, яғни қабылдаушы дағдылар қатарына жатқыза аламыз. Оның негізгі мақсаты оқушыларға берілген мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты әртүрлі деңгейде қабылдауға және түсіне білуге үйрету болып

табылады. Ф.Оразбаева еңбегінде: «Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу», – деген анықтама берілген [2]. Яғни осында көрсетілген оқылым дағдысын қалыптастырудағы мақсаттарға тілдік құралдарды қолдану арқылы жетуге тырыссақ нұр үстіне нұр болмақ.

Оқылым дағдысына негізделген тапсырмалардың барлығы мәтінге негізделген тапсырмалар болып табылады. Сондықтан да мәтінмен жұмыс жасау барысында барлық әрекет мәтін мазмұны мен идеясын анықтауға жұмсалады. Ол үшін мәтін сапасы оқушылар деңгейіне сай болуы қажет. Мәтінмен жұмыстың оқушыларға ұсынылатын бірнеше сатысы бар. Біріншісі, мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін жылдам оқып шығу, яғни мазмұнын түсіну үшін көз жүгіртіп шығу. Екіншісі, мәтіннен қажет сөздерді (тірек сөздер) теріп жазу. Мысалы: пайыздық көрсеткіштер, жылдар немесе терминдер. Бұл тапсырма оқушыларға мәтіннің ішіндегі нақты ақпараттарды ажыратуды үйретеді. Үшіншісі, детальді түрде оқу болып табылады. Яғни мәтінді сөзбе-сөз түсініп оқу. Әсіресе сөз мағынасын сөйлемнен ажырату, таныс емес сөздердің мәнін ашу болып табылады. Төртіншісі, мәтін құрылымына қатысты тапсырмалар. Нақтырақ айтқанда, кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдердің ұйымдастырылуын түсіну. Бұлардан өзге интенсивті оқылым, экстенсивті оқылым, мәтін түрлерін ажырата білу секілді оқылымға арналған мақсатты тапсырмалар да бар. Қай тапсырма түрін алсақ та, ең бірінші міндет – оқушыға мәтінді толықтай меңгерту. Ал енді осы мәтінді меңгеру барысында ондағы тілдік құралдардың қолданысына да мән беріп оқытатын болсақ оқушы мәтінді меңгеріп қана қоймай, тілдік құралдар арқылы келетін көптеген ақпараттарға қанық бола алады.

Жазылым – оқушылардың тіл үйренуіне қатысты қолданылатын қиын да күрделі жұмыс түрі болып табылады. Жазылым дағдысы – адамдардың ұзақ мерзімдік қарым-қатынасына жол ашып, мүмкіндік жасайтын және тілдік материалдардың мазмұны мен формасын бірдей қамтитын күрделі әрекет. Тілді меңгеруде осы дағдыға үлкен мән беріп отыруымыздың тағы да бірнеше себебі бар. Біріншіден жазылым дағдысы баланың тілді қарапайым меңгеруіне ғана емес оны сауатты меңгеруіне алып келеді, екіншіден, алынған ақпараттардың көп бөлігі айтылым мен оқылымға қарағанда жазылым барысында есте сақталады, үшіншіден, жазылым дағдысы оқушыны тек көшіріп жазуға емес, сыни ойлауға, ойлап табуға, жүйелі әрі дұрыс пікірлеуге үйретеді, төртіншіден, әртүрлі тақырыптарда диктант, эссе, мақала және т.б. алуан түрлі жазылым тапсырмаларын орындау барысында оқушының ойлау көкжиегі кеңейеді, функционалды сауаттылығы артады, және бесіншіден, жазылым дағдысын қолдану барысында өзге де дағдылар іске қосылады. Мысалы, диктант жазу үстінде оқушы тыңдайды және жазады, ал жазу барысында оқиды, кей тапсырмаларда жазғанын айтып та береді. Бұл дегеніміз біз бір ғана дағдыны пайдалана отырып өзге дағдылардың дамуына ықпал етеміз.

Ә.Исабаев: «Қазақ тілін практикалық жақтан үйрету әдістері сабақ жүргізу үстінде іске асырылады. Бұл арқылы оқушылар сөздің мағыналық қасиетін, табиғатын, сөздік қоры мен грамматикалық құрылымын сезеді, ауызекі тілдің байлығы мен әдеби тілдің өзіндік белгілерін үйренеді. Мәдениетті сөйлеу үлгісін қалыптастырып, дұрыс оқып, оқығанын қайталап айтып беруге жаттығады. Сауатын стилистикалық тұрғыдан жетілдіреді, ғылыми, саяси және көркем шығармаларды талғап оқу қабілеті артады. Оқушылар қоғамдық құбылыстарды тіл арқылы біліп, сезіну, түсіну және үйрену жолымен білімдер мен дағдыларын қалыптастырады» – дейді [3, 39]. Расында да жазылым дағдысын дамыта отырып оқушы тек сауатын ғана жетілдірмей, жоғарыдағы пікірге сәйкес алдына алған кез келген мәтінді түсініп оқып, талдай алады. Стилдік, тілдік және көркемдік тұрғыдан баға бере алады. Бірақ бала мұндай дәрежеге жетуі үшін оның жазылым дағдысын қаншалықты меңгеретіндігіне емес, қалай меңгеретіндігіне мән бергеніміз жөн. Осы тұста бұл дағдыны тілдік құралдар арқылы оқытудың тиімді тұстарын ұсынғым келіп отыр. Егер де оқушы жазылым дағдысын қарапайым ғана түрде емес, тілдік құралдарды қолдана отырып дамытса

тілімізді меңгеру де жеңілдеп, қолдану аясы да кеңейер еді дегім келеді.

Оқушылар оқылым және жазылым дағдысын дамыту барысында тілдік құралдарды қоса меңгере алса тек қана сауатты жазуға емес, көркем жазуға, ойын нақты әрі толық жеткізуге мүмкіндік алады. Себебі, жазылым дағдысында сөздің дұрыс таңбалануынан бөлек сөздік қордың мол болуы, тілдің таза болуы да аса маңызды емес пе? Осыдан-ақ оқушылардың тілдік құралдарды меңгеруі, оның ішінде жазылым дағдысы арқылы меңгеруі қаншалықты маңызды екенін біле аламыз.

Білім беру аясында тілдік әрекетті дамытуда Д.Б. Эльконина, В.В. Давыдова «Жазу – бұл өзгенің жазғанын көшіріп жазып беру емес, керісінше авторлық туынды болуы керек, яғни оқушы өз ойын, ішкі сезімін еркін түрде, тіпті көркем сөз түрінде жаза алу қабілеті деп айтқан»[4]. Ал жазылымды көркем сөз түрінде жаза алу қабілеті бізге тілдік құралдарды меңгеру арқылы келмек. Оның ішінде мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, антоним, синоним, көркемдеуіш құралдар және т.б. тілдік маңызды құралдарды көре аламыз.

Ал енді неліктен тілдік құралдарды пайдалана отырып дамытуды көздеп отырмыз, оның қарапайым жолдардан артықшылығы неде және оқушыға не бере алады? деген сұрақтарға жауап беріп көрейік. Кез келген ұлттың әдебиетін алсақ та ондағы қолданылатын тілдік құралдар мен бейнелеу құралдары сол елдің сөздік қорына, қолданыс орнына байланысты түзілмек. Бұл құралдардың ерекшелігі мен маңыздылығы да осында жатыр. Олар сол халықтың тарихына, ой-танымына, ұстанымына, сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына сай пайда болады. Қазақ тілінде қолданылатын тілдік құралдар да бертін келе ғана пайда болмаған, олар халқымыздың бірнеше ғасырлық тарихынан, ұзақ жылдардан бергі қалыптасып келген тұрмысынан, кәсібінен, тіліміздің ерекшелігінен, байлығынан хабар береді.

Қазақ тіліндегі көріктеуіш құралдардың теориялық негізі туралы алғаш қазақ тіл білімінің негізін салушы А. Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» еңбегінде «Сөз талғау» бөлімінде қарастырған. Осы бөлімді толықтай шығарма сөзінің көрнекілік мәселесіне арнаған. Дәлірек айтқанда қазақ тіліндегі сөздердің ауыспалы және жанама мағынасына, тілдік құралдар, т.б. осы секілді тақырыптар аясында тоқталған.

А. Байтұрсынов: «Сөздің дұрыс, таза, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде сөзі толық түсінікті болу үшін дерексіз заттарды деректі затша, бернесіз заттарды бернелі затша сипаттайды, жансыз затты жанды заттай ғамалдайды. Ақ көңіл, шолақ ақыл, арам ой деу, яки күн бүркіп тұр, найзағай ойнайды, су қайтты деу. Мұндай сөздер жалғыз әдетті түрінде емес, әдейі де айтылады. Осы сияқты өң берілген сөздер көрнекі тіл делінеді», – дейді [5, 259]. Бұл жерде ғалымның көрнекі тіл деп отырғаны – қазіргі кездегі тіл білімінде жиі қолданылатын термин, яғни көріктеуіш құралдар.

Әдебиет теориясына өзінің үлкен үлесін қосқан Қ. Жұмалиев те өзінің еңбектерінде тілдік құралдарға айрықша тоқталып өтеді. Ол қазақ тіліндегі тілдік құралдарды «көркем сөздің түрлері» дей келе, оларды зерттеудің және білудің маңызына қатысты бірнеше себеп келтіріп өтеді:

– *Көркем тіл тек жазушылар қауымы үшін ғана емес, сондай-ақ сауатты адамның бәріне керек. Өйткені адам өзінің ой-сезімін басқаларға білдіру үшін қолданады;*

– *Көркем тілдерді білу – көркем шығармалардың жақсы, жаман жақтарын танып, терең түсіне білу деген сөз;*

– *Әдебиетті оқытушы, зерттеушілер де үшін тілдердің жасалу, даму жолдарын, ерекшеліктерін терең түсініп, жақсы білуі керек [6, 133].* Осылайша тілдік құралдарды білу тіл үйренуде, халықты тануда үлкен рөл ойнайтындығын атап өткен.

Жоғарыда тек бірнеше себебі ғана көрсетілген, тілдік құралдарды оқытудың пайдасы мен күтілетін нәтижелерін айта берсек өте көп. Қазақ тілінде қарапайым қолданыстағы тұрақты тіркестерден мысал келтірейік. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» – тыныш, бейбіт заман. Осы тіркестен қойдың қоншалықты момын жануар екендігін, қой

өсіру қазақ халқының ежелден келе жатқан ата кәсібі екендігін және қазақ тілінің көркемдігі соншалық тыныштық заманды қалай дәл суреттегенін көре аламыз. Яғни бір ғана фразеологизмді тани отырып оқушы бірнеше ақпаратқа қанық болады. Және «айдарынан жел еседі» тіркесін алып қарайық. Оқыған оқушыда айдар деген не? деген сұрақ туындайды. Айдар дегеніміз адамның төбесіне қойылатын шашы, ол моңғол, қытай, қалмақ, түрік халықтарында да кездеседі. Айдар таққан адам күш-қуаттың, мол қайраттың иесі іспеттелген. Бұл тұрақты тіркесте «айдарынан жел есу» асқақтап өмір сүру мағынасында білдіреді. Олардан бөлек «айызы қанды», «айылын жимады», «жаны сіріден жаралған екен», «жынынан айрылған бақсыдай», «ит басына іркіт төгілу» және т.б. осы секілді жүздеген фразеологизмдерді мысал келтіре берсек болады. Тек тұрақты тіркестер емес, дәл осы секілді мақал-мәтелдер, синоним сөздер де оқушының жазылым жұмысының сапасын арттыратын тілдік құралдар болып табылады. Осылайша тілдік құралдарды оқу арқылы, оларды жазба жұмыстарында қолдану арқылы оқушылар сөздік қорларын кеңейте отырып тілдің дамуы турасынан, қазақ халқының тарихы мен тұрмысынан қатар хабардар бола алады. Тұрақты тіркестерді түсініп, өз жазылым жұмысында орынды қолдана алған оқушының кез келген шығармасы, эссесі тіпті, әдеби мақаласы жоғары дәрежеде сапалы орындалады.

Жоғарыда айтылған оқылым және жазылым дағдысы арқылы жетуге болатын қабілеттерге оқушы қиналмастан, адаспастан жете алуы үшін оқыту әдістерімізде жүйелілік болуы тиіс. Атап айтқанда оқушы жетуі тиіс мақсаттарға сай жаттығу түрлері, тапсырмалары болуы қажет. Осы орайда біз 7-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығының тапсырмаларына кішігірім сараптама жасап көрдік. Зерттеу нысаны ретінде Қосымова Г, Рахметова Р. авторлығымен құрастырылған жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған «Алматы: Атамұра» баспасының қазақ тілі оқулығын алған болатынбыз.

Оқулықта 10 бөлім берілген. Әр бөлімде әртүрлі ірі лексикалық тақырыптармен қатар грамматикалық тақырыптар да берілген. Оқулықта 7 сынып оқушыларының тек жазылым дағдысын дамытуға арналған 221 тапсырма, ал оқылым дағдысымен біріктірілген 4 тапсырма, айтылым дағдысымен біріктірілген 9 тапсырма берілген. Яғни жазылым дағдысын қалыптастыру мақсатында 10 бөлімде барлығы 234 тапсырма ұсынылған. Осы тапсырмалардың ішінде тілдік құралдарға қатысты 34 тапсырма берілген. Бұл барлық тапсырманың 14%-ын құрайды. Бұл тапсырмалардың өзін тақырыптық жағынан жіктеп қарасақ, 12 тапсырма фразеологизмдерге, 8 тапсырма мақал-мәтелдерге, 8 тапсырма синонимге, 1 тапсырма ғана көріктеуіш құралдарға және 1 тапсырма эмоционалды сөздерге қатысты құрастырылған. Және де 4 тапсырма аралас, яғни мақал-мәтел, тұрақты тіркестер және эмоционалды сөздерді қатыстырып жасалған. Бір қарағанда жазылым дағдысының тілдік құралдарды қатыстырып ұсынған тапсырмаларының саны жеткілікті көрінгенімен сапасы жетіңкіремей тұр. Аталған тапсырма түрлері оқушылардың тек көшіріп жазу дағдысын сәл ілгерілетуі мүмкін. Алайда өздігінен басқа да жазылым жұмыстарын немесе шығармашылық жұмыстарды орындауда оқушыларға тигізер пайдасы шамалы-ақ. Не болмаса оқулықта көріктеуіш құралдарға арналған бір ғана тапсырма 7-сынып оқушысының жазылым дағдысын қалыптастыруда үлкен рөл ойнайды деп айта алмаймын. Бір ғана тапсырманы орындау арқылы оқушы көріктеуіш құралды жазылым жұмыстарында немесе қарапайым қарым-қатынас барысында қолдану былай тұрсын, оның не екенін де ұғынып үлгермейді.

Ұсынылған тапсырмалардың көпшілігі бір типті тапсырмалар. Анығырақ айтқанда мәтінде берілген тұрақты тіркестердің мәнін ашып жазу немесе берілген фразеологизмдердің мағынасын анықтап жазу секілді әбден жауыр болған тәсілдер. Мысалы, оқулықтың екінші «Көшпенділер мәдениеті. Орфография» бөлімінің 31-бетіндегі 4-тапсырмаға назар аударсақ: Фразеологизмдерді қатыстырып, сөйлемдер құр а[7, 31]. Ұсынылған тапсырмада мысал ретінде төрт тұрақты тіркес қана берілген. Одан бөлек осы бөлімде 33-бетінде берілген 2-тапсырма. Мәтіндегі авторлық көзқарастарды жеткізіп тұрған фразеологизмдерді тауып, мағынасын түсіндір [7, 33]. Болмаса мақал-мәтелдердің

жалғасын тауып жазу және берілген мақалдардағы түсіп қалған сөздерді орнына қойып көшіру секілді жеңіл-желпі, бес-алты мысал көрсетілген тапсырмаларды ғана көре аламыз. Және кей тапсырма түрлері қайталанып та үлгерген.

Осы тұста оқушылардың қызығушылығын арттыруға және тілдік құралдарды меңгеруге көмектесетін алуан түрлі әдістерді ұсынуға болады. Соның бірі оқушыларға ауызекі стильде жазылған мәтіндер ұсынылады. Балалар мәтін ішінен алмастыруға болатын қарапайым және диалектсөздерді тауып, оларды фразеологизмдермен немесе мақал-мәтелдермен алмастырып жазады. Сонда мәтін мазмұны өзгеріп қана қоймай, ондағы тіл көркемдігі де артады. Ауыстыратын сөздер мен мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді оқушылар өздері іздейді. Тапсырма соңында мәтін стилінің өзгергендігін, яғни ауызекі стильден көркем әдебиет стиліне ауысқандығын байқайды. Бұл тапсырманы орындау барысында оқушылардан шығармашылық пен мұқияттылық, сауаттылық талап етіледі. Және жазылымнан бөлек стильдер турасындағы білімдерін толықтырады. Ондағы тілдік ерекшеліктерге мән береді. Осы секілді оқушының тек сауатты жазуын ғана емес, оларды жан-жақты дамытатын тапсырма түрлерін ұсынуға болады. Көріктеуіш құралдарға да арналған қызықты жазылым тапсырмаларын ұйымдастыруға тиіспіз. Мысалы оқушыларға мәтін ішінен арнайы терілген сөздер беріледі. Оқушылар бұған дейін мәтін ішіндегі көріктеуіш құралдарды табу секілді тапсырмаларды орындаған. Ал мұнда берілген сөздерді қатыстырып, эпитет, метафора, метонимия секілді түрлерін өздері жасайды.

Қорыта айтқанда, 7 сынып оқушыларының оқылым және жазылым дағдысын дамытудатілдік құралдарды кеңінен пайдалану аса маңызды. Себебі тілінің көркемдігінен, халқының тарихы мен тұрмысынан хабардар, сөздік қоры жетілген, көркем әрі сауатты жаза алатын кел келген оқушы өзіне тапсырылған жазылым жұмыстарын да, шығармашылық жұмыстарды да сапалы орындауға қабілетті деп білемін.

Әдебиет:

1. <https://melimde.com/saba-beru--jrenshikti-jaj-fana-sheberlik-emesol-jaadan-jaani-t.html>
2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005.
3. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы: Қазақ Университеті, 1993 – 160б.
4. <https://articlekz.com/kk/article/27911>
5. Байтұрсынов А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай баспасы, 2013. – 640 б.
6. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика, 1960. – 244 б.
7. Қосымова Г., Рахметова Р. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2017. – 192 б.

ӘОЖ 373.31

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ТІЛДІК ҚҰРАЛДАР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Мухамеджанова Г.Т., Серікбай А.

(М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті)

Бәсекеге қабілетті мемлекет құрудың алғышарты – оқу-ағарту саласы бір жүйеге түскен, ғылымы дамыған болу керек. Қазақ даласында білім алу жүйесі алғаш мектеп соғылған кезеңнен бір жолға түскені белгілі. Қазақ балалары молдадан сауат ашып, кейін Жәңгір хан, Ыбырай Алтынсарин салған мектептерден білім ала бастады. Алайда қазақ тіліндегі оқулық, қазақ тілі мен әдебиетін қалай оқытамыз деген мәселе Ахмет Байтұрсыновтың басшылығымен қолға алынды. Ол өз заманындағы Ж. Аймауытов, М. Дулатұлы, М. Жұмабаев, Қ. Жұбанов сынды қаншама ғасырда бір туатын арда азаматтармен бірігіп қазақ балалары үшін зор еңбектер жазып қалдырды. Ал қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі Ахмет Байтұрсыновтан бастау алады. Өйткені ол қазақ тіліндегі тұңғыш әліппе мен қазақ тілі туралы оқулықты жазып шыққан еді. Ғалым оқулықты жазып

қана қоймай, оны қалай пайдалану керектігін де үйретеді. Оның «Баяншы», «Нұсқаушы», «Әліппе астары», «Тіл жұмсар», «Қай әдіс жақсы?», «Дыбыстарды жіктеу», «Зерттеу мен сүгіретшілік әдісі туралы», «Ана тілінің әдісі» зерттеулері осыған дәлел болса керек. Бұл әдістемелік еңбектер қатары жылдан-жылға заман талабына сай жаңғырып, жаңарып толысып жатыр. Ә. Исабаев, Д. Әлімжанов, Ы. Мамановтар қазіргі таңдағы қазақ тілін оқыту әдістемелерін бір жүйеге келтірді. Тыңдалым мен айтылым, оқылым, жазылым, тілдік бағдар дағдыларын қалыптастыру барысында қандай әдіс-тәсілдер қолданған жөн, қайсысы тиімді екені зерттеу нәтижелері арқылы анықталды. Ендігі ретте жазылым дағдысын тілдік құралдар арқылы дамытудың маңыздылығы қандай екеніне назар аударсақ.

Қазақ тілін жүйелі түрде сауатты үйрену – әрбір қазақ азаматы үшін маңызды болуы шарт. Себебі, ана тілін толыққанды білу арқылы басқа мектеп пәндерін тез игеріп алуға болады. Яғни, барлық пәндерді оқып-үйренудің негізгі құралы ана тілі болып табылады. Оның маңыздылығы сол: адамзат дүниеге шыр етіп келгеннен бастап өзіне қажеттінің барлығын ана тілі арқылы табады, қалыптастырады. Қоғам тарихында адамның өмір тәжірибесі мен ақыл-ойы негізінде жинақталған ақпараттық құндылықтар, білім қоры тіл арқылы сақталады, тіл арқылы игеріледі, тіл арқылы болашақ ұрпаққа беріледі. Білім беру мекемелеріндегі оқу пәндерін меңгерудің құралы да – тіл. Осының бәрі тілдің адамзат өміріндегі маңызы мен мәнінің қаншалықты жоғары екеніне дәлел болмақ.

Қазақ тілі сабақтарында тілдік құралдарды қолдану арқылы ұлттық құндылықтарымызды оқушы бойына сіңіріп, ата-бабаларымыздан қалған бай мұраны жоғалтпай жаңартып отыруға мүмкіндік туады. Себебі тіліміздегі фразеологизмдердің, құбылтудың түрлерін, мақал-мәтелдерді оқып мағынасын тану барысында терең тарихымызбен сусындап, бай тіліміздің оралымдарына қанық боламыз. Сондай-ақ сабақ барысында өз ойын нақты әрі түсінікті етіп жеткізетін сөзге шешен оқушы дайындауымыздың басты алғышартын қалыптастырамыз.

Жазылым дегеніміз не? Жазылым продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни продуктивті дағды дегеніміз тілді қолданып сөйлеу немесе жазу. Қарапайым тілмен айтқанда, жазылым хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамасыз етеді. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрай алуымыз керек, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы біздер өз ойымызды жеткізе аламыз [1, 8]. Жоғарыда аталған 4 дағдының ішінде жазылым дағдысы ең өнімді дағдыға жатады. Барлық тілдік дағдылардың негізінде қалыптасатын жазылым дағдысы күрделілігі біршама зор. Жазылым дағдысында ойды жүйелі жеткізу үшін сөздердің логикалық бірізділігі қажет. Адамдар қоғамда бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу барысында ең алдымен ойын жинақтап алады, сонсоң әңгімеге кіріседі. Ойды жинақы жеткізу үшін дұрыс ойлану қажет.

Жазылымның ішкі дағдыларын екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – сауаттылық, ал екінші тобы – идеяны (ойды) жеткізе білуі [1, 9]. Сауаттылық – әрбір азаматтың жазуда да, айтуда да қажетті қағидаттарының бірі деп ойлаймын. Өйткені, ойды жүйелі жеткізу, оны түсінікті етіп жазу арқылы аудитория назарын аудартуға болады. Оқушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасау барысында тілі таза, ойы анық, жүйелі, сөзі сауатты болуы шарт. Ол үшін аталған дағдыларды сауатты түрде қалыптастыру қажеттігі туындайды.

«Жазылым» термині «жазу» деген мағынаны емес, «жаза білу», «ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді. Жазу – біздің ойымызды тілге аударушы. Жазылым жұмысының сәтті шығуы ең алдымен сөздік қордың мол болуына тікелей байланысты. Сөздік қорды молайту жазылым дағдысының жемісі.

Жазылым дағдысын пайдаланудың тиімді тұстары:

- Танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- Әлеуметтік мәдени тәрбие қалыптастырады;
- Оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- Мұғалімнің уақытын үнемдейді;

- Қосымша мәліметтер береді;
- Барлық баланы бірден бағалауға көмек береді;
- Оқу үдерісін тиімді пайдалануға көмектеседі;
- Білім берудің формасын оңтайландыру міндеттерін атқарады [2, 3].

Яғни бір ғана жазылым дағдысының өзі аталған дағдылармен тығыз байланыста болып, мұғалім мен оқушы арасындағы коммуникативті дағдыларды нығайтуға сеп болады. Мектепте пәнді игерту барысында аталған 4 дағды өнімді жеміс беріп жүр. Орта мектеп оқушылары әрбір дағдыны жекелей емес, бір-бірімен байланыстырып оқып жатыр. Менің ойымша, аталған дағдылардың ішінде мектеп оқулықтарында айтылым мен тыңдалым және оқылым дағдылары алдыңғы қатарда тұрады да, жазылым дағдысы кейін тұрады. Олай дейтінімнің себебі, мектепте педагогикалық тәжірибеден өту барысында қазіргі мектеп оқушылары ауызша сөйлесім әрекеттеріне жатық та, жазылым әрекетін орындауды, сауатты жазып машықтануды мақсат етпейді. Айтылған ойды қағаз бетіне түсіру үшін жазылым әрекетін тиімді пайдалану жолдарын қарастыру негізгі мақсат болмақ.

Жазылым дағдысын дамытуға арналған тапсырмалар грамматикалық тақырып аясында жасалады. Лексикалық тақырып аясында берілген мәтінді түсініп, талқылау үшін оқулықтарда тыңдалым мен айтылым, оқылым дағдыларына басымдық бере отырып тапсырмалар жүйесі құрастырылған. Тілдік құралдарды дамытуда жазылым дағдысына басымдықты бере отырып жасалған тапсырмалар жүйесі қазіргі оқулықтарда көңіл қуантарлықтай емес. Олай дейтініміздің себебі, қарастырған «Мектеп», «Атамұра», «Арман-пв» баспаларының 8-сынып оқушыларына арналған оқулығында берілген тапсырмалар тізбегі мәтіннің стилін, бөліктерін, ондағы негізгі ойды анықтауға арналған. Атап айтар болсақ, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен «Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған, Алматы «Мектеп» 2018» оқулығын қарастырдым. Оқулық авторлары: Б. Қапалбек, А. Омарова, Г. Закирєева, Г. Абнасырова. Оқулықта 9 бөлім берілген. Лексикалық және грамматикалық тақырыптар осы 9 бөлімде қамтылған. Оқулықтағы тапсырмалар әрине, бекітілген оқу мақсаттары негізінде құрастырылып жасалған. Мәтіннің жазылу стилін, ондағы бөліктерді, тақырып аясын талдау, сұрақтар құрастыру, лексикалық тақырыптың түсінікті болуы - оқушылардың өмірге бейімделуін, айналасындағы болып жатқан оқиғалар, құбылыстар мен жаһандық өзгерістерге бей-жай қарамай қоғаммен бір толқында өмір сүру мақсатында жасалған тапсырмалар екені белгілі. Оқулықтағы мәтіндер ұлттық дәстүрмен, тұнған тарихпен басталып бүгінгі жаһандану кезеңіне дейін қарастырылған. Өткен күн мен бүгінгі күннің сабақтастығы бар. Осы ретте мәтінді түсінуде жоғарыда аталған 3 дағдыны ғана пайдаланып қоймай, жазылым дағдысын дамыту барысында тілдік құралдарды неге пайдаланбасқа? Грамматикалық тақырып аясында жазылым дағдысын қолданамыз, бірақ тілдік дағдылар қолданысы аз мөлшерде. Лексикалық тақырыпта тілдік дағдының маңызы зор деп білемін. Әрбір берілген мәтін – әдеби көркем туынды. Оқушыға мәтіннің құндылығын талдай отырып таныту қажет. Әрбір көркем сөзге мән беріп, сауатты, әдеби сөйлеу мен жазуды қалыптастыру маңыздылығын ұғынған жөн. Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша көркемдеуіш құралдарды оқытуға арналған оқу мақсаттары берілген. Публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану. Осы бағытта мәтін арқылы тапсырма жасалған. Жазылым дағдысына берілген тапсырма жоқ, тек оқылым, тыңдалым мен айтылым дағдылары қамтылған. Мұнда оқылым дағдысын ғана қалдырып, жазылым дағдысын қосуға болады. Жалпы оқу мақсаттары бойынша тапсырмалар құрастырылған. Жоғарыда аталған «Мектеп» баспасының 1-бөлімінде «Тасқа жазылған дастандар» атты тақырып аясында берілген мәтіннен тілдік құралдарға қатысты мынадай тапсырма бар: 1-тапсырма. Б) Мәтіннің публицистикалық немесе ғылыми стиль екендігін қолданылған тілдік құралдар арқылы анықтаңдар [3, 8]. Яғни, ең бірінші оқушылар тілдік құралдарды талдай отырып, мәтін стилін анықтайды. Әдетте, оқулықта мәтіннің жазылу стилін, жанрын анықтаңдар

деген тапсырмалар бар. Менің ойымша, ең алдымен тілдік құралдарды ажыратып, сонсоң мәтін стилін, жанрын анықтау қажет. Оқулықтың 16-бетінде «Араб графикасына негізделген қазақ жазуы» тақырыбына берілген мәтінде 1-тапсырма, А) Мәтіннің қай стильде жазылғанын түсіндіріңдер. Стильдің қандай түрлері бар екенін еске түсіріңдер деген тапсырма берілген [3,16]. Осы тапсырмада тілдік құралдарды анықтап, стилін табыңдар деп, тілдік құралдарын анықтатып, сонсоң стилін табу арқылы көркем әдебиет болмаса ғылыми стиль екендігін қолданылған тілдік құралдар арқылы талдап, дәлелдеп көрсетуге болады. Жазылым дағдысын пайдалана отырып, тілдік құралдарды анықтау, талдау оқушы есінде ұзағырақ сақталады. Себебі, ғалымдардың зерттеуі бойынша, берілген ақпаратты белсенді түрде сіңіруде оқушы өз айтқанының 80%-ын, ал істеп жазғанының 90%-ын есінде сақтайды екен.

Жоғарыда аталған 8-сынып оқулығының 2-бөлім «Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті» тақырыбы бойынша оқу мақсаттарында экспрессивті-эмоционалды сөздердің қолдану орнын анықтау нақтыланған. Бұл мақсатқа байланысты «Ұлттық құндылықтар – ел болмысы» тақырыбы аясында 38-бет, 4-тапсырма Ә) Мәтіндегі автор көзқарасы мен экспрессивті-эмоционалды сөздердің рөлін көрсетіңдер деген тапсырма берілген[3, 38]. Мұнда жазылым дағдысына емес, тыңдалым және айтылым, оқылым дағдылары көрсетілген. Осы тапсырманы жазылым дағдысына лайықтап, кішкене өзгертулер енгізіп жасауға әбден болады. Жазылым дағдысы бойынша бұл бөлімде грамматикалық тақырыпқа басымдық берілгенін байқаймыз. Берілген сөйлемдерге морфологиялық, дыбыстық талдау жасау сынды тапсырмалар легі бар. Оқулықта берілген келесі тапсырма мынадай: 42-бет, 2-тапсырма Б) Төмендегі сөздерді жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолданып, мақала жазыңдар. Берілген сөздер: мәдениет, философия, тарих, халық, уақыт, ғылым, материалдық, рухани, тұрмыс-тіршілік, дәстүр, табиғат, адам[3, 42]. Бұл тапсырмада тілдік құралдарды пайдалану туралы атап көрсетілмеген. Яғни, мақсатқа сәйкес болмаған тапсырмалар қатары да бар.

Қарастырылған тақырыптар аясында бекітілген оқу мақсаттары арқылы берілген тапсырмалар тыңдалым және айтылым, оқылым дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Тілдік құралдарды тапсырмаларда пайдалану, оларды анықтау бойынша берілген тапсырмалар саны аз. Біздегі мақсат – жазылым дағдысын тілдік құралдар арқылы дамыту. Оқулықтағы тапсырмалар қатары ауызша сұралып, жоғарыда аталған 3 дағдыны қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. Тапсырманы оқушы тыңдап, оқып түсінген-білгенін жазып, айтып берер болса аталған 4 дағдыны бір деңгейде қалыптастыруымызға болады.

«Жан дүниесінде тіл үйрену басты жұмыс емес, жанама жұмыс болғандықтан, бала әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін», -деп Ж. Аймауытов өз тұжырымдамасымен бөліскен [4]. Байқап отырғанымыздай, мұнда да 4 дағдының бәрі бір затты түсіну, көру, талқылау, әңгімелеу барысында жасалатыны анық көрініп тұр. Берілген мәтін арқылы талдау жасап, анализдеуді ғана емес, сол мәтіннің құрылымын, қолданылған тілдік дағдыларын жан-жақты зерттеу, сонымен қатар жаза білу оқушы бойында шығармашылық қабілеттерді қалыптастырады деп ойлаймын. Оқушы алдымен мәтінді тыңдайды немесе оқиды, сонан кейін берілген тапсырмалар негізінде жазуға кіріседі. Жазған кезде ойды бір арнаға бұрып, идеяларды туындатып, тілдік құралдарды орынды пайдаланып, сауатты жазу мақсатын көздейді. Тілдік құралдар әрбір ойды көркем, сазды, ұқыпты етіп жеткізу үшін қажет. Қай ортада болмасын ең алдымен, сыртқы бейне, сосын сөйлеу мәдениеті алдыңғы орында тұрады. Сөздің бейнелі, көркем болуы аудитория назарын аудартатыны сондықтан. Тілдік құралдарды әр сабақ сайын тиімді қолдану – оқушы бойында қазақ тілінің жан-жақты қырларын ашуға көмектеседі. Бұл бағытта жазылым дағдысын қатыстыра отырып тапсырмалар жүйесін жасау арқылы оқушы бойында қазақ тіліне деген қызығушылықты арттыра алатынымыз анық. Жазылым дағдысын тілдік құралдар арқылы дамыту – оқушылардың көркем жазуына септігін тигізеді. Себебі, көркемдеуіш тілдік құралдарды пайдаланғанда жазып отырып, әдемі әрі сауатты жазуға тырысады. Тек қана әдебиет

пәнінде емес, тілдік құралдарды қазақ тілі пәнінде орынды қолдануға үйрету керек. Берілген мәтіндерді талдау барысында түрлі ауыспалы мағынадағы сөздерді, мақал-мәтелдерді, фразеологиялық тіркестерді, синонимдік қатарларды, метафоралық тіркестерді қолдану арқылы тапсырмаларды сан қырлы әдіс-тәсілдермен орындатуға әбден болады.

Қазіргі таңда ақпараттық жаһандану кезеңі жүріп жатыр. Күн сайын жаңа дүниелерді байқауға болады. Қоғамда қарым-қатынастың көп бөлігі ұялы телефон арқылы жүзеге асып отыр. Ал бұл коммуникативті дағдылардың бәсеңдеуіне алып келді. Адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасау барысында сөздік қордың аздығынан, көркем тілдің элементтерінің де айтарлықтай мол болмауы салдарынан зардап шегіп жатыр. Жазу таңбаларының әдемі, сауатты болмауы тағы бар. Егер де балаларды мектеп кезеңінен бастап сауатты жазып, дұрыс ойлануға, көркем тілде сөйлеуге үйретсек болашақ ұрпақтың кейінгіге берері де мол болмақ.

Жазылым дағдысын тілдік құралдар арқылы дамытуда ой әрекеті, жазу әрекеті, сыни тұрғыдан ойлау сынды әрекеттер бірге жүзеге асады. Ағартушы ғалым А. Байтұрсынұлы өзінің «Ана тілінің әдісі» деген еңбегінде: «Үйренушіге дайын ақпарат бергеннен гөрі зерттеуге, талдауға, салыстыруға, ойлануға, баға беруге мүмкіндік беру керек»-деген[<https://www.daryn.online/article/1295>]. Ғалымның ойымен толыққанды келісемін. Өйткені, өзі ізденген оқушы жадында сақталар дүние көп болмақ. Жаңартылған оқу мазмұнының да көздегені осы үрдіс қой. Оқушы өзі ізденсін, талқыласын, үйренсін, білсін дейгенді алдыңғы қатарға қояды. Бір мезетте сан қырлы әрекеттерді орындау – оқушы бойында шығармашылық қабілеттердің дамуына сеп болады. Талдау үшін қарастырылған кітаптар мазмұнында жазылым дағдысын грамматикалық тақырып аясында дамытуға басымдық берілген. Яғни, қазіргі мектеп оқулықтарында берілген тапсырмалар оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіруге жеткіліксіз деп ойлаймын. Себебі, лексикалық тақырыптар барысында 3 дағдыны (тыңдалым және айтылым, оқылым) меңгереді де, грамматикалық тақырыптарда жазылым дағдысына тапсырмалар орындайды. Тапсырмалардың берілуінде оқушыны сыни тұрғыдан ойлап, жан-жақты ізденуіне байланысты логикалық шешімдер аз. Тапсырмалардың әр тақырып сайын құрылысы өзгермей қайталануы – оқушының жаңа сабаққа деген қызығушылығын бәсеңдетеді. Тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, сан қырлы мазмұндағы тапсырмалар жасау арқылы қазақ тілі сабақтарын қызықты етіп өткізуге болады. Соның ішінде жазылым дағдыларын тілдік құралдар арқылы дамытудың маңыздылығы біршама жоғары. Көркем, бейнелі түрде көркемдеуіш тілдік құралдарды пайдалану - жазылым дағдысының сапасын арттыра түседі.

Әдебиет:

1. Құлмағамбетова А. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары, оқу-әдістемелік құрал. – 2014. – 54 б.
2. Саметова Ж. Латын әліпбиін үйретуде жазылым дағдысын қолдану әдістері//Тілтаным журналы. – 2019. №3.
3. Қапалбек Б., Омарова А., Закиряева Г., Абнасырова Г. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2018. – 200 б.
4. Ж. Аймауытов. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.
5. <https://www.daryn.online/article/1295>

МАҒЖАН АҚЫН ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ТҰРАН ТАҒДЫРЫ

Нариман Нұрпейісов

(Филология ғылымдарының кандидаты,

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті. Шымкент қаласы)

Қазақ ұлттық поэзиясының падишасы Мағжан Бекенұлы Жұмабаевтың өнегелі өмірі мен шығармашылық өнері жайында айту тым жауапты. Ол «өз тегін де, өз жерін де мадақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орнын адақтауға ұмтылған, өлең сөздің асыл маржанын төгілген, сұлу жырымен оқырманын егілген, өне бойы қапаста, қайғы мен қасіретте өмір кешіп, ақырында мүлт кеткен, өзі айтатындай соры арылмаған халқының зарлы перзенті» [1, 4], - деп ғалым Мүсілім Базарбаев атап көрсеткендей тағдыры тым аянынышты аяулы жан.

Біз бүгінгі зерттеуде алдымызға ақын шығармашылығында аса көп айтыла бермейтін бір ғана тақырыпты айтуды мақсат етіп қойдық. Шынында да Мағжан ақын жырларындағы Тұран, Түркістан, түрікшілдік мәселесі аса күрделі және қызықты, ыждағаттап зерттеуді қажет ететін тақырып. Оның бірнеше себептері бар. Басты себеп ел тарихындағы көне Тұран, Мағжан дәуіріндегі түрікшілдік рухтың бәрі кеңес қоғамының қырын саясаты нәтижесінде жадыдан өшіріліп, тарих «ақтаңдағына» айналған құбылыстың бірі болды. Зер салып қарағанда бірден аңғарылатын жайт түрік тақырыбы Мағжан поэзиясында тым ерте, дәлірек айтқанда медресе «Ғалияда» оқып жүргенінде басталған. 1912 жылы жарық көрген «Шолпан» жинағына енгізілген «Орал тауы» өлеңіне қарағанда, бұған тіпті шәк келтіре алмайсың. Бұдан кейінгі уақытта бұл тақырып сан жағынан да, сапа жапа жағынан да дами түскен. Олар – «Алыстағы бауырыма», «Жер жүзіне», «Қазақ тілі», «Тез барам!», «Түркістан», «Тұранның бір бауында», «Орал өлеңдері» болып жалғаса береді. Өз ұлтын және бүкіл түркі әлемін жанындай жақсы көріп жырға қосатын ақынның аталған тақырыпқа тым етене келіп жырлау себебін белгілі мағжантанушы ғалым Ш.Елеукенов былай деп атап көрсетеді: «Мағжан поэзиясында түрік өлеңдерінің өрістеуінен әлденеше себептер бар. Ең бастысы – отаршылдыққа қарсылық, дүние жүзіндегі ұлт-азаттығы қозғалысының күрескерлерімен бірлесу, тізе қосу. Қазақ сол ынтымақ бірлікті ту етіп ұстаса, ежелгі туыстығын бекіте түсе деген ақын тілегі «Түркістан» өлеңінде мақтаныш пен масатқа толы:

Тұранда түрік ойнаған ұсап отқа,
Түріктен басқа от боп жан туып па!
Көп түрік енші алып тарасқанда,
Қазаққа қара шаңырақ қалған жоқ па!

Бүгін біз Мағжан түрікшілдігін мақтан тұтқанда оның мән-мағынасын кеңірек пайымдаймыз. Әдебиетімізде ол тұңғыш рет жеке-дара көтерген түрік тақырыбының халықаралық маңызы зор дейміз» [2, 31]. Өкініштісі сол, алғаш көтерілген халықаралық тақырып та, сол тақырыпқа жүк болып, биік идея ретінде насихатталған Тұран, түрік, Түркістан тақырыбы сол отызыншы жылдары-ақ мансұталды, авторы алғашында қуғынға түсті, соңынан мерт етуге дейін барған қатігез қоғамға не айтасың.

Түркі әлемі, соның ішінде Түркістан тарихын терең білетін ақынның араға көптеген жылдар салып, халқымен қайта қауышқан отты жырлары ұмытылған тарихымызбен қайтадан қауыштырды. Мағжан қазақ тарихын былай бастайды:

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,

Басынан не тамаша күндер кешкен, - деп ертедегі түркілердің біртұтас мемлекет болып, оның кейін әр түрлі қанды шапқыншылықтарды бастан кешіру салдарынан әуелгі

атын да, атағын да жоғалтып алған тарихын баяндап береді. Соның ішінде көне Тұранның тарихтан өшуінде өлшеусіз рөл атқарған – Араб халифатының шапқыншылығын есімізге түсіре отырып, дін мен тілден, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрден айырып қана қоймай, сондай ғажайып құндылықтардың жойылуына барынша күш салған жаулап алушылардың пиғылын әшкерелейді. Осы аралықта «Араб халифаты түрік елінің ата мұрасы болған оймақ жазуын істен шығарып, осы арқылы келер ұрпақ жас буынды өткендегі ата тарихынан мүлде қол үздіріп жіберді» - деп жазатын професор М.Мырзахметов пікірі де [3, 97] еріксіз еске түседі. Аз-кем тарих беттерін ақтарғанда аңдағанмыздай діні мен тілін, дәстүрі мен әдет-ғұрпын ала келген араб халифаты Тұран өлкесін 705-715 ж талан таражға ұшыратып, халқын қырып жойды, сөйтіп Тұран атауын Түркістан атауымен алмастырды. Тұранның тарихтағы атауы осылайша тарихтан өшті. Бірақ сол өшкен тарихты жаңғыртып жырға қосқан Мағжан ақынға қалай тәнті болмайсың. Тұран тарихын ғана емес көз алдымыздағы Түркістан тарихын да ұмытып, бауырлас түріктерден теріс айналған сәттер де кешегі тарихтың еншісіне айналып бара жатыр.

Ғасырлар бойы бұратана күй кешіп келген, сол себепті де өнері, мәдениеті дамымаған ел болып кемсітілген қазақ халқының шын мәніндегі өткен тарихын, Мағжан жырмен жазды, біз айтып, жазып жүргендей емес, қазақ хандарының тарихын да тым әріден – Афрасиябтан бастайды. Кезінде әлемді өзінің қаһарымен солқылдатқан Шыңғысханның кім екенін айтуда әрқилы пікірдеміз, ал енді Мағжан оны сол кезде-ақ Түркістанның топырағынан екендігін батыл айта білген. Әл-Фарабиді – Мағжан жиырмасыншы жылдары қазақтың асқан білімді философы деп мақтанышпен жазса, қазақтар оның есімін алпысыншы жылдары ғана естіді, жетпісінші жылдары ғана тарихқа енгізе бастады. Біз Мағжанның бір ғана «Түркістан» өлеңі арқылы бүкіл тарихи даму жолдарымызбен таныстық. Арғы-бергі тарихы романға, тіпті болмағанда поэмаға жүк боларлықтай көлемді жырдың тағы бірер шумағына назар аударсақ.

Түркістан – екі дүние есігі ғой,

Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған,

Түріктің тәңірі берген несібі ғой, - деп жырлады. Мағжан поэзиясындағы ақындық қуатты, фольклорлық сарынды көп жылдардан бері зерттеп келе жатқан ғалым Б.Қанарбаеваның: «Мұны қайсыбір әдебиет зерттеушілері Шымкент облысындағы Түркістан қаласымен шатастырып жүр» [4, 128] деген пікірі де назардан тыс қалмау керек. Шынында да өлеңнің атауына ғана көз жүгіртіп шыққан базбіреулер тарихи өлеңді тар шеңберде түсініп, қасиетті қала төңірегінде ғана түсініп жататыны жасырын емес. Мағжан ұғымы одан биікте, ол Түркістанның терең тарихын жырлаған, Тұран даласының түркі әлемінен алатын орнын алғашқылардың бірі болып айтқан ақын.

Ақын Мағжан бауырлас елдердің ежелгі тарихын жетік білгендіктен де туыстық қарым-қатынасты аңсады, Түркия халқына алыстан сәлем жолдау сырының бір қыры осы. Тарихи деректерде Түрік мемлекеті күйрегеннен кейін оғыздардың бір бөлігі теңізден өтіп кеткен, қазіргі Түркиямыз сол деседі. Мағжанның бұл деректерден де хабары бар екенін:

Алтайдың алтын күні еркелетіп,

Келгенде жолбарыс боп, жаңа ер жетіп,

Ақ теңіз, Қара теңіз ар жағына,

Бауырым, мені тастап қалдың кетіп, - деген сөздері анық аңғартады. Бірақ оны тереңдеп зерттеу тарихшыларымыздың ісі десек те Мағжанның:

Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,

Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа,

Лайық па құл боп тұру? Жүр кетелік.

Алтайға, ата мирас алтын таққа, - деп баяғыдан бірігіп бір ел болуға шақыруды, Ататүрік идеясымен де қабысып келгендігін ұмытуға болмайды. Осы өлеңнің терең мазмұнына көз жеткізе оқығанда Мағжан халқымыздың болашағы түрік тектес халықтардың бірлігінде деп танығанын айқын аңғаруға болады. Өр рухты поэзиясында

түрік бірлігін жырлауының да сыры сонда жатыр.

М.Жұмабаевтың «Күншығыс», «Пайғамбар», «Тез барам», «Мен жастарға сенемін», «Түркістан», т.б. өлеңдерінде түрікшілдік, түрік бірлігі идеясы ұдайы жырланып келгенін жоғарыда айттық. Ақынның ойынша қазақтар – түріктердің қара шаңырағына ие болып қалған халық, оның дәлелі өзіміз үзінді келтірген: «Көп түрік енші алысып тарасқанда, Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?!» деп келетін жыр жолдарында сайрап жатыр. «Түркістан» өлеңіндегі туған ел тағдыры, тарихына қатысты тағылымды пікірді белгілі әдебиетші, сыншы ғалым Дандай Ысқақ былай деп сабақтайды: Өлеңде қазақ тарихына да қысқаша шолу жасалынып, Қасым, Назар, Есім, Абылай, Кенесары есімдері мақтанышпен аталған. «Арыстан елге отан болған Тұранда» хандық құрған қазақ хандары «қазақтың қасқа жолды Қасым ханы», «әділ хан аз болады Назардайын», «алашқа Есімханның жолы дайын», «Тәукедей данышпан хан», «Алаштың арыстаны Абылай еді», «Кешегі ердің ері көкжал Кене», деп сипатталады. Бұл жолдардың қазақ хандарын жырға қоспақ түгілі аттарын атаудың өзі қиын тап күресінің барынша күшейіп тұрған кезінде жазылғандығы да есте болғаны жөн. Тіпті ол кез түгілі күні кеше заман ептеп түзеліп, Мағжан ақталып, оның шығармалар жинағы халқына қарай жол тартқанда Кенесарыға арналған бір шумақ өлең алынып тасталған. Ол жолдар мынадай:

Тұраннан Сарыарқаны бөлек деме,
Түркістан алты алашқа болған кеме.
Тұранның топырағын құшып жатыр,
Кешегі ердің ері көкжал Кене [5, 60].

Атақты өлеңде осылайша ежелгі Тұран аймағының ұлы тұлғалары Фарабиден бастап айтылатын билер, хандар, батырлары, сонымен қатар Тұран халқы мекен еткен кең байтақ өлкенің географиялық шеңберіне дейін шабытпен жырға қосылуы бар дүниені таптық тартыспен шектеп, төл тарихымыз бен тағдырымызды Ресейсіз көзге елестету мүмкін болмай қалған қоғамда бұл өлеңнің тұншықтырылып, күресінге лақтырылуы табиғи заңдылық.

Ақиық ақын Мағжан шығармашылығындағы түрікшілдік сарынды сол кездің өзінде тап басып танып, ол себептің сырын ұғуға ұмтылған Сәбит Мұқанов түсіндіруі төмендегідей: «Мағжан шынында түрікшіл емес. Оның түрікті «бауыр» қылуында, өз мақсатына сәйкес ойы бар. Біз жоғарыда Мағжан қазақтың ескі күнін көкसेгенде, баяғы хан дәуірін қайта орнатпақ емес, қазіргі қазақтың көзіне ескі, еркін өмірін елестетіп, басын көтертпек. Басын көтертіп алғаннан кейін бөлек республика құрмақ дедік. Мағжан «түрік» деген сөзді белгілі мақсат үшін ғана керек қылды. Түріктің ерлігін айта кеп, қазақты отаршыл үкіметке қарсы қайрап алғысы келді» [6, 187]. Кезінде сын тұрғысынан айтылған, Мағжан сынды аяулы ақынның басты кінәсі етіп көрсетілген қағиданың аз ғана уақыт ішінде қайта жаңғырып, ізгі ойының түпкі мақсаты, «Жан сөзі» халық мүддесі мен азаттық идеясының биік белесі ретінде бағалана бастады. Ақиқат ой кеш те болса салтанат құрып келеді. Мағжанның түрікшілдік дара қасиетін тап басып көрсеткен, сол қасиет арқылы «бөлек республика» болып, отаршылдық саясатқа қарсылық көрсетуін іштей құптаға Мұқановқа да ризашылық білдіресің.

Мұқанов дәуірінде, соның ішінде зерттеушінің «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты тарихи кітабы жарық көргенде (1932) түрікшілдіктен бастап Түркістанға дейінгінің бәрі қорқыныш тудыратын жағдайға жақын қалған кезең еді. Тарих парағындағы дерек көздерінің анықтауынша түрікшілдікті мансұқтау Ресей көлемінде ойда жоқ оқиғалардан басталған десе де болғандай. 1920 жылдың 20 ақпанында қазіргі Ташкент қаласында Түркістан Коммунистік партиясының V өлкелік конференциясы ашылды. Конференцияда Түркістан Советі Атқару Комитетінің төрағасы Тұрар Рысқұлов баяндама жасап, өлкенің ұлттық құрамына сәйкес партия ұйымының атын өзгертейік. Түркістан Компартиясы бұдан былай түрік халықтарының Компартиясы, ал Түркістан – Түрік кеңестік Республикасы аталсын, -деген ұсыныспен шығады. Түркі халықтарының бірігіп кетуінен өлердей қорыққан большевиктер ұсынысты қолдаудың орнына жаулық іздеп шыға келді, сол

идеямен тарих, мәдениет, әдебиет аренасына шыққандардың бірі ерте, бірі кеш мерт болды. Отаршыл Ресейдің қол астында одан әрі қалып кеткен біздер осының бәріне имандай сеніп, өз қағымыздан өзіміз жеріп, сол тақырыпты қозғаған Мағжандарды бір емес екі рет соттауға дейінгі қиянат жасалынды.

Мағжан мұраларының шын мәніндегі жанашыры, мағжантану ғылымының іргетасын қалаушы, биылғы жылы 80 жасқа толу мерекесі Республика деңгейінде аталып өтіп жатқан ғалым Шерияздан Елеуқенов те ақынның осы бір дара қасиетін көрсетуді үнемі назарда ұстап, тап баса көрсетеді. Ойымызды қорытындылап, жинақтай түсу үшін Елеуқеновтің біздің тақырыбымызға тиянақ болатындай кейбір ойларынан үзінді келтірсек. Ғалым пікірі былайша өрбиді: «Мағжан Жұмабаев әдебиетімізде тұңғыш рет жеке-дара өзі көтерген түрік тақырыбының халықаралық маңызы өте зор. Бүгінде тәуелсіздікке қолы жеткен қазақ елі Түркиямен тіл табысып жатса, осынау мәртебелі істе, абыройлы жолда Мағжан еңбегі ұмытылмауға тиіс. Бір кезде ақын түрік ағайындарымызға: «Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта, // Қайғыдан қан жұтамыз...» десе, енді, шүкіршілік, жағдай күрт өзгерді. Ерікті елдер неліктен зарламақ? Қуанышымыз қойнымызға сыймайды десек, шындықтың үстінен шыққанымыз. Ендігі арман – о жақтағы, бұ жақтағы қуанышымыз ұзағынан болғай! – деп тілейсің. Тілейсің де, сол азаттық алған майрағай-тайрағай шат-шадыман шаққа жете алмай кеткен, бірақ сол үшін жан-тәнін пайда еткен боздақтарды тағы да күрсіне есіңе аласың» [7, 195].

Қорыта келгенде түрік тақырыбын қазақ әдебиетінде қасиетті тақырып етіп дәйекті жырлаған Мағжан ақын көрегендігіне қалай бас исек те жарасады. Түркі әлемінің, соның бір бұтағы «бөлек республика» қазақ елі де өзінің «Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам» дейтін асқақ, тәккапар ниетіне жетті. Сол күнді ерте жырлап, халық санасында жаңғыртқан ақын арманы жүзеге асты, туған елі кеш те болса періште көңілді ақынның «Жан сөзін» жатқа оқи бастады. Тұран тағдырын Тұран даласының дабылы етіп жырлаған ақын мұралары мәңгілік болғай.

Әдебиет:

1. Жұмабаев М. Таңдамалы. – А., Ғылым 1992. – 272 б.
2. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 1 –том. А., Жазушы 2002. -208 б.
3. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. А. Атамұра-Қазақстан. 1993.
4. Қанарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан. – А., Ана тілі, 1998, - 232 б.
5. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана; Фолиант. 2004. -304 б.
6. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – А., Атамұра.2008.-384 б.
7. Елеуқенов Ш. Мағжан (өмірі мен шығармагерлігі) Оқу құралы. – А., Санат. 1995. -384 б.

УДК 80

МАҒЖАН АУДАРМАСЫ ХАҚЫНДА

Оңғарбек А. Қ.

(Академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарУ)

«...Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған, әшекейін сүйемін.» дейді Мұхтар Әуез хәкім Абайдан кейін Мағжанды ұлықтап. Иә, өткен ғасырда қатыгез Ресейдің ырқына төзген қазақ халқының көзін ашып, көңілін ояту үшін педагог Мағжан орыс халқының сыйлы қаламгерлерінің шығармаларын қазақшалаған еді. Бүгін осы жайлы сыр шертіп көрмекпіз.

Өңгіменің басында аударма жайлы болатынын айтып өттік. Ал «аударма» дегеніміз өзі не? «Бір тілде айтылған не жазылған мәтіннің екінші тіл арқылы жеткізілуі, әдебиеттің кең арналы, мол саласының бірі» деп жазылған екен 1998 жылғы «Қазақстан» энциклопедиясының 1 томында [1]. Ал Мағжан жайлы Н. Сағандықова өз еңбегінде «Аудармашы М. Жұмабаевқа басқа тілдегі шығармалардың өзгешелігін, оның айрықша

белгілерін, сюжеттің өткірлігі мен ерекшелігін қазақ оқырманының қызығушылығы мен басқа халықтың әдебиеті мен мәдениетін танып білуге деген құштарлығын ояту үшін (нағыз аудармашының ең бірінші парызы) ана тілінде беруге құлшына ұмтылуы тән. Оның үстіне Мағжанның екі тілді терең білетіндігі, сонымен қатар, әрине, тамаша ақындық қасиеті бар.» деп атап өтеді. Осылайша аса жоғары бағаланған Мағжанның аударма өнерінің қазіргі кезде аз қозғалып жүргені – бізге сын.

Ақынның тәржімаға деген алғашқы қадамы 1923 жылдары басталады. 1924 жылы М. Горькийдің шығармаларын «Сұңқар жыры» атты кітапта қазақшалап басып шығарады. Одан бөлек «Жұртын сүйген жүрек» («Старуха Изергиль») шығармасын, «Ана», «Темірді жұмсартқан ана», «Хан мен ұлы» әңгімелерін тәржімалап, жарыққа шығарды. Алайда «Сұңқар жыры» шығармасын Мағжан түгел аудармаған. Мағжанның «Сұңқар жыры» туралы ғалым Ш. Елеуқенов өз еңбегінде: «Шығарманың бас жағы мен аяқ жағы, татар шопаны Рагиммен таныстыратын тұстары аударылмай қалып қойған. Тегі Горькийдің өзі тікелей әңгімелеп отырса тиімді болар деп ойлаған болуға керек ақын. Қазақша текстен Горькийдің асқақ та айбынды үні айқын, әсерлі естіліп тұр» [2] деп жазады. Ал Горькийдің «Жұртын сүйген жүрек» шығармасының аудармасын тек үзінді деп қабылдасақ, «Хан мен ұлы» әңгімесінің толық нұсқасын қазақша оқи аламыз. Мағжан көбінде тіке сөзбе-сөз «калькамалай» шығарманы қазақтың ыңғайына төсейді. Осы тұста Ш. Елеуқенов Мағжан жасаған бірнеше жаңалықты атап көрсетеді.

«Сөз өнері дертпен тең», ал аударма өнері ше? Иә, ол да - дерт, аударма да – сөз. «Әдеби шығармалардың бір тілден екінші тілге көшіріліп, қайта жасалуы, басқа тілдегі түпнұсқа негізінде жазылған көркем туынды» [3].

Б. Кенжебаев «Ұстаз» атты еңбегінде «Жұртын сүйген жүрек» атауының тарихы жайлы естелігін атап өтеді. Онда Мағжанның «әңгіменің рухы, жаны атында емес, асыл затында, мағынасында» деген тамаша ойы сақталған екен. М. Горький әңгімелеріндегі ерлікпен, елдікпен қазақ баласының да таныс болуын қалаған Мағжан, бұл әңгімелерді бейне бір қазақ жазғандай әдемі суреттейді. Аудармашының білімпаздығы, ізденісі, тіл шеберлігі, талғамы арқасында автор ойы, әңгіме құрылысы дәл сақталып, керісінше көркемделе түскен. «Ерлердің ессіздігі», «айбынды үлгі» тіркестері, орыстың «Вот мудрость жизни» деген афоризмін «Тұрмыстың түпкі түйіні» деп қарапайым екіауыз сөзбен жеткізеді. Осы орайда тәржімашының орыс сөздерінің баламасын, түрлі тіркестерді, қазақ санасына сіңіп қалатындай оңай тілмен көркем жеткізеді. Мағжанның М. Горькийден аударған шығармаларының барлығы дерлік адамды патриоттыққа, ерлікке, отанға деген сүйіспеншілікке үндейді.

М. Горькийдің 1912 жылы жазылған «Легенда о матери» әңгімесін М. Жұмабаев «Темірді жұмсартқан ана» деп аударған. Дәл осы әңгімені Ғ. Мүсірепов «Өлімді жеңген ана» деген атпен тәржімалады. Ғ. Мүсіреповтің нұсқасы Мағжанның аудармасына қарағанла түпнұсқаға жақынырақ. Әңгімеде жоғалған ұлын әйгілі Ақсақ Темірдің алдына іздеп барған ананың қайсарлығы жайлы айтылады. Мағжан осы арқылы қазақ тілінің осындай күш-қуатын таныта білді. М. Жұмабаевтің М. Горькийден аударған шығармалары өзінің төл туындыларымен үндес келеді. Мұндай үндестік оның романтикалық сарынды өлеңдерінен көрініс тапқан. Горький әңгімесіндегі оқиғаның өрбуі, түйінделуі қалай суреттелсе, Мағжан да осы бір қасиетті сақтай отырып, әсерлі жеткізген. Әсіресе, қазақ ұғымына лайықтап, халық тұрмыс-тіршілігімен байланыстыра жасаған аудармалары қазақ ұғымындағы ең үздік туындылардың бірегейі болып қала бермек. Әңгімедегі сөз тіркестерін ұлттық бояумен өрнектеп, солай-ақ мазмұнынан ауытқымай өзінің дара стиліне үйлестіре алу – Мағжанның негізгі бір ерекшелігі.

М. Жұмабаевтің М. Горькийден аударған тағы бір елеулі туындысы – «Хан мен ұлы» ертегі-әңгімесі. Әңгіме Мәскеуде шыққан жинаққа енген. Аударма туралы Ш.Елеуқенов зерттеуінде былай делінеді: «Хан мен ұлы» әңгімесі толық аударылған. Аудармашы шығарманың сөлін, мағынасын беруге тырысады. Қажет тұсында сөйлемді екіге жарып, құлаққа жағымды естілуіне де ден қояды. Оқушы әлдене сөзді түсінбей қалмауын

қадағалайды. Горький абрубтус ағашының түсін «яркокоричневый» деп жазған. Горькийді ағалап, мұны «ашық күрең» деп аудару салуға болар еді. Мағжан өйтпеген. Сөз зергері деп тегін атанып жүрмегенін ол да танытқан. Жаңағы сөзге «қызыл күрең» деген балама тапқан» [2]. Мағжан сөзбе-сөз аударудан гөрі оқырманға әңгіме мағынасының түсінікті болуына аса назар аударған. Әңгімені оқи отыра Мағжанның тіл байлығына тағы да қанық боламыз. «Жүрегінің ойнағаны, тулағаны», «от болып жанып», «жарқ етіп» секілді көркем тіркестер сөзімізге айғақ болмақ.

Осы кезеңде Мағжан Вс. Ивановтың да әңгімелеріне ден қойған еді. Всеволод Иванов қазақ жерінде туып-өскен, қазақтың дәстүріне қанық тұлға. Өзі 1921 жылы жазылған «Дите» шығармасын 1925 жылы Мағжан қазақшаға тәржімалап, Қызылорда қаласында шығып жүрген «Мектеп» журналына бастырған екен. Мұнда да Мағжан сөздің тіке мағынасынан гөрі әңгіменің ішкі мәніне мән береді. Әңгімеде қазақ халқының момын мінезі шынайы суреттеледі. Ұлт жанашыры Мағжан үшін мұндай тақырып тыс қалмауы керек болды.

Шығарманың басқа тілден аударылғаны сезілмей, өзінің төл шығармасындай етіп шығару, оқырманның таным-талғамымен санасу – аудармашының негізгі міндетінің бірі. Ал Мағжан осы бір міндетті басты нысанаға алғанына қазір көзіміз жетіп отыр. Бұл жылы Мағжан Вс. Ивановтың әңгімелерін «Төрт әңгіме» атты кітапқа енгізген еді. Олардың бірі «Өз өмірімнен әңгіме» деп аталады. Түпнұсқадағы атауы - «Әке мен ана». Әңгімеде ашаршылық жылындағы қазақ даласы, қырылған қазақ баласы, тағдыр тауқыметіне төзген шарасыз халық жағдайы сөз болады. Автор өз көргенін баяндайды. Тәржімашы автордың стилін өзгертпей, түпнұсқаның барлық қасиеттерін сақтай отыра оқушыға әңгіменің мән-мағынасын көркем түрде жеткізеді. Әсіресе, ауыл маңын суреттеген тұстары құлаққа майдай жағады. Себебі, Мағжан өз көргендерін де жазады, ауыл маңындағы жағдайды өте шебер суреттейді. Әңгімеде адамның кепкен ішектері жайлы сөз етер жолы бар, ол жолдарды тәржімашы кеуіп қалған ішектерді домбыраға салып кім тартар екен деп қазақ ұғымына жақындата түседі.

Әңгімедегі қапалы, ызалы, өлім алдындағы арпалысқан аш әйелдің ашуға толы бейнесін аудармашы былай суреттейді: «Қатын көгеріп-сазарып, қалшылдап, құмды тырнап, басын көтеріп бетіме қарауға шамасы жоқ, аяғыма қарап ашулы көзі тесіп барады. Сөйткенше болмады, қатын ұмтылып қалып өзінің аю тырнағымен бетімді осып қалды». Түпнұсқа: «Она, скривив рот, царапала песок и ненавистно глядела мне в ноги. Вдруг подпрыгнула и царапнула меня по лицу длинными сизыми ногтями».

Түпнұсқаның барлық ойы сақталған, ашулы әйел бейнесі аудармада да әсерлі. Мәселен, «ұзын тырнағымен бетімді тырнап алды» деп жай аудару салмай әр сөйлемнің маңызын арттыра түседі. Әйелді «көгертеді», «сазартады», «жер тырнатып», «аю тырнақпен бетін осқызады» сөйтіп, аш, ызалы әйелдің кейпін айнытпай, түпнұсқадан да күштірек суреттеген.

Мағжанның Вс. Ивановтан келесі бір іргелі аудармасы - «Темірбай» әңгімесі.

«Темірбай» әңгімесінде аласапыран кезіндегі орыс-казактарының қазаққа қылған қиянаты суреттеледі. Екі қазақты өлтіріп, момын Темірбайдың көзінше көміп кеткен орыс әскерлерінің ісі, оның психологиясына әсер етеді.

Адамның ішкі сезімі, жан дүниесі, сана-сезім психологиясына толы, «Шолпанның күнәсы» шығармасының авторы Мағжан осы жолы Темірбайдың психологиясынан сыр шертеді. Темірбайдың ойы, арманы, қорқынышы, үрейі бәрі егжей-тегжейлі көрсетіледі. Тақсіреттің небір түрін көрген халық жағдайы Вс. Ивановтың әңгімелерінде ап-анық суреттеледі.

Халық басындағы осынау оқиғаларды қазақ оқырманы аудармалар арқылы білсе екен деген ниетпен Мағжан осы аудармаларды бізге жеткізген еді.

Әңгіме тұтастай аударылған, мазмұны бұзылмаған. Тек кей тұстарда Темірбай образын, табиғатты суреттеуде еркіндік алған. Аударманы оқи отыра, бұл әрекеттің дұрыс деп есептеуге болады.

М. Жұмабаев Вc. Ивановтың әлеумет шаруасын, қоғам ісін, қоғамда өмір сүріп отырған адамдарды, яғни, қазақтардың тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін шығармаларын қазақшалаған. Әңгімелердің көбі төңкеріс тұсында болған оқиғалар. Аударма түпнұсқа мәтінін толық сақтағанымен, жеке сөздерді, сөйлемдерді аударғанда алшақ кететін тұстары бар. Тасада отырып, казак-орыстардың екі адамды өлтіргенін көзімен көрген Темірбайдың басына небір ойлар келеді. Қорқады, үркеді. Әңгіме финалында ол өлген екеудің қазасына қайғырып, соғыстың, төңкерістің не екенін ұққандай болады. Яғни, әңгіменің негізгі түйіні - Темірбай санасының оянуы. Оған ықпал еткен казак- орыстардың әрекеті. Айдалада өз көрлерін өздері қазып, көмілген екеу. Темірбай көңілінің аласұруын, ішкі сезім күйін аудармашы дәл жеткізеді. Түпнұсқаның айтар ойы аудармада да әдемі баяндалған. Аудармашы автордың астарлы ойын, «төңкерістің», «ақ, қызыл» соғысын әңгіме қорытындысында анық суреттейді. Мәтінде «төңкеріс», «соғыс» туралы айтылмаған. Алайда автордың айтпағы да сол. Ал, аудармашы «төңкеріс» әсерінен, Темірбай санасын оятып, «соғыс», «ақ пен қызылдың» не екенін ажырата алатын жағдайға жеткізіп, замандағы өзгерісті қарапайым қазақтың түсінгендігін ашық жазады. Аударманың еркіндік алған жері де осы. Аудармашы әңгімедегі кейіпкердің көзі ашық, ақ пен қараны ажырата алатын «момын» қазақтың санасының оянғанын білдіргісі келген. Сол үшін де мәтіндегідей еш нәрсені астарламаған.

Темірбай басындағы өзгерісті «момын шаруа Темірбай анау екеумен бірге мынау көрге көмілген тәрізді. Төңкерістің тау-тау толқынының бір мұрты Темірбайды да қаққан тәрізді... Соғыстың, төңкерістің, ақ пен қызылдың кім екенін Темірбай енді ұққан тәрізді...» деген жолдармен әңгімені бейне бір төл туындысы секілді етіп, қазақтың ыңғайына төсей көрсетеді. Бұл орайда автор мен аудармашы арасындағы алшақтық көрінеді. Бірақ бұл алшақтық аударманың түпнұсқасына ешқандай нұқсан келтірмейді, тек жоғарыда атап өткендей, оқырманға жолдаған сәтті туындысы болды.

Вc. Ивановтың шығармаларынан ұтарымыз сол: оның туындыларында қазақ өмірі, тұрмысы, мінез-құлқы айқын көрінеді. Осы тұста М. Қаратаевтың аударма жайлы айтқан ойы тілімізге тиек болмақ: «Жақсы аударма басқа тілді жақсы білгеннен тумайды, бейнеленген тіршілік характерінің тылсым сырын аудармашының терең білуінен туады.»

Мағжан нақ Вc. Иванов шығармаларының мән-мағынасын ұғынып қана қоймай, оны бүкіл жан-дүниесімен сезіне білген. Тәржімашының еңбегінің қазақ тілінің төл шығармасындай, шығарманың жаттанбауынан көрінеді.

Орыс қаламгерінің әңгімесін М. Жұмабаев идеялық-көркемдік жағынан дамытуға барынша күш салады. Кейіпкерлердің басындағы психологиялық жайттардың қиыннан қиыстырылуынан арқасында әңгіме түйіні мақсатына жетеді. Мағжан аудармалары автор мен аудармашы ой мен сөз жарыстырып тұрғандай күйге бөлейді.

Осылайша орыс әдебиетінің әртүрлі тақырыптағы шығармаларын қазақ баласы ХХ ғасыр басында да оқып танысты. Әрине, Мағжан арқылы, Мағжанның ұлтжандылығының арқасында. Аудармашының білімдарлығын, аудармадағы мақсат-мұратына айқын жете алғанын жоғарыда әбден талдадық. Аударылған барлық еңбекті талдай алмасақ та, негізгілерін бір-бір шолып шықтық деген ойдамыз. Қазақ халқының ұстанымына бейімдей, шебер тілмен төгілте жазылған ақын аудармалары халық үшін қашан да болсын өзекті еңбектердің бірі болып қала бермек. Мақаламызды Р. Бердібаевтің пікірімен қорытындылауды жөн көрдік: «Орыс, Европа поэзиясынан аудармамен ақын өзінің қысқа өмірінің барлық кезеңінде де ұдайы айналысып отырған. Бұл қатарда Гете, Гейне, Лермонтов, Фет, Кольцов, Тютчев, Блок т.б. өлеңдерін ұшыратамыз. Шығыс шайырларының сарынымен жазғандары өз алдына бір төбе. Осы мысалдар Мағжанның жаһан әдебиетінің көркемдік жетістіктерінен еркін сусындап қана қоймай, олардың нәрі мен дәнін қазақ топырағына дарытуға да жігерлі ат салысқанын дәлелдейді» [4].

Әдебиет:

1. «Қазақстан» энциклопедиясы. – Алматы: 1998.

2. Елеуменов Ш. Мағжан. – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.
3. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. (Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев) – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
4. Бердібаев Р. Ақын тағдыры // Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Құраст. Д.Әшімханов. – Алматы: Жалын, 1992. – 544 б.

МАҒЖАН ДӘСТҮРІ ЖАЛҒАСТЫҒЫНЫҢ МӘНІ

Саркенқызы А.

*(Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Академиясы
тілдік дайындық кафедрасының бастығы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор (доцент))*

Аңдатпа

Мақалада Мағжан дәстүрінің жалғастығы айшықталған. Жаңашылдығымен танылған Мағжан ақынның кейінгі буын ақындарына ықпалы қарастырылған.

Түйінді ұғымдар: жаңашылдық, дәстүр, ақын, әдебиет, өміршеңдік, поэтикалық дәстүр, көркем тіл, шеберлік.

Аннотация

Идеологическая художественность произведений или поднятие национального характера на новую ступень, используя традиции и новаторства, внешние изменения, внутреннее содержание, сохраняя единство формы и содержания. В статье показаны как внедренные в литературу новаторства Магжана стали традицией. А также, изображено продолжение традиций Магжана. Рассмотрено влияние Магжана известного своим новаторствам, на последующее поколение поэтов.

Ключевые слова: новаторство, традиций, поэт, литература, поэтические традиций, художественный язык, мастерство, национальный характер, внутреннее содержание, художественное изображение, художник, опыт, идеологическая художественность.

Annotation

Continuation of Magzhan's traditions is depicted in the article. The influence of Magzhan, known for his innovations, on the next generation of poets is considered.

Key words: innovation, traditions, poet, literature, poetical traditions, fiction language, skill.

Қазақ халқы үшін алтын кезең Бұхардан, Дулаттан бір байқалса, Абай да шеберлік шыңында көрінді. «Абайды ұлы деп танытатын отырған белгі – оның поэтикалық дәстүрінің, рухани қазынасының, көркем тілінің жалғастық тапқандығына өзінен кейінгілерге үлгі-эталон болатындығынан көрінеді», - дейді академик Р. Сыздық [1,56]. «Соқтықпалы соқпақсыз жерде» өскен, «Мыңмен жалғыз алысқан», Мағжанша айтсақ, «мың жыл жүрсе де, сөзінің дәмі кетпейтін» қазақ халқының асыл тұлғаларының бірі Абайды пір тұтып, одан үлгі алмаған, үйренбеген ақын-жазушы жоқ.

Жаңашылдық пен дәстүр ұғымына «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясында мынадай түсінік беріледі:

Дәстүр мен жаңашылдық – әдебиет пен өнердің даму барысында сабақтастық пен жаңғыруды, мұрагерлік пен қайта жасауды, бұрынғы мен соңғының байланысын білдіретін ұғым.

Дәстүрге ғасырлар бойы қалыптасып, сұрыпталған әдет-ғұрыптар, жол-жобалар көзқарас-түсініктер жатады.

Жаңашылдық – өткен өмірдің, кешегі күннің тәжірибесі мен жемістерінің ішінде мән-мағынасы бай, дәрежесі жоғары заман талабына жауап беретін бұрынғы сұрғының тар шеңберінен шығып, болашаққа кең жол ашатын аса маңызды ізденіс әрекеттер. Даму барысында жаңашылдықтың өзі біраз уақыттан кейін дәстүрге айналады, келесі сатыда басқа жаңашылдық туып өрбиді.

Дәстүрге көркемөнердің тақырып ауқымы, өмірге қатынасы, идеялық бағыты, халықтығы жатады. Көркемөнердің жеке түрлерінде суреттеу амалы мен тәсілдері, композициялық құрылымы, шығармаларының тұтастық принципі – дәстүр болып саналады.

Өнердегі жаңашылдық тақырыпты бұрын қолданылмаған әдіспен көркем тіл арқылы

суреттеу, соны мәселеге батыл ешім табу, жаңа шығармалар жасау.

Жаңашылдық – әрқашан асқан шеберлік пен зор таланттың нәтижесі, ол әдебиет пен өнердің өрісін кеңейте түседі. өнердің бұрын қол жеткен табысына, ұлы суреткерлердің тәжірибесіне сүйенбей, творчествода ілгері басу мүмкіне емес.

Дәстүр мен жаңашылдық тек түрді, сыртқы өзгерістерді білдірумен қатар, ішкі мазмұнды, мағынаны білдіреді, түр мен мазмұнды бірдей қамтып, шығарманың идеялық-көркемдік немесе ұлттық сипатын жаңа сатыда елестетеді. Енген жаңалық әдебиетке сіңіп, дәстүрге айналып кетуі мүмкін. Қазақ поэзиясында Абай Құнанбаев енгізген жаңалық үлкен дәстүр болып қалыптасты. Абай көркем сөзді жоғары сатыға көтерді, ауыз әдебиетінің дәстүрінде келе жатқан Абай қалдырған басты дәстүр – әр нәрсені көркем бейнелеп жеткізу [2,194].

Поэзияның ауыз әдебиетінен бастау алып, ұлы Абай қалаған әдеби тілге дейін, одан кейін Абай ізбасарлары дамытқан поэзия жаңашылдыққа толы. Кез келген қаламгер өз шығармасының мән-мазмұнын ашу үшін, оқырман жүрегіне жеткізу үшін сан алуан тілдік қолданыстарды пайдаланды. Жаңашыл ақынның өзі өзінен бұрынғы ақын-жазушылар қолданған әдіс-тәсілдерді игеру арқылы дамиды. Мағжан осы нәрлі де, құнарлы дәстүрді игере отыра, өзіндік «жаңа дәстүр» жасап, жаңашылдыққа бастады.

Мағжаннан кейінгі ақындар оның шығармаларынан біраз үлгі-өнеге алды. Бұл сөзімізге мына пікір дәлел бола алады: «Күшті ақын өзгелерді өзіне еріксіз еліктетеді, соңынан шәкірт ереді, әдебиет жүзінде жаңа жол ашады. Мағжан да күшті ақын. Күштілігі еліктеткенінен көрінеді. Осы күнгі өлеңшілердің көбі Мағжан өлеңінің сыртқы түріне, не ішкі мазмұнына еліктемей жаза алмайды. Кім өлең жазса, Мағжан сөзінен бірдемені алмай қоймайды. Алайын деп алмаса да, еріксіз, өзі байқамай алып қояды. Неге? Кестелі, ырғақты, күшті даяр сөз, даяр түр ауызға түсе кетеді.

...Олай болса, ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп ашқан күшті ақын Мағжан екенінде дау жоқ», - дейді Ж.Аймауытов [3,56].

Мағжан поэзиясының кәусар бұлағынан нәр алып, өткен жүзжылдықта өмір сүрген, өз заманының елеулі оқиғаларына өзінше үн қосып, жыр шашуын шашқан халық ақындарының мұралары бір төбе.

60-жылдары ұлы М. Әуезов сөзімен айтқанда «Жыл келгендей жаңалық сезінермін» жаңа тегеурінді ақындар толқыны келді. Әдебиетімізге олар өлеңдерінің өміршеңдігімен, көркемдік ерекшеліктерін әдебиет табалдырығын аттап, бұл күнде бұғанасы бекіген, кемел жасқа ғана емес, поэзиямызды кемелдікке жеткізді. Бұл кезеңдегі өзіндік үлгі, өзіндік ізденістерімен әдебиетімізге енген ақындар Т. Молдағалиев, Қ. Шаңғытбаев, С. Жиенбаев, Қ. Мырзалиев, С. Асанов, М. Сатыбалдиев т. б. ақындар творчествосы көркемдік жағынан да, эстетикалық әсер тұрғысынан да айқын қолтаңбамен әдебиетімізге өз соқпағын салуға ұмтылды.

Ж. Аймауытов: «Мағжан сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштылығымен күшті, маржандай тізілген торғындай үлбіреген нәзік күйімен, шерлі, мұнды зарымен күшті», – деген болатын [3,101].

Сол кезде жоғарыда келтірілген шеберлік компоненттері – Мағжан ақынның бір басынан артылып төгіліп жатса, 60-70-жылдардағы профессионал деңгейге көтерілген поэзия, жеке-жеке үлкен арна тартты. Мағжанның ақындығы туралы Ж. Аймауытов көрсеткен бір шебердің басындағы мінез бір адам бойындағы көрінген қасиет-дарын, салаланып, 60-жылдары Тұманбай Молдағалиев – Мағжанның сыршылдығын, Жүмекен Нәжімеденов – суретшілдігін, М. Мақатаев сөзге еркіндігін, Қадыр Мырзалиев – тапқыштығын, Төлеген Айбергенов – күшті маржандай тізілген, Сағи Жиенбаев – торғындай үлбіреген нәзік үнді күйін меңгеріп, соны үлкен арнада, нағыз өнерге тән профессионалдық бағытта дамытты деуге әбден негіз бар» [4,101].

Мағжан жалпыхалықтық тілдегі семантикалық бір-біріне жуыспайтын деректі және дерексіз ұғымдарды іріктеп таңдап алып жаңа ұғымға жаңа мазмұнға сай етіп, Абай

үлгісімен қоюластырып жасаған жаңа бейнелер жасаған.

Мысалы, Жұмақ суы (Жұмақ суы сылдырынан), тәңірдің нұры, ерік құсы (Ерік құсы қайта ұшып келгеніне), ерік тізгіні (Өзіңе ерік тізгінін береміз біз), Жібек түн (Жібек түн – бәрі тың), желдей жынды жүрек (Желдей жынды жүректің екпінінен), интернациональнй жүрек (Интернациональнй жүрегі бар), сиқырлы сөз (Бота көз, сиқырлы сөз, ханым Гүлсім), қастық уы (Жақын жандар қастың уын шашқан күн), сиқырлы сөз күші, (Қасиетті сиқырлы сөз күнгі), Қасірет уы (Жойынды, бүгінгі күн қасірет уы), Өмір оғы (Жүргіне өмір оғы көп тиген), өмір уы (аямастан өмір уын беріп тұр), рақмет есігі (Ашты рақмет есігін), жауыз жел (жердің жауыз желімен), қайғылы қайың (Қайғылы қайың! Аяныш жаның), жұмақ нұрлы жаз, (Жұмақ нұрлы жаз келген), сұлулықтың асығы («Сұлулықтың асығы – жыршы!» – дер ме?), қиялдың толқындары (Қиялдың толқындары алды қағып), алаштың арыстаны (Алаштың арыстаны – Абылай ері...), Көкшенің тас жүрегі (Көкшенің тас жүрегі жаралы да), сұм садақ (Сұм садақ кетсе де үзіп жас жүрегін), қулық-сұмдық сабағы (Қулық сұмдық сабағын), бейнеттің шөл даласы (Бейнеттің мұнарланған шөл даласын).

Кейінгі буын ақындары да осы дәстүрді сақтаған.

Мысалы, С. Жиенбаевта:

Түннің қабағы (Қабағы түннің салбырап), жартастың жүзі (Қабағын қалың қар жапқан, Жартастың жүзі жұмсарып), жанымның шоқпары (Жанымның үрлеп шоқтарын), ақынның жалын жыры (Ақынның жалын жырымен өртеніп жатты бұлттар да), жеңістің таңы (Жеңістің тұңғыш таңы бұл, жауынгерлердің жоқ иесі), көңілдің жайлауы (жайлауын көрдім көңілдің, жақсы бір күйге түстім мен), адалдықтың ақ көрпесі (Жамылып адалдықтың ақ көрпесін, Жатады мұңсыз орман, мұңсыз дала), өзге өмірдің құшағы (Жатады шал түніменен күрсініп, Өзге өмірдің құшағында түршігіп), жапырағымның еңсесі (Қонып жатыр шықтар да жапырағым, Жапырағымның еңсесін төмендетіп), тағдыр торы (Қазір-ақ тұр ғой салғалы, Түскендегі тағдыр торына), қара шаңырақтың ары (Қасиетті қара шаңырақтың тимесін ешкім арына).

Қ. Шаңғытбаевта:

Күдік оты (Кербез кемел сауалықпан, Күдік оты шарынды), шабыттың бұлағы (Шабыттың шалқып бұлағы, Ағады-ау, ағад сарқылмай) сезім көбесі Сөгіліп сезім көбесі, Тамады жасы аш көздің), көңілімнің нәзік қылы (Күйқұмар көңілімнің тәтті қылы, Жанымды тербетеді тәтті үнімен), қайғының қара бұлты (Жат өлке, күнгеі жайлардан, Қайғының қара бұлты бар), ойдың мұхиты (Таусылар ойдың мұхиты, Кебіртен тартар, қақа болар), ажалдың ала туы (Алаурап таңы атады, Ажалдың ала туындай), ғашық оты (Өзеннің аржағында сайрап бұлбұл, Тұтанды ғашық оты жайлап, құрғыр), жырдың жаңбыры (Тұтасып жырдың жаңбыры, Түнеріп ақын қарайды), өлеңнің зері (Нұр қағып күннің көзінен, Жұлдызды жұлқып үздім мен, Қазақтың гауһар сөзінен, Өлеңнің зерін сыздым мен), шешек толы қайран жүрек (Шешек толы қайран жүрек, Шерменде боп аш кетті), ғасырлар мұң зары (Қалғандай ғасырлар мұң зары, Серейіп қараңғы мұз болып), махаббат оты (Ереуіл толқын тулайды, Махаббаттың оты лаулап тынбайды да), ерке жел (Ерке желдің ығында, Тербетіліп қалтырап), адалдықтың ақ көрпесі (Жамылып адалдықтың ақ көрпесін, Жатады мұңсыз орман, мұңсыз дала), көңілдің жайлауы (Жайлауын көрдім көңілдің, Жақсы бір күйге түстім мен)

Қ. Мырзалиевте:

Қулық кестесі (Қулық деген кестені, Тоқу оған қиын ба?), өтірік мазары, ақиқаттың ауылы (Өтіріктің мазарында түнейсің, Ақиқаттың ауылына қонбайсың), қарттық кемесі (Шайқап қарттық кемесі, Кетеді ғой мазам да), мұңның бұлты (Ерте батар, мұңның бұлты ұстайды көлегейлеп), қуаныш шаңырағы (Бағзы көңіл – қуаныш шаңырағы. Бос қыстаудай құлазып, қаңғырады), әділеттің досы (Алдыменен әділеттің досымын, Ақын үні әр уақытта тосын үн), әзіл бомбасы (Жатады әзіл бомбасы, Күлкі болып жарылып), махаббат аспаны (Мың жұлдызым болса да, байқамайсың басқаны, Бір жұлдыздан тұрады махаббатың аспаны), махаббаттың пәк туы (Жоғары ұстап махаббатың пәк туын, Жүрмегендер – Қасіреттің тәтті уын), өлеңнің болашағы (Сене алмаймын, Жоқ дегенге өлеңнің болашағы)

кулықтың арам асы, ой шөлмегі (Қыдырып жүр деп біледі ел мені. Отырғаннан толмайды ой шөлмегі), игіліктің ақ сүті (Итаяққа төкпесе, Игіліктің ақ сүтін), үміт желі (Мың көшеді, Үміт желі ескенде), адалдықтың жаңбыры (Бәрін шайып кетеді, Адалдықтың жаңбыры), шындықтың шапаны (Шындықтың киіп шапанын, Шығады төрге лақаптар), шабыттың ауылы (Алыс емес ашудан, Шабыттың да ауылы), шындықтың ауылы (Өңгіме бұл біздерде өріс алған, Ауылынан шындықтың теріс ауған), көңіл жыртығы (Жалғыз-ақ жылы сол лебіз, Жамайтын көңіл жыртығын), көңілдің тосабы (Қалыңдай береді. Көңілдің тосабы!), ұлылықтың күмбезі, зұлымдықтың кірпіші (Ұлылықтың күмбезі, Зұлымдықтың кірпішінен қаланбас), жастық шақтың уы (Жастық шақтың уын да, Балын да ішіп), сенімнің шарабы (Шарабына сенімнің, Береді олар у қосып), көңілімнің айдыны, арамдықтың ащы уы, зұлымдықтың қақпаны (Ішсең де арамдықтың уын ащы, Түссең де зұлымдықтың қақпанына), тірліктің уы (Керегі не у ішіп, Жетпей ме уы тірліктің), жалғыздық уы (Алғанмен елдің батасын, Жалғыздық уын татасың).

Т. Молдағалиевте:

Жастықтың ауылы (Мен жастықтың ауылында-ақ жүрер едім, Сол достарым өледі-ау қызғаныштан), төзімдіктің көйлегі (Сағынбасаң, сұрамай-ақ та қой мені, Жыртыла қоймас төзімдіктің көйлегі), ойдың теңізі (Отырдым ойдың теңізін, Отырдым үнсіз сапырып), үміттің өзендері (Нысанаға алған бір бет түзік пе, Өзендері үміттің өткізіп пе), қайғының уы (Сегізге енді қараған жасым, Қайғының уын қабына жұтты), қуаныштың желі (Сокқанда қуаныштың желі бұрқап, Жарқырар ұлы Абайдың елі шырқап), бақыттың жағасы (Інісін де іздей бер, ағасын да, Бәрі бүгін бақыттың жағасында), қайғының наны (Сұм ажал бәрін шешті де, Қайғының нанын жейді ішім), жырымыздың тығыны (Көңілімізде көптен жүрген шырқалмай, Жырымыздың ағытайық тығынын), жастық желі (Бітіпті жастық желі де, Бұл өмір сынау, бір сынау), жақсылықтың ішігі (Көңілшектің жүрегі – жаз, іші – мұң, Тоздырмайды жақсылықтың ішігін), қазағымның алтын күні (Менің тілім өлмейді – халқым тірі, Қазағымның сөнбейді алтын күні), жігіттіктің аты (Лапылдап жанған кезде от үміттей, Жүре ме жігіттіктің аты үрікпей).

Ақындар Абай, Мағжан тудырған сөз тіркестерін қолданумен қатар, соны тіркестер тудырған.

Табиғат лирикасына ең алдымен Абайдың Шәкәрім мен Мағжан лирикаларын айта аламыз. Мағжан табиғат лирикасы арқылы ұлттық бояу нақышпен табиғат пейзажын екінші бір мақсатта қолданады. Бірақ жалаңаш табиғаттың аясында қалмайды. Мағжан жырларында табиғат пен адамның жан дүниесі бірге өріліп, астасып жатады. Бұған ақынның «Қысқы жол», «Жазғы жол» өлеңдері айғақ. Көңіл күй мен табиғат бірігіп, астасып жатады. Мағжанның табиғат лирикасының ерекше қыры Қ. Шаңғытбаев, Қ. Мырзалиев, С. Жиенбаев, Т. Молдағалиев лирикаларынан орын тапқан.

Қазақ қаламгерлерінің кейінгі ұрпағы үшін аға жазушылардың өнеге-үлгісі үлкен мектеп болды. Әдеби дамудың негізгі салмағын көтерген 1960-70-жылдар өкілдерінің өзі осы мектептен шықты. Реалистік өнерді байытып, оны тұрмыс-тіршіліктің, адамның жұпыны өмірінің шындығын терең бейнелеу арқылы жетілдіріп, қоғам мен адам дамуының қайшылықты күйін ойшылдықпен суреттеуде осы ұрпақтың ізденістерге қалам сілтеген.

Әдебиет:

- 1.Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы, 2004. 56-бет.
- 2.Қазақ әдебиеті, Энциклопедия. – Алматы, Білік, 1999, 194-бет.
- 3.Жұмабаев М. Шығармалар. 2-3 том. – Алматы, 1996 ж. 395-бет.
- 4.Сариев Ш. 1960-70 жылдардағы қазақ лирикасы. Көркемдік ізденістер. Филол. ғыл. канд...дисс. – Алматы, 1993 ж. 101-бет.

МАҒЖАННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒИЛМДЕРІНІҢ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ КӨРІНІСІ

Сеңкібаев С.Т.

(пед. ғылымдарының кандидаты, Көкшетау университеті)

1917 жылы Ресейде болған Қазан революциясынан кейін, сол кездегі Қазақтың бір топ зиялылары, елді егемендікке жеткізудің жалғыз жолы, ол оқу, білім екенін түсінген болатын. Осыған орай олар, мектептер ашып, халықты оқу, білімге шақырып қана қоймай, өздері оқулықтармен мұғалімдерге арнап әдістемелік құралдарда жазды. Солардың бірі, М.Жұмабаев болды. Мағжанды ақын ретінде ғана тану қате ұғым. Оның ақындығы туа біткен табиғи дарындылығы болса, өмірдегі негізгі мамандығы мен кәсібі ұстаздық болған. Егерде, Мағжанның ағартушылық, ұстаздық жолына қысқаша шолу жасайтын болсақ, төмендегі жәйттерді аңғаруға болады. Өздеріңізге белгілі 1913-1917 жж ол, Омбы мұғалімдер семинариясында оқиды. Ойдағыдай бұл оқуды бітірген соң ол, «Үш Жүз» деген партияның жаласымен 5-6 ай Омбы түрмесінде болады. Одан шыққаннан кейін бірден оқу-ағарту жұмысымен айналысады. Осы қалада қазақ-қырғыз жастары үшін ашылған мұғалімдер курсының жетекшісі және тарих, әдебиет пәндерінен дәріс оқиды. Кейін Омбыны Колчак басып алғаннан соң, курс 1920 жылы шілде айында Петропавл қаласына ауыстырылып, қазақ мұғалімдерінің Омбы губерниялық курсы осы Петропавлда ашылады. Мұндада ол, курс директоры және курсанттарға дәріс оқиды. Мағжан өз қолымен толтырылған анкетадан негізгі мамандығым «киргизская словесность» дегеніне қарамай, педагогикадан, қазақ тілі мен ұлт тарихынан лекциялар оқып келгенін жазыпты

М. Жұмабаев заманынан озып туған педагог. Ол өзінің 45-жылдық ғұмырының тең жартысын, осы оқу, ағарту, яғни педагогикаға арнаған. Оған оның сол кездегі жазған мақалалары мен еңбектері, әсіресе, «Педагогика» оқулығы куә. Жалпы, бұл кітап туралы сол кезде алғашқы сын айтушы Молдағали Жолдыбаев: «Не дегенмен, кітаптың шығуы аса пайдалы. Ахметтің «Сауат ашқыш», «Әліп - билеріне» қосымша саяси сауат ашатын орындардың бұл кітапты алдырулары керек-ақ» - дейді. Ол өзінің «Педагогика» оқулығында тұңғыш рет ұлттық педагогиканы психологиямен байланыстыра оқытудың тәсілдерін қарастырып, бала тәрбиелеудің және олармен қарым-қатынас жасаудың жолдарын ғылыми тұрғыдан көрсетті. Оның озық ойлы сол кездегі айтқан тұжырымдары бүгінгі күні де өзекті. «Баланы заманына лайық етіп отырып, тәрбиелеу керек»-деген Мағжанның ойы бүгінгі күн үшін айтылғандай. Бүгінгі атом, компьютер, космос заманында оқушы ғылымның соңғы жаңалықтарын біліп қана қоймай, оны игере білу өмір талабы. Педагог-ақын өзінің әрбір шығармасы арқылы оқушыларды отансүйгіштік қасиеттерге тәрбиелеуге бағыттады. Мағжанның, «Педагогика» оқу құралынан басқа: «Ана тілі», «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту методикасы», «Сауатты бол», 1931 жылы шыққан «Ересек шаласауаттылар программасы», «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз», «Бала тәрбиелеу жолдары» т.б еңбектері бар. Бұл еңбектеріндегі ең басты қағида - бала тәрбиесі. М.Жұмабаев бала тәрбиесінде ұлттық психологияны қалыптастыру, халық педагогикасының негізінде оқу-тәрбие жұмысын жүргізу қажеттілігін басты назарда ұстау керек екендігін айтады. «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы - ұлт тәрбиесі» - деп тұжырым жасайды. «Ішкі сезім яки көңіл көріністері» бөлімінде бала психологиясын қалыптастыруда ата-ана тәрбиесінің үлгілі болуын аңғартады. «Ата-ана қатал болса, бала да қатал, ата -ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ». «Баланың маңындағы адамдарда дұрыс мінезді болу керек»-деп тұжырымдайды. Ұлт тәрбиесінің балаға берері көп екенін айтпаса да болады. Ол ең алдымен - адамгершілік, ар-ұят, кішіпейілдік. Орыс мектебін бітірген бала мен қазақ мектебін бітірген баланың түсінігі де, ой-өрісі де өзгеше болады. «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті...» дейді. Мағжанның педагогика саласындағы әрбір еңбегіндегі қазақ халқының ежелден келе жатқан тәрбиесі, даланың табиғи мінезі ерекше көрініп тұрады. Ол

өзінің педагогикасында оқушыларды ұлтқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу керектегін ерекше айтады. “...Тәрбиедегі басты мақсат баланы ұстаздың дәл өзіндей етіп қорқытып, тәрбиелеуінде емес, қазіргі және болашақ өмірге сайма-сай тәрбиелеуінде”. Мағжанның бұл сөздері ХХ- ғасырдың 1920-жылдары айтылса да, бүгінгі күн үшін өзекті маңызын жойған жоқ. Бүгінгі және болашақтың ұрпағын қалай тәрбиелеп, оқытып шығару керек? Егеменді еліміздің ұрпақтарын ұлылыққа баулу бүгінгі мектептің парызы. М.Жұмабаев кезінде осы бағытты меңзеді, егеменді елдің егемен мектебі болуын қалаған. Өйткені оқушыны ұлттық рухта тәрбиелеп шығару тек ұлт мектебінің қолынан ғана келеді. Кешегі өткен ұлы бабаларымыздың істері бүгінгі ұрпақ үшін үлгі болуға тиіс. Олар ұлан-байтақ жерімізді қасықтай қаны қалғанша қызғыштай қорғап, бүгінгі ұрпаққа аман-есен тапсырды. Ал, сол жеріміз бен егемендігімізді бүгінгі еліміздің жастары солай қорғай ала ма? Міне, мәселе осында. Патриотизм мен ұлылықты қалыптастыру құрғақ сөзбен жасалынбайды. Оған жүйелі жұмыс, кешенді оқу-тәрбие қажет. Мағжан өз Педагогикасында, “Баланы ешбір уақыт қорқытпау керек...баланы қорқыту қып-қызыл зиян... Жасында қорқытылып үйренбеген бала, өскенде ер болады...Ерлікке, іспен үйрету керек... Баланы ұру, соғу ісі адамшылыққа ұнамайтын іс” дейді. Ендігі жерде мектептерімізге ізгілік, демократияландыру принциптері етене енуі тиіс. Ұлттық қағидаларды оқу-тәрбиесі ісіне терең кіргізе отырып, оны әлемдік алдыңғы қатарлы өркениетті идеяларымен қабыстыру қажет. Ол үшін тілдерді тереңдете оқу, әсіресе, қазақ, шетел тілін үш - төрт жастан оқуды қолға алу. Тәрбиенің басты ұстанымдары жалпы адамзаттық құндылықтарды және тұлғаны қалыптастыру, өз халқының мәдениетін, әдебиетін, тілін, салт-дәстүрін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне құрметпен қарайтын адам қалыптастыру.

Жалпы, Мағжанның бала тәрбиесіндегі идеясы ол “Балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек...Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғыық теңізін қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы,адамзат дүниесінің керек бір мүшесі бола алатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару, баланы мұндай адам алу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек”. Ғасыр басында Мағжан Жұмабаев өзінің “Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз” деген еңбегінде “...біздің дағдырып тұрған мектебімізді бастап алып кететін даңғыл жол жоқ....Сондықтан оқу құралын жазып жатқан азаматтар бұл оқу құралы қандай мінезді мектепке арналады сол туралы ой жүгіртсе игі болар еді...Кең қазақ мектебіне негіз іздегенде, таза пәк кезінен, яғни мектеп құрылысының қазақ жанына қабысуы жағынан келуі дұрыс болар еді”- деп жазады. Мағжан Жұмабаевтың бұл ойы қазіргі күнде бағасын жоғалтқан жоқ. Себебі оқулық – мектеп үшін де, оқушы үшін де, қоғам үшін де ең басты құрал. Өкінішке орай, бүгінгі оқулықтар көп көңілінен шығып тұрған жоқ. Мектептегі жөндейміз деп соқыр еліктеуден аулақ болу керектегін де Мағжан көрегендіктен ескертіп кеткен-ді, ол: “...Мектебімізге негіз саламыз дегенде ескертетін іс – соңғы кезде соқыр еліктеу ауруы біздің жанымызға сіңіп барады. Міне, осыдан сақтау керек” деген. Бізге, бүгін ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, сыннан өткен, халықтың ойынан шығатын, мемлекеттің концепциясынан туындайтын мектеп қажет. Адамзаттың Мағжаны атанған ұлы ғұлама педагогтың тәрбие жөніндегі ойлары бүгінгі егемендіктің негізінде ғана бостандық алып, еліне қызмет атқаруда. Мағжан Жұмабаев - ғасырлар белесінде әр заманда бір қылаң беріп қоятын көркемдік ойлау әлеміндегі Абайдан кейінгі үлкен бір құбылыс. Бүгінгі таңда еліміздің жас ұрпағын ұлтжандылық пен отансүйгішілікке тәрбиелеу проблемасы алдымызда тұрғанда, Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын қазақ тілді мектептерде оқып үйрену, одан нәр алу ұлы парыз. М. Жұмабаевты қазақ педагогикасының негізін қалаған және оның көш бастаушыларының бірі деп айтуымызға әбден болады. М.Жұмабаевтың өнегелі өмірі мен тәлім-тәрбиелік ой-пікірін оқу-тәрбие жұмысына енгізудегі басты мақсат, оқушы жастардың бойына адамгершілік пен ұлылық қасиеттерді дамыту. Әр түрлі жаман, теріс пиғылдардан арашалау, ізгілік пен инабаттылық сезімдерді жүректеріне ұялату, сөйтіп ұлтын, елін, жерін сүйетін арлы азамат тәрбиелеу. Осы тұрғыдан келгенде, М.Жұмабаевтың ұлттық тәлім-тәрбие, тіл, дін, діл, мәдениет

туралы айтқан ойларының осы заманда да өміршең екендігі даусыз. М. Жұмабаев өз ғасырынан озып туған ғұлама адам. Ол ұлы ұстаз, ақын, философ, әдебиетші, тарихшы. Оны оқып, зерттеу бүгінгі ғалымдар мен ізденушілер үлесіне тиесілі болмақ. Мағжанның әділ бағасын беру, бүгінгі ұрпақ үлесіне тиісті. М.Жұмабаевтың өмірі мен өнегесін, оның әдеби-педагогикалық мол мұрасын жүйелі түрде оқу-тәрбие ісіне енгізіп, жас жеткіншектерді тәрбиелеуде қолдансақ, олардың жан-сезіміне, Отанға, ел-жұртқа деген сүйіспеншілік, нық сенім, ұлтжандылық, ұлы адами құндылықтарды қалыптастырамыз. Тағдыры тәлкекке түсіп, қасірет пен қайғы шырмауынан шыға алмай, қатыгез заманның құрбаны болған осынау аяулы жан, әліде болса, қоғамнан өз бағасын толық алған жоқ, оның бізге айтып кеткен аманатын біз әлі орындаған жоқпыз. Мағжан еңбектері мектеп бағдарламаларына енгізіліп, оның шығармалары оқулықтардан тұрақты орын алып отыр. Бірақ, оларды оқып үйренудің тиімділігін арттыру үшін, М.Жұмабаевтың тәлімгерлік ой-пікірінің педагогикалық - психологиялық негіздерін де оқып үйренген жөн. Тағдыры тәлкекке түсіп, қасірет пен қайғы шырмауынан шыға алмай, қатыгез заманның құрбаны болған осынау аяулы жан, әлі де болса, қоғамнан өз бағасын толық алған жоқ. М.Жұмабаевтың жазған еңбектерінің бірі «Бала тәрбиелеу жолдары». Бұл әдістемелік еңбектің құндылығы – жас өспірім сәбиден бастап, ер жеткен бала мен бой жеткен қызды, ұлттық негізде тәрбиелей отырып, ұлы адами қасиеттерді бала бойына қалай қалыптастыру керек екендігін көрсетеді. Сонымен қатар бала тәрбиесі туған, өскен ортасына, ата-ананың, отбасындағы тәрбиеге байланысты. Бесік туралыда: «Бесік баланың жататын орны... Сондықтанда ол балаға жәйлі болуы тиіс, кейбіреулері баланы тас қылып байлап тастайдыда, бетін тұмшалап қалың көрпемен жабады. Бала жүрегі қысылып не дұрыс дем ала алмайды, не таза ауа жұта алмайды...». Солай дейдіде баланы орта белден емес, «қиғаш» байлауды ұсынады. Осы орайда ол: «Кейбір қатын \Мағжанның өз сөзі\ баласына долданып отырып, бесікті тарс-тұрыс етіп тербетеді... Содан баланың миы шайқалып, «ұйықтайды», ал шын мәнінде бала ұйқыда емес, талып жатыр... Қазақ қатыны! балаңда өшің болмаса, бесікті қатты тербетпе, жәйләп бесік жырын айта әндетіп отырып тербет»-деп ақыл айтады. «баланың маңайындағы адамдардың да тәртіпті, тәрбиелі болуы, бала көзінше бөтен сөз айтпау, сұлу сезімдерді көрсете білуі» керектігін ескертеді. Бала тәрбиелеудің жолы әр алуан екендігін көрсете отырып, М.Жұмабаев халық педагогикасының құнды жақтарын алуды меңзейді. Баланың ойыны, тілінің дамуы үшін пайдалы екендігіне назар аударады. Баланың түзу, сау, ойлау қабілетінің жақсы дамуы үшін де оның күн тәртібіне, яғни «таза ауада жүруі, ұйқысына, дене- шынықтыру, тамақ ішуіне» ерекше көңіл бөліп, назар аударып отыру қажет екендігін ескертеді. «Дұрыс тамақтанып үйренген баланың мінезінде дұрыс болады»-дейді педагог. Сондай-ақ ұйқысы сау, бір уақытта ұйқыға бейімделген баланың дені сау, мінезі жақсы болатынын айтады.

Мағжанның ұлттық мектепті құру, оны қалыптастыру туралы жазған еңбегінің бірі, «Жазылашақ оқу құралы һәм мектебіміз». Ұлы ұстаздың ұлт тағдырына немқұрайлы қарай алмағандығын осы бір еңбектен көруге болады. Ол, «Бір елдің тағдыры мектебінің құрылысына байланысты. Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуына мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді қазақ жанына қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады»-дейді. Ұстаз-педагог, болашақ мектеп қандай болу керектігін сөз етіп, «қазақ мектебі ең алдымен таза қазақ тілінде жұмыс істей отырып, оқушыларға жан-жақты білім негіздерін бере алатындай болу» керектігін меңзейді. Айта кетсек, Мағжанның бұл мақаласы, 1921 жылы «Бостандық туы» газетінде жарық көрген болатын. М.Жұмабаевтың әдістемелік бағытта жазған еңбегінің бірі, «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы». Оның бұл мұрасы 1923 ж. Ташкентте жарық көрген. Мұнда ол, сол кездегі мектептер жәйін, оқыту технологиясын сөз етеді. Мағжан әрдайым ана тілінің мәселелерін әсте естен шығарған емес. Мағжанның қазақ тілінің жетік, үлкен әдіскер, лингвистика саласын терең білетіндігін байқауға болады. Мағжан ана тілін бастауыш, яғни 1- сыныптан дұрыс оқыту керектігі туралы арнайы сөз қозғаған. Құр ғана жалаң сөз арқылы емес, әр алуан қосымша әдіс-тәсілдерді төменгі

сыныптарда кеңінен қолдану қажеттілігін көрсете отырып, сынып сайын қажетті материалдарды сұрыптау ұстанымдарына да мән берген. Ол төрт жылдық бастауыш мектепте ана тілін оқытуды жүйелеп, сыныпта қалай, қай дәрежеде оқыту керектігін баяндаған. «Бірінші жылы баланың тілін дұрыс сөйлеуге, өз ойын айтуға дағдыландыру, қысылмай сөзбен жарыққа шығаруды» ұсынады. Тілдің ұлттық ерекшелігі, қолданыс мәнері ана тілі оқулықтары арқылы айқын көрініс берумен қатар, ол баланың тілін ұстартып, ойын ұштап, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда үлкен тәрбиелік қызмет атқарады деп қарайды. Ол туралы: «Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түнде тымық, біресе құйындай екпінді сары далада, үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі бәрі көрініп тұр»—деп, тебірене, шабыттана жазған. Осымен байланысты Мағжан бала тіліне отбасында аса ұқыптылықпен қарау қажеттілігі туралы: «Кейбір адамдардың баланы өз тілінше сөйлеп, балаға тез ұқтырам деп, яки баланы еркелетіп, әдейі тілдерін бұзып балаша шолжандап, сақау болып сөйлейтіндер бар. Бұл зор қате» — деп, одан сақтандыра жазған. Сонымен қатар: «Баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын—мектеп»—деп, мектептің бала тілін ұстартып, қалыптастырудағы қызметіне баса мән бергенін толық құптаймыз. Өкінішке орай, кенестік кезеңде қазақ тілі отбасылық деңгейге дейін төмендетіліп, ол ауылдық жерлерде болмаса, қалалық мектептерден барынша ысырылғаны тарихи шындық. Қоғам тілдің өмір сүруінің шарты. Үшіншіден, тіл-ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Ұлттың өзінің болашағы тілдің дамуына, оның қоғамдық, қызметімен тығыз байланысты. Тіл, тек қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге ойлаудың, ойдың жарыққа шығуының да құралы. Ой және оның мазмұны тіл арқылы көрініп, сол арқылы ұғынылады. Ұлт пен тілдің арасындағы тығыз байланысты түсінуге Мағжанның келесі сөзі көмектеседі: «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады». Шынында да, тіл, халықтың тарихы, шежіресі, халықтың барлық өмірінің жаңғырығы мен ізі, одан сол тілді жасаушы халықтың барлық өмірі мен үміті, қайғысы мен қуанышы, барлық рухани өмірінің үні естіліп тұрады. Осыған орай, орта және жоғарғы мектептің мақсаты - қазақ тілін қазақ халқының тілі ретінде оқыту, тілдің қоғамда атқаратын барлық қызметін көрсете білу. Бұл жерде маңызды талаптың бірі мынадай: тіл жүйесі арқылы халықтың танымын, басқа халықтармен қарым-қатынасын түсінуге үйрету. Тілді тек жалаң грамматикалық схема ретінде емес, ғасырлар бойы жиналған халықтық, философияның, психологияның, педагогиканың, тарихтың жинағы ретінде құрастыру қажет. Қазақ халқының тілін үйрену—сол халықтың қоршаған ортаны игеруін түсіну деген сөз. Халықтың тілін үйрену—сол халықты тану, оның әрбір тобының-жұмысшының, ақындардың, қарапайым шаруаның қалай сөйлейтінін білу. М.Жұмабаев сонымен бірге үлкен әдіскер дер едік. Ол: «Мұғалім бір сөзді ұзыннан ұзақ соза берсе, шәкірттің іші пысады, мұғалім үсті-үстіне төпеп, түрлі білімді бір түрлі айта берсе, бала мезі болып, іші пысады. Мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімнің бәрін балаға тез білдіруге емес, еппен, басқыштап білдіруде. «Сабақ оқытуда мұғалім сөзі жинақы, жігерлі, қызықты болуға тиісті. Сонда ғана ол баланың абайын (назарын) өзіне қарата алады. Сонымен қатар балаға жаңадан берілетін білім бұрынғы игерілген біліммен байланыстырылып, соған негізделе отырып ұсынылуы қажет. Және жаңадан берілетін білім, болашақта берілуге тиіс білімге әзірлік туғызардай әсер етуі тиіс. Пәнаралық байланысты сабаққа тиімді пайдаланудың практикалық мүмкіндігі ұшан-теңіз. Олар: оқу техникасы, проблемалық жаттығулар, есептер, кітаппен жұмыс, көрнекі құрал, оқушылар тобымен жұмыс істеудің формалары, лекция, семинар, факультатив, сыныптан тыс жүзеге асырылатын шаралар. Сондай ақ сабақ үстінде балаларға жақсы жауаптыр бергені үшін «сыйлықтар» беруге мүлдем қарсы. Мұғалім үшін ең маңызды нәрсе—оқушыны алдамау. Оқушылармен етене араласып, оларға сапалы және жинақты білім берудің негізгі пәнді жан – жақты игеру және оны оқушы саласына жеткізе білу»—деп түйіндеген. Мағжан: «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы—мұғалім» дейді... «Халықтың, мемлекеттің тағдыры өз мектебіне байланысты, оның құрылысына сай келуі керек» - дейді ұстаз. Оқулықтың бала жасына сай және бағдарламаға сәйкес жазылуы

кажеттілігін меңзейді. «Қазақтың өз мектебі, өз оқу тілі, өзінің төл оқулығы болу керек»-деген ой айтады. Сонымен қатар ол: «Соңғы кезде соқыр еліктеу ауруы біздің жанымызға сіңіп барады. Еліміздің саяси ынтымағы һәм шаруашылық тұрмысын жаңа жолға қоймақшы болғанда да, біз еліктеу ауданында тұрамыз. Қазақ жанын қайшылап отырып жат қылыққа салмақшымыз. Жат қалыпты қазақ жанына қабыстыру, яки жаңа қалып жасау тәжірибесіне кірісуіміз қарадай қорқытады» - деп, бұдан дәл 80 жыл бұрын батыл да ашық айтқан болатын. Еліміздің ұрпағын біліктіде, білімді, ұлтжанды, отансүйгіш қайраткер етіп тәрбиелеуде, Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық іллімдерінің мәні зор. Ендеше ұрпақ тағдыры баршамыздың ортақ ісіміз болуға тиісті. Әр нәрсеге еліктегіш келетін жастарды Бүгінгі таңда, елдер арасындағы қарым қатынас шиленіскен заманда, жастарға патриоттық тәрбие беруде маңызды идеологиялық міндеттің бірі – Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Бүгінгі ғылым мен техниканың дамыған заманының өзінде, өткенге бет бұрып, М.Жұмабаев сынды педагог – ұстаздардың осы бағытта айтқан идеяларын қазіргі оқу-тәрбие үрдісінде кеңінен пайдалануға әбден болады.

Әдебиет:

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992.- 112 б.
2. Елеукенов Ш.. «Мағжан»-Монография.-Алматы: Жазушы,1993.-285б.
3. Кәкішев. «Мағжан –Сәкен» : « Қазақ университеті» :-бет. -191\.
4. Мұхтар Құл-Мұхаммед Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. –Алматы: Атамұра, 2010. - 360 б.
5. Кітапта: Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. //Құрастырушылар: Жарықбаев К.,
6. Қалиев С. - Алматы: Рауан, 1998. – 416б.
7. Сембаев Ә.І. Қазақ совет мектебінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1967. – 150 б.

УДК 81

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА КИНОСУБТИТРОВ КАК РАЗНОВИДНОСТИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПЕРЕВОДА

Силантьева Е.В., Зайцева Е.Н.

(СКУ им. М. Козыбаева)

Процесс глобализации характеризуется как интенсивное развитие международных социальных, экономических, научных и преимущественно культурных связей, а также обменом информацией посредством фильмов. Сфера перевода кинофильмов принимает активное участие в коммуникации социальных и культурных отношений.

Переводчики изучают тему перевода фильмов с середины XX века. Так, испанский ученый Пилар Ореро относит перевод кинофильма к аудиовизуальным переводам [1, с. 154], а английский ученый Кэрл О`Салливан говорит, что мы можем усовершенствовать переводы различных кинокартин, разделив их на тематические группы [2, с. 86].

Когда говорят о переводе фильмов, обычно на ум приходит творческая команда актеров дубляжа, но переводчики и их работа по переводу фильмов не берутся во внимание. По мере развития международных, в том числе культурных отношений, формируются пути для изучения традиций, обычаев и культуры других народов. И один из них –это перевод кинофильмов. Тем самым усовершенствуется сфера кинопереводов.

Перевод художественного фильма – это специфическая форма художественного перевода, которая создает межъязыковую и эстетическую коммуникацию.

Кинотекст – это вид литературного текста, который создается с целью создания визуального и звукового представления какого-либо материала. В создании кинотекста участвуют несколько художников и технических специалистов, которые вместе работают над воплощением сценария в жизнь. Рассматривая кинотекст как разновидность художественного текста, можно глубже понять весь процесс перевода и влияние со стороны потребителей на него. Перевод кинотекста может

осуществляться несколькими способами. Во-первых, при помощи синхронного перевода. Синхронные переводы выполняются для хроник, документальных фильмов, научных и культурных фильмов и выполняются путем комментирования сцен на языках оригинала вне кадра. Синхронный перевод считается наиболее сложным среди других, поскольку он требует особых навыков, знаний и большого опыта переводчика. Этот вид перевода становится все более популярным в связи с растущим спросом на многоязычный контент и необходимостью обеспечения доступности для лиц, не являющихся носителями языка.

Второй способ является самой популярной и сложной формой перевода фильмов является дубляж. «Дубляж» по-французски означает «удвоение». Переводчик, использующий этот метод, пытается охватить не только артикуляцию персонажа, но и его/ее действия, обращая внимание на идею, стиль и характер персонажа фильма. Дубляж начинается с перевода. Если язык переведенного контента является распространенным и качественным, то дубляж даст хорошие результаты [2, с. 161].

Еще одним способом перевода является закадровый перевод – это вид перевода фильмов, во время которого на приглушенную речь исходного текста накладывается речь на языке перевода, которую озвучивают один или несколько актеров. Закадровый перевод субтитров требует высокого уровня владения языком и культурных знаний, а также глубокого понимания целевой аудитории и цели фильма или видеоконтента. К этому типу перевода часто обращаются режиссеры и продюсеры, которые хотят сохранить оригинальное творческое видение контента, сделав его доступным для более широкой аудитории.

Также перевод кинотекста возможен при помощи субтитров (форме перевода, при которой переведенный контент отображается в нижней части экрана). Субтитры даются в виде письменного текста в нижней части экрана. Такого рода переводы уделяют больше внимания ситуационному смыслу, чем оригинальным действиям.

У каждого фильма есть свои собственные позиции, язык и стиль. В нем будут выступления различных персонажей, таких как врач, чиновник или преступник. Переводчик постарается сохранить паттерны и особенности этого дискурса. Одной из самых сложных задач для фильма после выхода на экраны страны является выход на международную аудиторию и успех за рубежом. В этом процессе интернационализации языковые различия являются одним из основных препятствий, поэтому перевод для кино (в основном в форме субтитрирования) приобрел важное социально-экономическое значение. Однако язык и культура очень тесно переплетены, и переводчики, безусловно, переводят не отдельные слова, лишенные контекста, а целостные тексты, имеющие культурную специфику и построенные на совокупности культурных ссылок, которые с большой долей вероятности являются общеизвестными для представителей исходной культуры, что создает «моменты сопротивления» для перевода.

Поскольку перевод приводит культуры в контакт друг с другом, он, в частности, для сферы кино и аудиовизуального мира в целом, ставит перед переводчиками значительные межкультурные проблемы. Их игнорирование может привести к тому, что переведенные материалы будут непонятными для целевой аудитории.

Вопросы, связанные с передачей культурного аспекта при переводе кинотекста, весьма обширны. В особенности перевод культурных аспектов представляет собой одну из самых сложных областей межкультурного перевода, поскольку культурные ссылки традиционно рассматриваются в литературе как «непереводимые», а значит, затрагивают сами аспекты перевода. Особенно интересным является вопрос о том, какое влияние стратегии перевода могут оказывать на восприятие аудиторией исходной культуры. Приступая к изучению данных вопросов, мы обратились к понятию Венути Л. об «инородности» и «окультуривании» и его утверждению, что «перевод обладает огромным потенциалом в процессе моделирования представлений об иностранных культурах» [3, с. 67].

Теоретические и практические вопросы, вызванные представлением о культурной

специфике, особенно сложны. Культурно-специфический материал, который включает вербальные и невербальные (визуальные и аудиальные) знаки, представляет проблему для межкультурной передачи, поскольку относится к объектам или понятиям, которые специфичны для исходного социально-культурного контекста кинопроизведения. Как утверждают Т.Р. Левицкая и А.М. Фитерман: «Переводчик должен изучать историю и культуру народа страны, с языка которой переводит и должен быть знаком с бытом и нравами, то есть должен быть знаком реалиями данной культуры» [5, с.143].

По мнению В.Б. Касевича: «Поиск адекватного способа перевода того или иного культурного элемента на сегодняшний день затруднен, так как на русском и на английском языке отсутствуют справочные пособия, в которых можно было бы найти однозначные ответы на множество теоретических и практических вопросов, возникающих при описании конкретной иностранной культуры» [6; с. 177].

Таким образом, перевод художественного текста является относительно обособленным текстом по отношению к оригиналу, благодаря чему он приобретает статус принадлежности к социо-культурной и литературной среде языка перевода. Целью при переводе киносубтитров, как и при любом другом виде перевода, является обеспечение адекватной передачи культурологического аспекта исходного текста. Адекватный перевод сохраняет прагматические характеристики, следовательно, отвечает поставленной цели. Для достижения качественного и точного перевода переводчик определяет стратегию перевода на язык перевода, на которую влияют различные факторы, такие как культурные различия между двумя странами, процесс адаптации текста, сохранение или улучшение выразительности переведенного текста для носителей языка перевода и другие факторы.

Литература:

1. Oreiro P. Audio visual Translation: Theory, Methods and Issues. – Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 2004. – 280 p.
2. Carol O'Sullivan. Teaching Translation and Interpreting: Advances and Perspectives. – London, 2016. – 308 p.
3. Афанаскина Н.Ю. Киноперевод как объект исследования лингвистики, социологии, межкультурной коммуникации и теории перевода.– М.: Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Лингвистика, 2017. – 197с.
4. Venuti L. The Scandals of Translation: Towards an Ethics of Difference.– London and New York: Routledge, 1998.– 264 p.
5. Левицкая Т.Р., Фитерман А.М. Теория и практика перевода с английского языка на русский. – М.: Издательство литературы на иностранных языках, 1963. – 263 с.
6. Касевич В.Б. Элементы общей лингвистики. – М., 1997 – 214 с.

УДК 81

СПЕЦИФИКА ПЕРЕВОДА ИМЕН СОБСТВЕННЫХ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ЖАНРА НАУЧНОЙ ФАНТАСТИКИ

Силантьева Е.В., Франк Н.П., Кузембаева А.М.

(СКУ им. М. Козыбаева)

В наше время жанр научной фантастики стремительно набирает популярность, поэтому качество перевода тоже должно быть на высоком уровне, однако при переводе часто возникают трудности с именами собственными, специфику перевода которых необходимо разобрать.

Целью работы является изучение особенностей перевода имен собственных в произведениях ранее упомянутого жанра. Жанр научной фантастики берет свои корни из 19 века и изначально описывал достижения науки, т.е. был сугубо научного направления.

Однако ближе к 20 веку он перерос в жанр, совмещающий в себе не только науку, но и искусство. И чтобы провести грань между этими понятиями выделяют 3 функции научной литературы:

- познавательно-объяснительная функция (знакомит с вымышленным автором миром в рамках вымышленной теории, тем самым объясняя ее черты);
- мировоззренческая функция (позволяет читателю ориентироваться в различных системах ценностей - выстроенной автором или реальной);
- прогностическая функция (демонстрирует возможные последствия развития тех или иных технических новшеств и научных теорий).

Белгілі бір облыста, аймақта қолданылатын бау-бақша, балық, мақта, орман, мал шаруашылықтарына байланысты қолданылатын кәсіби сөздерді әдеби тілдің қорын толықтыруға пайдалануға болады. Мысалы, балық шаруашылығына байланысты сөздерді Қазақстанның батыс өңіріндегі Каспий теңізінің маңында тұратын халықтың сөйленістерінде әдеби тілде баламасы жоқ көптеген диалект сөздер бар. Олар вобла балығын қаракөз балық, стерлядь балығын сүйрік балық, қалтырыс жерде тұрып балық аулайтын құралды тоспай, ауды көтеріп тұратын қалытқыны балберкі, балық тұздағанда араластыратын құралды итеркүл, жіңішке инені отқа балқытып жасаған ауды ине қармақ және т.б. деп атайды. Оңтүстік өңірдің сөйленісінде бау-бақша, егін шаруашылығына байланысты көптеген әдеби тілде қолданбайтын сөздер бар, олар: қызылша егісінің жерін өңдеу үшін малдың қиын уақтап елейтін електі торқа, кішкене сары қауынды әңгелек, ерте пісетін үлкен қауынды азғын, селитрянка шөбі ақ тікен, қауызы жұқа жүгеріні кәке және т.б. деп атайды. Ал мал шаруашылығына келетін болсақ, әдеби тілде баламасы жоқ диалект сөздер өте көп десем қателеспеспін, себебі көшпелі қазақ елі ертеден бері мал шаруашылығымен айналысқан. Мысал ретінде, есектің еркегін Қызылорда облысында әңгі, ал ұрғашысын мәші деп атайды. Мақта шаруашылығына келетін болсақ, бұл жерде де әдеби баламасы жоқ диалект сөздер айтарлықтай бар. Мысалы, мақта өсімдігін қоза десе, шийт мақта өсімдігінің дәні [7, 364-723 б.]. Бұл сөздер диалект сөздер болғанымен, яғни тек бір аймақтың, жердің халқына ғана түсінікті сөйленістер болғанымен, бұл сөздерді жалпы халықтық баспасөз беттерінде жиі қолданатын болсақ барлығына түсінікті әдеби тілдің

құрамына еніп, жалпы халықтың игілігіне жұмсалар еді.

Әдеби тіл құрамына енген немесе бір ғылым саласының терминіне енгізілген диалект сөздер жаңа мәртебеге, жоғары сапаға ие болады. Себебі олар жергілікті тіл ерекшеліктерінің аймақтық лексика құрамында қалмайды. Оның қолдану аясы кеңейіп, мағынасы бүкіл халыққа түсінікті болады. Осының себебінен диалект сөздер жалпы халықтық кәсіби ақпарат тарату құралына айналады.

Қазақ әдеби тілі ғасырлар бойы қалыптасқан, жүйеге түскен, халықтың дамытуға үлесі қосылған ортақ қазынасы. Қазақтың ұлт болып пайда болуын, ары қарай оны бірлікте ұстап тұрған тіректердің бірі – біздің қаншама қиындықтарға төтеп бере алған, қаншама ғасырларда дамыған тіліміз. Тілдің жадында халқымыздың тарихы, шежіресі, халқымыздың жүрген ізі, арманы мен үміті, қайғысы мен қуанышы, бүкіл рухани өмірі сақтаулы тұр. Сондықтан да, қолымыздағы алтын қазынамызды дамыту, байыту, дұрыс жеткізу біздің қолымызда және оны көзіміздің қарашығындай сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізуіміз керек деп өз мақаламды қорытындылап, түйіндегім келеді.

Әдебиет:

1. Балақаев М. «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» // Алматы, 1965. — 272 б.
2. Абдильдин Ж. «Проблема начала в теоретическом познании» // Алма-Ата, "Наука", 1967. — 368 с.
3. Сыздықова Р. «Ашып алар жәйттар көп» // Қазақ әдебиеті, 1980 ж., 28 наурыз.
4. Аманжолов С., А.Амиров «К истории изучения наиболее ранних этапов письменности» // Сборник научных трудов Моск. пед. ин-та иностр. яз.-М., 1986.
5. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. «Қазақ диалектологиясы» // Алматы: «Ана тілі», 1991. — 200 б.
6. Үдербаев А., «Қаза тілінің аймақтық сөздігі» // Алматы, "Арыс", 2005 — 824 б.

ӘОЖ 808.5

ҚАЗІРГІ ШЕШЕН СӨЙЛЕУДІҢ ТЕХНИКАСЫ

Синбаева Г.К., Маматкулова П. Н.

(Манап Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті)

Риторика ғылымы – сөз өнері. Тіл арқылы сөзбен адам өзінің тебіреністерін, сезімін, ойын емін-еркін білдіре алады. Яғни, сөз – адамға берілген үлкен сый, қоршаған ортамен байланыстырушы негізгі құрал. Ал көркем сөз арқылы адамның сөйлеуі әрлі де нәрлі, мәнді де сәнді болады.

«Жүзден біреу шешен» деп халқымыз айтып кеткендей, шешендік – кез-келген адамға дари бермейтін үлкен өнер. Ақылы таяз, ойы жұтаң адамнан, бойға даритын нәрлі сөз шықпайды. Сондықтан сонау заманнан бері халқымызда тауып сөйлеп дөп басатын, ұшқыр ойлы шешендерге ерекше құрмет білдірген. Ал қазіргі таңда, көркем сөйлеу мәдениетін жоғарылататын сан-алуан тәсілдер мен бағыттар арқылы шешендік өнерді дамытуға талпынып ізденсе, шешен болып, көркем сөйлеу екінің бірінің қолынан келеді.

Ең алдымен, шешен деген кім, ол қандай болуы керек, соған тоқталсақ. Шешен бұл – ділмар, әділ, сиқырлы сөздің сырын білетін, көмейінен бал тамған, кез келген ортада көркем сөйлеп, шаршы топты қақ жарып, ойын анық жеткізіп, шешімін дөп басып айтатын адам. Осы орайда, сәйкесінше шешенге қойылатын талаптар да болады. Мәселен, ерте кезде шешен деп билерді, қара халық қамын ойлап, оларға адамгершілік қасиеттерді насихаттаған адамдарды айтқан. Оған дәлел біздің би-шешендеріміз Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би, Майқы би, Мөңке би, Аяз би, Жанкісі би, Бөлтірік шешен т.б. «Заманына қарай адамы» дегендей, қазіргі таңның өз шешендері бар. Олар - ораторлар. Осылайша қазіргі шешен сөйлеудің өзіндік техникалары қалыптасады.

Шешендердің ең басты қасиеттерінің бірі – айтқан сөзін көркем, әсерлі етіп жеткізіп, тыңдаушыны өз сөзіне нандыра білу. Яғни, аудитория алдында айтылған сөздің қабылдануы оратор сөзінің әсемдігімен тығыз байланысты. Себебі әсерлі сөз көпшіліктің

қызығушылығын арттырып, ынтасын өсіреді. Жазылған баяндамаларды қолданбай, оның орнына афоризм, цитата, анекдотты орынды қолданса, сөйлеуші мен аудитория арасында байланыс күшейеді. Осы орайда мнемотехника(грекше есті жаттықтыру) шешеннің есте сақтау қабілетін дамытып, жаттықтыруға зор үлесін қосады. Қазіргі Риторикада Л.А. Введенская мен Л.Г. Павлованың шешеннің есте сақтау қабілетін арттыруға бағытталған арнайы жаттығулары мен әдістемелері жасалып жинақталған.

Көркем, жинақы айтылған шешен сөздің көпшілікке әсерлі болуының негізгі шарттарының бірі – оның мәнерлі әрі әдемі дыбысталуы. Сөйлеу техникасы деп «көтеріңкі, әсерлі дауыс, анық дикция, дұрыс интонацияның жиынтығын» түсінеміз [1, 143].

Төмен, әлсіз дауыспен айтылған сөз тыңдаушылардың назарын арттырмауы мүмкін. Ал айқын, мәнерлі сөз керісінше тыңдаушының қызығушылығын арттырады. Сол себепті де кез келген оратор өзінде мына қасиеттерді жаттықтырып, дамытуы қажет:

1. Көпшілік алдында ұзақ сөйлеуге дағдылану;
2. Техникалық қажеттілік құралдары жоқ аудиторияда да сөйлей алатын жоғарғы дыбысты диапазон;
3. Дыбыстардың, буындардың, сөздердің тілдің фонетикалық нормаларына сай анық айта білу;
4. Мәнерлілік беретін интонация немесе дауыс ырғағын әсерлі қолдана білу;
5. Сөзге әуезділік беретін – тон. Белгілі бір сазды дыбыста сөйлей білу;
6. Дауыс әуезділігін(тембр) дұрыс қоя білу;
7. Сөйлеу темпін, яғни сөздік элементтерді орындау жылдамдығын дұрыс пайдалану.
8. Сөз арасындағы кідірісті немесе пауза қоя білу.

Жұртшылық алдында сөйлеуде шешеннің дене тұрысы (поза), дене қимылы (жест), бет қимылы да (мимика) маңызды рөлдердің бірін атқарады. Яғни осы арқылы сөйлеуші өзін-өзі ұстау дәрежесін, өз сезімін, ішкі жан дүниесінің қалпын толық аша түседі. Себебі, дене қимылы және адамның тұрысы табиғи болғаны дұрыс. Шешеннің тұрысы, дене, бет қимылдары орынды, ситуациясына сай болуы керек. Яғни, оратордың есінде сақталған мәліметті дұрыс пайдалана білуі, оның іс-әрекеті, қимылдары, түр-сипаты айтылған мазмұнға сай болуы – шешен сөздің жағымды, ұнамды да әсерлі болуын толықтай қамтамасыз етеді.

Шешен сөздің нәтижелігі шешеннің тіл мәдениетіне байланысты болады. Тіл мәдениеті деп негізінен тілдік нормаларға сәйкестігін айтамыз. Сөйлеуші өз ойын нақты және анық айтып, сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс қарастыруы тиіс. Тіл мәдениеті ұғымына шешеннің тілдік құралдарды баяндама мазмұны мен қойылған мақсаттарға сай қолдана білуі де жатқызылады. Сондықтан сөйлеуші өзінің тілдік қорын үнемі толықтырып отыруы шарт [2,145].

Шешендік сөз мәдениеті мынад,ай қасиеттердің болуын талап етеді:

1. Нақтылық. Шешеннің нақтылығы өзінің тақырыбын жетік біліп, ақпаратты омоним, синоним, антоним сөздермен жеткізе білуі;
2. Анықтылық. Шешен өз қозғаған тақырыбын аудиторияға түсініксіз терминдермен емес, керісінше тыңдаушылардың барлығы түсінетін жалпақ тілмен жеткізе білуі керек. Ал егер термин қолданса міндетті түрде анықтамасы берілуі қажет.
3. Тазалық. Шешен аудитория алдында орынсыз жиі қолданылатын, артық сөздерді пайдаланбау қажет.
4. Тіл байлығы. Шешеннің тіл байлығы мол, сөздік қоры жоғары болуы керек. Ол тұрақты сөз тіркестерін, көп мағыналы, омоним, синоним сөздерді, троп, фигураларды қолданғанда жақсы байқалады.
5. Дұрыстылық. Кез келген шешен әдеби тіл нормаларын сақтауы тиіс.

«Әдеби тіл» – адамдардың барлық қоғамдық салаларында қолданатын, ауыз-екі және жазбаша түрі бар ұлттық тілдің нормаға түсірілген түрі. Оның өзіндік ерекшеліктері – икемділігі, тұрақтылығы; осы тілдің барлық сөйлеушілерге міндеттілігі; белгілі тәртіпке түсуі, функционалды стильдердің болуы [3, 351].

Яғни шешен әдеби тіл нормаларының негізгі түрлерін жетік біліп, оны толық меңгеріп, өзінің сөздік қорын әрдайым толықтырып, байытып жүруі қажет.

Жоғарыда айтылып өткен сөз мәдениеті мен сөйлеу этикасы бір-бірімен тығыз байланысты. Шешен адамның сөйлеу этикасы дегеніміз – қатынас кезінде өзін-өзі ұстау ережелері.

Этика риторикамен тығыз байланысты. Этика «нені істеуге болады, неден бас тарту керек деген сұраққа жауап беруге көмектеседі. Бұл жерде әдептілік адамдардың бір-бірімен қатынасуының құнды өлшем көрінісі болып табылады» [4, 178].

Шешен адам мен аудиториядағы қатынас сыпайылыққа, достыққа негізделіп, сөйлеуші мен тыңдаушылардың арасында бір-бірінің көзқарасына түсіністікпен қарап, шыдаммен тыңдап, көзге көрінбейтін жақсы байланыс орнату өте маңызды. Аудиторияға, жалпы тыңдаушыға құрметпен қарау шешеннің басты міндеттерінің бірі болып саналады.

Бәріміз білетіндей, әрбір сөз басы сәлемдесумен басталады. Мәселен, «Сәлеметсіздер ме!», «Қайырлы таң!», «Кеш жарық!» деген сынды амандасу сөздері. Сәйкесінше сөз соңында «Зейін қойып тыңдағандарыңызға рақмет!» деп этикет бойынша сөйлеуші өз ықыласын білдіріп, рақметін айтуы керек. Кез келген шешен сөйлеу мәдениетін дұрыс сақтаса, оның сөзі нәрлі де сәнді, табысты болады. Ал егер әдеби тіл нормалары сақталмай немесе бір адамның есімін бұрмалап, дұрыс жеткізбей, сіз деп сыпайылық танытпаса, онда ол сөйлеу мәдениетін бұзушылық болып табылады.

Сонымен, қазіргі дамыған заманда шешен сөздің нәтижелі болуына шешеннің түр-сипаты, өзін-өзі халық, аудитория, тыңдаушы алдында ұстай білуі, имидждың сай келуі, сөйлеу техникасының дұрыстығы, яғни, дауыс тембрін, тон, дикция, интонация, сөйлеу темпін дұрыс қоя білуі, шешендік сөз мәдениетін, сөйлеу этикасы мен эстетикасын сақтап, жест, мимика, дене тұрысын ұстай алу нормалары қатты әсер етеді. Шешен тек өткір сөзімен ғана емес, іс-қимылымен, тыңдаушыға жылы қарым-қатынасымен, сүйкімді сөзімен, өзінің ойын, пікірін толық жеткізе білуімен, кез-келген дүйім жұртты өз сөзіне нандыра алатындығымен, өзін шаршы топтың алдында паш етіп, батылдықымен ойын, айтар сөзін еш қорықпай, еркін жеткізуімен нағыз шешен бола алады.

«Сүйектен өтер сөзді» ажарлы да айшықты жеткізе білу екінің бірінің қолынан келмейтіні рас. Алайда, адам өзінің сөз байлығын, есте сақтау қабілетін, сөйлеу техникасын дамытып, сан-алуан жаттығулар жасап, кішкене ғана тыңдаушы болса да, солардың алдында қысылмай сөйлеп, ойын жеткізуге психологиялық тұрғыдан өзін дайындаса, айтар ойын тапқыр да татымды жеткізуге үйренеді. Себебі, тіл арқылы адамның, шешеннің ой даналығы танылады. Шешен болудың өзі көп еңбекті, күшті, дайындықты, тәжірибені талап ететін үлкен өнер!

Әдебиет:

1. Ивакина Н.Н. «Основы судебного красноречия» (риторика для юристов). – Москва, 2000. – Б. 466.
2. Сейітжанова З.Н., Темірболат А.Б., Баянбаева Ж.А. «Риторика» (шешендік сөйлеу негіздері). – Алматы: 2006. – 145 б.
3. Введенская Л.А., Павлова Л.Г. «Культура и искусство речи» – Ростовна-Дону, 1995. – Б.556.
4. Ковальчук А.С. Основы имеджологии и делового общения. – Ростов-Дону, 2004. – Б. 251.

КӨРКЕМ МӘТІНДІ ЗЕРТТЕУ АСПЕКТІЛЕРІ

Таласпаева Ж.С., Мукашева С. С., Искакова А.С.

(Манаиш Қозыбаев атындағы СҚУ, Назарбаев зияткерлік мектебі)

Көркем мәтінді әр түрлі тұрғыдан зерттеуге болады, өйткені мәтіннің негізгі белгілері жоғары коммуникативті бірлік ретінде сипатталады. Сонымен қатар, оның айрықша ерекшелігі – оның семантикалық ғана емес, сондай-ақ көркем немесе эстетикалық ақпараттың болуы. Мәтіндегі көркем ақпараттың тасымалдаушылары оның кез-келген

элементтері болуы мүмкін. Көркем мәтін зерттеу объектісі ретінде антропоцентризм, полисемантизм, көркем (эстетикалық) ақпараттың мазмұны сияқты өзіне тән ерекшеліктерге ие.

XVIII ғасырда әдеби коммуникация деп аталатын (*literarische Kommunikation*) аясында әдеби жанрлар туралы ілім дамыды, оның негізінде үш тәуелсіз класс туралы түсінік қолданылды: лирикалық, эпикалық және драмалық шығармалар.

Көркем мәтіндерді тек олардың жанрлық байланысы тұрғысынан ғана емес (әңгіме, роман, повесть, өлең және т.б.), сонымен қатар оларды поэтикалық және прозалық мәтіндерге саралау тұрғысынан да жіктеуге болады.

Қазіргі уақытта көркем мәтінді зерттеуге XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында қалыптасқан антропоцентрилік ғылыми парадигма айтарлықтай әсер етеді. Бұл парадигма «тілді зерттеуде жаңа міндеттер қойды», бұл өз кезегінде «оны сипаттаудың жаңа әдістерін, оның бірліктерін, санаттарын, ережелерін талдаудағы жаңа тәсілдерді» талап етті [1]. Тілге антропоцентристік көзқарас лингвистикалық зерттеу саласын кеңейтті. Лингвистикада бірнеше когнитивті бағдарланған бағыттар қалыптасты, атап айтқанда: нақты когнитивті лингвистика, психолингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану және прагмалингвистика. Тұтастай алғанда, антропоцентристік тәсіл мәтінді пайда болу (автордың позициясы) және қабылдау (оқырманның позициясы) аспектісінде түсіндірумен, сондай-ақ оның оқырманға әсерімен байланысты. XX ғасырдың аяғында мәтінге антропоцентристік көзқарастың дамуы оқырманның тілдік тұлғасына және оның мәтін арқылы ұйымдастырылған танымдық қызметіне назар аударды.

Кез келген мәтін дүниетанымдық және прагматикалық аспектіден құралып, тілдің көпқырлы бірлігін құрайды. Мәтіннің дүниетанымдық аспектісі оның семантикалық, композициялық жағын құраса, прагматикалық аспектісі семиотикалық және композициялық жағын құрайды. Сонымен, мәтіннің композициялық жағы дүниетаным мен прагматикалық қырын байланыстырушы дәнекер ретінде қолданылып, мәтінді адам ойы мен көңіл-күйінің көрінісі ретінде сипаттайды. Академик Р. Сыздық романды (әңгімені, повесті) тарихи стиль тезіне салғанда, автор өзі суреттеп отырған тарихи кезеңге сәйкес зат, бұйым, құбылыс, әрекет атауларын келтіруге тиіс, кейіпкерлерін мүмкіндігінше сол кезеңге сәйкес сөйлетуі керек, оның өзінде де әр кейіпкерді өзінің әлеуметтік орнына, тәрбие-танымына, жасына, жынысына қарай «сол кезеңше» сөйлетуі керектігін айтады [2].

Көркем мәтінде әртүрлі функционалды стильдердің тілдік құралдары қолданылатындығы белгілі. Көркем мәтіндерде бұл құралдардың өзіне тән функцияда емес, өзгертілген эстетикалық функцияда әрекет ететіндігі маңызды, бұл оларды ауызша бейнелеу құралдары деп санауға негіз береді. Көркем мәтіндегі әрбір тілдік құрал мазмұнға негізделген және олардың жиынтығында эстетикалық функцияны орындайды. Осыған байланысты әртүрлі әдеби кіші жанрлардағы ақпаратты кодтау ерекшеліктерін зерттеу сөзсіз назар аударуға тұрарлық. Көркем мәтіннің басқа функцияларын, мысалы, философиялық және тарихи функцияларды зерттеу де өзекті болып табылады.

Осы мақаланың аясында баяндауды жүргізудің екі әдісі бар екендігіне назар аудару керек, атап айтқанда: авторлық сөйлеудегі актерлердің тікелей бейнесі және авторлық сөйлеуде өрнек элементтері болса да (аукториалдық әдіс), бірақ ең алдымен кейіпкерлердің сөйлеу тәсілдері жүйесінде дамитын кейіпкерлердің жанама бейнесі. Екінші жағдайда делдалдық, яғни кейіпкерлер мен оқиғалардың жанама бейнесі байқалады, сондықтан баяндау субъективті немесе жеке болып табылады. Бұл баяндау тікелей, жанама сөйлеу тәсілдерімен, сондай-ақ олардың аралас формаларымен берілуі мүмкін.

Көркем мәтіндерде айналадағы әлемді өмірдің өзі түрінде қайта жасайтын шындықты бейнелеудің көркемдік әдісі қолданылады. Сөйлеу өндірушісі мен оның субъектісінің сәйкес келмеуіне байланысты көркем сөйлеу көп қабатты, полифониялық болып шығады (автордың сөзі, кейіпкерлердің сөйлеуі, ішкі сөйлеу және т.б.). Сонымен қатар, көркем мәтіннің ерекшелігі – автор өзінің көркемдік ниетіне сәйкес оқырманға әлем туралы жаңа білім беріп қана қоймай, бейнеленгенге деген өз көзқарасын да жеткізеді.

Қазіргі лингвистикада эстетикалық коммуникация бірлігі ретінде көркем мәтіннің абсолютті антропоцентристік сипатына назар аударылады. Көркем мәтіннің антропоцентризмі шығарма авторының кейіпкерлер жүйесі арқылы оқырманмен өзара әрекеттесуімен анықталады, өйткені кез-келген көркем шығарма реципиенттің жалпыланған бейнесіне бағытталған. Автор және оның кейіпкерлері мәтіннің тілдік негізінде субъективті және объективті сөйлеушілер болып табылады.

Көркем мәтін жалпы мәтінге тән құрылым заңдылықтарына ие болумен қатар өзіндік ерекшеліктері де болады. Осы даралықты көптеген факторлар қалыптастырады, атап айтқанда қолданыс аясы тарихи, саяси, мәдени-әлеуметтік ортасы, әдеби бағыты, мәтіннің стилі және жанры, автордың дүниетанымы, көркем-тілдік шеберлігі, даралығы, жалпы коммуникативтік жобасы, мәтін модальдылығы. Барлығы көркем мәтіндегі тілдік бірліктердің құрылымдық жүйесін ұйымдастырып, құрылымдық коммуникативті ұйымдасқан тұтастықты қатаң түрде сақтайды. Сонымен қатар шығарма жанры, модальдылық, тұтас шығарманың көркем мәтін түзуде маңызы зор.

Көркем мәтінді талдаудың жолдары мен бағыттары Р. Сыздықова мен Б. Шалабай еңбектерінде жан-жақты сараланған. Ғалымдар көркем мәтінді тілдік талдаудың жолы мен жүйесін айқындап, көркем мәтінді тілдік талдаудың грамматикалық талдаудан өзгеше екеніне басты мән береді. Шығармадағы экспрессивті-эмоционалдық жүк көтеріп тұрған сөздер, сөз оралымдардың мағынасы, интонациясы, автордың сөз қолдану ерекшелігі ерекше ескерілуі қажет екенін айтады [3].

Көркем мәтіннің семантикалық компоненті де сөзсіз назар аударуға лайық, өйткені көркем мәтіндер полисемантикалық болып табылады. Олардың қабылдауы мен интерпретациясы, біріншіден, реципиентке және оның фондық біліміне, ойлау тәсіліне, белгілі бір талғамға және т.б. байланысты. Сонымен қатар, көркем мәтіннің полисемантикасы автордың түпкі ойының нәтижесі болуы мүмкін, өйткені автор оқырмандарға өз бағалары мен қорытындыларын жасауға мүмкіндік береді. Әр түрлі оқырмандар көркем мәтіннен эстетикалық және семантикалық ақпараттың біркелкі емес көлемін шығаратыны заңды. Бұл жағдайда инвариантты қатардың болуы мәтіннің диаметрлі қарама-қарсы түсіндірілуіне жол бермейді.

Көркем мәтінді талдау оның көркемдік ерекшелігін қарастыру ретінде тәуелсіз әдеби пән болып табылады. Көркем мәтінді әдеби талдаудың мақсаты – студенттердің стилистикалық сауаттылығын дамыту, оларға мәтіннің әдеби қасиеттерін барабар бағалау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ стилистикалық теория мәселелерін қозғайтын қазіргі заманғы жалпы теориялық мәселелер бойынша білімді қалыптастыру, өзіндік ғылыми-зерттеу жұмысының дағдылары мен икемділіктерін дамыту. Осыған байланысты студенттерге әдеби процестің заңдылықтарын, жазушының әлеуметтік жағдайына және мәдениетіне байланысты әдеби шығарманың көркемдік маңыздылығын түсінуге үйреткен жөн; оларда көркем мәтінді ғылыми негізделген түсіндіру, оны талдау дағдылары мен икемділіктерін тек стилистикалық фигураларды ғана емес, сонымен қатар негізгі және қосымша деңгейдегі тілдік құралдарды ескере отырып дамыту; логикалық, эмоционалды және бағалау сипатындағы ақпарат, көркем мәтінді форма мен мазмұнның бірлігі ретінде түсіндіру қабілетін ояту қажет.

Жалпы көркем мәтінді талдау әдеби танымның тәуелсіз саласы болып табылады. Әдеби талдау әдістемесін, аналитикалық жұмыстың принциптері мен әдістерін практикалық материалға тікелей негіздеген жөн, өйткені әртүрлі дәуірлердегі эстетикалық критерийлер өзгермелі болып келеді. Әрине, аналитикалық практиканың теориялық негізі бар.

Көркем мәтінді талдаудың парадоксалдылығына ғалым В. И. Тупа назар аударады. Ол: «Көркем шығарманың мәтінін талдайтын әдебиеттанушы сөзсіз парадоксалды жағдайға тап болады: өнер алдындағы ғылым», - дейді [4]. Әрине, бір көркем мәтіннің бірдей оқуын анықтау қиын. Бұл жерде шығарманың бір бөлігі де талдауға ұшырауы мүмкін.

Әдебиет басқа өнер түрлерінен ерекшеленеді, өйткені ол дайын семиотикалық жүйені – адамның табиғи тілін қолданады. Көркем мәтінді ғылыми пән ретінде талдау

шеңберінде оның сюжеті, сындарлы негізі: сюжеті мен композициясы, глосстары (архаизмдер, варваризмдер, неологизмдер және т.б.) мәтіннің сөйлеу сипаттамалары ретінде зерттеледі. Стилистикалық деңгей көркем мағыналы лексика мен синтаксисті қамтиды.

Кез-келген мәтін, соның ішінде көркем мәтін, тілдік құралдардың көмегімен оның ойлау динамикасын кодтайды. Ақпаратты жинақтау және сақтау функциясы ретінде кумулятивтік функциясына қарамастан, тіл мәдениеттің нақты сақтаушысы болып табылмайтындығына назар аудару керек. Тілдің бірлігі – сөз, оның міндеті адам санасында белгілі бір ұғымдарды қозғау, алушының санасын ояту, мәдениетті кодтау мен аударуға ықпал ету. Бірақ мәдениеттің шынайы сақтаушылары, оның рухани әлемін бейнелейтін – мәтіндер. Мәтін мәдениетке тікелей байланысты, өйткені ол көптеген мәдени кодтарға енеді. Шынында да, «тарих, этнография, ұлттық психология, ұлттық мінез-құлық, яғни мәдениеттің мазмұнын құрайтын барлық нәрсе туралы ақпаратты сақтайтын мәтін» [1]. Осыған байланысты ұлттық таптаурынды кодтау тәсілі ретінде мәтінді зерттеу ерекше назар аударуға тұрарлық.

Қоғамдағы тілдік тұлғаны әлеуметтендіру және бейімдеу процесі үшін көркем мәтіндердің маңыздылығын асыра бағалау қиын. Қазіргі қоғамдағы ұлттық стереотиптерді шоғырландыруда және таратуда маңызды рөл атқаратын көркем мәтіндер деңгейінде қазіргі ұлттық мәдени ерекшеліктерді білмеу жалпы коммуникация процесінің бұзылуына әкеледі. Шынайы көркем мәтіндермен жүйелі жұмыс білім алушылардың тиісті лингвоәлеуметтік-мәдени құзыреттілікке қол жеткізуіне ықпал етуі мүмкін. Бұл жағдайда белгілі бір тарихи дәуірдегі адамдардың мәтіндік іс-әрекетінің өнімі бола отырып, сөйлеу шығармасының кез-келген түрі қоғамның мәдени және тілдік дәстүрлерін белгілі бір тарихи кезеңде ғана бейнелейтін әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде әрекет ететіндігі маңызды. Сонымен қатар, әртүрлі тарихи, аумақтық, мәдени жағдайларда қоғамның сұраныстары, талаптары, коммуникативті-прагматикалық нормативке ұсынылғандар әртүрлі түсінік пен сынуды алады.

Көркем мәтінді зерттеудің бір аспектісі – оның аударма теориясы мен практикасы тұрғысынан зерттеуі. Атап айтқанда, мәтінді зерттеу аударма эквиваленттік теориясын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл жағдайда фонетикалық сияқты жалпы қабылданған деңгейлермен қатар маңызды морфологиялық, лексикалық, синтаксистік, лексикалық-семантикалық және прагматикалық деңгейлер ерекшеленеді.

Осылайша, антропоцентристік тәсіл аясында лингвистердің назарын үнемі аударған көркем мәтін оны зерттеудің жаңа қырларын анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиет:

1. Маслова В. А. Лингвокультурология. М.: ИЦ «Академия», 2010. – 208 б.
2. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 98 б.
3. Сыздықова Р., Шалабаев Б. Көркем тексті лингвистикалық талдау. – Алматы: Мектеп, 1989. – 128 б.
4. Тюпа В.И. Анализ художественного текста. М.: ИЦ «Академия», 2009. – 336 б.

ӘӨЖ 82.081 (5к)

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ АЙТЫСЫНЫҢ ТАҚЫРЫП АРНАСЫ

Тлеубердина Г.Т., Батыргалиева Г.Т., Кадирова Л.Е.

(Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті)

guldentleubrdina@inbox.ru

Қазақ халқының ауыз әдебиетінен, мәдениетінен ойып тұрып орын алатын айтыс өнерінің зерттелуі жайлы еңбектер көп кездеседі. Айтыс өткенімізде ғана емес, бүгінгімізде де халық өмірінен елеулі орын алады. Мұның дәлелі – айтыстың бүгінде қанатын кеңге жайып, тыңдарманға дәл керек дүниені бере алуы.

Айтыс қазақ халқымен бірге өмір сүріп келе жатқан синкреттік жанр. Ол қоғамдағы

ашы шындықтарды, қоғамда болып жатқан әрекеттерді жырлайды. Сондықтан да қазақ халқы айтысты ерекше бағалап, өнер саласынан өшіріп алмай келеді.

Соңғы кездерге дейін көшпелі өмір сүріп келген қазақ, түрік, монғол секілді елдердің көбінде айтыс жанры бар. «Бұл жанрдың тууына және өркендеуіне бас себеп – бұл елдердің сауатының аздығы, мектебі, оқуы жоқтың қасы болуы. Мектебі, оқу, қалам, қағазы жоқ елде ақынның күші ауызға түседі» дейді С. Мұқанов [1, 16].

Қазіргі айтыс өнерінің қайта серпіліп, жаңа белеске, тың өріске талпынған тұсы 1997 жылдан басталды. М. Әуезовтың ақындар айтысының өзгешелігін «театрлық, драмалық қызу әсері бар өнер түріне айналады», «халық театрының анық, дәл ұрығы бар деуге болады» [2, 617] - деп тануы тегіннен тегін емес. Жаңарған заманда, өз тағдырымыздың, мәдениетіміз бен өнеріміздің тізгіні өз қолымызға тиген уақытта сөз өнері де жаңғырып, көне айтысымыз көрермен аудиториясын кеңейтіп телеайтысқа айналғаны, соны серпін алғаны анық.

Айтыстың тақырыбы көбінесе қоғамда болып жатқан жаңалықтарға байланысты қойылады. Мемлекетіміздің саясатын, экономикасын көтеру мақсатында жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар аясында айтыс тақырыбы белгіленіп, өткізіледі. Мысалы: әр жылы Наурыз мерекесіне байланысты «Қош келдің, әз Наурыз», «Мәңгілік ел», «Бөрілі байрақ», «Азаттықтың алтын бесігі», «Сөздің пірі - Сүйінбай», «Мәңгілік ел - мұратым», «Жаңа жұлдыз», «Ел қорғаған ер Жәнібек», «Кіл жүйрікте, кім жүйрік?», «Жұлдыздар айтысады», «Жырың болып төгілемін, елім», «Қарасай батырдың 400 жылдығына орай», «Алтай – асыл бесігім», «Шырайлы, шежірелі құтты мекен», т. б.

Айтыстың тақырыбы уақыт өткен сайын жаңалықтарға байланысты өзгеріп отыратын құбылыс. Тәуелсіздік алған жылдардан кейін айтыстың негізгі тақырыбына айналған ол елдік, бірлік, тәуелсіздік еді. Тәуелсіздіктің қиындықпен келгенін қаншама айтыскерлер жырлап та өтті, әлі де жырлануда.

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған Таразда өткен айтыста осы тақырып тереңінен қозғалып, ақындар алыптар жүріп өткен сара жолды жырға қосып, жырлап берді. Сондағы Болатбек Оразбаевтың айтқан сөзі:

Бес жүз елу жыл бұрын
Керей менен Жәнібек
Түнегімізге шам жақты.
Тозып жүрген жұртының,
Табанына нәл қақты.
Қасымханнан кешегі
Қағидалы заң қапты.
Тоғыз ұлмен шейіт боп,
Тоғым хан өткен ардақты.
Есім хан таққа қонғанда,
Тезге салып тентекті
Тектілер жолын жалғапты.
Орбұлақтың жерінде
Салқам Жәңгірмен шайқасып,
Дұшпанның қолы шаң қапты.
Әз Тәуке қорғап жеріңді
Құс тұмсық жебе жауға атты.
Бұхарды тыңдап Абылай
Бұл қазақтың басынан
Бура төс бұлтын аунатты.
Өлерінің алдында
Екі бас намаз оқыған
Хан Кене көксеп жәннатты.
Ұрпақтан ұрпақ алмасты,

Тарихты талай шаң басты.
Тоқтаған көші хандардың
Тоқсан біріңде жалғасты.
Мамыражай күн кешіп,
Мамыққа қойып жамбасты [3].

Ақын Нұрмат тоқсан бірдегі оқиғаны жіпке тізген маржандай етіп айтып, ел болу үшін жанын берген жандарды айтады.

Тәуелсіздік таңына қайран қазақ,
Қанына тайғанақтап жатқан жоқ па?
Азаттықтың жолында арыстарым
Небір ауыр зұматты шеккен жоқ па?
Кешегі Тәшеновтей қара нарлар
Қызыл шоқтың үстіне шөккен жоқ па?
Азаттықтың қадірін қазақ білер
Осындай қиындықпен жеткен шақта
Желтоқсанда жеміс берген жеңісіңнің
Дәнегін Махамбеттер сепкен жоқ па?
Ләззаттар мұз үстінде отын жақты
Елім ерте жетсін деп көктем шаққа
Қаныменен суарып Қайраттарым
Байрағымды көгертіп кеткен жоқ па? [6].

Айтыста ақын қоғамда болып жатқан әрекеттерді, үкіметке ұсыныстарын айтып, халық қамын ойлайтынын көрсетеді. Осылайша айтыста қала халқының тұрмыс-жағдайы, әлеуметтік жағдайы айтылады. Мысалы, Еркебұлан Таразда өткен айтыста:

Қала мен Залинидің арасында
Қазақтарға темір жол сор болмасын.
Барлығы бір көпірде кептеліп жүр
Оның өзі бір аяқ жол болғасын.
Ағалар 4-5 көпір сап берсе екен
Тараздықтар ешкімнен кем болмасын.
Талай өмір жолынан өткен қазақ
Темір жолдан өте алмай қор болмасын [3].

«Бөрілі байрақ» атты айтыста Астана қаласының маңындағы ауылдың жай-күйі ескеріліп, ақын Бек Шыматтың көтерген мәселесіне айналды. Астананы мақтай бастап:

Талапкер, Қараөткел мен Қоянды бар,
Қосшыны да жөн болар хабарлаған.
Дәл қазір осыларды көрсеңіздер,
Ұялады тұрмақ түгіл қарауға адам.
Қояндыға көшіп кеп қанша оралман,
Тұрарға бір жер сатып ала алмаған [5]

– деп, ауылдың қиын тұрмысын сипаттап берді.

Тәуелсіздік алған жылдардан кейін жас елімізге кіріп келген әртүрлі діндер бүгінде мемлекеттің басты мәселесіне айналып отыр. Халықтың ойын әр ағым сан-саққа бағыттап, бейбіт елді басынбақ. Бұл тақырып та айтыста бей-жай қалмады. Ақындар әлі келгенше дін мәселесін айтып, дініміздің классикалық үлгіде қалғанын қалайтындығын әр сөзімен дәлелдеп отыр. «Азаттықтың алтын бесігі» атты сайыста Павлодарлық ақын Аспанбек Түркістанда болған оқиғаны былайша баяндайды:

«Пайғамбармын» деп біреу жүр,
Есімі оның – Нұрәлі.
Сіміріп алып сыраны
Қолында жоқ құманы
Астында жоқ пырағы

Суырып ап сүрені
Қолма-қол жазып дұғаны
Мына әлемді жерсінбей
Мұхамедті менсінбей
Өз бетімен қуады.
«Қазақша оқы» деп намазды
Кісіні жыңды қылады [6].

Ал, Еркебұлан ақын діннің тарам-тарам жолдарға бөлініп кетіп бара жатқанын былай айтады:

Қазіргі «дін» деп жүргенім
Біреуі тартып Қырымға
Біреуі тартып Үрімге
Біреуі тартып Мысырға
Біреуі тартып Сібірге
Дүбара болып барады
Діншілер айтқан дінім де [4].

Қандай уақыт болмасын елде пара алатын басшы, халық мүлкін қалтасына салушы шенеунік болатыны рас. Бұлар талай айтыстарда айтылып, сынға да түсіп жүр. Ринат ақын Бек Шыматқа қарсы шешуші шайқаста:

Әкірендеп жүрген әкім бар,
Шіреніп жүрген шенеунік
Балтасы бар да, ақылы жоқ.
Талтаңдап жүрген батыр бар
Жауапсыз жатқан арыз бар
Естімей жүрген жауыз бар [5]

– деп, басшылардың ел арызын естір құлағы жоқтығын айтып өтсе, ақын Балғынбек Имашев:

Баспана мәселесін айтқан кезде,
Шаттықтың үні естілді қоғамнан дәл.
Енді соны жүзеге асыратын
Үкіметте көп болса екен адал жандар.
Жас жанұя тезірек үйін алсын
Үй салар жерін алсын оралмандар.
Жолдауды түсіндірмей-ақ қойыңдаршы,
Шенділер, шекпенділер, шабармандар
Халық бәрін түсініп, біліп отыр,
Тек қашан жүзеге асады хабарландар [6]

– деп, ел тұрмысын жақсартуға шыққан бағдарламалардың жүзеге тез асырылуының жайын айтады.

«Бір көйлегім бар, үйде ғана киетін, бір көйлегім бар, ауыл арасына шыққанда киетін, ендігі бір көйлегім жиналысқа ғана киетін» деп, Айнұр ақын алғырлығын көрсетіп жұмбағын жасырғанда, «Үйде ғана сөйлейтін қазақ тілің, көшеге шыққанда қолданар орыс тілің, ал, енді жиналысқа ғана киер бағалы көйлегің – халықаралық жиналыстарда қолданар ағылшын тілің» деп, Балғынбек ақын тапқырлығын көрсеткен. Жұмбақ айтысына арқау болып отырған тақырып – ана тілі, қазақ тілі мәселесі. Ұлт болашағын ойлаған ақын ұлттың басты белгісі болып табылатын тілдің күйін айтпай кете алмайды. Соның бірі Еркебұлан Қайназаров Аспанбекпен айтысында былай дейді:

Қасқаларымның қазақша
Біреуі біліп ілуде.
Кесірі соның кесел боп
Руханиятым мешел боп
Қоғамым кері жүруде.

Қазіргі ана тіліміз
Қате-қате шимай боп
Қалт-құлт етіп зорға жүр
Қағаздың ғана түрінде [4].

Ертеден ақындардың айтар басты тақырыбы руға бөліну бүгінгі күн айтыскерлерінің де көтерер мәселесі. Өз руларын мақтап, сонан соң өз руындағы жандардың жеткен жетістіктерін айтып, шаттана керілетін ақындар да бар. Солардың бірі Аспанбек ақын Еркебұланмен айтысқанда руға бөлініп, жүзге бөлінеді. Сонда ақын Еркебұлан:

Жүзге бөлмей жұртымды
Руға бөлмей ұлтымды
Бес күннің соңы болғанша,
Басыңда тұрсын бірлігің [5]

– деп, жырлайды. Жалпы руға бөліну басқа да ақындар айтысында көптеп ұшырасады. Уақыт қанша өтсе де, қазақ ру мен жүзге бөлінуін әлі қоймай келеді. Ал, айтыс ақындар арқылы осындай мәселелерді талдап, шешуге талпынып жүрген жанр.

Айтыста көтерілетін мәселе дәл сол уақыттың қиындықтарын, халық тұрмысы мен әл-ауқатын, елдік мәселесін, ұлттың ұлт болып қалыптасу қасиеттерін қамтуы тиіс. Сонда ғана ол ел көңілінен шығып, жас ұрпаққа тәрбиелік мәнін берумен қатар, ел мәселесін шешуге өз септігін тигізеді. Жоғарыда келтірілген мысалдар еліміздің бүгінгі мен болашағын, экономикасын, ұлттық белгілердің бастыларының жай-күйін жырлаған айтыстар еді. Қозғалған тақырыптар қатарында тәуелсіздік сөз болса, ұлтты сақтап қалу мақсатында дін, қазақ тілі мәселесі көтерілді. Сонымен қатар ауыл халқының тұрмыс-жағдайы, билік басындағылардың іс-әрекеті секілді тақырыптар айтыстың басты тақырыбына айналып отыр. Осылайша айтыс жанрының тақырыптары әлденеше тарау боп бұтақталып кетеді, сол бұтақтардың бәрі халық тұрмысының шындығын біршама дұрыс та дәл бейнелей алады.

Мақала Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарға гранттық қаржыландыруға ұсынылған АР19574645 «Қазіргі қазақ айтысының типологиясы мен поэтикасы» атты жобасы аясында жазылған.

Әдебиет:

1. Мұқанов С. Айтыс. – Алматы: Жазушы, 1965. – 662 б.
2. Өуезов М. Айтыс өлеңдері жайында. Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. – Алматы: 1960. – 348 б.
3. <https://youtu.be/9gf1onQzpKc> «Мәңгілік ел» атты Республикалық айтыс
4. <https://youtu.be/9dlGZXeXX4U> «Азаттықтың алтын бесігі» атты айтыс
5. <https://youtu.be/XVFUxs2Nlhk> «Бөрілі байрақ» атты айтыс
6. <https://youtu.be/-du9jatOgGM> «Мәңгілік ел – Мұратым» атты айтыс.

УДК 81.139

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

Туробова Гузаль Раджабмуродқызы

(Ғылыми жетекші: Жахина Бәрия Бадыққызы

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қаласы)

turobova03@inbox.ru

Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі.

Мағжан Жұмабаев

Жаңартылған білім мазмұнының мақсатына сай оқушы тұлға мектеп бағдарламасымен шектеліп қалмай, теориялық білімдерін практикалық жұмыстармен, өмірмен байланыстыра білуге үйретілу қажет.

Яғни тұлғаны оқыта отырып оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық және креативті тұрғыда ойлауын қалыптастырып, өз бетінше шешім қабылдай алуға дағдыландырылу қажет.

Осыған орай, оқушының алған теориялық білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен сауаттылықты, соның негізінде құзыреттілікті қалыптастыру – бүгінгі білім беру жүйесінің ең негізгі міндеті.

Жаңартылған білім мазмұнының жаңалығы мынада:

- ✚ Пән мазмұнының спиральді қағидатпен берілуі;
- ✚ Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;
- ✚ Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі;
- ✚ Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;
- ✚ Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру;
- ✚ Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;
- ✚ Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;
- ✚ Оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстанымы яғни оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу.

Алайда, жаңартылған білім мазмұнының жаңалығы ретінде танылған бұл ойлар Алаш зиялыларының ағартушылық ойларынан бастау алатындығы байқалады. Мәселен, М.Жұмабаев білім беру жүйесіне қатысты мынадай мәселелерді көтерді.

Зертеуші ұстазы Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың басшылығымен тұңғыш педагогикалық еңбектер жазды. "Педагогика", "Бастауыш мектептегі ана тілі", "Сауатты бол" деп аталатын еңбегінде халықтық педагогика мен жаһандық педагогиканы ұштастырып, қазақ педагогикасын алдыңғы қатарлы, білім жүйесі дамыған елдердің қатарына қосылуын мақсат тұтты. Бұл оқулықтарда Мағжан Жұмабаев бала оқыту ісіне жарамды әдістерді жинақтап, ұстаз басшылыққа алуы керек принциптерді саралап көрсетеді.

Мағжан Жұмабаев "Бастауыш мектептегі ана тілі" деп аталатын ғылыми еңбегінде бастауыш мектепте ана тілінде оқыту әдістемесін ұсынған. Зерттеуші бастауыш мектептің бала өмірінде маңызды рөл атқаратынын, мектепте бүгінгі білім беру жүйесінде де маңызды болып отырған ана тілінде оқытудың мәні жөнінде айта келіп, әрі мектептің өзін мынадай үлкен топтарға бөледі. Әрқайсысының өзіне сай міндетін айтады.

- ❖ Бастауыш мектебінің міндеті.
- ❖ Еңбек мектебінің міндеті.
- ❖ Төрт жылдық бастауыш мектеп міндеттері анықталды.

Сонымен қатар, бірінші бөлімде Мағжан Жұмабаев ескі мектеп пен жаңа мектептің білімін, жағдайын, халін сынап талдайды. Мектептегі мұғалім берген білімнің оқушы санасында сурет болып сақталып, қалыптасуының маңыздылығын көрсетеді. Мұғалім салған сурет бұлыңғыр болса, бала алған білімді санасына тоқымақ тұрмақ, санасына кіргізе алмайтынын баяндайды. Мұғалім салған сурет бұл – мұғалім шеберлігін көрсететін өзінің суреті екенін айтады. Аталған еңбекте білім ғимаратының ең негізгі кірпіші бастауыш мектепте қаланатынын айта келіп, бастауыш мектепте ана тілін оқыту әдістемесін төрт сыныпқа жіктеп көрсетеді.

Бастауыш мектептің бірінші сыныбында бала сабақта алған әсерін сыртқа қысылмай шығара алуы керек. Яғни ертегі, әңгіме, шығармадан алған әсерін өзін қоршаған ортадан қысылмай сыртқа шығара білуі керектігін айтады. Егер бала өзіндік ойын, алған әсерін жеткізе алмаса, балаға көмек мұғалімнен болуы керек. Егер бала әсер алмаған жағдайда сабақ жеткіліксіз немесе мұғалім толық танымады деп есептейді. Бұл ой ғалым Мағжан Жұмабаевқа дейін де айтылды. Мәселен, педагог Спандияр Көбеев : «Баланың сөйлеген сөзі мағыналы, тұжырымды болуына өте зер салып отырған жөн. Мұғалімнің сұрауына толық жауап беруге баланы дайын отыруға дағдыландыру керек. Бұл орында әңгімелесу методтарының орны зор», – дейді [1;178]. Мағжан Жұмабаевтан кейін де бұл ой білім беру жүйесінде негізгі мәселе ретінде сөз болды. Зертеуші Сейіл Жиенбаев: «Мұғалім өзі ғана айтып түсіндіргеннен де әңгімелесу методы арқылы баланың өзіне ойлантып, өзіне тексертіп отырған артық», – дегенді айтады [2;81].

Бастауыш мектептің екінші сыныбында бала естігені я көргені жайында «әңгіме емілеге» сауатты дағдылануы тиіс. Сонда бала екінші сыныптан бастап түсінгенін сауатты, мазмұнды әңгімелеп үйренуі қажет. Ол үшін мұғалім сабақ түсіндіргенде оқушыға түрлі тапсырмалар орындату арқылы балада сөйлеу дағдысын қалыптастыра алуы қажет. Себебі бала екінші сыныптан бастап әңгіме емлеге дағдыланбаса, өз ойын еркін жеткізе алмайды. Осы тұста Мағжан Жұмабаевтың пікірі Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов ұсынған әңгімелесу әдісімен мазмұндас екенін көреміз.

Мәселен, Ыбырай Алтынсарин өз мектебінде бала оқыту ісінде оқушының ойын дамыту үшін әңгіме әдісін қолданған. Ахмет Байтұрсынов «Жалқылаулы-жалпылау әдіс» атты мақаласында бастауыш мектепте сөйлеу дағдысын қолға алу керектігін айтады. Әрі оны мынадай әдістер арқылы көрсетеді.

- ✓ Сөйлеудің шағын сөзді түрі;
- ✓ Сөйлеудің жазу-оқу деген түрі;
- ✓ Сөйлеудің дыбысты әдіс түрі;
- ✓ Сөйлеудің балалармен әңгімелесу түрі.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Комплекспен оқыту жолдары» деп аталатын оқулығында баланы өз ойын еркін жеткізуге дағдыландыру керектігін айтады.

Байқаймыз, ғалымдардың оқытуға қатысты ойлары ұштасып тұр. Сондықтан әңгіме әдісінің ең тиімді әдістердің бір екенін білу керекпіз. Себебі, бала санасы жас кезінен сөйлеп дамымаса, ол баяу даму процесіне көшеді. Бұл әдіс қазіргі білім беру жүйесінде де ең тиімді әдіс ретінде қолданылып жүр.

Бастауыш мектептің үшінші сыныбында бала бастан кешкен оқиғалары негізінде өз ойынан «жазбаша сөзді өркендете» алуы тиіс. Байқаймыз, зерттеуші оқыту теориясын терең білген. Мәселен, бірінші сыныпта оқушы пән мұғалімі арқылы түсінгенін, шығармалардың негізінде алған әсерін сыртқа шығара алуы тиіс. Ал, екінші сыныпта түсінгенін сауатты әңгіме емлеге сай баяндай алуы тиіс. Үшінші сыныпта ойын сауатты жазбаша жеткізе алуы тиіс. Әрі бұл жерде ғалымның оқыту жүйесіне «әңгіме емле», «жазбаша сөзді өркендету» сияқты терминдерді енгізгенін байқауға болады.

Осы тұрғыдан келгенде, Мағжан Жұмабаев көрсеткен бұл дағды ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құрал» атты еңбегінде айтылады. Ұлт ұстазы «Сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да, сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып жалғасатын жүйесін білу керек», – дегенді айтады[3;7].

Байқаймыз, бұл тұста да екі ғалымның пікірлері бір-бірімен ұштасады. Мағжан Жұмабаев үшінші сыныптан баланы сөйлеумен қатар жазуға да үйрету керектігін, мектепте балаға қысқа әңгімелер жаздыруға дайындау керектігін талдап көрсетеді. Ғалымдарымыз сол кездің өзінде – ақ жазу балаға пайдалы екенін ағылшын

психологиясын оқымай – ақ білген. Қазірде әлем психологтары жазу балаға пайдалы екенін, бала миы жазу кезінде екі есе жұмыс жасайтынын және мидағы жадының ұзақ уақытқа дейін алған ақпаратты сақтайтынын айтады. Бірақ бұл теорияны шетел психологтарынан бұрын балаға пайдалы екенін ХХ ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген ғалымдарымыз оқыту жүйесіне енгізген.


Бастауыш мектептің төртінші сыныбында белгілі бір мәтіннің жобасымен толық танысып, баланың ұғымына лайық әдеби танымдық түсініктерді оқуға дағдыландырылуы тиіс. Сонда бала бастауыш мектептің соғы бөлігінде ой қортып үйренуі керектігін, өмірдегі әртүрлі шындықпен ғылым заңдылықтарын әрі нақты талдап, жинақтап, анализ жасап және ой қорытып, синтез жасап үйрену керектігін айтады. Ғалым ұсынған бұл білімдік дағды жаңартылған білім беру мазмұнының жаңалығы ретінде танылған Блум таксономиясының жинақтау, бағалау бөлімдерімен мазмұндас екенін көреміз. Мәселен,



Содан соң, зерттеуші бастауыш мектептің білім деңгейіне қойылатын мынандай талаптарды көрсетеді.

- ✓ Баланың тілін өркендету хәм дағдыландыру;
- ✓ Тіл дамыту жұмыстарын жүргізу. Жаңылтпаш, мақал-мәтел, жұмбақтар жаттату;
- ✓ Тілді бақылау хәм емле.

Мағжан Жұмабаев бастауыш мектепте оқу жеңіл тапсырмалардан біртіндеп ауырлау керектігін де атап көрсетеді. Бұл – дидактикада жеңілден ауырға қарай принципі деп аталады. Оны оқыту жүйесіне алғаш енгізген – Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов. Ал бұл принцип жаңартылған білім беру жүйесінің бірінші ерекшелігі – спиральді білім беру бағдарламасымен мазмұндас. Бірақ, бұл қазіргі білім беру жүйесінде ХХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ұстаздарының әдісі емес, Кембридж әдісі ретінде танылады. Ол – дұрыс емес.



ЖЕҢІЛ ТАПСЫРМАДАН АУЫРҒА



СПИРАЛЬ ӘДІСІ

Сонымен қатар, Мағжан Жұмабаевтың ойынша, бала білімді неғұрлым көп пысықтаса, ол білім есте ұзақ және сонша берік болып қалады. Бұл жұмыс түрінің сауатты іске асырылуы үшін мұғалімінің алдында мынадай төрт түрлі талап қойылу керек деп есептейді.

- Оқушыны оқу материалдарымен таныстыру және оны бірнеше рет бекіту;
- Оқығанды еске түсірту, іс жүзінде қолдандыру;
- Білімді және іскерлікті қолдау арқылы жүйелеу;
- Білімді және іскерлікті бақылау және есепке алу.

Пән мұғалімі сабаққа даярлану алдында өзінің дайындығын, сабақтың дидактикалық құрылымын зерттеп алу керектігін айтады, әрі өткізген сабақ процесін де зерттегені жөн деп есептейді. Бұл қазіргі білім беру жүйесінде қолданылып жүрген "Lesson study" зерттеу әдісімен мазмұндас.

Біз білеміз, сабақ процесін зерттеу әдісі «LESSON STADY» қазіргі білім беру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылығын байқау мақсатындағы бір әдіс ретінде саналып жүр.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Мағжан Жұмабаев оқыту теориясын терең білген. Осыған орай, білім беру жүйесінде басшылыққа алынатын қазіргі дидактикалық принциптерді өзі зерттеп отырған дәуірінде – ақ басшылыққа алғандығы байқалады. Олар: саналылық принципі, алдын ала болжау принципі, материалды дұрыс орналастыру принципі, жүйелілік принципі. Әрі осы принциптерді ұстана отырып, ұстаз мынандай талаптарды орындай алуы тиіс деп есептейді.

- ✚ Білім мазмұнын педагогика, психология ғылымдарының қазіргі даму дәрежесіне сәйкестендіру, жаңа әдіс-тәсілдермен жаңашыл ұстаздардың тәжірибесін қолдана алу;
- ✚ Оқушылардың ғылыми теориялық ойлау қабілетін дамыту, бастауыш мектептің өзінде – ақ тек индукциялық қана емес, дедукциялық оқытуды сауатты енгізу;
- ✚ Шәкірттерге жаңа ғылыми ұғымдарды түсіндіру, жүйелі түрде қайталау, пайдалану, сауатты қолдану, іске асыру;
- ✚ Оқыту әдістері арқылы оқушыларды ғылыми әдістермен таныстыру, оларды ізденушілікке, шығармашылыққа баулу, зерттеу тәсілдерін пайдалану үшін кітаппен, анықтамалармен жұмыс істеуге ынталандыру;
- ✚ Әрбір ғылымның ашқан жаңалықтарын оқушылардың санасына жүйелі түрде қарапайым ұғымдармен берік түрде жеткізе алу;
- ✚ Ғылымдағы жаңалықтардың жан-жақты байланыстарын көрсетіп, оқушылардың білім деңгейімен ұштастыруа алу;
- ✚ Белгілі ғалымдардың өмірбаянымен, олардың қосқан үлесімен оқушыларды таныстыра алу.

Мағжан Жұмаев 1922 жылы Орынборда басылып шыққан «Педагогика» оқулығын Ахмет Байтұрсынұвтың басшылығымен 1919-1920 жылдары мұғалімдер курсына оқып жүріп жазған. Бірақ, саяси жүйенің ықпалынан баспадан шығарылмай қалған. Араға ұзақ уақыт салып басылған. Ғалым бұл еңбегінде өзінің ойын педагогтар: Антон Рубинштейн, Димитрий Смирновтардың көзқарастарымен байланыстырған.

Оқулық дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі сияқты бөлімдерден тұрады. Ғалым бұл оқулығында тәрбиеге көп назар аударады. Педагог балаға осы тәрбиелер толық берілсе, бала рухани да материалдық жағынан да түгел болатынын айтады. Бұл тәрбиеге ең бірінші ата-ана жауапты екенін, кейін ұстаз жауапты екенін көрсетеді. Егер бала санасы соқыр, мылқау болса, айналадағы құбылыстар баланың назарын аудара алмаса, бала қоршаған ортадан әдемілікті көрмесе оған ұстаз кінәлі екенін айтып өтеді. Мұғалімнің бала оқытудағы міндеті оны "адам" деген атты құр арқалатпай адам етіп шығару екендігін айтады.

Сонымен қатар, әрбір тәрбиеші ешқандай кітап оқымай тәрбие бере ала ма? деген сұрақтарды қоя отырып, бала тәрбиелеу өнер, өнер болғанда да ауыр өнер. Бұл өнермен

сусындау үшін мұғалімге тәрбие пәні – педагогика керектігін атап өтеді. Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығы мазмұнына қарай беске бөлінеді.



Мағжан Жұмабаев дидактика бөлімінде баланың есте сақтау қабілетін арттыру үшін білімді есте сақтаудың, зейін тәрбиелеудің төрт түрлі дидактикалық жолын көрсетеді. Олар:

- ✚ Мұғалімнің сөзінің әсерлілігінің күштілігі.
Осыған орай, Мағжан Жұмабаев оқулықтарында мұғалімдерге аса жауапкершілікті істі жасаушылар ретінде қарайды. Сондықтан өз оқулықтарында мұғалімдерге бағыт-бағдар нұсқау үшін талаптар мен міндеттер жүктейді соның біреуі жоғарыда көрсетілген бірінші зейін тәрбиесінің жолы.
- ✚ Суреттердің бояуының айшықтығы.
Бастауыш сыныптағы балалар қызыл-жасыл дүниелерге құмартып келеді. Мұғалім бала жадында білімнің ұзақ уақыт сақталуын қаласа, мұғалім сабағында көрнекіліктер бояуын қалыңдатады және ол көрнекілік мұғалімнің өзі болатынын жеткізеді.
- ✚ Сыртқы сезімдердің қатысуы.
Бұл ретте бір нәрсені балаға анық ұқтырмақ болсаң, сол нәрсенің қарама-қайшысын алып келу керектігін, балаға оңтүстіктің ыстықтығын сезіндіру үшін солтүстіктің суығын көрсету керектігін айтады.
- ✚ Пысықтау.
Ғалым оған ойынды жатқызады. Ойын балаға тиімді деген ойын-жаттығуларды көрсетіп береді. Бала қиялын жақсы дамыту үшін ойындар мен сергіту сәттердің мұғалім басшылығымен ұйымдастыру керектігін айтады да оған оқулықта мынандай анықтама

береді: «Баланың қиялы әсіресе ойында жарыққа шығады. Ойын – балаға кәдімгідей бір жұмыс. Ойнағанда бала әсерлерімен пайдаланады. Айналасындағы тұрмыста нені көрсе, соны істейді. Мысалы, қазақ баласы біреуі ат болып қашады, біреуі құрық салады. Шырпыларды тізіп-тізіп көш жасайды. Балшықтан мал жасайды, қуыршақтан қыз жасап, таныстырады, күйеу келтіреді, құда түсіреді», – дейді [4;88]. Ал, «Жалпы һәм жалқы» ойыны бойынша балада ынталық, тиянақталықтың қалыптасатындығын айтады. Әрі мұғалім оқушы жұмысына өзі қатысып кетпеуін тек бақылаушы болуын, бала қателігін бірден баланы тоқтатып қойып жөндеуге болмайтынан көрсете келіп: «Осы ойын түрінің қай түрімен болса да ойнап отырған баланың ойынын бақылауға тәрбиеші міндетті. Бірақ бақылаймын деп бүлдіріп алма. Бүлдіріп алу былай болады: былай ойна деп бұйырсаң, баланың ойыннан ынтасын суытып аласың. Баланың ойынына үлкен адам кіріссе, балаға ойынның қызығы бітеді. Ойын – баланың өз ісі. Баланың ойынына кірісуші болма. Баланы бір нәрсені бүлдірмес үшін тек шеттен бақыла. Есте болу керек, бақыла деген сөз қарауылда тұрған солдаттай қабағыңды түйіп қақиып тұр деген сөз емес. Олай тұрсаң, бала ойнай алмайды. Егер енді баланың ойынына қатысқың келсе, өзің бала болып қатыс. Яғни ойындарына бөгет, оралғы болма. Балалар сенің жеткен адам екеніңді сезбейтін дәрежеде болсын», – дегенді айтады [4;88].

Мағжан Жұмабаев оқулықтағы зейін бөлімінде, балаға ертегі әңгімелерді оқытып сана жаттығуын жасату керек. Баланы қорқытып оқытпау керек. Сурет салдыру керек. Ойланта білу керек. Қиялға ерік берілу керек екендігін атап көрсетеді.

Мағжан Жұмабаевтың педагогика іліміне қатысты ең алғашқы ойларының бірі – мекепте шағын әңгімелерді оқыту жайлы сөз қозғағандығы. Осы орайда, ғалым ертегінің тиімділігі жайында: «Жан тұрмысы өркендеу үшін, яғни ойы, ақылы кеңейіп, құлқы түзеліп, тілі баю үшін жас балаға ертегі – тым қымбат нәрсе. Бала ертегіні жан-тәнімен тыңдайды. Ертекке шын көңілімен нанады. Бала құрғақ ақылды ұқпайды. Жандандырып, суреттеп алып келсең ұғады», – дейді [4;87].

Аталған еңбектің қиял бөлімінде ғалым баланың қиялын дамыту керектігін және сабақтан алған әсерін сыртқа шығару мүмкіндігіне дағдыландыру керектігін айта келіп оны «қайрат күйі», «импульс ісі», «рефлекс ісі» деп бөледі, әрі бұл әрекет түрін «соқыр сезім» деп береді. Бұл қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнындағы кері байланыс, рефлексиямен мазмұндас. Ғалым барлық іске кері байланыс жасап, жауап беру керектігін айтады.

Мағжан Жұмабаев психология ілімі жайлы да сөз қозғайды. Әрбір мұғалім сабаққа кірісімен бала жанын зерттеуші педагогқа айналу керек, ғалымның айтуынша, мұғалім бала жанын түсінбесе, баламен жұмыс жасай алмайтынын сондықтан әрбір мұғалім психология ілімінен хабардар болу керектігін айтады. Ғалымның бұл ойы ұлы ұстаз Әл-Фараби ойымен сабақтас. Әл-Фараби ұстаз сауаттылығы жөнінде: «Ілім-білімді, оқу-ғылымды жан тәнімен сүйетін, ұңғыл-шұңғылы көп ақыл-ой жұмысының үлкен бейнетін зейнет санайтын, сол үшін аянбай ізденетін, өз ойын анық, дәл бере алатын шешен адам болғаны абзал екен» , – дегенді айтады [5;45].

Әдебиет:

1. Көбеев С. Орындалған арман. – Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 1951. – 210 б.
2. Жиенбаев С. Қазақ тілінің методикасы. – Алматы : Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы, 1946. – 115 б.
3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ел-шежіре, 2015. – Т. 3. – 384 б.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы. 1992. –143 б.
5. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы. 1971. –148 б.
6. Жахина.Б.Б. Кел, балалар, ойлайық! Оқу құралы. – Омск : Амфора, 2019. – 100 б.

ТЕРМИНДІ ҰЛТТЫҚ ТІЛ СӨЗІ НЕГІЗІНДЕ ТҮЗУ ЖОЛДАРЫ

Тұрарова А.Н.

(М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті)

Тараз, Қазақстан

aisulu.turarova@mail.ru

***Аннотация:** Мақалада терминнің қоғамдағы орны мен қызметі, терминді ұлттық ұғымдар мен сөздер негізінде жасау қажеттігі, термин жүйесін түзу ерекшеліктері талданды.*

***Түйін сөздер:** термин жасау, терминнің қызметі, термин жүйесі, сөз мағынасы, аударма.*

***Аннотация:** В статье проанализированы место и функция термина в обществе, необходимость создания термина на основе национальных понятий и слов, особенности построения системы терминов.*

***Ключевые слова:** создание термина, функция термина, система терминов, значение слова, перевод.*

***Annotation:** The article analyzed the place and function of the term in society, the need to develop the term on the basis of national concepts and words, the features of the formation of the term system.*

***Keywords:** term creation, function of the term, term system, word meaning, translation.*

Термин жүйесін түзе отырып, қандай мұрат-мақсаттарды көздейтімізді, оның қай тілде, кім және не үшін жасалатынын анықтап алу, ескеру аса қажет. Бүгінде термин ең бір өзекті тақырыпқа айналып, бұған қатысты ой айтпайтын жан болмайтынымен, оның өзі идеалдық тұрғыда қалай, қандай талаптарға сай болуы тиістігіне нақты, санамалап жауап бере алмаймыз. Ғылымда да термин жасауға қатысты қандай да мүдде, соның ішінде ұлттық мүдде туралы мәселе қойылған емес. Әрине, бұған қарап термин ісінде ешқандай мүдде болмады деу - қате болар еді. Керісінше, ол ашық айтылмағанымен, басты орында тұрды. Терминді қазақшалаудың бұрыстығы мен шетел сөзін аудармай алу дұрыстығын қостап-дәлелдейтін саяси-әлеуметтік тұжырымдар да жетерлік.

Айталық, онда өмірдің өзі де "интерлік" сипат алып бара жатқаны, латын-гректік сөздердің еш ұлтқа қатыссыздығы, әр ел мамандарының тіларалық тосқауылсыз қатынаса алу мүмкіндігі, ұлт тілдерінің оралымдық, көркемдік жүйелері жетіліп, қатарға қосылуы, тілге жаңа түсініктер енуі, терминді бастапқы қалпынан өзгертпей жазудың орыс тілін үйренудегі маңыздылығы сияқты әлеуметтік мүдделер бетке ұсталып, бәрінің аржағында ұлт тілдері сөздерін термин жасауға жарамсыз етіп көрсету, тілді орыстандыру саясаты жатты.

Б.Қалиұлы мұндай, шетел сөзін аудару тілді жұтаң күйге түсіреді, ғылымның оқшаулануын тудырады дейтін пікірлердің еш негізсіздігін дәлелдеп көрсетті [1.17-б].

Кез келген астарлы немесе балаға қандай да ой сала айтылған сөздер де белгілі бір мүддеден туып, ол мүдде айтылған сөздің ішкі құрылымы арқылы хабарланары белгілі. Осы сияқты сөздің, терминнің уәжі арқылы да қосымша мәлімет хабарланып, адамның, бүкіл қоғамның ойлау жүйесіне бағдар берілуі мүмкін. Ал терминді қазақ тілінде жасау да, ғылымды қазақ тілінде сөйлету де, терминнің түсінікті, қысқа, дәл болуы да - еуропалық та, бүкіләлемдік те ғылым, жұртшылық үшін емес, бірінші кезекте және толық түрде қазақ қауымы, қазақ тілі, қазақ ғылымы үшін қажет. Термин осы аталғандар мүддесіне сай болуы тиіс. Бұл мүдделердің өзі терминнің қоғамдағы орнына, атқаратын қызметіне қарай анықталады және олар бір күннің, аз уақыттың сұранысымен шектеліп қалмай, келешекпен, рухани өсіп-өнумен, адамдық құдыреттің артуымен ұштастырыла қаралуы тиіс.

Терминнің қоғамдағы орны мен қызметі ғылым мұратынан шығады. Бізде ғылым мұраты мен қызметін жаңа технологиялар жасақтау, материалдық игілікті еселей арттыру тұрғысында ғана қабылдап, оның тәрбиелік, танымдық, адамдық рухты күшейтулік функцияларына мән бермеушілік не жете түсінбеушілік жайы бар. Ал ғылым ең әуелі адамның ақыл-ойы, саяси санасы, әлеуметтік белсенділігі, іске икемділігі артуын қамтамасыз етуші білім көзіне айналуы тиіс. Ендеше осы мұраттарға сай термин бірінші кезекте ұлттық мүдде тұрғысынан жасалуы тиіс. Ұлттық мүдденің өзі ұлт, яғни ұлттық тіл,

ұлттық ғылым және әлеумет мүдделерінен құралады.

Терминді ұлттық тіл сөзі негізінде түзудің бір жолы - тілдегі жай, халықтық, байырғы, жергілікті, кәсіби сөздерді, қолданыстан шыққан, шыға бастаған этнографизмдерді жаңа мағынада пайдалану, олардың ұғымдық қорын қозғалысқа түсіру.

Бұл сөздердің қайсысын да тіл үшін жат, бөтендеу деуге негіз жоқ. Олар - бірқатар ерекшелігі болғанымен, ұлттық тіл қалыбынан шыққан, сол тіл тезінде еленіп-екшелген, сол тіл жүйесінің туындысы, өз сөзі. Мысалы, егемен, жағдаят, жарлық, жасықтық, жасау, желі, желім, зайырлы термин ретінде тұрақтап үлгерген, жарғақ (мембрана), жасақ, жасақтау (разраб.), зарарсыздандыру (обеззараж.), залалсыздандыру (обезвреж.), көделеу (утилиз.), керіш (алебастр) ұсынылып, бекітіле бастаған жергілікті сөздер. Жедел, кендірағаш негізінде жедел жәрдем, жедел саты, жедел хат, таскендір (асбест) туып отыр [2. 51-б].

Термин о бастан шетел сөздері емес, ұлт тілі негізінде түзілер болса, оны түзудің сөз тұлғасын не мағынасын түрлендіруден басқа көзі де жоқ. Тек бұл кезде сөз тұлғасы өзгермей қалатындықтан, "бір сөз - бір мағына" тәртібі бұзылғандай көрінеді. Алайда мұнда сөздің басқа ұғымдық белгісі пайдаланылатынын ескеру керек. Семья-ны түгін не отбасы деу бұл сөздер бойындағы бір семьяда бір от жағылып, бір түгін шығатындығы, семья мүшелерінің бір от басына жиналып, бір отқа қарайтындығы туралы ұғымдарға негізделген. Бұл ұғымдық белгілердің біразы айқын, біразы көмескі болады. Тараз - өлшеуді береді, таразбан, техникалық таразы, таразшы, тараздан жеу, таразға тартудағы мағыналар осы ұғымнан шығады, Ал тараздау, шаштараз, ой таразысы-ында салыстыру, бірдей ету, (ойдан) өткізу ұғымдары көрінеді және үшеуі де тараз-дың бойындағы байқаусыз, реңіктік қана ұғымдар. Кейде мұндайда ұғымдық белгі емес, бұған дейін анықталған басқа мағына пайдаланылуы мүмкін. Алатұйық қосылыстар-да осындай: ала-ның беткі, кең танымал, яғни қатынастық мағынасы ақ-қара түстердің араласып келуі, онан кейінгісі - әр түрлі түстердің араласып келуі еді. Ал мұнда түс емес, жалпы ала-құлалық деген үшінші мағынасы қолданылған. Жай және терминдік мағына арасында айырма болғанымен, олар өзара байланыссыз да болмайды. Біз дүниенің жаңа сырын ашсақ, оның бұрынғы қасиеті міндетті түрде жойылып отырмайды.

Ғылыми мағына бұрынғы түсінікті толықтырады. Сондай-ақ ғылыми ұғымның ұлтқа етене таныс өз ұғымы арқылы аталуы табиғи болады әрі жеңіл игеріледі. Тілдегі түрлі сөздер тобының терминге айналуы - олардың бір аядан екінші аяға өтіп, өзара сапырылыса, мағына-ренктерін, қолданыс жиілігі мен ауқымын өзгерте дамуының бірден-бір тәсілі.

Термин болу арқылы сөз бен ұғым белсенді тілдік айналысқа түсіп, қолданыс аясы кеңейеді. Әр түрлі қолданыс барысында сөздің өзі, оның ұғымдық әлеуеті көрінуіне мүмкіндік туады. Арашалық ертінді-де адамға ғана қатысты және ажыратушы түсінігінде ғана ұғынылып келген араша-ның теңестіруші, бастапқы қалпына келтіруші, бейтарап-тандырушы ұғымдары көрініп тұр. Адсорбция, абсорбция ұғымдарын дәл беретін, бұрын алтын мен суға ғана қатыстыдай көрінетін аптау, оптау-дың да енді қолданыс аясы кеңуі әрі олар "актуалдануы" мүмкін.

Сөз арқылы ұлттық ойлау дәстүріміз бен танымдық бағдарымыз да көрініп, қозғалысқа түседі: мырза-господин, тең-ничья, бәйшешек-подснежник жұптарында айтар ой, мағына біреу-ақ. Бірақ олар қазақшасында щедрый, равный, первое растение, ал орысшасында - құдай, ешкімдікі емес, қар астындағы ұғымдармен әрқалай беріліп, әр ұлттың ойлау ерекшелігі көрінеді.

Ұлттық ұғымдардың бір көзі - ауызекі тіл сөздері. Ауыздағы сөз жазылып, жазылған сөз айтылып, тілдің осы екі көрінісі байланыса дамығанда және бұрын жазылған мен айтылғандар да айналысқа түскенде ғана тілдің төрт құбыласы түгелденеді. Ауызекі тілдегі, ойдағы, жеке сөйлеуші айтатын сөз қағазға түсу арқылы ғана мейлінше көп сөйлеушілер назарына ілігіп, талқыланып-танылып, түзетуге ұшырап, бекітіледі. Абай суат, сөзуар, желбуаз, туа жау, етекбасты, серменде, шапқат, әулекі, шүйгенде, қамырықты, берерменде, аларманда, жерсоғарлы, қалбағайлы, аламайлы, кердең, сырдақ, қоржак, ұмасы, үлпершекті, тантық, тұшынбаса, жайқақтап, шалғырттанып, қоқақтап, мақтан кейлеп, алқайды, көзге

сынық, қулық саумақ, дым сыйқы, алмалап, оңғақ, оңғақ бұлдай, таусыншақ, желгек шал, жеңсікқойлық, жеңсік құмар, тынтұяқ, бек соқыр, бектеп, қоңыр көрер, көп бақпасаң, ойынмен араласшы, жыл кесілмей, жора, салысып дегендерде ауызекі тілдегі дайын сөздерді, олардың түрленген үлгілерін не түрлендіре, басқа ұғымы арқылы сөз жасай келтірген.

М.Жұмабаев та қытығы, сығыр, хатта, қу қанжыға, жөпшенді, қымс етсе, анды, аңмен, күйлеп, көпшілдік сияқты ауыздағы сөздерді қағазға түсірген [3. 15-б].

Жай және терминдік мағына арасында айырма болғанымен, олар өзара байланыссыз да болмайды. Біз дүниенің жаңа сырын ашсақ, оның бұрынғы қасиеті міндетті түрде жойылып отырмайды. Ғылыми мағына бұрынғы түсінікті толықтырады. Сондай-ақ ғылыми ұғымның ұлтқа етене таныс өз ұғымы арқылы аталуы табиғи болады әрі жеңіл игеріледі. Тілдегі түрлі сөздер тобының терминге айналуы - олардың бір аядан екінші аяға өтіп, өзара сапырылыса, мағына-реңктерін, қолданыс жиілігі мен ауқымын өзгерте дамуының бірден-бір тәсілі. Термин болу арқылы сөз бен ұғым белсенді тілдік айналысқа түсіп, қолданыс аясы кеңейеді. Әр түрлі қолданыс барысында сөздің өзі, оның ұғымдық әлеуеті көрінуіне мүмкіндік туады. Арашалық ертінді-де адамға ғана қатысты және ажыратушы түсінігінде ғана ұғынылып келген араша-ның теңестіруші, бастапқы қалпына келтіруші, бейтарап-тандырушы ұғымдары көрініп тұр. Адсорбция, абсорбция ұғымдарын дәл беретін, бұрын алтын мен суға ғана қатыстыдай көрінетін аптау, оптау-дың да енді қолданыс аясы кеңуі әрі олар "актуалдануы" мүмкін. Сөз арқылы ұлттық ойлау дәстүріміз бен танымдық бағдарымыз да көрініп, қозғалысқа түседі: мырза-господин, тең-ничья, бәйшешек-подснежник жұптарында айтар ой, мағына біреу-ақ. Бірақ олар қазақшасында щедрый, равный, первое растение, ал орысшасында - құдай, ешкімдікі емес, қар астындағы ұғымдармен әрқалай беріліп, әр ұлттың ойлау ерекшелігі көрінеді.

Тіл мүддесі - тілдегі сөздер мүддесінің жиыны. Сөз мүддесі бойындағы ұғымдық белгілер мен мағыналық реңктердің көрініп, қолданысқа түсуінде. Бұлар сөз жеке-дара аталғанда емес, сөйлем, тіркес құрамында ғана толық көріне алады. Тұрғын үй, үй жиһазы-ында үй: здание және дом мағынасында қолданылған. Ал токсикомания-уытқұмарлық, космодром-ғарышжай, питомник-тұқымбақ, планета-ғаламшар, рефери-аратөресші-лерде ұғым арқылы жаңа сөз жасалса, геноцид-зұлмат, депрессия-жабығу, интуиция-көкейкөз, меню-мәзір, пессимизм-торығу-ларда жай сөздер терминдік сипат алып, шрифт-қаріп, телохранитель-қарашын, весовщик-таразбан, шрот-күнжара, подряд-мердігерлік-терде қолданыстан шыға бастаған сөздер қатарға қосылып, ультра-өсіре, робот-құлтемір арқылы тілге жаңа ұғымдар кіргізіліп, багажник-бөктергі, полуфабрикат-дүмбіл, шприц-піскек, филиал-сөз мағынасының басқа реңкі қозғалысқа түсіп отыр.

Терминсөздердің тілдің жалпы дамуындағы рөліне келсек, қоғамда тіл қолданылып, қалай да қолдануға жарап жатса болды емес пе, тілде бар және ұмытылмаған, бәрімізге таныс сөздерді пайдаланайық, ал жаңадан сөз жасау нағыз жасандылық, тілде жоқты жасап, оны орынсыз дабырайту, бұзу болмай ма дегендей пікір бары белгілі. Тіл өзінен-өзі болатын, о баста қалай жаралса, солай болып қалатын, адам ойы мен әрекетіне тәуелсіз құбылыстай көрінеді. Алайда қолданыстағы тіл өзгеріссіз тура алмайды. Өзгергенде жетіліп, дами түседі не кері кетіп, бұзыла бастайды. Үздіксіз өзгеру тілдің өмір сүру қалыбы, өмірге ілесе өзін сақтауының алмастыруға болмайтын, баламасыз тәсілі екені рас. Тек тез, қым-қуыт өзгеру осы күнге дейін адаммен бірге жасасып, "тағынан таймай" келген тілді аздыруы мүмкін.

Адамның ойы өсіп, танымы артып, қатынасы күрделі тартқан сайын тілге деген талап та арта береді. Ендеше тілді өз қалыбында ұстау аз. Оны саналы түрде жетілдіру, ішкі қуатын асыру керек. Термин түзе отырып, ол түсініктің тілге, тіл арқылы оның сөйлеушілеріне мүмкіндігінше түсініктілігін ғана емес, тілдің онан ары жақсара түсетіндей болуын да ойлауға тиіспіз. Кейбір ғалымдар: сөзде тұрған ештеңе жоқ, ол шартты таңба ғана, сөз ауысқаннан мағына, таным, білім өзгермейді, кез келген сөзді есте сақтап-қолдануға болады, тек грамматикалық бірліктер, қосымшалар өзіміздікі болса болды, тіл

қай сөзді де өзіне икемдеп алады, шетел сөзін алғаннан тіл бұзылып қалмайды деп есептейді. Бұл - тілдің өз сөздері, қосымшалары, шылау сөздері, грамматикалық бірліктері арасында "туыстық" байланыс жоқ, олардың әрбірі кездейсоқ пайда болған деген сөз. Алайда бұлардың бәрі бірінен-бірі туындарлық, өзара тығыз байланыстағы бірліктер. Мысалы, -скопия, -графия, -грамма, -логия, -ведение, -метрия, -ол, -ойл, -оид, -ид, -ит, -ат немесе -тану, -нома, -жай, -басы сияқты бүгінде термин жасауда белсенді қоданылып жүрген буындар жұрнақтық сипат алып бара жатқан нақты мағыналы сөздер.

Ә.Қайдар терминдік жүйедегі төл және шетелдік сөздер ара салмағының белгісіздігін, арнайы зерттелмегенін, терминнің 70%-ын шетелдік етіп жіберу тіліміздің өзіндік жолымен дамуына өте қауіптілігін, термин жасау тілдің даму бағытын белгілеп, оның өзінділігі мен тазалығын сақтау амалы болып табылатынын, терминдегі табиғи үйлесімділіктің бұзылуы жалпы тіл дамуына нұқсан келтіретінін айта келіп, ұлттық тілді ғылыми-техникалық прогреске икемдеу, баулу қажеттігін және терминнің тілді жетілдіре түсетіндей етіп жасалуы тиістігін мәселе етіп қойды [4. 75-б].

Тілдің түзеліп-жетілуі де, бұзылып-жарамсыз болып қалуы да аз уақыт ісі емес. Мысалы, еуропалық елдер тілдерінің латын тіліне қарсы күресі екі-үш ғасырға созылып, тілді "қорғау және көркейту" әрекеті әлі күнге жалғасып отыр. Яғни тілді түзеу - ғасырлап жасалар, ұзақ мерзімді іс және қолданушы-түзеушілерінің зерделілігін, көрегендігі мен тиянақтылығын талап етеді. Ал бұзылуы не бұзылғандай болуы үшін оны қолданыстан шығару немесе қолданыс аясын шектеудің өзі жетеді. Тілді өз табиғатынан бұра, ырғағынан тайдыра "дамытып", оған өзге тіл жүйесін тану да көп ұзамай-ақ одан өз қолданушылары кете бастауына әкеліп соғады. Мысалы, посторонним вход воспрещен тіркесін бөгде адамдарға кіруге болмайды, "Орыс бөлімдерінде қазақша сөйлеуге дағдыландыру", "Тіл мәдениетіне үйретудің әдістері" дегендер басқа тіл жүйесін тану болып табылады.

Қорыта айтқанда, бүгінде термин ғана емес, тіл дамуының өзі, адамдардың саналы түрдегі арнайы әрекеті объектісіне айналып отыр. Тілдің атаулар жүйесі болып қалуы, қандай да бір түсінікті сөздің басқа елес туғызбай, "дәл" атап тұруы жеткіліксіз. Қандай да өзгеріске ұшырауы тілдің бір орында тұрып қалмай, уақытқа ілескенінің кепілі болса, оның сөздік құрамының өзгеруін, ондағы ұлттық, шетелдік, шартты сөздер үлесін анықтау осы өзгерістің жетілу ме, әлде кері кету ме екендігін көрсетеді. Тілдің өз сөздері арқылы дамуы ғана оның тұрақты, тұтас екендігінің, ой өзгерісіне сәйкес табиғи түрленуге ұшырап отырғандығының, ой жұмысын бейнелерлік тіл жұмысы атқарылғандығының кепілі бола алады. Ал жалпы және белсенді сөздік қордағы шетел сөздері үлесінің артуы тілдің табиғи дамуы тежелуінің көрінісі деуге болады.

Әдебиет:

- 1.Қалиев Б. Қазақ тілінің көкейтесті мәселелері. Алматы Дайск-пресс, 1997. - 150 б.
- 2.Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдері. Алматы: Ғылым, 1998. - 208 б.
- 3.Айтбайұлы Ә. Қазақ сөзі. Алматы: Рауан, 1997. - 240 б.
4. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. Алматы: Рауан, 1993. - 43 б.;
- 5.Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). - Алматы: Ана тілі, 1992. - 447 б.
- 6.Айтбаев О. Основы казахской терминологии. - Алматы: Арыс, 2000.

ӘОК 801.56.Т89.

ШЕШЕНДІК ӨНЕР ЖӘНЕ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ТАБИҒАТЫ

Тұрарова А.Н., Қазақбаева К.Р.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Тараз, Қазақстан

aisulu.turarova@mail.ru

Аннотация. Мақалада шешендік өнер ұстанымдары сараланып, көркем сөйлеудің айырмашылықтары анықталады. Шешендік өнердегі тәрбиелік ұстанымдарды анықтау арқылы тұлға қалыптастыру және оны

тәрбиелеудің маңыздылығы талданады.

Тірек сөздер: сөз өнері, шешендік өнер, ұстанымдар, ауызша сөйлеу, сөзді орынды қолдану.

Аннотация. В статье дифференцируются позиции ораторского искусства и выявляются отличия художественной речи. Анализируется важность формирования личности и ее воспитания путем выявления воспитательных позиций в ораторском искусстве.

Ключевые слова: культура речи, ораторское искусство, принципы, устная речь, правильное использование слова.

Қазіргі тілтану саласындағы теориялық та, практикалық та маңызы бар проблемалардың бірі – сөйлеу мәдениеті мен шешендік өнер. Сөйлеу руханияты тілдің сарқылмас мол байлығын зерделеп меңгерудің аса маңызды құралы болып табылады. Жалпы шешендік өнер тек адам болмысына таңылған, тек адам болмысымен ғана өлшенетін дүние. Екіншіден, шешенді сөз руханиятын өндіргіш күші де, тұтынушы да – адам. Демек шешендік руханият адамның болмысының бір көрінісі. Өйткені қай заманда да адам шешендік жетілуге зәрулікте болады. Адам жаратылысынан әлеуметтік коммуникация алаңында өмір сүреді және одан тыс бола алмайды. Ал шешендік сөз өнері сол әлеуметтік ортаның өнімі әрі адамдардың өзара қарымқатынас формасының бірегейі. Сондықтан адам өзінің жаратылысы бойынша асқақ ойларға ерекше мән беріп, биік, игілікті істермен тәрбиеленеді, шешендік кемелдену жолында жүретіні ақиқат.

Қазақ фольклорын шетелдік ориенталистік бағытта зерттеушілерге зер салсақ, олардың зерттеулерінде қазақ жұртының тарихы, тілі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптық жол-жоралары, өмір сүру, ойлау стилдері, таным-түсініктері, ұстанымдары туралы құнды мәліметтер кездескенімен, қазақтың шешендік сөздерінің әлеуметтік-философиялық мән-мазмұнына қатысты жүйелі пікірлер айтылмаған. Алайда қазақ фольклорындағы рухани құндылықтардың және қазақ бишешендерінің кейбір өкілдерінің дүниетанымдық үрдістерін әлеуметтік тұрғыдан сараптау бағытында алғашқы қадамдар жасалғандығын айтпауға болмайды. Осы орайда Ә. Нысанбаев, Д. Кішібеков, А. Қасабек, Қ. Бейсенов, Ж. Молдабеков, Б. Құдайбергенов, Н. Құрманбаева, Э. Қуандықова, Б. Садықов, Г. Шалабаева, Т. Ғабитов, Қ. Әлжанов, С. Нұрмұратов, Б. Адамбаев, Д.С. Раев, А.С. Қадыршаев, Г. Қосымова, С. Негимов Р. Сыздық т.б. ғалымдарымыздың еңбектері өз кезегінде өзінің құндылығымен ерекшеленеді [1].

Түркі халықтарының әлеуметтік, экономикалық, саяси, шешендік өмірі ежелден өзара байланыста болғанына тарих куә. Шығыс мұсылман руханиятының көне түркі тілдес халықтардың рухани-шешендік мұраларынан нәр алғаны анық. Мәселен түркі тілдес жазба шешендік мұралардың тарихы үшжүз жылдықтан тамыр тартатыны белгілі.

Бұл шешендік мұралардың тарихи, әлеуметтік, саяси, философиялық, шешендік-құндылықтық, әдеби-поэтикалық, дидактикалық, лингвистикалық, педагогикалық, психологиялық тұстарын этнотарих, этноәлеуметтану, этносаясаттану, ұлттық философия, этношешендік, ұлттық әдеби, этнолингвистика, этнопедагогика, этнопсихологиялық мәселе тұрғысынан зерттеулер қатары өсуде.

Шығыс халықтарының сөйлеу руханиятын, әдебиетін, әлеуметтік өмірін, архитектурасын, болмысын аспектілерін зерделей келе ұқсас тұстарының бар болатыны анықталады. Шығыс руханияты контекстіндегі түркі қауымына ортақ көне түркі руханияты мен сөз өнеріне көз жіберетін болсақ, олардың тарихи тамырластығын анық байқаймыз.

Ғасырлар бойы сақталып, көне жазба ескерткіштері, халық ауыз әдебиеті шығармалары арқылы бізге дейін келіп жеткен мәліметтер біздің атабабаларымыздың тілді, адамның сөйлеу руханиятын оның жақсы адам екендігінің ең басты өлшемі деп санағанын көрсетеді, яғни ол тілді құрметтей отырып, оны тек ізгі мақсаттарға ғана пайдалану мақсатында ойды жеткізу болмысындағы шешен сөйлеудің мынадай стилдік норма-қағидаларын айтуға болады: – сөзі мағыналы, мазмұнды болуы шарт; – сөзі қарапайым және түсінікті болуы тиіс;

- сөйлеу кезінде тыңдаушысының тұлғасын, жай күйін ескеруі тиіс; – сөзі мәнерлі де әсерлі болуы шарт; – сөздің мағынасы логикалық жағынан жинақы болуы тиіс; – сөз

мазмұны мен формасы жағынан көрікем де әсем болуы тиіс; – сөз қысқа және нұсқа болуы тиіс; – сөз сөйлеу кезінде осы шарттар, әдептік нормалар сақталуы тиіс; – тіл тұрпайы сөздерден ада, логикалық тұрғыда мазмұнды, белгілі бір мақсатқа негізделген болуы тиіс; – сөз өтімді әрі нанымды болуы шарт; – тіл қуатты да пәрменді болуы шарт. Міне бұлар жоғарыдағы шешендік толғауда келтірілген «Бастыны еңкейткен, тізеліні бүктірген» саяси шешендік ұтанымға қызымет етіп тұрған этнолингвистикалық жүйе ерекшелігін көрсетеді.

Қорқыт жырларындағы шешендік нақылдарға құлақ түрсек, ол бірде: «Ат жемейтін адам ішпес ащы судың аққанынан ақпағаны игі. Атасының атын шығармаған жігерсіз ұлдың туғанынан тумағаны игі, жалған сөздің болғанынан болмағаны игі», -десе, енді бірде: Тәкаппарлықты тәңірі сүймес, көңілі пәс ерге дәулет бітпес. Жат баласы саған жақсы болмайды ұл, жақсылық та көрдім демес сондай бір. ...Ат шалдықпай жол білмес, қанжар тимей жау қайтпас.

Алтын жүген кигізсең де, тұлпар болмас қара есек. Қамқадан тон жапқаныңмен, ханым болмас қара күн», -деген шешендік нақылдар жүйесін қалдырған. Бұл шешендік нақылдарды зерттеу тақырыбының талабына сай ғылыми пайым елегіне салатын болсақ, Қорқыт алдымен, адами экзистенциядағы пайдалы мен пайдасызды, жарамды мен жарамсызды, құнды мен құнсызды анықтаудағы рационалды ойлау, ұтымды шешендік сөзбен жеткізу болмысындағы қағидалық афоризм жүйе үлгісін көрсетеді.

Екіншіден, Қорқыт баба адамның ізгі де кісілік мінездерді жағымды қиаеттердің үлгісі ретінде танып, қабылдауды шешендік қағида дәрежесіне көтере білген деуге негіз бар.

Үшіншіден, дана ділмар «тәкаппарлық – теріс мінездің төменгі шегі» дейтін шешендік концепсфераны ұсына отырып, адам бойындағы теріс мінездік қасиеттерді өлшеудің шешендік шегін білдіретін рухани қағиданы ұсынады.

Әл-Фарабидің шешендік сөз туралы көзқарасын қарастырғанда біз оның поэтика, көркем сөздің қағидалары жайлы, риторика туралы жазған еңбектерін ескереміз. Атап айтқанда, әл-Фарабидің сөйлеу руханиятына, ақындық сөзге, тілдің ерекшеліктеріне қатысты кейбір пікірлері оның «Китоб ал-алфоз ва алхуруфт» (Сөздер мен әріптер туралы кітап), «Китоб фи ал-лугат» (Тілдер туралы кітап), «Тақпақ құрастыру өнері туралы», «Тақпақ құрау өнерінің ережелері туралы», «Ізгі қала» сияқты еңбектерінде кездеседі. Сонымен бірге Фарабидің шешендік нақылын оқи аламыз. Мұндағы шешендік қағидаттық жүйеге зер салсақ, Фараби, біріншіден, адамзаттың бұл дүниедегі болмысына таңылған «тіршілік» дейтін үдерісті шешендік құндылық ретінде мойындататын экзистенциялық шешендік қағиданы ескертеді. Екіншіден, автор адам бойындағы «төзімділік» қасиетті шешендік құндылық мәртебесіне көтеретін қағиданы шыңдай түседі.

Жоғарыдағыларға талдау жасасақ, шебер сөйлеу шешендік руханияттың өлшемі дейтін қағидалық идея жатыр деуге негіз бар. Сонымен бірге, Фараби шешендік, білімділік, даналық сияқты рухани құндылық ретінде мойындай отырып, оларды құрметтеу шешендік қағида қатарына жатқызатын шешендік көреміз.

Жүсіп Баласағұн шешендігіндегі шешендік ұстанымдарға мыналарды тоғыстыруға болады: «Кісілік, имандылық, ақиқаттық-адамшылық; тілге, білімге, дінге берікті; ақыл-парасат, рухани саулық, еркіндік; іскерлік, ұлағатты ұлылық; ел қорғау, намысшылдық, жүректілік; ұрпақ тәрбиелеу, ұлды ұяға, қызды қияға қондыру; досқа мейірімділік, жауға – қаталдық; қанағат – рахым, адалдық». Сондықтан Жүсіп Баласағұнның шешендігіндегі шешендік ұстанымдар эпистемасын бектің моральдық бейнесін сипаттаудан, саяси көшбасшыны моральдық тұрғыдан бағалаудан, ойшылдың аллегориялық бейнелерінен, адам сана-сезімін терең талдаудан, ақыл-парасаттың құзырлы қуатын көрсетуден, жамандық пен зұлымдықтың парадигмалық күзіретін анықтаудан білуге болады деп санаймыз. Осылар арқылы ойшылдың шешендік гуманистік идеялары көрініс тапты дей аламыз.

Махмұд Қашқариге келетін болсақ, ол орта ғасырлардағы әдеби мұраларды зерттеген

[2].

Ал Асқар Егеубай бұл еңбек болмысымыздың, тіліміздің, әдебиет пен өнеріміздің, қала берді, ұлт, ұлыс ретіндегі толысу жолдарымыздың бедерлі белгілерін, тума қасиеттерін сақтаған рухани қазына өзегі болатынын атап көрсетеді [3, 9].

Сонымен бірге, зерттеуші-ғалым М.Қашқаридің қызыл тілді шешен, оның ойға да, сөзге де батыл, өжет найзагер ділмар екенін де айтады. М.Қашқаридің шешендік сөз өнеріндегі баға жетпес тұлға болғанын оның өз сөзімен де дәлелдеуге болады. Мәселен, ол: «Түркі ұлыстарының ерте дәуірден бергі бастарынан кешіргендерін сараптап, атадан балаға мирас боп келген, зер шеккен әдемі сөз өрнектерін теріп шықтым. Өмір көріністерін жақсы баяндайтын өлең-жырларын, шаттық қуанышы мен қасірет- қайғысын қамтитын терең ойлы мақал-нақылдарынан үлгі ұсындық. Оқыған адамдар бұл меруерт сөздерді пайдаланып, өзінен кейінгі ұрпаққа мирас етер деп үміттендім. Міне осылайша лұғат кітабым атадан балаға ел қазынасын жеткізер қымбат мұра боп мәңгі сақталар деген зор үмітпен ұзақ сапарға аттандырдым», – деп келтіреді. Міне, осыларға сүйене отырып, біз М.Қашқаридің сөзмерлік тіл қаруын мықты меңгерген, жауынгер әрі өзін ділмар-шешен деп таныған өткір тіл иесі болғанын мойындаймыз.

Айтар болсақ, Қашқари сөздігінде әлеуметтік-саяси, рухани-шешендік, моральдықпсихологиялық, гуманистік сипаттағы ой-толғаулар желісі шебер шешендік насихат нұсқасында берілгендігін байқаймыз. Онда адамның кейбір жекелеген жағымсыз дағдылары дүниеқорлық, қорқақтық, мәнсапқорлық, опасыздық, бойкүйездік, ынжықтық т.б. сынға алынып, ерлік, ізгілік, кісілік, әділдік, адамгершілік, ақ ниеттілік сияқты оң мінездік қасиеттер шешендік-моральдық ұстаным ретінде шешен сөз жүйесімен дәріптеледі.

Шешендік насихат арқылы данышпан жас ұрпақты батырлыққа, ержүректілікке, елжандылыққа, отансүйгіштікке шақырады. Демек Қашқари «Диуанындағы» ділмар-сөздер шығыс-түркілік руханияттағы шешендік қағидаттық құндылықтар жүйесін жасаған шешендік білім кеңістігі деп айтуға негіз бар. Адамның ақылды жаратылыс ретіндегі басты ақиқатшылдығында, ізгілік-кісілігінде деп түсінеді. Дүниеқорлықты қатты сынап келіп, бұдан ғұламаның парасаттылық пен ізгілік – қайырымдылықты өндіруші қуат көз, соңғысы – ел бірлігінің кепілі дейтін шешендік құндылықтық көзқарасты сезіну қиын емес. Мәселен сөздік мәтініндегі: шешендік насихат пен өсиет жоғарыда айтылған шешендік құнсыздық пен құндылықтар жүйесін растап тұрса керек.«Диуан» сөздеріндегі шешендік нақылдар мұсылмандық руханияттағы өмірмәнді құндылықтар универсумын көрсетпек. Мұнда, біріншіден, адамзат ғұмырнамасындағы «мәңгілік» пен «беймәңгілік» арақатынасын анықтап, адам бар мен жоқтың аралығында ғана болатын жаратылыс екенін, екіншіден, адамға бұл дүниеде неден аулақ, не нәрсеге жақын жүруді рухани-шешендік құндылықтар тұрғысынан түсіндіруге тырысады.

Негізгі көзделетін нысана – руханилыққа ұмсындырылған адам. Адамгершілік руханияты тұрғысынан қарасақ, бұл жердегі басты идея – адам затын жер бетіндегі тіршілік қажеттігінен туып отыратын нәпсі құмарлығымен күресе білу мүмкіндігін нығайту. Үмбетей жыраудың сөзімен айтқанда «Бұл мінез, бұл қылықпен қайдан абырой табарсың», оданда «Дін пұсырман баласы адамдықтан жерімес», дейтін тоқтамға келтіреді. Яғни жеке тұлғаны адамгершілікке қарай жетелеу көзқарасын байқаймыз. Сондай-ақ, Бекболат шешеннің айтқанына сүйенетін болсақ, «Қоғамшыл, кең қолтық болсаң, халқың сүйер» дегенге саяды. Досбол шешенге зер салсақ: «Мінезде жаман не жаман, бұзып бітті қу заман. Ақылсыздың сүйгені жаман, ақымақтың түйгені жаман, жылмақай мінез жаман. Бойға күйез жаман, айсыз түндей надан жаман, аузы тұшығар арам жаман. Ақылсыз болса, балаң жаман.

Күншіл болсаң, жақын жаман. Өсекші болса, қатын жаман. Адалсынған кәззеп ман. Надандығы ұрының адалды серік етпейді, арамнан алыс кетпейді», – деп келтіреді. Жанқұтты шешен: «Надандықтың белгісі, өзін-өзі мақтайды», «Өсекшімен сөйлессең, ұрмай соқпай талдырады», – деп толғайды. Байқасақ, Досбол мен Жанқұтты шешендердің

толғауында адамға ақымақтық, жылмақайлық, надандық, арам пиғылдық, күншілдік, өсекшілдік, кәззәптік сияқты жағымсыз руханият тұрғысынан сипаттама беріледі.

Ал қазіргі адамдардағы тіршілік принципі тіпті өзгеше: «Өмір сүру деген сөз – ол ешқандай шектеуді сезінбеу, сондықтан бәрін істеуге болады, ешкімнен ешкім биік емес» – дейтін шешендік қағида. Шешен-ділмарлар қазақ халқына тән ұялу және айналадағыны сыйлау сияқты құбылыстарды оның табиғи шешендік қалпы екендігін тани білген.

Егер адамның жағдайы жақсарып, бақытты-дәулетті болатын болса, ол тағдырдың, алланың сыйы және адамның өз жақсы қиеттері мен іс-әрекетінің жемісі деп есептеген. Ал қазіргі заман адамдары үшін іс-әрекеттегі абсолютті еркіндік адамның табиғи қалпы болып есептелуде. Ондай адам ешкіммен санаспайтын, тек өзімен ғана санасып, өзімен өзі ғана риза болатын адам.

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ шешендері, адам адам болып қалуы үшін ұғыну руханияты болуы керек дегенді меңзейді. Адамгершілік руханият адам тіршілігінің шарты болуы тиіс дейтін ой тастайды. Қазақ шешендік өнеріндегі адамға бұрыс мінездік тұрғыдан берілген шешендік-ақлақи (моральдық) сипаттамаларға тағы бір зер салатын болсақ, бишешендер адамдағы тұрлаусыз қасиеттердің ішіндегі ең төменгі түріне, жаманның ішіндегі жаманының қатарына имансыздық, тәкәппарлық пен кесірлік мінездерді жатқызатынын аңғаруға болады.

«Аққа қара жоқ, қараға шара жоқ», «Пейілі жаман кісіні түйе үстінде ит қабар» дейтін шешендік принципті ұстанушы елдің үлгі – өнегесі осылай болмақ. Олай болса адалдық пен әділдік – бүгінгі ұрпақтың азаматтықадамгершілік шешендік болмысын бейнелейтін абзал қасиеттер. Міне, осындай халықтық шешендік тұғырларға ғана негізделетін іс-әрекет пен мінез, осындай шешендік тағлымнан таймайтын азамат бүгінгі қоғамның руханилық тұрғыдан пәк субъекті бола алады деп есептейміз. «Халқыңа жағам десең – әділ бол», – деген шешендік ұстанымының мәнісі сонда болса керек. Білімнің нәтижеге айналуы – оқытудың түпкі межесі. Өзгермелі дүние жағдайында бәсекелестікке қабілетті болу оқушының күзіреттіліктерін қалыптастыруды қажет етеді. Қабілеттілікке бейімділік адамның жинаған білім қорынан құралмайды, сол алған білімді өмір сүрудің, өзін-өзі дәлелдеудің тетігіне айналдыра алғанда қалыптасады. Шешендік өнерді меңгерту қазақ тілі пәні бойынша күтілетін білім нәтижелерін күзіреттіліктер деңгейінде қалыптастыруға толық мүмкіндік береді. Шешендік өнерге баулудың мақсаты пен нәтижесі аралығындағы әдістемелік жүйенің моделі осыны дәлелдейді.

Әдебиет:

1. Қашқари М.Түрік сөздігі: 3 т. / ауд. А.Қ. Егеубай. – Алматы: СөздікСловарь, 2007. – Т. 1.– 448 б.
2. Егеубай А. Кісілік кітабы: ғылыми эссе. –Алматы: Ана тілі, 1998. – 320 б.
3. Баласағұн Ж. Құтты білік. –Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2015. – 364 б.
4. Құлсариева А. Аударма және өркениет: монография. – Алматы:Нұрлы бейне, 2006. – 184 б.
5. Әл-Фараби Ә.Н. Бақыт жолын сілтеу// Кітап: 10 томдық шығармалар жинағы. –Астана: «Логос – Астана» ЖШС, 2007. – Т. 4. – 296 б.
6. Молдабеков Ж. Шешендік:оқу құралы. –Алматы: Қарасай, 2009. –432 б.
7. Байтұрсынов А. Шығармалары. –Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
8. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. -Алматы: Мектеп, 1984. -119 б.
9. Бейсенбайқызы З. Сөз мәдениетінің негіздері. -Алматы, 2007. -231 б.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕН БАХЫТ МЕКТЕБІ

Турсынова С.Н.

(«Әлихан Бөкейхан атындағы №25 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ директоры)

Аңдатпа

Аталмыш мақалада Қазақстандық білім ошақтарындағы оқу-тәрбие үрдесіндегі Ұлттық жобаға сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажеттілігі көрсетілген. Осы тұста қазақ халқына мейлінше еңбек етіп, «Адам»

болмысының негізін қалап кеткен Мағжан Жұмабаев «Педагогикасының» заманауи педагогикалық талаптардың үйлесімділігінің нәтижесі – әр оқушыны шығармашылық пен бахытқа жетелейтін, оқу-тәрбиедегі жаңашылдықтар баяндалған.

Тірек сөздер: ұлттық жоба, жалпыадамзаттық құндылықтар, оқу-тәрбие үрдісі, заманауи талаптар, бахыт пен шаттық алаңы.



Қазіргі оқыту мен оқушыны тәрбиелеудің бірлігі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының негізінде жатқан және күтілетін нәтижелердің көп деңгейлі жүйесінде байқалатын бағдарланған тәсілдері арқылы іске асырылады. 2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы No 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажеттілігі көрсетілген.

Әрбір білім беру ұйымының міндеті - ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру.

Қазіргі өмір қажеттілігі – барша ғылым салаларының пайда болып жатқан өзгерістерге бейім болу және оған ұлттық нақыш енгізу. Олай болса тәрбие – мәңгілік категория. Соған қарамастан «Педагогикадағы» қиын, күрделі мәселелердің бірі тәрбиенің мақсатын анықтау болып табылады. Қазақ халқында оқу-ағарту ісіне мейілінше еңбек еткен және әр кезеңде оқу-тәрбие үрдісіне тарихи таптырмас еңбектерін әлі күнге дейін зерделеп, ұлттандырып отырған ұлы тұлғалар болды. Солардың бірі де бірегейі алаш арыстарының бірі, өзі өмір сүрген дәуірдің бір туар азаматы, халқының патриоты атанған Мағжан Жұмабаев. Ақын-педагог зерттеген, зерделеген педагогика саласы, бүгінге дейін оқытушылар мен педагогтардың қол кітабы болып саналады. Мағжан ұлттық тәрбие мен білім беруде этнопедагогиканың негізін салды.

Мағжан Жұмабаев әрі лирик ақын, әрі аудармашы, әрі ұстаз-ғалым. Ол жазған “Бастауыш мектепте ана тілі” (1925), “Сауатты бол” (1926), “Педагогика” (1922) атты оқулықтары педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан тың үлес болып саналады. М.Жұмабаев орыс, батыс педагог-психолог ғалымдар еңбектерін оқи отырып, сонымен бірге тәрбиенің ұлттық ерекшеліктерін ескере өзінің “Педагогика” атты оқулығын жазудағы ұстанымын былайша сипаттайды: «Тәрбие ғалымдарының пікірлерін (орыс, батыс ғалымдарын айтып отыр – С.Қ.) таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым... Бізде бұрын пән тілі болмағандықтан түрлі терминдерге тап басқанда қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орыс сөздері қазақшаға айналдырылды» деген.

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» атты оқулығы айтарға жоқ, қазақ баласын тәрбиелеуде күні бүгінге дейін мұғалім, жалпы қазақ қауымы үшін таптырмайтын үлгі. Мағжан айқындап кеткен төрт түрлі тәрбие түрі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық пен құлық тәрбиесі бүгінгі күннің де негізгі бағыттары болып табылады. Тіпті, ақын-педагог, бүгінгі күні үлкен мәселе болып көтеріліп отырған психология саласындағы бала тәрбиесіндегі ойлау, қиялдау, абайлылық пен құлық мінездегі қайраттылықтың дамыту кезеңдеріне де көп нұсқау көрсете білген. Баланың ішкі сезімін ояту және тәрбиелеу жолдарын да өз педагогикалық жұмысында назардан тыс қалдырмаған. “Ұлт тәрбиесі – деп жазды ол, – баяғыдан бері сыналып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесі мен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті” деген. Ал осы жоғарыда айтылып кеткен Мағжан педагогика салалары бүгінгі білім ошақтарының оқу -тәрбие үрдісінде көздеген мәселелердің негізгі бұйымтайы!

Биылғы оқу жылы Қазақстанның барлық мектептерінде «Балалар жылы» төңірегінде

жасалған оқу-тәрбие жоспарлары да, тәрбие мен білім беру ортасы педагогтердің, білім алушылардың, ата-аналардың, мектеп әкімшілігі мен қызметкерлердің өзара қарым-қатынасының сапасын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды көздеді. Балалардың мүддесі үшін мектеп пен ата-аналардың өзара байланысы кезінде осы келелі мәселені қалай орнату керек? – деген сұрақ, біздің Петропавл қаласы №25 жалпы білім беретін Әлихан Бөкейхан атындағы мектеп ұжымын да жан-жақты ізденімпаздыққа, «білімді де ойлы, зерделі де саналы, көкірегі ояу, көзі ашық болатын ...» жас ұрпақты тәрбиелеуде айрықша маңызды іс-шаралар жоспарлауға негіздеді. Оқушы бойында, Мағжанша айтқанда, «Адам» болып қалыптасу үшін естіген нәрсені ұмытпаудың төрт түрлі себебін үнемі ойға түйіп жүруге жетелейді.

2022-2023 оқу жылындағы №25 жалпы білім беретін Әлихан Бөкейхан атындағы орта мектептің оқу-тәрбие үрдісіндегі негізгі ұстанымдары:

- мектеп -оқушы- ата/ана қауымдастығын құру;
- ата-аналарды баланы оқыту мен тәрбиелеу процесіне толық тарту;
- ата-аналарды тәрбие үрдісіне тарту арқылы, балалардың физиологиялық және психологиялық даму кезеңдерімен таныстыру;
- ата-аналардың балалармен бірлескен жұмысын ұйымдастыру (үйірмелер, секциялар, клубтар, тренингтер, сапарлар);
- ата-аналардың мектептегі өзін-өзі басқаруға қатысуы.
- ата-аналар үшін балаларға мамандық таңдаудағы дұрыс бағыттарды көрсету,
- еңбекке деген құрметке баулу маңыздылығы.

Оқушылардың ой -өрісін мектепте тек білім нарын сусындату арқылы ғана емес, олардың оқу ордасының қабырғасы мен тынысы да тәрбие көзі болатындай, жұманың әр күніне тәрбиелік мәні зор циклограмма жасалған.

Дүйсенбі – Қазақстан Республикасы гимнің орындалуы, сынып жетекшілердің жоспарларына сай сынып сағаттардың сапалы өтілуі қадағаланады. Әр сынып жетекші оқушылармен өтетін осы сағатта жұмалық жоспармен таныстырып, оқу жылына қойылған мақсаттардың орындалуына көзделген таным сағаттар, қоғам қайраткерлерімен кездесулер, мамандық талдаудағы қажеттіліктерге аса назар аударады.

Сейсенбі – мектебіміздің караоке бұрышында жоспармен сынып арасында қазақша әндер айтылымы бір жағынан ұйымдастырылып жатса, келесі жағында кітапханада осы жұмаға ұсынылатын әдеби кітаптарға арналған презентация немесе көрме ұйымдастырылады. Осындай жұмыстар аясында тілдік ортаны дамытуға, қазақ мәдениетіне деген қызығушылықтарын арттыруға орта құрылады.

Сәрсенбі - «Рухани - адамгершілік тәрбиесі» күні деп жоспарланған. Өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Осы мақсатта мектеп дәлізінде 5-11 сынып оқушылары үшін, қысқа метражды кинофильмдер арқылы оқушыларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны осы жастағы балалардың ерекшеліктеріне сай келуі тиіс. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет, мінез - құлықын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани - адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Бейсенбі – тазалық пен күтім күні. Бұл күндері әр сынып оқушысы өз отырған орнынан бастап, сынып тазалығымен айналысады. Мектеп ішіндегі гүлдердің жапырақтарын сүртіп, оларды суарып күтім жұмыстарымен айналысады. Мектептің әр бұрышында тұрған аквариумдардың суларын ауыстырып, әр сынып өткізген жұмыстары туралы мектеп инстаграмм парақшасына ақпарат салады. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты үрдіс. Еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру

барысында, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Бұл ісімізді іске асыру жолында ата-аналар тарабынан да көп қолдау көрдік.

Жұма – сыйласу мен сый-сияпат көрсету күні. Бұл күні мектебіміздің екінші үзілісінен бастап, осы аптада барлық ұстаздар мен оқушылардың арасынан жеке меншік мерекелері – туылған күндерімен мектеп радиосы арқылы құттықтап, әдемі ән, жақсы сөздермен жылы құттықтаулар жүргізіледі. Осы күні ұстаздар мен оқушыларға жеке құрмет көрсетіп, аты-жөні, тегін атап өтіп, осы оқу жылындағы жеке жетістіктерін аталып, құрмет көрсетіледі. Аталмыш іс шараның негізгі мазмұны: «жақсының жақсысын айт, өркені өссін»- деген ата бабамыздың нақылы іс- әрекетіне сүйене отырып, оқушы-педагог-мектеп арасындағы қауымдастықты сыйласу, құрметтеу деген адами қасиеттерді енгізу, сіңіру болып табылады.

Мағжан Жұмабаев өз еңбегінде «...Қазақ баласының тәрбиесі қазақ тұрмысына қабысуы мақұл» -деген. Қалай десек те, ғалымның ұстаздық жүрегі, ақындық сезімі ұрпақ тәрбиесін табиғаттан, отбасынан тыс қарастыра алмаған. Мектеп оқушыларын ата-ананың қолдауымен қайырымдылық істерге көп араластыра отырып тәрбиелеу әр мектептің негізгі мақсаттарының бірі деп білемін. Осы мақсатта мектеп оқушылары мен ата-аналардың қолдауымен Петропавл қаласы «Сәбилер үйіне», «Аналар үйіне», «Қарттар үйіне» ай сайын барып тұрады. Өскелең ұрпақтың бойына жанында жүрген адамдарға жанашырлық таныту, мейірімділікке үйрету әр азаматтың борышы деп санаймыз. Бүгінде мектебімізде сондай игі істер, түрлі акциялар мен жобаларды қолдап, қайырымдылықты өмірлік мақсат еткен жомарт жандардың саны жылдан-жылға артып келеді. Ата-аналардың көмегімен мектебіміздің әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған, көмек қажет ететін отбасыларға, қайырымдылық акциясы арқылы қомақты көмек көрсетіліп тұрылады.

Сонымен қатар, тәрбие жұмысындағы мектеп пен ата-аналардың өзара ынтымақтастығын нығайту аясында биылғы оқу жылына бірнеше жаңа форматтағы істер бастауын алды, олар:

- **«Мектептегі бір күн»** атты ата-аналар үшін есік ашық күні. Бұл күні кез келген оқушының ата-анасы сыныппен бірге мектептің барлық сол күнгі ережесіне сай өз баласымен мектепте күні бойы бірге болып, мектеп тынысымен таныса алады. Осы жоба арқылы ата-аналарды баланы оқыту мен тәрбиелеу процесіне толық тарту болып табылады.

- **«Ата-аналар спорттық лига -2023»** атты тәрбиелік мәні зор және де мектеп спортзалы арқылы ата-аналарды сауықтыру және өзара іс-қимыл форматын ұйымдастыру мақсатында ұйымдастырылған жоба. Бұл жобада ата-аналар аптаның әр бейсенбісі күні мектеп спортзалында әр сыныптар арасында волейболдан, дартстан, үстел теннисінен, шашки ойындары арасында ата-аналардан құралған командалармен кездесулер өткіземіз.

- **«Тағылым сағаты»** - инстаграмм парақшасы арқылы тікелей эфирдегі сұхбат. Тәрбиелік мәні зор, аталмыш жаңа жобаға біздің мектептің инстаграмм парақшасына 25orta_mektep.edu.kz тіпкелген ата/аналар немесе кез келген қоғам мүшесі қатыса алады. Бұл жобаны іске асыру үшін мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының белсенді мүшесі 11 сынып оқушысы Мұқышева Арайлым қала, облыс, республика көлеміндегі атақты қоғам қайраткерлерімен онлайн сұхбаттар өткізіп, оқушыларды, ата-аналарды тебіреніп жүрген ортақ мәселелер көтеріліп, жалпы талқылауға шығарылады. Осы жоба аясында тікелей эфирге мынандай тақырыпта сұхбаттар жүргізілді: «Отбасындағы әкенің орны», «Бахыт дегеніміз не?», «Көшбасшылық қасиеттер», «Әжелер ақылы», «Назерке» қыздар клубы жұмысы туралы қалың талқыланды.

- **«Мамандық таңдау»** - мұғалімдер ата-аналармен баланың мамандық таңдау мәселесі бойынша түсіндіру және тәрбие жұмыстарын жүргізуі керек. «Баланы жұмысқа ал», «ата-ана жұмысында» («НЗМ» ААҚ тәжірибесі) сияқты жобалар білім алушылардың кәсіби бағдарлануына ықпал етеді, әлеуметтік белсенділігі мен азаматтық жауапкершілігін арттырады.

Осындай жүйелі де, жоспарлы жұмыстардың арқасында, бүгін ұжымымыздың педагогтері ата-аналардың алдында беделді де, сыйлы да деп бағалаймын. Мектептегі жүргізілген әр іс, оқушыны бахытқа баулып, қуаныш сезімін тудыратынына кәміл сеземін. Өйткені, мектеп ұжымы ата-аналарды мектептің, сыныптың, өз баласының істеріне жұмылдыруға, білім беру процесінің барлық қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасауға жәрдемдеседі. Осылайша, Білім Ордасы – шығармашылық пен бахыт мектебіне айналғалы отыр.

Әдебиет:

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Дьяченко В.К. Школьные технологии. – А., 2005.

ӘӨЖ 17.82.30

Х.ЕСЕНЖАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР МЕН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ СИПАТЫ

Хамзина Г.С., Бекмұратова А.

(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

Қаламгердің көркем шығарма жазуда қолданған көркемдеу тәсілдерін қарастырғанда, ең алдымен жазушының жеке стиліне назар аударамыз. Қандай халықтың болмасын уақыт өте келе әртүрлі өзгерістер болып жатады. Әрбір халықтың белгілі бір дәрежеге жеткен сөз өнері болады. Халқымыздың тіліміз бірнеше ғасырлар бойы жан-жақты дамып, әдеби тілімізді байытты. Тіліміздегі көркемдегіш элементтердің бір саласы болып табылатын тұрақты тіркестерді атауға болады. Тұрақты сөз тіркестердің жүйесін зерттейтін тіл туралы ғылымның бір саласы – фразеология. Фразеология – тіліміздегі фразеологизмдерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай бөліп, құрамын анықтап, жасалу, даму заңдылықтарын зерттейді.

Қазақ тіліндегі тиянақты тіркестер (фразеологизмдер) – тіл ішінде өз заңдылықтарына сәйкес өмір сүретін айрықша категория. Олардың әр алуан ірілі-ұсақты ерекшеліктері мен айырым белгілерін саралай зерттейтін дербес пән – фразеология [1, 591 б.].

Халқымыздың тіліміз бірнеше ғасырлар бойы жан-жақты дамып, әдеби тілімізді байытты. Тіліміздегі көркемдегіш элементтердің бір саласы болып табылатын тұрақты тіркестерді атауға болады. Тұрақты сөз тіркестердің жүйесін зерттейтін тіл туралы ғылымның бір саласы – фразеология. Фразеология – тіліміздегі фразеологизмдерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай бөліп, құрамын анықтап, жасалу, даму заңдылықтарын зерттейді.

Қазақ тіліндегі тиянақты тіркестер (фразеологизмдер) – тіл ішінде өз заңдылықтарына сәйкес өмір сүретін айрықша категория. Олардың әр алуан ірілі-ұсақты ерекшеліктері мен айырым белгілерін саралай зерттейтін дербес пән – фразеология [1, 591 б.].

Тіліміздегі әр алуан фразеологизмдер бір текті, бірыңғай қолданыла бермейді. Мәселен, сөйлеу тіліндегі тұрақты сөз тіркестері күнделікті тұрмыста ауызекі сөйлеуде қолданылып, эмоционалды-экспрессивті жағы басым келеді. Ал кітаби, яғни жазба тілдегі тұрақты сөз тіркестерінде поэтикалық сипаты басым [2, 94 б.].

Өмірде күллі тіршілік атаулының бар саласын қамтитын әр ұлттың тілінде өзіне тән, бейнелі сөз орамдары, тұрақты сөз тіркестері – фразеологизмдер көптеп кездеседі.

Г. Смағұлова: «Тұрақты тіркестер қазақ лексикасының ең өнімді бай қабатын құрайды. Осындай ұлан-ғайыр тілдік қордың ішінде кездесетін фразеологиялық факторлар табиғи тіл дамуының ажырамас көрсеткіші болуы керек. ...Жалпы фразеологизмдердің пайда болуы, жасалуы туралы сөз қозғалғанда осындай образдылықтың адамның жан-дүниесіне әсері, одан шығатын эмоциялық қорытынды үнемі тұрақты сөз тіркестерінің

ерекшеліктерін айқындайтын талаптар екенін ескерсек, онда синоним фразеологизмдердің қатарларының өсуі мен кемуінің себептерін те іздеген жөн», – деп жазады [3, 93 б.].

Қаламгер тілінің лексикалық байлығының бір қырын **фразеологизмдер** танытады. Олар төмендегідей мақсаттарды жұмсалған:

Кейіпкердің психологиялық келбетін көңіл-күйін, ішкі жан дүниесін және іс – әрекетін көрсету үшін:

- *Онда бұл, Жақа, әлгі өзіңнің айтып жүретін найза бойламайтын арам, құрдай жорғалаған қу, тағы немене еді, түк жұқпас сұм деуші ме едің, соларың болды зой, біздің бұл қожайынымыз да* (Х.Е., 16-б.).

- *Тұнып тұрған феодализмнің ұйтқысын бұзып, Арқаның Шормановтарын, Жетісудың Ордабаевтарын, Оралдың Көпжасаровтарын орнынан ығыстырып, жер аудару – кішкене төңкеріс, «қазақ даласындағы кішкене октябрь» деп губком қызметкері дұрыс айтты* (Х.Е., 17-б.).

- *Әлібек құлағын тоса қалды* (Х.Е., 146-б.).

- *Түнерген бұлт ыдырап, қабағы жадырай бастады* (Х.Е., 147-б.).

- *Сонда да арлан көкжал көлденеңдеп, артына орағыта бұрылып, тосырқау көз тастады: алдымен үлкен боз атқа көз тікті...* (Х.Е., 50-б.)

Шығармадағы тұрақты сөз тіркестерінің әдеби тілдегі мағыналары:

Құрдай жорғалаған - қорыққаннан айтқынын істеу, иленіп қызмет қылу [1, 479 б]. *Түк жұқпас сұм* - кінәсіз, таза болу қалу. *Ұйтқысын бұзып* – Береке, бірлігін кетірді; шырқын бірлігін қашырды [1, 730 б]. *Жер аудару – басқа жаққа айдады, еріксіз қоныс аударды* [1, 257 б]. *Құлағын тоса қалды* – көңіл қойып тыңдады, зейін қойды [1, 471 б]. *Түнерген бұлт ыдырап, қабағы жадырай бастады* – көңіл-күйі көтеріле бастады. *Көз тастады* – қарады, көңіл бөлді (1, 331 б). *Көз тікті* – назары ауды, қадала қарады, тесіле қарады [1, 332 б.].

Х.Есенжановтың сөз қолданудағы шеберлігіне прозадағы уақыт, оның ішкі мағыналық нәзік реңктерін дәл көрсететін *құлқын сәрі, қас қарайған кез, анақ-сапақта, қызыл іңір, таң ала көбеут*.б. тілдік бірліктер айқын дәлел бола алады.

Ал *культтік фразеологизмдер* кейіпкер тілінде, сирек те болса авторлық баяндауда қолданылған. Кейіпкер тілінде (диалог, монологта) олардың діни көзқарастарын, күйініш-сүйініштері мен қайғы-қуаныштарын көрсету үшін, ал авторлық баяндауда өзіндік көзқарасы мен әжуа, мысқыл, кекесін беру мақсатында пайдаланылған.

Халық тілінің байлығы, шырайы саналатын мақал-мәтелдер Х.Есенжанов шығармаларында авторлық баяндауда ойды қысқа да бейнелі, түсінікті, көркем етіп жеткізу мақсатында қолданылған.

Мақал-мәтел – оқиганың, қарым-қатынастың ішкі сырын, олардың өзара байланысын бейнелейтін халық ауыз әдебиетінің ерте заманнан келе жатқан ең көне түрі.

Мақал-мәтелдер – халықтың ортақ ойынан шығып, түрлі жағдайларды қысқа тұжырыммен ұғындыратын, тілге жеңіл, аз сөзбен көп мағына беретін есте сақтауға қолайлы түйінді пікір. Ұлы ақын Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі нақыл сөздердің көбі бүгінде мақал-мәтелдік сипатқа ие болып кеткен. Ақынның сөздерінің көбі нақыл сөзге айналған. Сол сияқты, қаламгер шығармаларынан да өткір, ұшқыр пікірлерді кездестіруге болады.

А. Байтұрсынов: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызды, шын келеді» (4, 224 б.). Ол халықтың тұрмысы, өмірімен байланысты болғандықтан, шынайы ой қазынасы болып табылады.

Сөз өнерін халқымыз ежелден айрықша бағалаған. Көптеген мақал-мәтелдеріміз би-шешендердің айтқан аталы сөздерінен бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. *Адамға адам мейірімді бола алмайды. Бірақ сенің өзің ақылды болсаң – бұл фамилияның пайдасы да бар. Ол өзі кісіге тәуір қалпақ пен галстук сияқты. Пайдалана біл.*

Қаламгер туындыларындағы әртүрлі тақырыптардағы мақал-мәтелдер қолданылып, олар авторлық баяндауларда да, кейіпкерлер сөздерінде де кездеседі.

Жазушы мақал-мәтелдерді көбінесе халық тіліндегі түп нұсқаларымен береді. Кейде сөйлем құрылымына байланысты икемдеп, жазушының өз стильдік қолданысына түседі.

Жазушы шығармаларында мақал-мәтелдерден кейін «депті ғой», «деген екен», «депті бұрынғылар» етістіктері қолданылады. Мәселен: *«Бәрі жоқ деме, бәрік астында» деген емес пе? «Сақтықта қорлық жоқ» депті ғой бұрынғылар. «Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу» депті ғой.*

Қаламгер туындыларынан автордың өз нақыл сөздерін де кездестіреміз. Афоризмдер оқиғаның, құбылыстың, өмірдегі қимыл, іс-әрекеттің мазмұнын терең де өткір өтіп көрсетеді.

Қанша ақылды, әдепті, білімді, есті болғанмен, әйелге жарастықты сипат-сезім ғой. Сезімсіз әйел – исі жоқ гүл. Оқу – ақыл тілегі. Сую сезім-тілегі. Онда не сую жоқ, не сезім кем, немесе ақылы басым.

Х.Есенжанов қазақ мақал-мәтелдерін шығарма көркемдігін арттыру мақсатында қолданған.

Жазушы прозаларындағы тұрақты тіркестердің орынды, тілдік тұрғыдан алғанда бейнелі, тартымды берілуі шығарманың көркемдік нәрін, экспрессивтік-эмоциялық реңін арттыра түскен. Жазушы мақал-мәтелдерді халық тіліндегі қалпында жұмсаумен қатар, жаңғыртып, өзгерте қолдану арқылы қосымша рең, мағына туғызып, өзінің ойын нақты, дәл берген.

Халық тілінің байлығы, шырайы саналатын мақал-мәтелдер қаламгер шығармаларында авторлық баяндауда ойды қысқа да бейнелі, түсінікті, көркем етіп жеткізу мақсатында қолданылған.

Мақал-мәтел – оқиғаның, қарым-қатынастың ішкі сырын, олардың өзара байланысын бейнелейтін халық ауыз әдебиетінің ерте заманнан келе жатқан ең көне түрі.

Мақал-мәтелдер – халықтың ортақ ойынан шығып, түрлі жағдайларды қысқа тұжырыммен ұғындыратын, тілге жеңіл, аз сөзбен көп мағына беретін есте сақтауға қолайлы түйінді пікір. Ұлы ақын Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі нақыл сөздердің көбі бүгінде мақал-мәтелдік сипатқа ие болып кеткен. Ақынның сөздерінің көбі нақыл сөзге айналған. Сол сияқты, автор шығармаларынан да өткір, ұшқыр пікірлерді кездестіруге болады.

А.Байтұрсынов: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызды, шын келеді» [4, 224 б.]. Ол халықтың тұрмысы, өмірімен байланысты болғандықтан, шынайы ой қазынасы болып табылады.

Х.Есенжановтың туындыларының ішінде де шығарманың мәні мен сәнін келтіру мақсатында көркем бейнелі сөздер мен көптеген мақал-мәтелдерді кездестіруге болады.

Жалғыз-ақ осы сурет портретке мынаны қосса: *«Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды»* деген сөз – данышпандық сөз... (Х.Е., 8 б.)

Екі тентек бір жерге сыйыспайды, яғни бір-біріне беріскісі келмейді мағнасында қолданылып тұр.

«Кемедегінің жаны бір», - дейді қазақ (Х.Е., 20 б.).

«Буынымыз қатып, бұғанамыз бекігенше ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп қарсы тарапты мақтамен бауыздасақ..», деген еді (Х.Е., 17 б.).

Қазақ айтпаушы ма еді: *«Елу жылда – ел жаңа»* деп (Х.Е., 35 б.).

«Баланың қадірін балалы болмай білмес-сің» дейді екен біздің бір аталарымыз (Х.Е., 29 б.).

- Әлбетте жақсыға. *«Жақсы сөз жарым ырыс»* дейді біздің қазақ халқы (Х.Е., 51 б.).

Бірақ мына толып жатқан қосшы кедейлер *«бүлінген үйден бүлдіргі алма»* деген деп жуымайды (Х.Е., 72 б.).

Мына сияқты типтер ғой, маңдайы жерге тигенше сәждә қылып, жер әміршісі етіп, шіріген тағынды осы күнге дейін сүйемелдеген. Қалай еді әлгі қазақ мақалы, *бір құмалақ бір қарын майды шірітеді...* (Х.Е., 122 б.)

«Тышқан ініне кіре алмай жүріп, көтіне қалжжуыр байлайды» деген осы (Х.Е., 110 б.).

«Адам басы – Алланың добы» дейтін қазақ халқында ескіден келе жатқан ұғым бар, мұны біз өмір өзгерісіне, қоғам құрылысының даму тәртібіне ақылмен өлшей отырып қолдансақ: адамның, жеке адамның еркі өз билігінде емес, әлеумет өмірінің ағысы – арнасының

билігінде деген сөз ғой (Х.Е., 116 б.).

«Ата балаға сыншы» деп түйіп қойған ол ішінен, бұл сөзді аса жек көрмей (Х.Е., 194 б.).

«Аңдамай сөйлеген – ауырмай өледі» дейді қажекең (Х.Е., 182 б.).

Осы күні «сын түзелмей, мін түзелмейді» дегенді айтушылар да бар (Х.Е., 182 б.).

Бұл қазақтың «Жібекті түте алмаған жүн қылады, қатынды күте алмаған күң қылады» деген даналығына сәйкес...-деп Сәкен сөзінің аяғын жұтып қалғандай кілт тоқтап, әлденеге қабағы қатулана қалды (Х.Е., 183 б.).

Оқасы жоқ, қазақтың «Игіліктің ерте кеші жоқ» дейтіні бар ғой(Х.Е., 203 б.).

-«Қатты жерге қақ тұрар. Қайратты ерге мал тұрар!», - дейді аяғын қоссаң (Х.Е., 215 б.).

«Ежелгі жау ел болмас, етек кессе, жең болмас» деген нақыл болып кеткен сөзді сонда Хакімнің бабасы айтыпты-мыс(Х.Е., 240 б.).

-«Ашу – дұшпан, ақыл – дос», Әділбек... (Х.Е., 251 б.).

Мен де енді «аяз әліңді, құмырсқа жолыңды біл» деген атам қазақтың қағидасын қууым керек («Жүнісовтер трагедиясы», 273 б.).

«Адасқанның арты жән, қайтып үйірін тапқан соң» дейтін мамам марқұм... (Х.Е., 273 б.).

«Жол болған жігіттің жеңгесі алдынан шығады» деген рас, Карпич, сені үйде ме, жоқ па деп екі ойлы болып келе жатыр едім,- дейді Бәйес арбадан түспестен ауланың ішіне ене беріп (Х.Е., 60 б.).

Ораз оның теріс айналып: «Құр сөзге жұрт сене ме?... Құр аяққа бата жүрмейді дегендей, не қағазы жоқ, не басқасы жоқ...»- деген күңкілін естіп қалды («Ақ Жайық», 92 б.).

«Байдың асын байғұс қызғанады»деп бұрын маңынан жүруге риза емес еді; қазір қорғасындай балқып қалған екен(Х.Е., 116 б.).

«Бардың баласы он бесте отау иесі» болса, Қалиды жиырма жаста да «жігіт болыпты» деу қиын (Х.Е., 147 б.).

«Айы біткен айында, күні біткен күнінде. Ажал айдаса амал жоқ. Себебі аттан болды» деген Тояштың сөзіне ойы үздіксіз орала берді (Х.Е., 154 б.).

Бұдан кейін Жүніс: «Жоғалып табылған мал олжа деуші еді, сен сол болдың» деді де қойды (Х.Е., 155 б.).

- Бала, сен сабыр ет. Бақаның өлімі аянышты, бәріміздің арқамызға аяздай батады. Әйтсе де сабыр түбі сары алтын деген бар. Жазымыштан озымыш жоқ,- деді сөзіне шалалау білетін дін нақылын қосып (Х.Е., 156 б.).

«Жарлының жалғзына бәрі өш» дегендей, ажал да біреудің жалғзына, жә біреудің бар сенгеніне ұшырай кетеді,- деді қара келіншек (Х.Е., 170 б.).

Аздан кейін «жан бар жерде қаза бар» деген бір үрей пайда болды да, бірақ тап сол мезетте оның құлағана алыстан күннің күркірегені естілді (Х.Е., 182 б.).

«Жер дауында да, жесір дауында да іргелі елінің басын біріктіре алмай еңбегі еш, тұзы сор болып жүрген сабаз...» (Х.Е., 203 б.)

Мен осыны ойлап, қаншама асықсам да «сабыр еткен жетер мұратқа» деген данышпан сөзге тоқтала беремін...(Х.Е., 266 б.)

«Бұл қара қағынды келгірді кім шақырды? Бауыры шіріп бара жатқандай іргеге ірге тақауын қара!Пәледен машайық қашады дегендей, қарт жұрт ауыстырмасақ болмас» деген күңкіліне де Әйтей құлақ қоймаған-ды (Х.Е., 294 б.).

«Сабыр еткен гана жетер мұратқа», деген сөз бар. Сабыр ету керек. Әбдірахман жалғыз да емес және жай жасырынып қана жүрген жоқ (Х.Е., 306 б.).

«Антын бұзған арсыз! Сен бізді тегіс құртуға кіріскен екенсің!» деген ойдан да шапшаң көтерілген оның алты атар ұстаған оң қолы Абылаевтың қара құсына сарт етті... (Х.Е., 315 б.).

«Әкіміңнің көзі соқыр болса сен де бір көзіңді қысып жүр» деген сұмпайы нақыл шықты (Х.Е., 120 б.).

Жазушы прозаларындағы тұрақты тіркестердің орынды, тілдік тұрғыдан алғанда бейнелі, тартымды берілуі шығарманың көркемдік нәрін, экспрессивтік-эмоциялық реңін

арттыра түскен. Жазушы мақал-мәтелдерді халық тіліндегі қалпында жұмсаумен қатар, жаңғыртып, өзгерте қолдану арқылы қосымша рең, мағына туғызып, өзінің ойын нақты, дәл берген.

Әдебиет:

1. Кеңесбаев.І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 712 б.
2. Болғанбайұлы, Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 б.
3. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. –196 б.
4. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1993. – 374 б.

ӘОЖ 17.82.30

**М. ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРУ, ЕСТУ ТЕҢЕУЛЕРІНІҢ
ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫСЫ**

Хамзина Г.С., Бекмұратова А., Ережепова А.

(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

Сезім мүшелерінің ең басты, ең пәрменділерінің бірі – көз. Адам көз арқылы дүниедегі заттар мен құбылыстарды көріп, олардың түр-тұрпатын, сан қилы формаларын, түсін, олардың бір-бірімен ара қатынасын, орналасу тәртібін, қозғалыс-қимылын т.б. болып жатқан белгілерін біліп таниды. Соның нәтижесінде адам санасында белгілі бір ұғымдар қалыптасады. Осылайша көзге көрініп, өздерінің әрқилы түр-түсімен танылған заттар мен құбылыстар образ болып қызмет атқарып, көру теңеулерінің жүйесін құрайды. Көру теңеулерінде бір-біріне теңелетін заттар мен құбылыстардың сыртқы ұқсастықтарына баса назар аударылады. Әрине сыртқы ұқсастық әрқилы болуы мүмкін. Ол – салыстырмаш заттар мен құбылыстардың формаларының, кескін-кейіптерінің, түр-түстерінің, қозғалыс-қимылдарының, кеңістікте орналасу тәртібінің ұқсастығы. Осындай ұқсастықтардың негізінде көру теңеулері жасалады да, олар шындық өмірдің бейнелі суретін көз алдымызға елестетеді. Көру теңеулерін [1], *предметті-суретті* (предметно-изобразительные) теңеулер деп атайды [1, 17], бұл терминінің де жаны бар. Өйткені көру теңеулері шын мәнінде дүниедегі заттар мен құбылыстардың ұқсас белгілерін негізге ала отырып, олардың ұқсастығының конкретті суретін жасайды. Қазақ жазба әдебиетінде Мағжан шырмаларынан да көру теңеулерін байқауға болады. Мысалы:

Алтын Күнді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым-жүйрік желді сағындым.

Асау тайдай еркелетіп өсірген
Ағайынды, туған елді сағындым.

(«Сағындым», 80-б.)

Жол *жыландай* шіріледі,
Шаң ерініп үйіріледі.

(«Жазғы жолда, 84-б.)

Алдамшы өмір ылғи ғана у береді,
Өмір шіркін *шамдай* ақырын сөнеді.

(«Алдамшы өмір, 87-б.)

Ай қалқыды, сәуле аспаннан сорғалады,
Ағаштар *ерке арудай* ырғалады,
Арудың аққу мойны бұрылғанда,
Жұлдыздай жарқ-жұрқ етіп сырғалады.

(«Тұранның бір бауырында»,96-б.)

Сауықшыл есіл елім-ай!
Сарыарқа сайран жерім-ай!
Күмістей таза суы бар
Айдын шалқар көлім-ай!

(«Жаралы жан», 100-б.)

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қайратты –
Мен жастарға сенемін!

(«Мен жастарға сенемін!», 27-б.)

Керсендей үлкен аяқпен,
Ұстата саумал береді.

(«Өткен күн», 29-б.)

Көп жылдар *желдей* заулап есті ме екен,
Алатау өсті ме екен, өшті ме екен?!
Қияның *қыранындай* қайсар елдің
Басынан күңгірт күндер көшті ме екен?!

(«Алатау», 37-б.)

Тұранның тарихы бар отты *желдей*,
Заулаған қалың *өрттей* аспанға өрлей.
Тұранның жері менен суы да жат,
Теңіздей терең, ауыр ой бергендей.

(«Түркістан», 38-б.)

Сондай сұлу сәулетай,
Бір қарашы. Аңсадым.
Суда *ойнаған шабақтай*
Сүйреңдейді саусағың.

(«Батқан күн, Атқан таңның жыры», 54-б.)

Бүктеліп жатқан бел
Сүтке тойған *марқадай*.
Бұйра қою қарағай
Белге біткен шалқалай.
Су жеп қойған жұмыр тас
Түйір-түйір *малтадай*.
Арнада өзен қылықты
Қылмындаған *қалқадай*.

(«Еділде», 58-б.)

Жаның сүйген жар *нажагадай жарқ етіп* дүние салса, жанға жеңіл болар ма?
(«Ақан Сері, 150- б.). 323 аттың алдында Құлагер *жұлдыздай ағып* келе жатқанда, анау Сайдалы асында ішіне қан қатқан Баракбай көлденең соқтырып өлтіреді («Ақан сері», 151-б.). Енді қалған өміріндің жапырағынан айырылған *қайыңдай жап-жалаңаш* болып озғаны ма? («Шолпанның күнәсі» 181-б.). *Өлген адамдай* сұлық жатыр («Шолпанның күнәсі», 189-б.)

Асау тайдай, өлген адамдай, қайыңдай жап-жалаңаш, жұлдыздай ағып, нажагадай жарқ, күмістей таза, жұлдыздай жарқ-жұрқ, ерке арудай, шамдай ақырын сөнеді, жыландай иіріледі – бұл теңеулер, бір жағынан, өмірдегі шындыққа негізделсе, екінші жағынан, бейнелі ой, әсерлі сезімге негізделеді.

Бұл мысалдар арқылы Мағжан шығармаларында көру теңеулері мейлінше мол болғанын дәлелдейді. Бұл теңеулер образдарының мағыналары барынша көмескіленген. Солай бола тұра, бұл сөздердің алғашында анық, айқын мағыналы зат атаулары болғанына ешбір күмән келтіруге болмайды. Жалпы аталмыш теңеулер ауызекі тілде де жиі қолданылады. Ал бұлардың қазіргі көркем әдебиетте қолданылуы – өз алдына бір мәселе.

Көру теңеулерінің негізге алатыны – заттардың үш түрлі белгісі. Біріншісі – заттардың тұлға-тұрпаты, формасы; екіншісі – олардың қимыл-әрекеті; үшіншісі – заттардың түр-түсі, бояуы. Бұл аталмыш нәрселердің (белгілердің) қай-қайсысы болмасын көзге көрінетін, көз арқылы қабылданатын болғандықтан, көру теңеулерінің жасалуына ұйытқы болады да, суреттелмеш затты жаңа қырынан, көркемдік-бейнелік қырынан танытады. Соның нәтижесінде, [1], *предметті-суретті немесе әшекейлі-кестелі теңеулер* дүниеге келді. Шынында да сұлулық, әдемілік, әсемдік немесе керісінше, сұмпайлық, жиіркенішті, құбыжық деген нәрселерді көзбен көрмей, түсіну де, біліп тану да мүмкін емес екені белгілі ғой. Ал көру теңеулері арқылы тану – бұл жай ғана тану емес, сонымен қатар көркем тану.

Көру теңелеріне негіз болған екінші белгі заттардың қимыл-әрекеті дедік. Мәселен, Мағжан шығармаларындағы мына бір жолдарға тоқталайық:

Келсе сол күн, мен күн болып күлер ем,
Келсе сол күн, *жүйрік желдей* жүрер ем...
Келсе сол күн, о, дариға, жұртыма
Судай сұлу жырлар жырлап берер ем

(«Еңбек – өлім жан қанатын жаятын», 58-б.).

Қайғылы Ай, тұрсың көкте түсің қашып,
Қайғылы жер жүзіне нұрың шашып.
Жылжисың ақырын ғана *қорыққандай*,
Жүргендей жол таба алмай бейне адасып

(«Айға», 69-б.).

Мезгілше, мейлі келсін, тісі батсын,
Сұр жылан, өзі оятар, қатты шақсын.
Жаңадан *жолбарыстай* ұмтылармыз,
Көрелік төңіректі, тек таң атсын!

(«Есімде ... тек таң атсын!», 21-б.)

Бұл теңеулері осы белгілерінің көмегімен туған. Мұнда образдың қимыл-әрекеті предметтің қимыл-әрекетімен салыстырылып, жалпы теңеу динамикалық сипатқа ие болады да, суреттелмеш қимыл әрекеттің *әшекейлі- кестелі суреті жасалады*. Кейіпкердіңде, айдың да әншейін-ақ қимылдары эмоциялары бояумен көмкеріліп, экспрессивті әсермен суырылады да, бейнелене, көріктене түседі. Бұл тектес теңеулерді [2, 136], *функциональді теңеулер* деп атайды. Біздіңше, бұлар көру теңеулері болып табылады. Өйткені бұлар – қайдағы бір абстракт, дерексіз қозғалыстар. Теңеудің образдары да, предметтері де – деректі, конкретті нәрселер. Сол қимылына ұқсатылып, соның нәтижесінде предметтің қимылы да конкреттілік сипатқа ие болған. Демек, көру теңеулеріне негіз болатын нәрсе де – конкреттілік сипат. Яғни, бұл қимылдар – көзбен көруге болатын қимылдар.

Көру теңеулерінің жасалуына себеп болатын үшінші белгі – заттардың түр-түсі, бояуы. «Қап-қара қорғасындай бұлтты басқан» («Алатау», 35-б.) тектес теңеулерінің жасалуына атсалысып тұрған нәрсе (белгі) – заттардың түр-түсі, бояуы. Бірақ мәселе заттардың ақ, қызыл, қара екенін жай хабарлап қою ғана емес, сонымен қатар сол бояулардың түсін айқындау ашу, сол арқылы предметтің шырайын, реңін көріктендіру. Міне, осы көркемдік мақсат орындалу үшін предметтің бояулары образдардың бояуларына ұқсатылады да, предмет рендене, өрлене түседі. Осылайша аталмыш теңеулік образдар әшекейлі-кестелі суретке айналды.

Сонымен, көру теңеулері жалпы теңеулер жүйесіндегі ең ауқымды, әр өз ішінен бірнеше мағыналық бөлшекке жіктелетін семантикалық топ болып табылады.

Теңеулердің әрбір функционалдық топтарының өзіндік ерекшеліктері, қолдану аясы болады. Ең алдымен көру теңеулеріне тоқталсақ. Бұл атап кеткендей бір затты немесе нәрсені көре білу арқылы жасалатын теңеу. Бұған дәлел жоғарыда көрсетілген мысалдарда «*жұлдыздай, күмістей, асау тайдай, шамдай т.б.*» мұның барлығы көру арқылы жасалған теңеулер. Айта кететін жайт, Мағжан шығармаларын талдай отыра көру теңеулерінің жиі

қолданылатынын байқадық. Сондықтан бұл негізгі теңеулердің бірі деп есептейміз.

Есту теңеулерінің семантикалық топқа жататын саны едәуір. Бұл топтағы теңеулер адамның есту қабілетінің негізінде жасалған. Рас, құлақ атты сезім мүшесінің көзге карағанда мүмкіндігі төмен. Сол себепті көру теңеулерімен салыстырғанда, есту теңеулерінің саны да әлденеше есе аз.

Есту теңеулері адамдар мен жан-жануарлардың, табиғат құбылыстары мен басқа заттардың шығаратын дыбыстарын негізге ала отырып жасалған. Бірақ есту теңеулері дүниедегі толып жатқан дыбыстардың көшірмесі емес. Бұл теңеулер суреттелміш заттың қандай дыбысқа ұқсайтынын бейнелеп көрсетеді де, сол арқылы, көбінесе, дыбыс шығарушы объектінің (предметтің) ішкі мәніне үңіледі. Басқаша айтқанда, есту теңеулерінде предмет пен образдың «ішкі ұқсастығына» көбірек көңіл аударылады. Демек, есту теңеулері предметтің «мінез-құлқын», «рухани» құнын, қоғамдық маңызын бейнелеп, көркемдеп суреттеп көрсетеді екен. Бұған көз жеткізу үшін Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы теңеулерге көз жүгіртейік:

Шөлдер бар, жел де жүрмес, сап-сары құм,

Моладай ешбір үн жоқ тып-тыныш.

Болмақ па жан-жануар шексіз шөлде,

Сар құмда салар ойнақ пері мен жын («Түркістан», 38-б.).

Ыңырағандай әлдекім,

Жылай ма екен әлде жын («Жазғы жолда», 84-б.).

Сыбдыр-сыбдыр жүргендей,

Сылқ-сылқ қана *күлгендей* («Жазғы жолда», 85-б.).

Ақ қанатты періште,

Былдырлаған бұлақтай,

Көрінген жанды күлдірген («Мені де өлім әлдиле», 93-б.).

Тау суындай гүрілдер,

Айбынды Алаш елім дер,

Алтын Арқа жерім дер,

Мен жастарға сенемін! («Мен жастарға сенемін!», 27-б.)

Құйылып тұрды көктен жұмақ нұры,

Құбылып *хор даусындай* құстар жыры,

Таласып аспан көкке алтын тауы,

Арқаның суы – күміс, жібек – қыры («Есімде ... тек таң атсын!»).

Қыстаудың желкесіндегі қалың қайыңның *жапырақтары сыбдырлағандай* («Ақан сері», 154-б.). Сол уақытта үш әйел күбір-күбір *сөйлескендей* болып, судырлап үйден шыға жөнелді («Ақан Сері», 155-б.). Асқа жиналған *құмырсақдай* қалың ел шуласып, гулесіп, бәйгесін алып, ойын ойнап жатқанда, Ақан мидай далада жолдасы Құлагердің басында кәдімгідей мөлдіретіп көзінің жасын төгіп отыр («Ақан Сері», 151-б.).

Дүниеде не көп, дыбыс көп. Сол дыбыстардың көпшілігі дерлік қазақ теңеулеріне негіз болып қолданылған. Предметтің шығарған дыбысын тындаушыға естірту түрін, естіртіп қоймай, оның сезіміне әсер ету үшін белгілі бір дыбыстың иесі болып табылатын зат теңеуге образ болып қолданылады да, предметтің шығарған дыбысы осы образдың шығаруға тиісті дыбысына ұқсатылады, соның нәтижесінде суреттелміш предмет оқушыға жаңа «мінез-құлқымен» немесе өзінің «табиғи қасиетімен» танылады[3]. Басқаша айтқанда, осы дыбыс арқылы предметтің ішкі тәні ашылады.

Есту теңеулері әртүрлі модальдық мағыналарда жұмсалады. Бұлар жазушының яки айтушының суреттелміш заттар мен құбылыстарға деген жақсы, жаман көзқарастарын, сүйініш, күйініштерін білдіреді.

Сонымен, есту теңеулері жалпы қазақ теңеулер жүйесіндегі қомақты семантикалық топтардың бірі болып табылады. Иә, аты атап тұрғандай бұл дыбысты есту арқылы пайда болатын теңеулер. Аталмыш мысалдардағы «сыбдырлағандай, былдырлағандай» т.б. осы секілді теңеулер дәлел. Бұл теңеулердің басты құралы – дыбыс. Өншейіндегі жай дыбыс

теңеулік конструкцияның бір мүшесіне айналып, сол арқылы предметті суреттеп, сипаттауда пәрменді бейнелеу тәсілі ретінде жұмсалады. Теңеулердің эмоционалды-экспрессивті сапасы осы дыбыстарға тікелей байланысты.

Әдебиет:

1. Рубайло А.Т. Художественные средства языка. – М., 1971. – С. 376.
2. Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. – М., 1981. – С. 225.
3. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы, 2007. – 477 б.

ӘӨЖ 17.82.30

Д.ИСАБЕКОВ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Хамзина Г.С., Хамитова К., Абдығалиева Е.

(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

Жалпы көркем шығармаларда әрбір кейіпкердің сөз саптауы мен сөз мәнері әр түрлі болып келеді. Бұл олардың қоғамда алатын әлеуметтік жағдайына, ортасына байланысты болып келеді. Сол себепті, олардың әрқайсысының өзінше сөйлеу дағдысы болады. Кейіпкер тілінің осындай ерекшеліктері тілдің лексикалық және грамматикалық қабаттары арқылы жүзеге асады. Кейіпкердің тілі арқылы оның мәдениеттілігі, жас мөлшері, қызметі, кәсібі, өскен ортасы, сыпайылығы, дәрежелігі т.б. бейнелері байқалады. Кейіпкердің сөйлеу мәнеріндегі өзіндік ерекшелігі оның лексикасынан басталатыны белгілі. Ал сөйлеу тілі лексикасының құрамына қарапайым, тұрпайы, жаргон сөздер де жатады.

Тілімізде ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездесетін тілдік материалдар аз емес. Мұндай сөздер әдеби тілге жатпаса да көркем шығармаларда кездеседі. Көркем шығармада түрлі кейіпкерлердің болатыны және олардың арасында қақтығыстардың да болып тұратыны заңдылық. Ал өмірде әр түрлі жағымды, жағымсыз адамдардың бар болуы – өмірдің шындығы. Бұл туралы академик М.Серғалиев: «Ауызекі сөйлеу стиліне әдеби тіл нормасына жатпайтын сөздердің қолданылуы – табиғи құбылыс», – деген тұжырым жасайды [1, 62].

Жазушы повестеріндегі тілдік құрылымның бір қатарын сөйлеу тілінің элементтері құрайды. Қаламгердің стильдік даралықтары олардың белгілі тілдік құралдарды қолдануларындағы ерекшеліктерінен көрінеді.

Эвфемизм – көркем шығарма тілінде өзіндік тиімді орны, реті бар болып келетін сөз қолданыс түрі. Зерттеушілер эвфемизмді ойды бейнелеп, көркем түрде жеткізудің негізгі бір тәсілі деп санайды. Эвфемизм, сыпайы сөз – мағынасы тұрпайы сөздерді сыпайылап жеткізу. Эвфемизм сыпайыгершілікке, әдептілікке байланысты туған. Олар (эвфемизмдер) сөздердің синонимдік қатарын молайтады. Синонимдерді қолданудың бір тәсілі ретінде эвфемизмдердің қызметі жайлы синонимдер сөздігінде төмендегідей анықтама берілген: «Мағынасы жағымсыз сөздердің мәнін тыңдаушыларға жеңілдетіп, жұмсартып айту тәсілі болып саналады» [2, 71]. *Күйеуі бұдан екі жыл бұрын қайтыс болып, үйелмелі-сүйелмелі бір қыз, төрт баламен жесір қалған ауыл шетіндегі Қымқаның үй іші бүгін күндегісінен ерте тұрды. Күн жұма болатын. Тіршіліктің бітпейтін күйбеңімен жүріп қайтыс болған ерінің аруағына бағыштап жеті-сегіз айдан бері тым болмаса отқа май да тамызбапты («Тіршілік», 367-б.). Бірақ тағдырдың жазуына дауа бар ма, бәйбіше, тоқалдан көрген жеті перзенті бірінен соң бірі шетіней-шетіней, ақырында қарайып жалғыз Аққыз қалған («Сонда», 382-б.). Дұшпанынан кек ала алмай іштей тынып Доскей де көз жұмды («Сүйекші», 251-б.). Кешеден бері жамбасының көрпе иіскеп отырғаны осы гана («Тіршілік», 337-б.). Әбден қалжырап қалған екен, жамбасы көрпешеге тиген бетте-ақ маужырап ұйықтап кетті («Тіршілік», 342-б.). Соңғы мысалдардағы «құйрығы», «көтенін» дегенің орнына «арты», «жамбасы» деген эвфемизм алынған. Өлді деген*

жағымсыз сөздің орнына – *дүние салғанда, мерт болып, қайтыс болған, шетіней, көз жұмды* деген синонимдік қатарлар қолданылған.

«...Ол әңгіменің бәрі өтірік. Қыжымкүл қызымыздың өзі оң босағада отырып **жүкті болыпқалыпты**. Сонан соң әке-шешесі...» («Тіршілік», 360-б.). *Алғаш рет өз үйіне жаны ашыды. «Үйлену керек екен-ау, – деді ішінен, – үйленбесе, үй жетім боп барады екен. Иә, үйлену керек!»* («Тіршілік», 345-б.). ...Сонымен *Ыбыш үйленетін* болыпты. Бұл мен үшін ешқашан күтпеген, тіпті үш ұйықтасам ойыма кіріп шықпаған жаңалық еді. Әрине, *Ыбыштың ерте ме, кеш пе әйтеуір бір кезде әйел алып, отау тігетінін білетінмін* («Гауһар тас», 170-б.). Жоғарыда келтірілген кейіпкер тілдеріндегі «боқтық сөз» дегеннің орнына «*жүкті болып қалыпты*», «*оң жағында*»; «*мылжың*» деудің орнына *сөзуарлығына*; «*қатын алу керек*» дегеннің орнына «*үйлену керек*», «*үйленетін*», «*әйел алып*» деген сөз тіркестерін орынды қолданғанын көреміз.

Эвфемизмдер этикаға, сыпайыгершілікке, ұят сақтауға, моральдік нормаларға да байланысты болып келеді. Ғалым Ә.Хасеновтің айтуынша, ең көп тарағаны – ауру-сырқатқа байланысты [2, 79]. *Әкесі қыл тамақтан өлгенде ол іштегі алты айлық бала еді* («Тіршілік», 346-б.).

Қазақтың ескі әдет-ғұрпы бойынша келін болып түскен қыз күйеуінің туған-туыстарын өз атымен атамайтын болған. Олардың әрқайсысына лайықтап, өз тарапынан басқадай ат қойған. Мәселен, автордың «Бекет» повесінде әдет-ғұрыпты сақтаған жеңгесі қайнысына, мінезіне, түр-тұрпатына лайықтап ат қойғанын көреміз.

- *Ойбай-ау, мынау менің қайным ба, аман-есен келдің бе, төрем? – деп Ләтифа әлпештеген болып жатыр* («Бекет», 28-б.).

Оқырманның эстетикалық талғамын жетілдіру үшін көркемдеуіш құралдар, эмоционалды-экспрессивтік қызмет атқаратын сөздер қолданылады. Әдетте жағымсыз, әдепсіз, дөрекі, тұрпайы сөздер, дисфемизмдер кейіпкердің ауызекі сөйлеу тілінде қолданылад, көркем прозада олардың жасалу жолдары, қолданылу аясы әрқилы.

Дисфемизмдер – мағынасы жағынан эвфемизмге қарама-қарсы құбылыс. Тілімізде стильдік қызмет атқаратыны сөзсіз. «Дисфемизмдерді қолдану ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшелік болып табылатындығын көруге болады», – деп пайымдайды Ә.Ахметов [3, 56]. Шындығында, дисфемизмдердің тілімізде ең жиі қолданысқа түсетін жері – ауызекі сөйлеу тілі. Жалпы дисфемизм, яғни тұрпайы, анайы сөздер бір адамды кемсіту мағынасында жұмсалады. Дисфемизмдер әдеби тілдің үлгісіне жатпайды. Дисфемизммен сөйлейтін адамдар мәдениеті төмен, әдепсіз адамдар деп есептелінеді. Бұлар көркем шығармада, көбінесе, ауызекі тілдің сөйлеу ретінде кейіпкерлердің тілінде ұшырасады. Тілімізде жағымсыз «өлім» ұғымын беруде әр түрлі дисфемистік қолданыстар баршылық. *Әке қайда, толып жатқан ағалар қайда, шешесі өлгенде мола басында шырқырап жылап қалған іні қайда? ...шешесінің өлімін естіген жоқ, естімесе де кәрілік жетіп көз жұмған шығар деп ойлаған, ал, қалғандары ше?* («Тіршілік», 411-б.).

- *Жоқ. Апам... апам өлді, Бекет! – дедім даусым қалтырап.*

- *Апамның өлімі де саған батпады ма, тасбауыр! – деп оны шапалақпен салып-салып жібердім* («Бекет», 17-б.).

Осындай жағымсыз сөздер кейіпкерлер мінезін ашу, оқиға шындығын көрсету қызметінде жұмсалған.

Повестегі кейіпкерлер тілінде кездесетін қарапайым сөздер әсіресе мінез-құлық ерекшелігін айқындауға, образды аша түсу мақсатында да жұмсалады:

- *Жеңіл нәпсі іздеген жынды неме екен деп жүрмегейсің, күйеуің қызғаншақ көрініп еді, бағасын білмейтін біреу ме деп, сол түннен бері түк есімнен шықпай қойдың* (Сонда, 206-б.).

Молдарәсіл орнынан салбырап еріне көтерілді. Басын таңып алған үлкен шаршы орамалын шешіп белін буынды.

- *Кімдер екен?*

- *Ит білген бе кім екенін* («Тіршілік», 327-б.).

Қазіргі жастар әйелдеріне қарап қарсы сөз айта алмайтын мәнжубас боп кетіпті ғой. Адамның намысын келтіреді. Әй, жігерсіз! Берілген мысалдар арқылы кейіпкердің жақтырмай тұрғанын байқаймыз және де кейіпкердің ренішін, қапалану сезімін білдіретін сұраулы, лепті сөйлемдердің стильдік мақсатта жұмсалғаны байқалады.

Түркі тілдес халықтардың тілінде «хатун», «хатын» сөздерінің қолданысында ешбір дәрежелік, жағымсыздық байқалмайды, ал қазақ тіліндегі «қатын» сөзін сыпайы сөздердің қатарына жатқыза алмаймыз. Мұндай сөз әйел, жұбай, зайып, ақжаулық сияқты жағымды болып естілетін сыпайы сөздермен алмастырылып отырылады. Ал «қатын» сөзі, ұрғашы, шүйкебас, төменетек, қаншық, салдақы сияқты жағымсыз, кемсіту, дәрежі мағынасындағы сөздермен қатар қарапайым сөйлеу тілінде дисфемистік мәндегі мақал-мәтелдер ұшырасады. Ғалым Ә.Ахметовтің тұжырымдауы бойынша, «фразалық тіркестермен қатар мақал-мәтелдер де дисфемизмдердің қайнар көзі деген қорытынды жасауға әбден болады» [3, 60]. – *Шырағым, «Қарамаса қатын, бақпаса мал кетеді» демеп не еді бұрынғылар («Гауһар тас», 164-б.).* Кейіпкер осы мақалда дәрежі сөзді қолдану арқылы сөйлемнің экспрессивті-эмоционалды күш-қуатын арттырып, айтар ойын дәл, нақты жеткізген.

Кейіпкерлер менсінбеу мағынасында төмендегі сөздерді қолданған:

– *О, мәнжубас. Санап жүр екенсің ғой сен, мәнжубас-а? - Қап, мына алжыған неменің қылығын-ай, ә! Дуана боп, бетімнің суын бес төгіп өлдім-талдым әрең тапқан көкнәрді зая кетірдің-ау, нәлеті!* («Тіршілік», 319-б.).

– *Мәнжубас!* – *деді шалы күңк етіп. – Қайнат шайыңды тездетіп* («Тіршілік», 320-б.).

– *Байеке-ау, мына жаман не деп тұр, үйлендім деді ғой, - деді сылқылдай күліп* (Сонда, 396-б.).

– *Әй, байқап-байқап сөйле, білдің бе? Мен колхоз құрысып жүргенімде, сен көжеңді жылап ішетін мұрынбоқ болатынсың* («Тіршілік», 404-б.).

- *Олиттің күшігі қайда жүр?* («Сүйекші, 241-б.)

- *Әй, боқмұрын, нағып тұрсың сүмірейіп, шығар тайларды!* («Сүйекші», 245-б.)

- *Әй, боқмұрын, мін атқа, тұра беретін уақыт жоқ* («Сүйекші», 246-б.).

- *Жылама, иттің күшігі!* («Дермене», 291-б.)

Кейіпкерлердің көңілдері толмау мағынасында жұмсалып, сөйлемге эмоциялық реңк беріп тұр.

Д.Исабеков туындыларында адамның дене мүшесінің кемшілігін көрсететін жағымсыз, дәрежі сөздерді кейіпкер тілінде ұтымды қолданады:

- *Әй сен қай баласың? Ана, бір көзі шиша, ақсақ падашының кеше ғана жалаң бұт жүрген ортаншысымысың?* («Тіршілік», 405-б.)

- *Байла деймін, тас керең!*

- *Кімді... кімді дейшіз?*

- *Ой, мизұла сақау, баланың деймін!* («Сүйекші, 242-б.).

Осы сөйлемдердегі *соқыр, сақау, тас керең* сөздері кейіпкердің дене мүшесіндегі кемтарлықты айтып, кеміту мақсатында қолданылған дисфемизмдер.

Кейіпкерлер тіліндегі жайсыз мәнді қарапайым сөздер сөздің экспрессивтілігі мен мәнін күшейтеді және пендеге немесе анық өмір құбылыстарына байланысты айтылады, дәрежі сөздер кейіпкер образын нақтылай, анықтап беру үшін қолданады.

Тілді шұбарлап сөйлеудің түрлі себептері бар, сөйлеушінің өз сөзіне мән бермей, әдеті болып кетуі болса, енді бір жағдайларда оның сөздік қорының аздығы, тілінің жұтаңдығы себеп болып жатады. Кейіпкер аузына орыс сөздерін салу арқылы тіл шұбарлаудың жиі кездесетіндігін және варваризмнің сол уақыттағы адамдардың тіліне тән екендігін ерекшелеп көрсету мақсатында салады:

Е-е, бұлардың бәрі әліне қарамай тумай жатып шетінен зәкүшіл. Шешелеріңнің қойнына әкелерің емес, зәкүн түнеген бе осы-а? («Тіршілік», 384-б.) - *Шалын құдай ма еді сонша. Әйда, екінші көрмейтін болайын* (Сонда, 399-б.). - *Ойбай-ау, – деді Киеван жұртқа қарап, – мынау не дейді-ей, а! Кемпір сенікі ме, менікі ме? Мені тап бір әмірикадан*

келгендей... **Әктілеймін** дейді зой маған барып («Тіршілік», 406-б.). – Әкеңнің аузын ұрайын, **сволыш**, ойнайды екен десем, шындап жүр зой («Сонда», 331-б.). Ана Қайыркеннің тойында-ақ жасарсыңдар **кәмсамол сүәдбәсін**. **Сүәдба** ма, немене еді әлгі... («Гауһар тас», 174-б.). Саған маймен жүретін **белесебет**, үстіңе екі сыпыра шыттай киім аламыз («Дермене», 279-б.). Ертең ана ауылға барып **мәгззіннен** азық-түлік алармыз (Сонда, 279-б.).

-*Омашжан-ау, қайдағы млиса? Ол әлі млисаның қайда екенін де білмейді зой* (Сонда, 292-б.). *«Ойбай, Гіңгірәтта оқитын балам брәктикаға жүреді екен, пұл керек деп тілгірәм салыпты» деп екі кештің арасында жетіп келді зой* (Сонда, 304-б.). Қаламгердің повестеріндегі негізгі қарым-қатынаста кейіпкерлер екенін ескере отырып, жазушылар варваризм сөздерді кейіпкерлер тілінің ерекшелігін көрсету үшін де қолданғандарын байқаймыз.

Сонымен қатар, жазушы туындылары жаргон сөздердің болуымен де ерекшеленеді. Т.Пірімбетов жаргон сөздер туралы: «Олар жалпы халықтық лексикасындағы сөздерді өз мұқтаждықтарына пайдалану үшін арнайы түрде фонетикалық, семантикалық басқа мағынада өзгертіп қолданылатын жасанды (искусственный) тілге жатады» деген анықтама береді [4, 12].

Кассир де ылғи үш сомдықтан берген екен, үйге келген соң кемпірін қасына мөлітіп отырғызып алып, түн жарымы ауғанша санады. Құдай-ай, шпаналар тонап кетер ме екен, – дейді кемпірі көзі алақандай боп.

- *Мұншама алдым деп жария қыла берме, арзымайтын пұл дей сал.*

- *Далбасалама, - деді шалы ежірейіп, - ірігеннің аузынан шіріген сөз шығады.*

Шпана сені нығылады. **Шпана** сені көргенде тұра қашар. **Шайыңды** ысыт. **Кемпірі** оған таңырқай қарады. – *Неменеге бақыраясың? Шайыңды ысыт! Үш күннен бері ақшаның соңында жүрем деп көкнәр де іше алмадым. Қыжымкүл орнынан сүйретіліп көтеріле берді де, тіреуді құшақтап тұрып қалды. – Не болды, әй, – деді шалы зекіп, – шпана көрдің бе?* («Тіршілік», 408-б.) *Көшесінде шпаналар андыздап жүреді. Енді сенен айрылар жайым жоқ. Шпаналарды естігенде Еркінайдың онсыз да үлкен көздері атыздай болды* («Біз соғысты көрген жоқпыз», 393-б.).

- *Сен... шпана болайын деп жүрсің бе – деді.*

- **Шпана? Қайдағы шпана?** Олар мен сияқты бола ма екен? – *Қайдам. Олар да адамның іші-бауырына кіріп әдемі сөйлейді дейді зой* («Біз соғысты көрген жоқпыз», 405-б.). *Бұзақы, тәртіпсіз, ұрлық жасайтын жасөспірімдер ұғымындағы жалпы халықтық лексикасындағы бар сөздерді екінші мағынада «шпана» сөзі – кейіпкер тілінде жұмсалған жаргон сөз.*

Жалпыхалықтық деңгейде қолданылатын, дәстүрлі норма болып қалыптасқан, баршаға ұғыныңқы әдеби сөздермен қатар түрлі өңірде түрліше айтылып, өзгешеленіп тұратын сөздер мен сөз тіркестері көптеп ұшырасады. Мұндай сөз қолданыс жергілікті ерекшеліктер (диалектизмдер) деп аталады.

Сонымен, Д.Исабековтің шығармаларында кейіпкерлерінің бейнесін анағұрлым шындыққа жанастырып ашу үшін, кейіпкерлер тіліне баса көңіл бөлінген. Кейіпкерлердің мінезі, сөйлеу ерекшеліктері олардың ішкі жан-дүниесіне байланысты беріледі. Кейіпкерлер тіліндегі лексикалық топтарды шеберлікпен жұмсайды. Ойды бейнелеп көркем жеткізуде кейіпкер тіліндегі эвфемизмдер мен дисфемизмдердің, варваризмдердің, жаргон сөздердің атқарар рөлі ерекше екеніне көз жеткіздік. Ол шығармаға экспрессивті-эмоционалды реңк береді.

Әдебиет:

1. Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Алматы, 2006. – 228 б.
2. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Астана, 2007. – 79 б.
3. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы, 1995. – 197 б.
4. Пірімбетов Т. Қарапайым сөздер мен сөйлеу тілінің басқа да элементтерімен арақатынасы. // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – Алматы, 1986. – №1.

